

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМ
ЖӘНЕ МЕЙМАНДОСТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ



INTERNATIONAL
UNIVERSITY OF TOURISM
AND HOSPITALITY

**«ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ КИЕЛІ ОРЫНДАРДЫҢ ҚАЗАҚ
ХАЛҚЫ РУХАНИ – МӘДЕНИ БОЛМЫСЫНДАҒЫ ОРНЫ»**
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ

8 ҚАРАША 2024 Ж.

МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
**«РОЛЬ САКРАЛЬНЫХ МЕСТ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ В
ДУХОВНО-КУЛЬТУРНОЙ ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТИ»**

8 НОЯБРЯ 2024 Г.

MATERIALS
OF INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
**«THE ROLE OF SACRED PLACES OF TURKESTAN REGION IN
SPIRITUAL AND CULTURAL REALITY»**

NOVEMBER 8, 2024



ТҮРКІСТАН, 2024

УДК 379.9
ББК 75.81
Т90

«Халықаралық туризм және меймандостық университеті»
КеАҚ Басқарма төрағасы – Ректор Шоқпаров Әлібек
Жұмабекұлының Редакциялық алқалығымен

Редакциялық алқа:
Шалабаева Л.И., Абдрасилов Т.К., Малдыбек А.Ж.,
Каратышканова К.Р.

Түркістан облысындағы киелі орындардың қазақ халқы рухани-мәдени болмысындағы орны / Роль сакральных мест туркестанской области в духовно-культурной действительности/ The role of sacred places of Turkestan region in spiritual and cultural reality-
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
материалдары.-Түркістан: ХТжМУ, 2024. - 379 б.

ISBN 978-601-81185-5-5

АР23490104 «Түркістан облысындағы діни туризм нысандарының ақпараттық әлеуетін зерделеу: 4 тілде мультимедиялық интерактивті атлас әзірлеу» атты гранттық жоба аясында ұйымдастырылған конференция жинағы.

Материалдар әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми қызметкерлер, оқытушылар, студенттер мен магистранттарға және діни туризм, философия және мәдениет мәселелеріне қызығушылық танытатын қалың көпшілікке арналған.

ISBN 978-601-81185-5-5

© ХТжМУ, 2024

**«ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ КИЕЛІ
ОРЫНДАРДЫҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ РУХАНИ-
МӘДЕНИ БОЛМЫСЫНДАҒЫ ОРНЫ»**

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік

конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

8 қараша 2024 ж.

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической
конференции **«РОЛЬ САКРАЛЬНЫХ МЕСТ
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ В ДУХОВНО-
КУЛЬТУРНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ»**

8 ноября 2024 г.

MATERIALS

of international scientific and practical conference
**"THE ROLE OF SACRED PLACES OF
TURKESTAN REGION IN SPIRITUAL AND
CULTURAL REALITY"**

November 8, 2024

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

АЛҒЫ СӨЗ	8
Жандарбек З.З. Түркістан облысындағы әулиелі жерлерді сыныптау және олардың арасындағы байланысқа талдау жасау	10
Мухамедов Н.А. Роль мемориального комплекса Занги аты в исламской культуре центральной азии	19
Сайфунов Б.Н. Ясауи мәдениеті негізінде Түркістан өңірінің туризм индустриясын дамыту: ұлттық құндылықтарды жаңғырту стратегиялары	31
Камалова Ф.Б. Діни туризм түрлері: түркістан өңіріндегі зиярат дәстүрі	54
Сиздиков Б.С., Мургабаев С.С. Түркістан облысының туризмін дамытуда бәйдібек ата және домалақ ана кесенелерінің рөлі	81
Ержигитова А.А. Күлтөбе қаласының ежелгі діни ғимаратының зерттелу тарихы	101
Билялова А. Модернизация общественного сознания: сакральный туризм как символическое наследие народа	114
Аманиязова Б.А. Қожа Ахмет Йасауи: рухани ізгіліктің бастауындағы ұстаздың тарихи-элеуметтік маңызы	122

Амиржанова Н.В., Румянцева Д.А. Аспекты изучения доисламских и постисламских святынь в истории города Туркестан	134
Каратышканова К.Р. Сопылық және ясауилік тариқатымен байланысты діни зиярат орындарының рөлі	146
Джуншеев Р.Е., Спанов М.Ж. Ыасауилік тарихатының құндылықтық негіздері және олардың заманауи қазақстандық қоғамға әсері	154
Арымбаева К.М., Жиенбекова А.А. Түркістан облысы қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын сақтау	167
Найманбаев Б.Р., Манзу Б.Қ. Түркістан тарихында исламға дейінгі және исламнан кейінгі киелі орындардың зерттелу аспектілері	179
Садуова Ж.Н., Садуов Б.Н. Қоғамдағы зиярат және туризмнің жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы	189
Манасова М.М., Жумабекова Ж. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы көзқарастарының діни фәлсафалық негіздері..	199
Жаныкулов Н.О. Ясауи мектебінің өкілі – Етжемес ишан атаның өмір жолы және оның рухани ілімі.....	216
Айдар С.Ж., Нурматов Ж.Е. Қарахан дәуірі медреселерінің түркі-ислам мәдениетінің қалыптасуындағы рөлі	228
Мирзараимова М.А., Камалова Ф.Б. Ясауи ілімінің қоғамдағы рөлі мен орны	244

Тастанова А., Жақсылық А.С. Зиярат туризмінің тенденциялары мен Алматы облысындағы киелі мекендер	256
Садуова Ж.Н., Садуова Ж.Н. Мәдени туризмді дамыту жастардың рухани құндылықтарының кепілі	268
Сандыбаева А.Д. VI - XII ғ.ғ. түріктердің салт-дәстүрлері мен діни наным-сенімдері	278
Альжанова Э.Е., Касымбеков А.С. Туристический потенциал и перспективы развития религиозного туризма Туркестана на основе цифровых технологий	289
Билялов С.А. Культурное наследие и перспективы религиозного туризма в Казахстане	305
Бабасанова А.Е. Киелі орындар: қазақстанның мәдени мұрасы және туристік әлеуеті	311
Тимурқызы А., Рысалдиева Т.А, Турашова А.Ж, Маметжанова А.Н. Паломничество и туризм: мировые тенденции и практика развития в Казахстане	321
Нұрадин Г.Б., Кульбаева Д.Д., Аккулиева А. Тандамалы тарихи оқиғаларды насихаттау: әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудағы интегралды білім беру траекториялары	337
Малдыбек А.Ж., Шылмамбетов С.Т. Қарт Қаратау: өңірдің тарихи-мәдени мұрасы және туристік әлеуеті	346

Shadinova G., Madiyar K. The Concept of Truth in the Teachings of Yusuf Balasaguni and Khoja Ahmed Yasawi357

Абдрасилов Б.К. Түркістан қаласының туристік әлеуетін көтеруде діни туризмнің ролі.....368

АЛҒЫ СӨЗ

Киелі Түркістан қаласы – Түркі әлемінің ежелден келе жатқан рухани орталығы. Біз оның киелілігі мен қасиетін Жерорта теңізі мен Тынық мұхиты арасына тарыдай шашылған түркі халықтарының санасында әлі күнге дейін өшпей, сақталып келе жатқандығынан-ақ айқын көреміз. Ислам дінінің Түркістан жеріне келуі, Қожа Ахмет Йасауи сынды Ұлы тұлғаның ислам дінін таратуға атсалысуы Түркістанның рухани орталық ретіндегі рөлін одан ары асқақтатты деп айта аламыз. Йасауи негізін қалаған сопылық жол тек түркі халықтарына ғана емес, тұтастай мұсылман халықтарының рухани өркендеп дамуына зор ықпал етті.

Міне, осы Түркістанның киелілік сипаты Түркістанның айналасындағы немесе Түркістан облысы көлеміндегі әулиелі жерлердің тарихымен сабақтас. Бұл әулиелі жерлердің тарихы халықтың тарихи санасының ажырамас бөлшегі ретінде енді мойындалып келе жатыр. Бұл жерлердің киелілік сипатына талдау жасап, олардың халықтың рухани-мәдени болмысына ықпалын зерделей отырып, діни-рухани туризм саласын дамытуға күш салу халықтың рухани әлеуетін арттыруға мүмкіндік беретіні анық. Осы мәселені қолға алып, діни-рухани туризмнің ғылыми негіздерін айқындап беруді мақсат еткен университетіміз ғалымдарын шын жүректен құттықтағым келеді. Олар «Түркістан облысындағы діни туризм нысандарының ақпараттық әлеуетін зерделеу: 4 тілде мультимедиялық интерактивті атлас әзірлеу» атты гранттық жобаны іске асыруға бел шеше кірісіп кетті. Жоба аясында ұйымдастырылып отырған «Түркістан облысындағы киелі орындардың қазақ халқы рухани-

мәдени болмысындағы орны» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қош келдіңіздер!

Ал ғалымдарымызға ізденістерінде шығармашылық табыс тілеймін.

«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КеАҚ-ның Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректоры
Шалабаева Лаура Исмаилбековна

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ӘУЛИЕЛІ ЖЕРЛЕРДІ СЫНЫПТАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСҚА ТАЛДАУ ЖАСАУ

Жандарбек Зікірия Заманханұлы

Т.ғ.к., доцент

Түркістан облысы Қазақстандағы киелі, әулиелі жерлер шоғырланған аймаққа жатады және олар шығу, қалыптасу кезеңдері тұрғысынан келгенде әртүрлі кезеңдерді құрайды. Соған қарамастан олардың арасында белгілі бір сабақтастық барлығын аңғару қиын емес. Біз осы мақала шеңберінде осы киелі жерлерді кезеңдеріне қарай тотастыра отырып, ол киелі жерлердің халықтың тарихымен сабақтастығын ашуға күш саламыз.

Жалпы облыс көлеміндегі киелі жерлер бірнеше кезеңдерге тиесілі және оларды былайша топтастыруға болады:

1. Көне дәуірге қатысты киелі жерлер. Олардың қатарына Қазығұрттағы киелі жерлерді жатқызуға болады. «Ғайып ерен, қырық шілтен», «Ақ бура әулие», «Мейрам Ана». Түркістан қаласында Күлтөбе қалашығындағы көне ғибадатхана. Сайрамдағы «Мариам Ана» қабірі. Төлеби ауданында «Мың шахид» төбесі бар.

2. Ислам дінінің алғашқы келу кезеңіне қатысты әулиелі жерлер. Сайрамдағы ескерткіштер. «Абд ал-Азиз баб» кесенесі, «Йауаш баб», «Мансур Хамир хан» хан кенесі. Түлкібас ауданы «Нұран баб» кесенесі. Созақ ауданы «Мұхаммед ибн ал-Ханафийа қабірі», «Ысхақ баб кесенесі», «Балықшы Ата» қабірі». Отырар ауданында «Арыстан баб кесенесі». Сауран ауданы бойынша «Имам

Бахили кесенесі», «Үкәша Ата Ата», «Ер Қоян Ата кесенесі, «Садуақас Ата қабірі».

3. Қожа Ахмет Йасауи атымен байланысты әулиелі жерлер. Түркістан қаласында «Қожа Ахмет Йасауи кесенесі», «Баб араб-Баба Мачин кесенесі», «Гаухар Ана кесенесі», «Алқожа Ата кесенесі», «Ибрахим шайх кесенесі». Сауран ауданында «Ғашық Жүсіп кесенесі», «Имам Марғузи-Көк тонды Ата кесенесі», «Құсшы Ата қабірі». Бәйдібек ауданы бойынша киелі жерлер: «Бәйдібек Ата кесенесі», Домалақ Ана кесенесі», Созақ ауданындағы киелі жерлер: «Қара Бура әулие кесенесі», «Баба Түкті шашты Азиз кесенесі».

Бұл әулиелі жерлердің барлығы дерлік киелі жерлер ретінде халықтың назарынан тыс қалған емес. Бұл киелі жерлерде әр кезде зиаратшылардың келіп-кетуі тоқтаған емес. Соңғы жылдары бұл киелі жерлерге шетелдерден өзге дін өкілдерінің зиарат етіп келушілер саны артып отыр. Әсіресе, ресейлік зиаратшылар санының артқаны арнайы зерттеуге тұрарлық. Сондықтан осы діни туризм мәселесін дамыту және оны ұйымдастыру мәселесі мен ондағы проблемалық мәселелерді шешу жолдарын қарастыру кезек күттірмейтін мәселе десе болады.

Ендігі кезекте осы әулиелі жерлердің тарихына қатысты қысқаша шолу жасап көрелік. Алдымен ислам дінінің таралуына дейінгі киелі жерлер және олардың халықтың тарихи жадынан алар орнына қатысты мәселеге тоқталып, олардың халықтың тарихи және діни санасынан алар орнын анықтап алуымыз керек. Қазығұрт жайлы аңыздар халық санасында бұрыннан бар. Қазақта «Қазығұрттың басында кеме қалған, Ол әулие болмаса неге қалған»- деген өлең жолдары тарихи санасы ояу әрбір адамға белгілі жайт. Қазығұрттағы «Ғайыб Ерен қырық

Шілтен», Мейрам Ана» киелі жерлері осы Нұх пайғамбардың заманымен сабақтасып жатқан жәдігерлер. Демек, бұл оқиғалардың басталу кезеңі 11-12 мың жылдарды құрайды. Сол кезеңнен бері халықтың тарихи санасынан өшпей келе жатқан бұл аңыздардың өмір сүруге құқы бар және ол жерлерге зиарат жасай барған халықтардың осы киелі жерлерден рухани қуат алатынына өзіміз де куә болып жүрміз.

Одан кейінгі кезең түркілерге таухид дінінің және ол діннің пайғамбары Озған пайғамбардың дүниеге келуімен байланысты. Әрине біз Озған пайғамбарды тарихтағы белгілі тұлға Оғыз қағанмен байланыстыра аламыз. Өйткені, Түркістанда Оғыз қаған атымен байланысты жер аттары бар. Мысалы, Оғыз тау, Хантағы сияқты жер атаулары осы Оғыз қаған атымен байланысты. Сонымен бірге, Төлеби аудан территориясындағы «Мың шахид» төбесі де осы Оғыз хан атымен байланысты екендігі белгілі. Ол кезеңнен қалған ескерткіштер оншалықты көп емес. Бірақ ол ескерткіштердің түркі тарихына берері көп деп айтуға негіз бар. Мысалы, Түркістандағы Күлтөбе қалашығындағы көне ғибадатханың өзі не тұрады. Ең бастысы ол ғибадатхана тура қытай жылнамаларында жазылған. Сонымен қатар, бұл ескерткіштердің ислам дінімен де сабақтастығы барлығы айқындалып келе жатыр. Осы жерлерге қатысты тарихи оқиғаларды зерттеп, саралағанда көне түркі тарихына қатысты қаншама тарихқа белгісіз мәліметтердің бетін ашуға мүмкіндік аламыз. Сайрам қаласында иса пайғамбардың анасы-Мариам Ананың да қабірі бар. Біздің ойымызша бұл қабір шынында да сол Мариам Ананың қабірі. Олай дейтініміз Сайрам халқы ұзақ ғасырлар бойы насрани-христиан дінінде болғандығы Йасауи жолының тарихы болып табылатын «Насаб-нама» нұсқаларында баяндалады. Сонымен бірге, соңғы жылдары жарияланып жатқан

деректерге қарағанда, Иса пайғамбар кеткенен кейін ол кісінің анасы халықтың ашу-ызасынан қорқып, Шығысқа кеткендігі туралы деректер бар.

Ендігі кезекте Түркістан облысы көлеміндегі ислам дінінің алғашқы келу кезеңіне қатысты әулиелі жерлер және ол жерлердің халықтың діни, тарихи санасынан алар орнын анықтау мақсаты тұр. Түркістан жеріне ислам дінінің таралу тарихына қатысты киелі жерлер негізінен Сайрам ауданы, Созақ ауданы, Отырар және Сауран аудандары территориясы деп айта аламыз. Бұл киелі жерлерде Түркістан облысына алғаш ислам дінін әкелуші тұлғалардың қабірлері бар және олардың барлығы дерлік киелі жерлер ретінде мойындалған. Мысалы, Сайрам ауданында Абд ал-Азиз Баб кесенесі бар. Бұл кісі «Насаб-нама» деректеріне қарағанда Түркістан жеріне алғаш ислам дінін әкелуші, Мұхаммед (сАс) пайғамбардың ұрпағы Ысхақ бабтың сенімді серігі және ту устаушысы (аламдар) болған. Сол кезеңдегі Сайрамның билеушісі, насрани (христиан) діннің өкілі Нақибдармен болған соғыста жетпіс жерден оқ тиіп, осы соғыста қаза табады.¹ Ал, Нақибдар болса, қашып Сулхан қаласына кетеді. Абд ал-Азиз бабты осы Сайрам қаласына жерлейді. Осы жерде бір кішкене анықтама беріп кетудің реті келіп тұр. Ол қазіргі көпшілікке түсініксіз болып көрінетін «Баб» сөзі. «Баб» сөзін қазақ тіліне аударатын болсақ, есік, қақпа деген мағына береді. Осы «баб» сөзінің кісі аттарына жалғануы ол кісілердің Рухани әлеммен байланысы барлығын, Рухани әлемге есік аша алатын құдіреті барлығын көрсетеді. Сайрамда ол кісіден басқа Йауаш баб деген кісінің қабіра бар. Бұл кісі де Ысхақ бабатың серігі. Бұл кісіні Ысхаб баб Сайрамда қалдырып, ол кісі ұзақ жылдар бойына халыққа «илм ал-хикмат-даналықілімін үйретеді.»

Ол кісіден басқа Сайрамда Мансұр Хамир хан кесенесі бар. Бұл кісі сол сегіз жүзінші жылдар соңында билік жүргізіп, халыққа жол көрсеткен. Түлкібас ауданы территориясынан «Нуран» баб деген кісінің қабір тасы табылды. Соған қаорағанда, бұл кісі де сол Ысхақ бабтың серіктерінің бірі болуы керек.

Ал, Созақ ауданында ислам дініні алғашқы келу кезеңіне қатысты негізінен екі киелі жер бар. Оның бірі – Мұхаммед ибн ал-Ханафийа қабірі. Ол кісі Мұхаммед Пайғамбардың күйеу баласы, әрі немере інісі Али ибн Абу Талибтің хаулан деген әйелінен туылған ұлы. Бұл кісі негізінен Али ибн Абу Талибтің рухани ілімін толығымен қабылдап, сол ілімді ары қарай дамытқан ислам дініндегі Ахл ар-Рай бағытының негізін салған, ғұлама ғалым. Ол кісі алған рет ислам дініндегі ақылшылық бағытындағы медресе ашып, ислам дінінің ғылыми бағытының қалыптасуына ықпал еткен кісі. Ол кісінің Түркістан жеріне келуі, осы жерде жерленуі таң қаларлық жағдай. Алайда, ол кісінің қабірінің Қаратаудың теріскей бетінен орын алуы жай емес екені белгілі. Олай дейтін себебіміз, ол кісінің ұстанған ғылыми бағытын сол кезеңдегі Халифат басшылығы қабыл ете алмады. Ол кісіні қуғынға салынып, қудалануы Мұхаммед ибн ал-Ханафийаның Мадина қаласынан кетуіне ықпал еткен болуы әбден мүмкін. Демек, ол кісінің Түркістан жеріне келу ықтималдығын жоққа шығаруға болмайды.

Созақ ауданында жерленген ислам дінінің алғаш келу кезеңімен байланысты тұлған – Ысхақ баб. Ысхақ баб «Насаб-нама» нұсқаларындағы деректерге қарағанда, Мұхаммед ал-Ханафийаның ұрпағы. Ал, араб деректеріне қарағанда ол кісі – Али ибн Абу Талибтің ұлы Хусейн әулетінен тарайды. Ысхақ баб Түркістан жеріне алғаш

ислам дінін әкелуші тұлғалар үш бабтың бірі. Негізі Түркістан жеріне келген исламдық ілімдердің негізгі иесі осы Ысхақ бап болған. Осы кісінің алып келген рухани ілімі негізінде Түркістан жерінде ислам дінінің ғылыми бағыты қалыптасты. Абу Насыр әл-Фараби сияқты ғұлама-ғалымдардың шығуына ықпал еткен осы Ысхақ бабтың әкелген рухани ілімі. Қожа Ахмет Йасауи сияқты тұлғалардың дүниеге келуі, дінді тариқат деңгейіне көтеруі осы Ысхақ бабтың тарихтағы ролінің қаншалықты маңызды болғандығын көрсетеді.

Отырар ауданындағы Арыстан баб кесенесінің маңызы ерекше. Себебі, ол кісінің Мұхаммед (сАс) пайғамбар сахабасы болуы, Пайғамбардың аманатын Қожа Ахмет Йасауиге жеткізуі ол кісінің еңбегінің жалпы ислам әлемінде маңызы болғандығын көрсетеді. Сондықтан да, зиаратшылар тарапынан ол кісіге деген құрмет ерекше. Ол кісінің Пайғамбар сахабасы болғандығын дәлелдейтін деректер бар және ол кісінің аузынан бірнеше хадис жазып алынғандығы баяндалады.

Бұл кісіден өзге Сауран ауданында Пайғамбар сахабасы аталған бірнеше тұлғаның қабірі бар. Олардың бірі – Имам Бахили. Екіншісі – Ерқоян сахаба. Үшіншісі – Үкаша Ата. Бұл кісілер туралы негізінен тарихи деректер жоқтың қасы. Алайда, олардың қабірі көне замандардан бері әлі күнге сақталып, құрметтеліп келеді. Ақсақалдардың айтуынша ол кісілер осы түркі халықтарынан шыққан Мұхаммед (сАс) сахабалары. Оларды пайғамбар ислам дінін тарату үшін осы Түркістан жеріне аттандырған деп есептейді.

Түркістан облысындағы әулиелі жерлердің көпшілігі негізінен Қожа Ахмет Йасауидің атымен, ол кісі негізін салған тариқат жолымен тікелей байланысты. Қожа Ахмет

Йасауидің соплық жолды тариқат деңгейіне көтеруі бір түркі емес, бүкіл мұсылман дініндегі халықтардың дамудың жаңа сатысына ықпал еткен негізгі фактор болды. Йасауи ілімінің дүниеге келуі адамзат тарихындағы ең шешуші кезеңнің бірі болы. Адамзат тарихындағы күрделі өзгерістердің бірі Йасауи ілімі дүниеге келген соң басталды. Шыңғыс хан шапқыншылығының өзі осы ілімнің дүниеге келумен байланысты деп айтуға негіз бар. Олай дейтініміз Шыңғыс хан атының тұяғы жеткен жердің барлығына Йасауи ілімі де жетті. Осы ілімнің негізінде тарихта үш ұлы мемлекет тарих сахнасына шықты. Алтын Орда мемлекетінің дүниеге келуі Йасауи жолының ықпалы арқасында болды. Османлы империясының дүниеге келуі де осы Йасауи жолы өкілдерінің белсенді әрекетінің арқасында болды. Сонымен бірге, Әмір Темір мемлекетінің де дүниеге келуіне де осы Йасауи ілімінің ықпалы болған еді. Йасауи жолынан шегіну сол мемлекеттердің барлығының күйреуіне, тарих сахнасынан кетуіне ықпал етті. Осы Қожа Ахмет Йасауи жолымен сабақтас Қазақстан территориясында әулиелі жер жоқ десе болады. Барлығы жерлік Йасауи жолымен байланысты. Бір Маңғыстаудың өзінде ондаған әулиелі жерлер осы Йасауи жолымен байланысты. Түркістан қаласының өзінде Йасауи атымен байланысты қаншама әулиелер бар. Мысалы, Баба Мачин-Баба араб әулие. Йасауи кесенесінен солтүстік батысқа қарай 500 метр шамасында. Ол кісі жерленген жер Баб араб қақпа деп аталады. Бұл кісі Йасауи бабамыз заманында дінді бұзған Йасауиді жөнге салмақ болып келіп, ілім сайысында жеңіліп, өз Қожа Ахмет Йасауи бабамызға шәкірт болады. Бұл кісінің кесенесінен басқа Алқожа Ата кесенесі, Гаухар Ана кесенесі және т.б. киелі орындар бар.

Бұлардың барлығы кезінде Йасауи бабамыздың ілімін таратумен айналысқан киелі тұлғалар.

Сауран ауданы көлемінде, Иақанда Йасауи бабамыздың шәкірті «Ғашық Жүсіп кесенесі бар. Ол кісі де Йасауи ілімін осы Түркістан маңында таратуға көп еңбек сіңірген. Сонымен бірге, «Шобанақ» елді мекенінде Имам Марғузи-Көктонды Ата кесенесі бар. Ол кісі де Қожа Ахмет Йасауиді дінді бұзғаны үшін жөнге салмақ болып келген оқымыстылардың бірі. Ілім сайысында Йасауи бабамыздан жеңіліп, шәкірт болған тұлғаның бірі. Одан басқа Құсшы Ата елді мекенінде «Құсшы Ата» әулиенің жатқан жері бар. Бұл кісінің өмір сүрген кезеңі 14-15 ғасырлар шамасы. Ордабасы ауданы территориясында «Бәйдібек Ата», «Домалақ Ана» кесенелері бар. Бұл кесенелер де Йасауи жолымен тікелей байланысты. Бұл тұлғалардың тарихы Йасауи жолының Жошы Ұлысында мемлекеттік идеология болып қалыптасуымен байланысты. Созақ ауданындағы «Қара бура» әулие болса, ол кісі де Йасауи атымен тікелей байланысты. Аңыз бойынша қайтыс болғанда Йасауи бабамыздың жаназасын шығарған киелі тұлға ретінде сипатталады. Осы Созақ ауданы көлеміндегі Баба түкті шашты Азиз әулиенің орны ерекше деп айтуға болады. Бұл кісі Жошы ұлысында Йасауи жолының мемлекеттік идеология ретінде қалыптасуына тікелей ықпал еткен төрт әулиенің бірі. Сондықтан бұл кісіге халықтың ықлас, ілтипаты ерекше. Бұл кісі өзінің шығу тегі жағынан Қарахандық билеушілер әулетінен. Отырарды билеген Қарахандықтар әулетінің соңғы ханы Білге ханның төртінші ұрпағы. Өзіне азан шақырылып қойған аты - Садр ад-дин. Денесін түк басқан кісі болғаннан кейін ол кісіге «Баба түкті шашаты Азиз» деген ат берілген.

Қорыта айтқанда, Түркістан обылысы көлеміндегі киелі жерлердің жалпы сипаттамасы осындай. Біз әлі көптеген киелі, әулиелі жерлерге тоқталғанымыз жоқ. Қысқаша сипаттамасын бердік. Бұл жерде ескерте кететін мәселе бұл киелі жерлердің түрлі кезеңдерге тиесілі болуына қарамастан, олардың арасында іштей байланыстың барлығын сезуге болады. Біз оны түркілердің көне Тәңірлік діні мен Йасауи кесенесі арасындағы байланысқа қарап айта аламыз. Бұл осы Түркістан жерін мекендеген халықтардың рухани-мәдени болмысындағы рухани желі мен генетикалық коды ешқашан үзілмеген деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Мақала AP23490104 «Түркістан облысындағы діни туризм нысандарының ақпараттық әлеуетін зерделеу: 4 тілде мультимедиялық интерактивті атлас әзірлеу» атты гранттық жоба аясында дайындалған.

РОЛЬ МЕМОРИАЛЬНОГО КОМПЛЕКСА ЗАНГИ АТЫ В ИСЛАМСКОЙ КУЛЬТУРЕ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Nematullo Mukhamedov

Международная исламская академия Узбекистана,
Кафедра «История и источниковедение ислама IRCICA»
доктор исторических наук (Ташкент)

IX - XII века в Центральной Азии знаменуются развитием науки и культуры, особенно исламских наук. Следовательно, такие древние города, как Бухара, Самарканд, Насаф (Карши), Термез, Хива, Шаш (Ташкент), известны как центры науки и культуры в исламском мире. В средневековых источниках город Ташкент именовался - Шаш. Именно отсюда вышло множество учёных, чья деятельность была тесно связана с такими исламскими науками, как фикх, хадис, суфизм и др.

В данной статье на основе источников изучена деятельность известного представителя Яссавийского тариката Занги ата (Ай-ходжа ибн Таш-ходжа). Известно, что, вся сознательная жизнь Занги ата совпала с периодом нестабильности и насилия в регионе, вызванные нашествием монголов. Анализированы скромный образ жизни Занги аты как пример для подражания и его роль в распространении таких качеств, как преданность, отважность, патриотизм, трудолюбие, честность, справедливость, милосердия и доброты. Исследована также особая роль мемориального комплекса Занги аты в исламской культуре Центральной Азии.

Ключевые слова: Ахмад Яссави, яссавия (йассавийа), Ташкент, Айходжа ибн Ташходжа, Занги, Сулаймон Бакиргани (Хаким ата), Анбар-биби, шейх, суфи,

мусульманин, совершенная личность, милосердие, доброта, патриотизм, справедливость.

IX - XII centuries in Central Asia are marked by the development of science and culture, especially Islamic sciences. Consequently, such ancient cities as Bukhara, Samarkand, Nasaf (Karshi), Termez, Khiva, Shash (Tashkent) are known as centers of science and culture in the Islamic world. In medieval sources the city of Tashkent was called Shash. It was from here that many scientists came out, whose activities were closely connected with such Islamic sciences as fiqh, hadith, sufism, and etc.

In this article, based on sources studied activity of well-known representative of the Yassawiya Tariqa Zangi Ata (Ay-khoja ibn Tash-khoja). It is known that the whole conscious life of Zangi Ata coincided with a period of instability and violence in the region caused by the invasion of the Mongols. It analyzes the modest lifestyle of Zangi Ata as an example to follow and their role in spreading feelings of devotion, courage, patriotism, diligence, honesty, justice, mercy and kindness. Also investigated the role of memorial complex of Zangi Ata in the Islamic culture of Central Asia.

Keywords: Ahmad Yassavi, Yassaviya (Jassaviya), Tashkent, Ayhodzha ibn Tashhodzha, Zangi, Sulaymon Bakirgani (Hakim Ata), Anbar Bibi, Sheikh, Sufi, Muslim, perfect personality, kindness, patriotism, justice.

Введение

Ташкент издревле является одним из центров науки и культуры. На этой территории было выявлено более ста ученых, работавших в различных областях науки в средние века. В Ташкенте также много святынь и исторических памятников. В частности, в Ташкенте находятся мавзолеи Шейха Хованда Тахура, Занги ота (Ташкентская область),

Ходжи Аламбардара, Юнусхана и медресы Муьи Мубарак, Баракхан, Абулкасим и Кукалдаш, а также существует множество исторических памятников исламской культуры, связанных с именами Тилла Шайх, Намозгох, Ходжа Ахрара Вали и Шейха Зайниддина.

Бассейн реки Чирчик является колыбелью одной из древнейших земледельческих и городских цивилизаций Центральной Азии. В его пределах был основан столичный центр оазиса, который в разные этапы истории носил названия Шаш, Чач и наконец Ташкент [9, с. 205-208].

Исламские традиции на протяжении веков сопрягаясь с богатым культурным наследием народов Центральной Азии способствовали формированию здесь особой мусульманской культуры, которая отразилась как на духовно-просветительской жизни, так и наложила отпечаток на развитие науки и образования [10, с. 68-73]. Особое место в этих исторических процессах занимал Узбекистан и такие его города как Бухара, Самарканд, Насаф, (Карши), Термез, Хива, Шаш (Ташкент) и др., прославившиеся во всем мусульманском мире, как ведущие культурные центры [11, с.54].

Следует отметить, что с первых дней обретения независимости Республикой Узбекистан особое внимание уделяется сохранению культурно-исторических ценностей, на на уровне государственной политики ведутся целенаправленные работы по восстановлению и реконструкции исторических памятников.

Результаты исследования

Как и в других областях республики, исторические памятники Ташкентской области отражают историю и обычаи, религиозную толерантность, национальный менталитет и духовные ценности нашего народа. Эти памятники становятся важным источником в изучении

социально-экономических, культурных и политических процессов [1, с. 15-16].

Как и в других областях республики, исторические памятники Ташкентской области отражают историю и обычаи, религиозную толерантность, национальный менталитет и духовные ценности народа. Эти памятники становятся важным источником в изучении социально-экономических, культурных и политических процессов [1, с. 15-16].

Из Ташкентского оазиса вышли множество всемирно известных ученых, которые удостоились этого своими заслугами. Древний Ташкент предстает одним из благословленных мест, где покоятся великие и благочестивые ученые, мухаддисы и праведники. Именно здесь обрели вечный покой благородные тела Занги ата, Шейх Умар Вали Багистани и др.

Мемориальный комплекс сформировался вокруг могилы одного из суфийских шейхов Яссавия Занги ата (XIV в.).

Занги ата (умер 1258 г.) является одним из известных представителей суфийского ордена (тариката) яссавия. Его настоящее имя Ай-ходжа ибн Таш-ходжа. Он прямой потомок четвертого колена самого Арслонбаба. Занги Ата родился в махалле Самарканд дарваза в городе Ташкент. Из-за темного цвета кожи его прозвали занги [14, с. 20; 13, с. 31-38] (чёрный), а в силу уважения к нему и его щедрости – Занги ата Химмати («Щедрый Занги Ата»).

Великие заслуги Занги ата перед народом, его щедрость, оказанная людям, гармонируют с прозвищем великого шейха Химмати [14, с. 7].

Занги ата родился и жил в Ташкентской области, в кишлаке Зангиата, расположенном между Ташкентом и Кавунчи (также имеются предположения, что Занги ата

родился и вырос в махалле Зангиота на улице Самарканд дарваза в городе Ташкенте).

Вот что пишет историк Фахриддин Али Сафи в своей книге «Рашахот айн ал-хаёт» («Капли из источника жизни»): «Его также называют Занги бобо. Он был одним из верных преданных друзей и сторонников Хаким ата. Шашская область является местом его рождения и проживания, там же расположена его могила. Народ идет к тому месту для паломничества и достигает своих целей» [15, с. 25].

Начальное образование Занги ата получил у своего отца Таш-ходжи, затем продолжил обучение у четвертого ученика Ахмада Яссави – Сулаймона Бокиргани (Хаким ата), где укрепил свои знания в тасаввуфе (суфизме), и вырос не только прекрасным суфием, но и непревзойденным мудрецом. Согласно преданиям, Занги ата всю жизнь был пастухом, летом он пас общинный скот в предгорьях Западного Тянь-Шаня, а осенью и зимой – в тугаях и камышах на берегу рек Сырдарья, Чирчик и Салар [1, с. 30].

Следует отметить, что пастушеский труд в те времена ценился высоко и был одним из самых уважаемых занятий. Согласно отдельным источникам и данным литературы [13, с.55; 12, с. 279–304], «праведники и дервиши обычно жили в кишлаках и были тесно связаны с природой. Поэтому мир растений и животных занимал важное место в их жизни. При изучении жизни пророков и праведников наше внимание привлекло то, что большинство из них были пастухами» [13, с. 55; 2 с.107].

Как пишет Фахриддин Али Сафи об учениках Занги ата: «У Занги аты было четыре ученика: Узун Хасан ата, Саййид ата, Садр ата и Бадр ата, все четверо учились в бухарских медресе; они были в Туркестане и беседовали с Занги ата» [15, с. 26].

Вся сознательная жизнь Занги ата совпала с периодом нестабильности и насилия в Мовароуннахре, вызванных нашествием монголов. В эти тяжелые времена Занги ата и около десятки его учеников благородными общечеловеческими идеями отваги, патриотизма, трудолюбия, честности, справедливости, бескорыстия, доброты, праведного образа жизни и милосердия духовно поддерживали народ. В исторических источниках приводятся ценные сведения об этом [14 с. 8; 15 с. 25–27].

По поручению Занги ата его ученики Узун Хасан ата, Саид ата, Садр ата и Бадр ата внесли огромный вклад в распространение общечеловеческих исламских ценностей среди татар и башкиров Сибири, Поволжья и Южного Урала. Занги ата вел аскетический образ жизни. Он пас скот и большую часть жизни провел в пустыне. Несмотря на суровые условия, он неизменно следовал канонам ислама и своевременно совершал молитвы.

О самом Занги ата и его деятельности письменные источники довольно скудны. Суфийские агиографические сочинения содержат информацию о том, что он являлся учеником Хаким ата, который, в свою очередь, был учеником эпонима братства – Ходжа Ахмада Яссави. По мнению современного исследователя истории Яссавия профессора Девина Де‘Уиза, возможно, что эта цепочка духовной преемственности (силсила) создана ретроспективно, то есть сфабрикована в XV–XVI веках [5, с. 1-19; 6, с. 187].

Как бы то ни было, сам комплекс стал самым популярным в Ташкентском оазисе. По сведениям рукописных источников и путешественников, здесь вплоть до начала XX в. проводились суфийские ритуалы, которые получили общее название «зикр-джахр», то есть поминание имени Аллаха в голос [4, с. 7, 110–112; 3].

Таким образом, комплекс Занги ата является одним из значительных сооружений эпохи расцвета центральноазиатской архитектуры XV в., возникшим вокруг могилы знаменитого ученого и аскета из Шаша (Ташкента) Занги ата, известного также под именем Ай-ходжа ибн Таш-ходжа (XII в.).

Комплекс мавзолеев, состоящий из усыпальницы и помещения для паломничества (зийаратхана), возведенный над могилой одного из известных последователей Ахмада Яссави – Занги ата (Ай-ходжа ибн Таш-ходжа) и его супруги Анбар-биби, расположен в современном Зангиатинском районе Ташкентской области. По мнению специалистов, он был построен при Амуре Темуре и, скорее всего, по его распоряжению. Судя по остаткам декора, сооружения достраивались либо подвергались ремонту при Мирзо Улугбеке (1409–1449) и более поздних правителях Ташкента [16, с. 167–169; 8, с.16].

В книге историка XIX века Мухаммада Солихходжи «Тарихи жадидаи Тошканд» («Новая история Ташкента») приводятся сведения о святыне Занги ата. По словам Мухаммадходжи Солихходжи, здание мавзолея Занги ата сооружено по велению Амира Темура. По трем сторонам гробницы Нормухаммадбеги кушбеги соорудил медресе и построил худжры. А Каноат аталык в 1870 году убрал террасу и воздвиг из жженого кирпича мечеть, отремонтировал купола.

Как пишет автор «Тарихи жадидаи Тошканд», ежегодно в сезон созревания дынь высокопоставленные лица города прибывали сюда отдыхать на три дня. К концу XIX века вокруг гробницы Занги ата образовался своеобразный архитектурный ансамбль, который включал гробницы Занги ата и Анбар-биби, указанные выше медресе и мечети. Гробница Занги ата была значительно

повреждена в результате землетрясения 1886 года, отреставрирована в 1887–1888 гг.

Кроме того, в дворовой части комплекса построены мечеть, худжры (комнаты) для паломников, минарет, водоем (хауз) и предвратные строения. Могила и позже ансамбль были местом паломничества мусульман всего среднеазиатского региона.

Обсуждение

Монгольское нашествие привело к кризису социально-культурную жизнь народов Центральной Азии. Однако национально-освободительная борьба подкреплялась духовно-религиозными принципами, в частности, исламской религией. В это время сформировались такие суфийские ордена (тарикаты), как Кубравия и Накшбандия.

Суфизм в этот период стал объединяющей духовной силой народов Средней Азии.

Одним из представителей суфийских предводителей (шейхов) был Занги ата. Он является одним из самых известных представителей суфийского ордена (тариката) яссавия.

Занги ата – один из уважаемых святых, внесший вклад в распространение ислама среди народов Центральной Азии. Его родословная идет непосредственно к Ходже Ахмеду Яссави через его отца Таджходжу, деда Абдула Малиходжа и прадеда Мансура.

Следует особо отметить, что великий Амир Темур был одной из выдающихся личностей, оказывавших достойное уважение памяти праведных суфийских шейхов. Он уделял огромное внимание строительству мавзолеев, мечетей и хонако. Подобная благородная деятельность Амира Темура оставила свои следы в Ташкентском оазисе. Комплекс мавзолеев, состоящий из усыпальниц одного из известных последователей Шейха Зайниддина, Занги ата и его

супруги Анбар Биби, был построен именно под покровительством Амира Темура.

На надгробии Зангиоты высечены следующие слова:
«Во имя Аллаха Милостивого,

Милосердного! Каждое живое существо смертно, слова Аллаха истинны... Здесь покоится удостоенный милости Аллаха, которому прощены все грехи, счастливый от богоугодных дел, последователь истинного пути, благочестивый, усердствующий в служении Аллаху, Шейх Зангиота».

Обычно большую часть надписей историко-архитектурных памятников, встречающихся в нашей стране, составляют коранические аяты и хадисы. А в комплексе Зангиота мы можем увидеть дополнительно следующие рифмованные строки на арабском языке:

Мудрость наставника – ключ, бьющий счастьем
Цени, люби его – это путь к счастью.

* * *

В душе моей трепет, горюя тобой,
Наполнены веки чашей водопада.
Мои горькие слёзы, мой мир и покой,
Наполняют душу счастьем, чистотой.

Заключение

Мемориальный комплекс Занги ата, считающаяся памятником архитектуры XV века в Ташкентской области, известна и знаменита не только в Узбекистане, но и среди народов стран Центральной Азии.

Крупнейшие реставрационные работы были осуществлены в начале XIX в., а также в конце 90-х гг. XIX в. и в начале XX в. Во времена советского периода комплекс выполнял функцию склада. Благодаря независимости Республики Узбекистан этот историко-архитектурный комплекс обрел новый вид. В настоящее

время здесь расположено Ташкентское областное отделение Управления мусульман Республики Узбекистан.

В соответствии с постановлением Кабинета Министров Республики Узбекистан в комплексе Занги ата и прилегающих к нему территориях, которые находятся в Ташкентской области, были проведены широкомасштабные работы по строительству и благоустройству. На территории комплекса построена новая мечеть вместимостью тысяча человек.

В заключение, мемориальный комплекс Занги ата был одним из центров исламской культуры и всегда служил интересам народов региона.

Список литературы

Абдухоликов Ф., Мухамедов Н., Абдуллаев А., Рахимов К. Ўзбекистон обидаларидаги битиклар. Тошкент вилояти. Архитектурная эпиграфика Узбекистана. Ташкентская область. Architectural epigraphy of Uzbekistan. Tashkent region (ўзбек, рус ва инглиз тилларида). -Т.: "Uzbekistan Today", 2017. -С. 15-16.

Aynur Kocak. Zengi Ata'nin menkebleri, turbesl ve bayrami uzerine // Turk Kulturu ve Hasy Vectas veli Aiastyima Dergisi, С. 25, Ankara, 2003. -С. 107.

Боровков А. К. Узбекский литературный язык в 1905–1917 гг. -Ташкент, 1940.

Бустан ул-мухиббин. Предисловие к изданию // Собрание фетв по обоснованию зикра джахр и сама‘ / Введение, подготовка арабского и персидского текстов, приложение и указатели: Б.М. Бабаджанов, С.А. Мухаммадаминов. Алматы: Дайк-Пресс, 2009.

DeWeese, Devine. Yasavian legends on the islamization of Turkistan-Aspekts of Altaic Civilization – III. Proceeding of the Thirteen Meeting of the Permanent International Altaistic

conference Indiana University (in) 1987. Ed. D. Sinor. Bloomington, Indiana, 1990, p. 1–19.

DeWeese, Devin. The Masha'ikh-i Turk and the Khojagan: Rethinking the Links between the Yasavi and Naqshbandi Sufi Tradition // JIS, 7/2 (july 1966). -P. 180–207.

Залеман К. Г. Легенда про Хаким ата // Известия Императорской Академии наук, серия V, т. IX, 1898, с. 105–150.

Маньковская Л.Ю., Пулатов К. К изучению архитектурного наследия Ташкента // Строительство и архитектура Узбекистана. № 6. 1972. -С. 14–16.

Mukhamedov Nematullo Asatullaevich. (2020). HUMANIST IDEAS IN WORK MEDIEVAL SCIENTISTS OF THE OASIS OF TASHKENT. Archive of Conferences, 9(1), 205-208. Retrieved from <https://www.conferencepublication.com/index.php/aoc/article/view/371>

Nematullo Mukhamedov & Nurulloh Turambetov. (2021). The origins of religious tolerance in Central Asia. International journal of social science & interdisciplinary research ISSN: 2277-3630 Impact Factor: 7.429, 10(12), 68–73. Retrieved from <https://www.gejournal.net/index.php/IJSSIR/article/view/105>

Мухамедов Н.А. (2014) Идеи толерантности и гуманизма в деятельности учёных суфиев оазиса Ташкент. The culture of tolerance in the context of globalization: methodology of research, reality and prospect http://sociosphera.com/files/conference/2014/k-05_13_14.pdf#page=54-57 (in Russ).

Ömer Lütfi Barkan. İstila Devirlerinin Kolonizator Turk Dervisleri ve Zaviyeler // Vakəflar Dergisi. s. II, Ankara, 1942, С. 279–304.

Саидов А. Ҳазрат Занги ота. -Т.: Шарқ, 2015.

Файзиёв Т. Зангиота Ҳимматий. -Т.: Мовароуннаҳр, 2001. -С. 20.

Фахруддин Али Сафий. Рашаҳот айн ал-ҳаёт («Қапли из источника жизни») / Нашрга тайёрловчилар М. Ҳасаний ва Б. Умрзоқ. – Т.: Абу Али ибн Сино, 2004. -С. 25.

Шишкин В.А. Мазары в Занги-ата // В.В. Бартольд уchenики и почитатели. -Ташкент, 1927. -С. 165–170.

ЯСАУИ МӘДЕНИЕТІ НЕГІЗІНДЕ ТҮРКІСТАН ӨНІРІНІҢ ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫН ДАМЫТУ: ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖАҢҒЫРТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Сайфунов Бауыржан

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті,

Ясауитану ғылыми-зерттеу институты, PhD доктор. Түркістан.
bsaifunov@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-8707-7075.

Аннотация

Мақалада Түркістан өңірінің туризм индустриясын дамытуда Қожа Ахмет Ясауи мәдениетінің маңызы қарастырылады. Ясауи мәдениеті - түркі халықтарының рухани және мәдени мұрасының өзегі болып табылады. Бұл ілім рухани құндылықтарды дәріптей отырып, ұлттық сана-сезімнің дамуына ықпал етеді. Түркістан аймағы өзінің бай тарихи және мәдени мұрасымен, соның ішінде Ясауи кесенесімен әлемге танымал. Мақалада осы рухани мұраны жаңғырту арқылы өңірдің туристік әлеуетін арттыру жолдары ұсынылады. Сонымен қатар, мақалада діни, экологиялық, мәдени-этнографиялық және тарихи туризм салаларын дамыту стратегиялары қарастырылады. Бұл бағыттар туристердің қызығушылығын арттырып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға ықпал етеді. Мақаладағы ұсынылған әдістер Түркістанның туризм индустриясын күшейтіп, ұлттық мәдениетті әлемге танытуға бағытталған.

Кілт сөздер: Ясауи мәдениеті, Түркістан, Туризм, Ұлттық құндылықтар, Туризм индустриясы.

Abstract

This article examines the significance of the culture of Khoja Ahmet Yassawi for the development of the tourism industry in the Turkestan region. Yassawi culture is at the core of the spiritual and cultural heritage of the Turkic peoples. It promotes the development

of national consciousness and glorifies spiritual values. The Turkestan region is world famous for its rich historical and cultural heritage, including the Yassawi Mausoleum. The article suggests ways to increase the region's tourism potential by reviving this spiritual heritage. It also considers strategies for developing religious, ecological, cultural-ethnographic and historical tourism. These routes not only increase the interest of tourists, but also contribute to the modernisation of national values. The methods proposed in the article are aimed at strengthening the tourism industry of Turkestan and introducing the national culture to the world.

Key words: Yassawi culture, Turkestan, Tourism, National values, Tourism industry.

Кіріспе

Түркістан өңірінің туризм саласын дамытуға Ясауи мәдениетінің ықпалын қарастыру өте өзекті мәселе. Қожа Ахмет Ясауи мұрасының түркі әлемі үшін мәдени әрі рухани маңызы зор. Оның ілімі мен қалдырған мол мұрасы бүгінде көптеген ұлттар мен ұлыстарға ортақ құндылықтардың қайнар көзі ретінде қарастырылады. Сондықтан да Ясауи мәдениеті негізінде Түркістанды рухани-мәдени орталық ретінде қалыптастыру, әрі осы құндылықтарды жаңғырту арқылы қаланың туристік әлеуетін арттыру еліміз үшін де, өңір үшін де стратегиялық маңызы бар қадам болмақ.

Түркістан өңірі тарихи және мәдени орындарға бай, әрі оны туризм саласында тиімді пайдалану еліміздің экономикалық және мәдени дамуына қосымша серпін береді. Ясауи мәдениеті аясында тарихи жәдігерлерді, рухани ескерткіштерді және ұлттық құндылықтарды жаңғырта отырып, туристердің қызығушылығын арттыруға болады. Бұл өз кезегінде туристердің еліміздің мәдени мұрасына деген қызығушылығын оятып қана қоймай, ұлттың рухани құндылықтарына деген жаңаша көзқарас қалыптастыруға көмектеседі. Қазіргі таңда әлемдік

деңгейде бірегей тарихи және мәдени құндылықтарды дамыту мен оларды туризм индустриясына тиімді енгізу бағытындағы тәжірибелер кең таралған. Осы орайда Түркістанды мәдениеті және рухани орталық ретінде әлемге таныту үшін ұлттық құндылықтарды жаңғырту стратегияларын енгізу маңызды.

Мақалада Ясауи мәдениеті негізінде Түркістан өңірінің туризм индустриясын дамыту арқылы ұлттық құндылықтарды жаңғырту мен өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту жолдары қарастырылады. Бұл мақалада Түркістан өңірінің туризм саласын дамытуға ықпал ететін басты факторлар, Ясауи мәдениетінің туризмге әсері, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды жаңғырту стратегиялары талданады. Осылайша, Түркістанның жаңа рухани және мәдени бейнесін қалыптастыру арқылы Қазақстанның халықаралық туризм нарығындағы тартымдылығы мен орны нығая түспек.

1. Ясауи мәдениетінің тарихы мен мәні

Қожа Ахмет Ясауи мәдениеті Түркі халықтарының рухани әлемі мен мәдениетінде ерекше орын алады. Оның қалыптасуы мен таралуы Түркістан өлкесінде (Орталық Азия), әсіресе қазіргі Қазақстанның оңтүстік өңірінде маңызды тарихи және мәдени өзгерістерге себеп болды. Ясауи мәдениеті арқылы көптеген түркі халықтары ислам дінін қабылдап, өздерінің дүниетанымдық және рухани негіздерін қайта қарастырды. Бұл процесс көптеген ғасырлар бойы жалғасып, қазіргі заманда да өз құндылығын сақтап келеді [1, 22].

Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген кезеңде (XI-XII ғасырлар) Түркістан өлкесінде ислам діні тереңдей бастады. Ол халық арасында танымал ұстаз әрі ойшыл ретінде исламның рухани құндылықтарын насихаттап, түркілік дүниетаным мен исламдық құндылықтарды

біртұтас рухани жүйеге біріктіре білді. А.Ясауи өзінің негізгі еңбегі «Диуани хикмет» арқылы ол өз ілімін халыққа қарапайым әрі түсінікті тілде жеткізуге тырысты. Бұл еңбек арқылы Ясауи өз замандастарына терең рухани тұжырымдар мен өнегелік қағидаларды үйретті, сол арқылы халықтың рухани кемелденуіне жол ашты.

Ясауи мәдениетінің басты ерекшелігі – рухани тазалық пен адамгершілік қасиеттерге, шыдамдылық пен сабырлыққа баса назар аударуы. Оның ілімі бойынша, адамзаттың басты мақсаты – рухани дамуға қол жеткізіп, Жаратқанға жақындау. Бұл идеялар Ясауидің даналықпен көмкерілген шығармасы «Диуани Хикметте» айқын көрініс тапқан. Оның көзқарастары мен дүниетанымы арқылы рухани кемелдікке жету жолы көрсетіледі, ол тек діни қағидалармен шектелмей, күнделікті өмірде қолдануға болатын кеңестерді де қамтиды [2, 51].

Ясауи мәдениетінің тағы бір маңызды қыры – оның түркі халықтарына бейімделген мұсылмандықты ұсынуы. Түркі халықтарының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ескере отырып, мұсылмандықты насихаттау арқылы ол жергілікті халықтың діни ұстанымдарына жаңаша серпін берді. Бұл тұрғыдан алғанда, Ясауи өз дәуірінде жергілікті халықтың дінге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, исламның кең таралуына үлес қосты. Бұл құбылыс түркі халықтарының рухани және мәдени өмірінде орасан зор өзгерістерге әкелді. Ахмет Ясауи ілімі, XII ғасырдан бері Түркі-ислам мәдениетінде үлкен маңызға ие болып, түркі халықтарының ұлттық санасы мен ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Ясауи өзінің хикметтері арқылы рухани тәрбиені насихаттап, халықтың әлеуметтік және мәдени өміріне зор ықпал етті. Оның іліміндегі адамгершілік, мейірімділік, және әділеттілік принциптері қазіргі замандағы моральдық және этикалық құндылықтардың негізін құрайды. Ясауи «бірлік»

және «татулық» идеяларын алға тарта отырып, қоғамдағы үйлесімділікті қамтамасыз ету үшін маңызды бағдар ұсынды. Осы себепті, Ясауи ілімін қазіргі замандағы діни мәселелерді шешуде тиімді құрал ретінде қарастыруға толық негіз бар. Ясауи өз шығармаларында ұлттық бірлік пен мемлекетшілдікті насихаттап, халқына моральдық тұрғыдан күш беріп отырады [3,142].

Қожа Ахмет Ясауидің ілімі мен мұрасы ғасырлар бойы түркі-мұсылман халықтарының рухани мәдениетінің негізі болып қалыптасты. Оның шәкірттері мен ізбасарлары Ясауидің идеяларын дамытып, Орта Азия мен Қазақстанда Ясауи тариқатын құрды. Бұл тариқаттың ерекшелігі – сопылықтың ішкі және сыртқы тәжірибелерін үйлесімділікпен біріктіруінде. Ясауи мәдениеті қазақ халқының дүниетанымына, діни әдет-ғұрпына және рухани өміріне терең ықпал етті. Оның ілімі тек діни тұрғыда ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының мәдениетіне, музыкасына және ауыз әдебиетіне де үлкен әсерін тигізді [4, 67].

Ясауи мәдениетінің тағы бір қыры - адамгершілікке, әділдікке, кешірімділікке және шындыққа негізделген ұстанымдары. Оның еңбектерінде адалдық, әділеттілік, жанашырлық және шыншылдық секілді құндылықтар басымдықта болған. Ол адамдарды жақсылыққа жетелеуге, жамандықтан сақтандыруға шақырды, бұл өз кезегінде қоғамда рухани және моральдық тұрақтылықты қалыптастыруға бағытталған болатын [5, 83].

Бүгінгі таңда Ясауи мәдениеті ұлттық және рухани құндылықтарды жаңғыртуда өзекті рөл атқарады. Қазақстандағы Түркістан қаласы оның мәдени мұрасын сақтап, насихаттау орталығы болып табылады. Қазіргі таңда Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген, бұл оның мәдени маңыздылығын халықаралық деңгейде

мойындатқанын көрсетеді [6, 99]. Сонымен қатар, Ясауидің ілімі Қазақстан мен Орта Азия елдеріндегі рухани жаңғырудың негізгі элементтерінің бірі ретінде танылып отыр.

Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен мәдениеті Түркі халықтарының рухани байланысын күшейтетін және ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын ұлттық бірегейліктің маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Түркістан қаласы мен Ясауи кесенесінің айналасында қалыптасқан рухани орталық түркі халықтарының басын біріктіріп, олардың ортақ тарихы мен мәдениетін жаңғыртуға қызмет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, Ясауи мәдениеті тек тарихи мұра емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтардың қазіргі қоғамда қайта жаңғыруына ықпал ететін маңызды құбылыс [7, 54].

Танымал ясауитанушы ғалым, профессор Досай Кенжетай: «Қожа Ахмет Ясауи ілімі өте бір үлкен дария. Сол дарияның жағасында жүрміз деп үміттенеміз. Оны ішіне еніп, оны игеру ол – хәл ілімі. Бүкіл түркі әлемінің өркениетін қалыптастырып, дүниетанымын трансформацияға ұшыратқан ұстаным бұл. Қазақ, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, түркімен, татар, башқұрт тб. бүкіл түркі жұртының мұсылмандық мәдениетінің тамыры хәл ілімінен бастау алады. Ал бұл ілімді негіздеп берген тұлға Пир-и Түркістан – Құл Қожа Ахмет Ясауи. Деректерде ғұламалар, даналар Ахмет Ясауиді «Түркі әлемінің құбыласы», «Түркі жұртының Темірқазығы», «Түркілердің Жолбасшысы», «Ұстаздардың ұстазы» деп ғасырлар бойы атап келгенін көреміз.

«Ясауидің ойлау жүйесі» деген тақырып бар. «Ойлау жүйесі» дегеніміз бір жағынан құбылыс, екіншіден үдерістерден тұрады. Сосын принциптің, идеяның тұтастығынан тұрады. Ойлау болған жерде трансцендентті және иманентті қабаттар тұрады және де адамның оған

қатынасы тұрады. Ясауидің хәл ілімі дегеніміз – адамға бетбұрған ғылым деген сөз, адамның өзін-өзі тануының негізгі құралдары» дейді[8].

Жүніс Әміренің ұстанымы бар: «Бір мен бар Менің ішімде... / Bir ben vardır bende benden içeri...»[9] Мұны қарапайым түсіндер болсақ, «Адамның ішінде бір Мен бар, бірақ ол - Мен, басқа бір Мен» - дейді. Бүгінгі экзистенциялық тұрғыдан алғанда өмір бақи ол сонымен тұтастануға ұмтылады. Себебі адам оны жеңу керек, яғни оны өз ықпалына алу керек. Міне, адам осы кезде ғана Аллаға қарай бет бұрады. Сондай мақамның атын Қ.А.Ясауи «тәубә мақамы» деп атайды/ *Мақам, сөздік мағынасы тұрақ дегенді білдіреді. Сопылықтағы мағынасы, рухани таным деңгейі/.*

Қожа Ахмет Ясауиді кейбір модерн әдебиеттер «ақын, философ, ойшыл» деп танытады. Сол әдебиеттерді қарағаннан кейін кейбір адамдар Ахмет Ясауиді «философ екен ғой, философия жасаған екен ғой» деп қалады. Негізі Ахмет Ясауи: *«Хал илмини оқубан, Қал гилмига ётибан»* дейді хикметте. Менің ұсынып отырғаным, бұл - хәл ілімі, қал емес - дейді. Ал ол хәл ілімінің қалін, хәл ілімінің философиясын жасап отырған біз. Әйтпесе, Ахмет Ясауи «мен, бір философия жасайын, ойлау жүйесі жайлы еңбек жасайын, философиялық бір құрылым (структура) жасайын» деген емес. Бірақ бүгін біз бүгінгі заманауи ғылым тұрғысынан, философиялық модерн моделдеу тұрғысынан Ахмет Ясауидің жасап кеткен құбылыстарына қарап, Ахмет Ясауидің ойлау жүйесі қандай ерекшеліктерде жасалған? Оны біз бүгінгі ұрпаққа, бүгінгі ғылыми тұрғыдан айтуымыз керек. Неге олай дейтін себебіміз, әлемдік психология мен философияға өте қатты ықпал еткен екі мәшһүр ғалым бар: бірі Зигмунд Фрейд / Толық аты, Сигизмунд Шломо Фрейд 06.05.1856-23.09.1939/, екіншісі Карл Густав Юнг / Карл Густав Юнг

26.07.1875-06.06.1961, аналитикалық психология ғылымының негізін салушы/. Біріншісі адамның психологиясымен, екіншісі адамның психоаналитикасымен айналысқан. Адамның ішкі әлеміндегі құбылыстары, есіктері, терезелері сияқты ұғымдарды жасап кеткен ғалымдар.

Юнг: «*Мен психо-аналитиканы жасадым, бірақ осының үлгісін ортағасырлық Түркі мистиктерінен (ойшылдарынан) алдым*» - дейді. Сөйтеді дағы рухтың 6 мақамы (деңгейі) туралы ашып жазады. Біз қазір бір ғасырдан асты сол алты мақам туралы айта береміз, айта береміз. Ал бірақ Құл Қожа Ахмет Ясауи 70 (жетпіс) мақам айтып кеткен. Бірақ ол туралы ауыз ашпаймыз. Міне, парадокс! Неге білесіз ба? Себебі Ясауи ілімі - хәл ілімі. Ол ілім мистикалық ілім. Оның артында дін бар, оның артында Ислам бар. Кешегі Совет үкіметі болды, ол үкіметте атеизм салтанат құрды, сонымен жабулы қазан жабулы болып кете берді. Енді бүгін біз сол Ясауиді хәл іліміне оралуымыз керек. Қалай? Психоаналитикалық тұрғыда.

Неге бүгін бүкіл әлем мұсылмандары Ясауи іліміне ынтық? Себебі Ясауи ілімінде саяси тақырып жоқ! *Лә мақсуда ИллАлла/ Я Алла, Сенен басқа мақсатым жоқ, Лә махбубә ИллАлла / Я Алла, Сенен басқа сүйетінім жоқ ... Әнтәл Һәди, әнтәл Хақ / Сенсің тура жолға Салушы, Ләйсәл һәди ИллАл Хақ / Сенен басқа хақ жолға Салушы Құдірет жоқ.* Ясауи ілімінде ішке үңілу, оның ішінде рухты тану. Соның бірінші мақамы – тәубә. Тәубә – адамның өз ішімен тұтастануы және жоғары өрлеуі. Осылайша 70 мақам бар. Әр мақамда жұп-жұп хәлдер (күй, ішкі жағдай, рухани күй) бар. Мысалы: Тәубә мақамының хәлі хауф-рижа (қауіп - үміт). Міне, осы екі хәлдің ортасында бағыт алып, кетіп бара жатырсыз. Бұған енді методология (әдіснама) керек. Қандай методология дегенде? Ең бірінші

принципті «Махаббат» - дейді. Бұл махаббаттың, бұл принциптің мақсаты - Жамал, дидарға (Алланың дидарына) қарай жету керек, идеясы, мұраты. «Менің мұратым Алла» дейді Ясауи. XIX ғасырға дейін бүкіл мұсылман түркі халқының мақсаты, мұраты осы болып келген. Аллаға ғашықтық, махаббат, Алланы еске алу (зикрулла) болып келген. Себебі Ясауидің негізгі тоқталған мәселесі Алла, Әлем, Адам. Осы үштаған тұтастығы.

Исламнан бұрын Ясауиге дейін бізде универсалистік ойлау жүйесі болған. Бірақ ол ешқашан Алланың бар және Бір екендігін адамның тұлғалығымен, рухының болмысымен анықтаған емес. Қасиетті мәтінде: «...адамға күретамырынан да жақынбыз...» (Құран Кәрім, 50 сүре 16 аят) дейді Алла Тағала. Адамның тұлғалығын ең жоғары деңгейге көтерген, тұлғалығын бірінші орынға қойған принцип түркі халықтарына мұсылмандық арқылы келді. Ал Қожа Ахмет Ясауи ілімі мұсылмандық қасиетті мәтіндегі Жаратушы қойған адамның тұлғалық қасиетін сезіну мәселесін бірінші орынға қояды. Исламға дейінгі кезеңде, яғни түркі халықтары тұтас мұсылман болғанға дейінгі дәуірлерде түркілердің теологиялық танымы «деизм» болды. Деизм – Құдайдың бар екенін мойындайтын, бірақ әлем жаратылғаннан кейін оған араласпайды деген ұстанымды қолдайтын философиялық көзқарас. Деистер Құдайды Жаратушы ретінде қабылдайды, бірақ ол әлемге немесе адамдардың күнделікті өміріне араласпайды деп санайды. Бұл ілімнің ерекшелігі – діннің кереметтеріне немесе қасиетті кітаптардың түпкілікті ақиқатына сенбей, Құдайды тек ақыл-ой арқылы тануға болатын ұстанымға негізделген[10]. Бұл таным бойынша Алла бар, бірақ ол адамға да, әлемге де араласпайды, яғни ешқандай ықпалы жоқ деген сөз. Ал Ислам «Кулли шәй'ин» дейді. Бұл дегеніміз – барлық нәрседе, барлық сәтте, барлық кезде,

барлық хәлде Жаратушымен біргесің деген сөз. Сондықтан Ясауи ұсынған «зикр теориясы» әр демде, әр сәтте Алланы еске алу, Алламен бірге болу дегенді білдіреді. Кейін осы платформаны (Ясауидің зикр теориясын) Совет Одағы құрамындағы түркі мемлекеттеріне қарсы ғылыми атеизм негізінде қолданды. Зикр теориясында Жаратушыны әрдайым еске алу болса, ғылыми атеизмде Алланы әрдайым жоқ санау керек. Ғылыми атеизмде екі теория бар: теориялық атеизм және практикалық атеизм. Тасаууф ілімі (Ясауи ілімі) бойынша Алланы жоқ санау деген сөз «Мұсылман адам өтірік айтқан кезінде, ол Алланы жоқ санады. Бреуге қиянат жасаған кезінде онсызда Алланы жоқ санап тұрсың. Сен біреудің ақысын жегенде, сен біреуге зорлық-зомбылық жасағанда Жаратушыны жоқ деп біліп тұрсың. Ал Ясауи ілімінде әрдайым Алламен бір болу, бір хәлде болу. Міне, сол кезде ғана сен өзіңнің тұлғалығыңды, өзіңнің кемелдігіңді ортаға қоясың». Бұл концепцияны кезінде әл-Фараби де айтқан: «Мен өзімнің түк білмейтінімді білдім» деп. Неге? Себебі оның танымы Алламен өлшенеді. Алламен өлшеген кезде, мысалы Хз.Мұхаммед өзін «умми/сауатсызбын» десе, Ахмет Ясауи өзін «жаһилмін/наданмын» дейді. Немесе Ясауидің ізбасарлары «Бәрі жақсы мен жаман, Бәрі бидай мен сабан» деген.

Танымал ясауитанушы ғалым, профессор Досай Кенжетай: «Қожа Ахмет Ясауидің ілімі, ойлау жүйесі XII ғасырдан бері тариқат ретіне жалғасты. Бірақ сол ілімді трансформация (*құндылықтардың түрленуі, өзгеруі; уақыт, заман сұранысына сай құндылықтың сапалануы*) жасаған, реконструкция (*жаңғырту, қайта құру, бірдеңені негізінен бастап жаңаша қайта құру*) жасаған Абай Құнанбайұлы болды» дейді. Ясауидің ойлау жүйесінің (ілімінің) методологиясы дегенде бірінші принципі – Махаббат болса, мұраты – Алланың дидары. Абай айтады:

Біз махабатты принцип ретінде қалдырамыз, бірақ мұратты өзгертеміз. Қалай? Енді біз Алланың дидарына (Жамалына) емес, Алланың сұңғатына (шеберлігіне) ғашық боламыз. Неге? Алланың шеберлігі керек бізге, бізге техника керек, бізге ғылым керек, бізге мына дүнианы игеру керек. Аллаға ғашық боламыз, бірақ оның «Саниф/ Жаратушы» сипатына ғашық боламыз [11] -дейді. Ахмет Ясауи бабамыз өзінен бұрынғы Ислам ғұламаларының құнды ойларын жаңғыртса, Абай атамыз да Ясауи ілімін заман талабына сай түрлендіріп, халыққа рухани өнім ретінде ұсынды.

Ахмет Ясауи ілімінің бүгінгі қоғамдағы маңызы, тек қана мәдени және рухани құндылықтармен шектелмейді. Ясауи ілімі сондай-ақ, заманауи ғылыми және білім беру жүйесіне де әсер ете алады. Ясауи ілімінің принциптері, оқу бағдарламаларына енгізу арқылы жастарға этикалық тәрбие беруге, олардың адамгершілік қасиеттерін дамытуға мүмкіндік туғызады. Мысалы, Ясауи іліміне негізделген жобалар, жастардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыру және оларды елдің болашағына жауапкершілікпен қарауға бағыттайды.

3. Түркістан өңіріндегі туризм индустриясы

Түркістан өңірі Қазақстанның туристік әлеуеті жоғары аймақтарының бірі. Бұл жерде тарихи және мәдени ескерткіштер, табиғи сұлулық және рухани құндылықтар көптеп орналасқан. Түркістан қаласы, сонымен қатар, Ахмет Ясауи кесенесімен танымал, бұл UNESCO-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген. 2019 жылы кесенені 1,5 миллионнан астам турист көрді, бұл қалаға келушілер санының артуын көрсетеді. Түркістан өңіріндегі туризм индустриясы 2021 жылы 31,4 миллиард теңгені құраған. Туризмнен алынатын кірістердің жыл сайынғы өсімі 10%-дан 15%-ға дейін болуы күтілуде. Түркістанның стратегиялық жоспары 2023 жылға дейін жыл сайынғы туристер санын 2 миллионға жеткізуді көздейді. Бұл

мақсатқа жету үшін өңірде инфрақұрылымды дамыту, туристік қызметтерді жақсарту және жарнама кампанияларын жүргізу қажет [12, 45]. Алайда, пандемияның әсері Түркістан туризміне айтарлықтай зиян келтірді. 2020 жылдың басында COVID-19 пандемиясы басталған кезде, туризм саласы 70%-дан астам қысқарды. Дегенмен, 2021 жылдан бастап туристік белсенділік қайта жандана бастады. Мысалы, 2021 жылы Түркістанға келген туристер саны 300 мыңға дейін артты [13].

Туризмді дамыту үшін мемлекет тарапынан да қолдау көрсетілуде. Түркістан облысында 2020-2025 жылдарға арналған туристік кластерді дамыту жоспары қабылданды. Бұл жоспардың мақсаты - аймақтағы туристік инфрақұрылымды дамыту, тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру және жергілікті тұрғындардың кәсіпкерлік қабілеттерін арттыру. Нәтижесінде, 2025 жылға қарай өңірдің туристік қызметтерінің көлемі 50 миллиард теңгеге дейін жетеді деп болжануда [14, 92].

Түркістан өңірінің туризм индустриясында экотуризм, мәдени туризм, және діни туризм салалары белсенді дамып келеді. Мысалы, өңірге қарасты қалалар мен аудандардағы тарихи орындар, сондай-ақ Түркістанның табиғи парктері экотуризмді дамыту үшін үлкен әлеуетке ие. Сонымен қатар, дін қызметкерлерінің ұйымдастыруымен жыл сайын өткізілетін рухани кездесулер мен фестивальдер, әрине аймақтың діни туризміне үлкен әсер етеді [15]. Түркістан өңіріндегі туризм индустриясы қазіргі кезде даму үстінде, алайда әлі де көптеген мәселелер шешуді қажет етеді. Инфрақұрылымды жетілдіру, қызмет көрсетудің сапасын арттыру, маркетинг стратегияларын жаңарту – қаланың және өңірдің туристік әлеуетін толыққанды жүзеге асыру үшін қажетті қадамдар.

4. Түркістан өңіріндегі туризмнің түрлері мен бағыттары

Түркістан өңірі Қазақстанның мәдени және тарихи байлығына ие, сондықтан оның туризм саласы әр түрлі бағыттар мен түрлерге бөлінеді. Түркістан өңірінің туризм түрлері мыналарды қамтиды:

- **Тарихи-мәдени туризм.** Түркістан облысы тарихи ескерткіштерге бай. Ахмет Ясауи кесенесі, Сауран қаласы, Отырар қалашығы және Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті секілді тарихи орындар туристердің назарын аударады. Бұл бағыт туристерге өткен тарихпен танысуға, мәдени мұраны зерттеуге мүмкіндік береді.

- **Діни туризм.** Ахмет Ясауи кесенесі — ислам дінінің танымал киелі орындарының бірі. Діни туризм Түркістанда жыл сайын өтетін түрлі рухани шаралар мен фестивальдар арқылы дамуда. Туристер дін қызметкерлерімен кездесіп, діни ритуалдарға қатысу мүмкіндігіне ие.

- **Экотуризм.** Түркістан облысы табиғи көркемдігімен ерекшеленеді, сондықтан экотуризм саласы да дамып келеді. Шарын шатқалы, Ақсу-Жабағлы ұлттық паркі және өзге де табиғи ескерткіштер экотуризмді дамытуға ықпал етеді. Бұл бағыт табиғатпен жақын танысуға, экологиялық таза ортада демалуға мүмкіндік береді.

- **Кәсіптік туризм.** Кәсіптік туризм - кәсіпкерлер мен мамандардың бизнес мақсатында келуі. Түркістанда халықаралық көрмелер мен конференциялар өткізу мүмкіндіктері бар. Бұл бағыт кәсіпкерлер мен инвесторларды тарту үшін маңызды.

- **Салауатты өмір салты туризмі.** Түркістанда салауатты өмір салтына бағытталған туризм түрлері де танымал болып келеді. Санаторийлер мен демалыс

үйлерінде медициналық және сауықтыру (wellness) қызметтер ұсынылады. Бұл бағыт туристердің денсаулығын жақсартуға, психологиялық және физикалық релаксацияға мүмкіндік береді.

- **Туристік экологиялық маршруттар.** Облыс табиғатының әр түрлілігі туристік экологиялық маршруттар ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл маршруттар бойынша жаяу және велотуризм дамуда, туристер табиғат аясында демалып, жергілікті экосистема мен флора мен фаунаның ерекшеліктерімен таныса алады.

Түркістан өңіріндегі туризмнің түрлері мен бағыттары ұлттық мәдениетті, табиғаттың көркемдігін және тарихи ескерткіштерді біріктіре отырып, аймақтың туристік әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Бұл бағыттардың әрқайсысы туристерге ерекше тәжірибе ұсынып, өңірдің экономикалық дамуына елеулі үлес қосады.

5. Ясауи мәдениеті арқылы ұлттық құндылықтарды жаңғырту

Ахмет Ясауи мәдениеті - Қазақстанның рухани-мәдени мұрасындағы маңызды компоненттердің бірі. Ол тек тарихи құндылықтармен ғана емес, сонымен қатар қазіргі қоғамда ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған стратегиялық маңызды құрал болып табылады. Ясауи ілімі мен мәдениеті ұлттық бірлікті, діни толеранттылықты, руханилықты және халықтың мәдени дәстүрлерін сақтауды насихаттайды.

Ясауи мәдениетінің негізгі элементі - руханилық. Ахмет Ясауи халықты рухани жетілуге, адамгершілік қасиеттерді дамытуға және әлеуметтік жауапкершілікті сезінуге шақырады. Оның ілімінде ұлттық құндылықтарды жаңғырту идеясы терең жатады, өйткені ұлттық сана-сезімнің негізі халықтың мәдениетінде, дәстүрлерінде, ұлттық философиясында жатыр. Ясауи дәстүрлері мен мәтіндері бүгінгі күні жастар арасында ұлттық сана-сезімді

қалыптастыруға көмектеседі, мәдениетке деген құрметті арттырады. Сондай-ақ, Ясауи мәдениеті этникалық әртүрлілік пен мәдени диалогты дамытуда маңызды рөл атқарады. Ясауи ұлттық, діндер арасындағы және мәдениеттер арасындағы қатынасты нығайтуға шақырады. Оның ілімі түрлі діндер мен халықтардың бір-бірімен бейбітшілік пен келісімде өмір сүруін насихаттайды. Бұл аспект қазіргі уақытта маңызды, себебі жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтау мен жаңғырту үшін диалог қажет [12, 75].

Ясауи ілімінің көрнекті ерекшелігі - оның рухани дәстүрлер мен қазақ халқының мәдениеті арасындағы тығыз байланыс. Ясауи мәдениетінің қазіргі қоғамда да өзіндік орны бар. Жастар арасында Ахмет Ясауи ілімінің идеялары мен құндылықтарын насихаттау арқылы, ұлттық мәдениетті дамытуға, ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Ясауи мұрасы ұлттық сана-сезімді дамыту мен ұрпақтан-ұрпаққа мәдени құндылықтарды жеткізуде маңызды рөл атқарады. Мысалы, Ясауи ілімінің негізінде рухани білім беру бағдарламалары жасалып, жастар тәрбиесінде де қолданылып келеді. Сонымен қатар, Ясауи мәдениеті арқылы ұлттық құндылықтарды жаңғырту мәселелері ғылыми зерттеулер мен қоғамдық талқылаулардың нысанына айналуға. Ғалымдар Ясауи мұрасын зерттеу арқылы ұлттық құндылықтардың маңызын түсінуге, оларды сақтау мен дамытуға бағытталған стратегияларды әзірлеуге ықпал етуде. Бұл бағыттағы жұмыстар ұлттық мәдениет пен дәстүрлердің заманауи қоғамда қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Ясауи мәдениеті ұлттық құндылықтарды жаңғыртуда маңызды рөл атқарады. Руханилық, діни толеранттылық, мәдени диалог, ұлттық бірлік - бұл Ясауи ілімінің негізгі аспектілері. Ахмет Ясауи мұрасы қазіргі

қоғамда ұлттық құндылықтарды сақтауға, дамытуға және жаңғыртуға үлкен ықпал етеді.

6. Ұлттық құндылықтарды туризм арқылы жаңғыртудың стратегиялары

Түркістан өңірі Қазақстанның мәдениеті мен тарихында маңызды кілт рөлін атқаратын жер. Ұлттық құндылықтарды туризм арқылы жаңғыртуға бағытталған бірнеше стратегияларды қарастыруға болады:

1. Тарихи-мәдени туризмді дамыту. Түркістандағы тарихи ескерткіштер, атап айтқанда, Ахмет Ясауи кесенесі, Сауран, Отырар және басқа да мәдени нысандарды туристік маршруттарға енгізу. Бұл нысандарды насихаттау арқылы туристердің қызығушылығын арттыру, оларға тарихтың маңыздылығын түсіндіру. Мысалы, Түркістанның тарихы мен мәдениетін көрсету үшін тарихи экскурсиялар, жыл сайынғы фестивальдер, жәрмеңкелер, дәстүрлі ән-күй, колөнер көрмелерін өткізу арқылы халықтың төл мәдениетке деген құрметін арттыру.

2. Діни туризмнің әлеуетін пайдалану. Әзіреті Сұлтан кешені (Ахмет Ясауи кесенесі) ислам дінінің қасиетті орындарының бірі ретінде діни туризмді дамытуға мүмкіндік береді. Діни туризм арқылы Қазақстанның рухани мұрасын сақтау мен насихаттау мақсатында өңірдің киелі орындарына зиярат турларын ұйымдастыру, діни семинарлар, конференциялар өткізу.

3. Экологиялық туризмді енгізу. Түркістан өңірінің табиғи көркемдігі, оның экосистемасы мен флорасы экологиялық туризмді дамытуға мүмкіндік береді. Экотуризм жобасы аясында табиғи ландшафт маршруттарын құрып, экологиялық таза өнімдер мен қызметтерді ұсыну арқылы жергілікті тұрғындарды табыс көзімен қамтамасыз ету. Түркістан өңірінің ерекше табиғи жерлеріне саяхаттық турлар жоспарлау арқылы өңір экотуризмін дамыту. Ұлттық табиғат ескерткіштеріне зиян

келтірмейтін экотуризм бағдарламаларын ұсыну, ұлттық парктер мен қорықтарды таныту.

4. Мәдени-этнографиялық шараларды ұйымдастыру. Этноауылдар құру: Ұлттық нақыштағы этноауылдар ашу арқылы қазақтың тұрмыс-салтын, дәстүрлі тағамдарын, ұлттық киімдерін, әдет-ғұрыптарын көрсету. Көшпелі мәдениетке арналған экспозициялар: Жергілікті музейлерде көшпелі мәдениет пен қолөнердің әр түрлі бағыттарын, мысалы, зергерлік өнерді, киіз үй жасауды, тоқу өнерін көрсету. Ұлттық құндылықтарды көрсету мақсатында мәдени іс-шаралар, ұлттық мерекелер, фольклорлық фестивальдер ұйымдастыру. Мұндай іс-шаралар халықтың мәдениетін, ұлттық дәстүрлерін насихаттап, туристердің қызығушылығын арттырады. Мысалы, ұлттық киімдер көрсетілімдері, дәстүрлі өнер, қолөнер шеберлерінің жәрмеңкелерін өткізу. Мұндай іс-шаралар өтуде, бірақ апталық, айлық іс-шаралар ол ұдайы болып тұруы керек.

5. Білім беру бағдарламаларын дамыту. Туризм саласында мамандар даярлау: Ұлттық құндылықтарды туристерге таныстыра алатын гидтер мен мамандар даярлау. Жастар арасында ұлттық құндылықтарды насихаттау, мектептер мен жоғары оқу орындарында Ясауи мәдениетіне қатысты пән енгізу. Студенттерге арналған арнайы өлкетанулық бағдарламалар, жазғы лагерьлер ұйымдастыру арқылы жастардың мәдениетке деген қызығушылығын арттыру. Мектептер мен оқу орындарында туризм саласын қолдау: Ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді оқыту арқылы келешек мамандарды дайындау. Жергілікті тұрғындарды ақпараттандыру: Халық арасында ұлттық құндылықтардың маңыздылығын арттыру үшін кездесулер, семинарлар ұйымдастыру.

6. Цифрландыру және технологияларды енгізу. Цифрлық туризм картасы: Түркістанның басты туристік

нысандарын қамтитын интерактивті карта жасалуы керек. Туризм саласындағы қызметтерді цифрландыру, интернет арқылы туристерге ақпараттық қызметтер ұсыну. Мысалы, мобильді қосымшалар, сайттар арқылы экскурсиялар, билет сатып алу, электрондық карта қызметтерін енгізу. Бұл туристердің сапарын жеңілдетеді және оларды ұлттық құндылықтармен таныстыруда тиімді болады [16,33].

Жаһандық және жергілікті маркетингтік науқандар: Әлеуметтік желілерде ұлттық құндылықтарды танымал ету, арнайы туризм науқандарын ұйымдастыру.

Виртуалды турлар: Түркістанның киелі орындарына виртуалды турлар жасап, шетелдік туристерге таныстыру.

Ұлттық брендтермен жұмыс: Түркістанды және оның құндылықтарын ұлттық брендке айналдыру үшін туристік науқандар жасау.

Шетелдік мәдени орталықтармен байланыс: Түркі халықтарымен, әсіресе түркі тілдес елдермен байланыстарды нығайтып, бірлескен туризм бағдарламаларын ұйымдастыру.

Қолөнер мен мәдениет көрмелері: Басқа елдерде Түркістанның ұлттық құндылықтарын танытатын көрмелер ұйымдастыру.

Инвестициялық бағдарламалар: Өңір туризмін дамыту үшін, я болмаса туризмнің дамуына серпін беретін эрине қаржылық қолдау және инвестициялар тарту. Сондықтан негізгі стратегиялардың бірегейі де туризм саласына қаражат тарту үшін шетелдік және отандық инвесторларға арналған арнайы бағдарламалар құру.

Жергілікті кәсіпкерлерге қолдау көрсету: Жергілікті кәсіпкерлерге жеңілдетілген несиелер мен субсидиялар ұсыну арқылы ұлттық кәсіпті дамыту.

Түркістан өңірінде ұлттық құндылықтарды туризм арқылы жаңғырту стратегиялық маңызы зор. Тарихи-мәдени, діни, экологиялық, мәдени шараларды

ұйымдастыру, жастарды тәрбиелеу, және заманауи технологияларды енгізу арқылы ұлттық құндылықтарды сақтап, дамытуға болады. Бұл бағыттар Түркістанның туристік әлеуетін арттыруға, мәдениетті жаңғыртуға және ұлттық сәйкестікті нығайтуға ықпал етеді. Түркістан өңірінің ұлттық құндылықтарын туризм арқылы жаңғырту – өңірдің мәдениетін, тарихын, және дәстүрлерін сақтап қана қоймай, оларды кеңінен таныстыруға, елге келушілердің санын арттыруға, сонымен қатар жергілікті экономиканы нығайтуға үлкен мүмкіндік береді.

7. Инфрақұрылымды дамыту. Жол қатынасы мен көлік инфрақұрылымы: Түркістанның тарихи және табиғи орындарына жетуге ыңғайлы жолдар салу, қолайлы қоғамдық көліктердің қолжетімділігін қамтамасыз ету. Түркістан қаласына трамвай көлік қатынасын салу туризмді дамытуға үлкен серпін береді. Трамвай желісінің қаланың негізгі инфрақұрылымдық нысандарын, соның ішінде темір жол вокзалы, халықаралық әуежай, және орталық сауда орындарын байланыстыруы қалаға келушілердің ыңғайлылығын арттырады. Түркістанның туристік тартымдылығы ерекше тарихи және мәдени мұрасында жатыр, ал трамвай жүйесі туристерге қаланың маңызды орындарын оңай әрі тез аралап шығуға мүмкіндік береді. Трамвай экологиялық таза әрі тиімді көлік түрі болғандықтан, ол қаладағы көлік жүктемесін азайтып, экологиялық жағдайды жақсарта алады. Қаланың көне сәулеті мен заманауи инфрақұрылымын үйлестіретін бұл жоба экотуризмге бейімделген, болашақта сапалы және тұрақты туризмді дамытуға үлес қосады. Сонымен қатар, трамвай қатынасы қаланың экономикалық өсуіне де ықпал етпек. Қаланың басты сауда және қызмет көрсету орындарын темір жол вокзалы мен әуежаймен байланыстыру арқылы бизнес нысандарына келушілер саны артады, бұл өз кезегінде жергілікті кәсіпкерлікке

қолдау көрсетіп, жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал етеді. Осылайша, Түркістанның халықаралық туристік орталық ретіндегі мәртебесі арта түседі.

Туризмге бағытталған сервис сапасын жақсарту: Түркістан облысында әжетхана мәдениетін дамыту - өңіріміздің туристік әлеуетін арттырудағы маңызды қадам. Өңірге келушілерге қолайлы жағдай жасау үшін қалаларда және жол бойындағы көрнекі орындарда халықаралық стандарттарға сай әжетханалар салу қажеттігі туындап отыр. Туристердің негізгі қажеттіліктерінің бірі - гигиена талаптарына сай, ыңғайлы әжетханалардың қолжетімді болуы. Өкінішке орай, бұл бағытта әлі де айтарлықтай жетілдірулер қажет. Халықаралық стандарттарға сай келетін заманауи әжетханалар туристердің біздің өңір туралы жағымды әсер алуына әсер етеді. Бұл орындар таза, қауіпсіз және ыңғайлы болуы керек, себебі олар тек қажеттілік нүктелері ғана емес, аймақтың мәдениетін көрсететін элементтердің бірі ретінде қарастырылады. Әжетханаларда санитарлық тазалықты қамтамасыз ету, ыстық және суық судың қолжетімділігі, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін арнайы жабдықтардың болуы маңызды. Осылайша, заманауи әжетханалар тек туристерге қолайлы жағдай жасап қана қоймай, жергілікті халыққа да қызмет етеді. Бұл жобалар өңіріміздің инфрақұрылымын дамытып, туристердің санының өсуіне, соның нәтижесінде аймақтың экономикалық әлеуетінің артуына ықпал етеді. Сонымен қатар, жергілікті халықты туризм және қонақ күту саласына дайындап, оларды ағылшын, түрік, орыс тілдерінде сөйлей алатындай оқыту бағдарламаларын іске асыру керек.

Қонақ үй және тамақтану орындарын көбейту: Қонақ үйлерді, этноқонақ үйлерді, ұлттық тағамдар ұсынатын мейрамханаларды дамыту.

Қорытынды

Бүгінгі таңда Түркия мемлекеті өз мәдени құндылықтарын әлем жұртына паш етіп, Мәуләнә фестивалдерімен әлем жұртшылығының назарын аударып, мемлекеттің туризм кластерінің дамуына орасан зор үлес қосып отыр. Мәуләнә бауырластығына тән «Рақс-сама» адептін түм дүнияға паш етіп, әлем жұртының таңдайын қақтырып отыр. Осылайша Анадолылық қандастар һәм мәдениетін танытып, һәм ел экономикасын дамытып жатыр. Малайзия мемлекеті де, Қытай елі де, Индия, Жапония мемлекеттері де өздерінің тарихи-рухани құндылықтарын әлемге паш етіп, өз мәдениетінің ерекшелігімен дүние жұртын тамсандырып отыр.

Қожа Ахмет Ясауи ілімі тек қана қазақ ұлтының ғана емес түркі халықтарының тұтастығының кепілі. Түркі халықтарының рухани һәм ұлттық құндылығы. Ясауи ілімі ата-бабаларымыздан ұрпаққа мирасқа қалған аманат, ұлттық һәм мемлекеттік құндылық.

Біздің де өз мәдени құндылықтарымыздың ерекшеліктерімен төрткүл дүниенің назарын бұруымызға мүмкіндіктеріміз мол. Себебі жоғарыдағы Қожа Ахмет Ясауи ілімінің басты қағидалары саналатын Мінәжәт дәстүрі (Зикр адепті), Хикмет айту дәстүрі, Иләһи әуендер жанрын дамыту арқылы қоғамды кемелдікке, жастарды адамгершілікке, әскерді мемлекетшілдікке баулудың механизмдерін қалыптастыру мүмкіндіктеріміз бар.

Түйіндей келе, келесідей ұсыныстар жасауды орынды деп білемін:

Арнайы өнер мамандарын тарту арқылы Қожа Ахмет Ясауи ілімінің басты ұстындары саналатын Мінәжәт дәстүрі (Зикр адепті), Хикмет айту дәстүрі, Иләһи әуендер жанрын жаңғыртып, дамытуды қолға алу керек. Бұл құбылыс тек Қазақстан ғана емес туысқан мемлекеттердегі Ясауи ізбасарларының кесенелердінде де көрініс тауып

жатса, нұр үстіне нұр. Ясауи мәдениетіне тән құндылықтар жаңғырса, жас ұрпақтың көкірегі нұрлы құндылықтармен сусындар-ақ еді. Өз ретінде Ясауи мәдениеті шығыстық өмір сүру формасының ерекшелігін сақтағандықтан шетелдік туристердің де келу қызығушылығын арттыратынына күмән жоқ. Осылайша Ясауи бауырластығының аталмыш адептерін түркі мәдениетінің ортақ бренді ретінде шетелдік туристерге паш ету арқылы өңірдің туризм кластерін дамыту механизмдерін жетілдіруге болады. Бұл жоба һәм түркі халықтарының ұлттық мәдениетін һәм рухани құндылықтарының өркениеттер қақтығысында жойылмай сақталуына және де өлкелердің әлеуметтік әлеуетін арттыруға тың серпіліс болары хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Исабек, А. (2018). «Орта Азиядағы ислам мәдениеті және Қожа Ахмет Ясауи ілімі». Алматы: Қазақ университеті баспасы.
2. Омаров, Н. (2019). «Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы». Түркістан: Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық университеті.
3. Saifunov Bauyrzhan, “*Türkistan’da Ehl-i Sünnet Anlayışının Gelişimi ve Ahmed Yesevî’nin Rolü*”, Doktora Tezi, Erciyes Üniversitesi, Kayseri 2022
4. Жүсіпов, М. (2016). «Түркі халықтарының мәдениеті мен діні: Ясауи ілімі және әсері». Нұр-Сұлтан: Көкжиек баспасы.
5. Сүлейменов, Т. (2018). «Рухани және моральдық құндылықтар негіздері». Қызылорда: Қазақ мәдениеті институты.
6. Төлеубек, Ә. (2020). «Түркістан қаласының рухани маңызы және Ясауи кесенесі». Алматы: Қазақстан тарихы академиясы.

7. Әлихан, Д. (2019). «Қазақ мәдениеті және рухани құндылықтар: Ясауи мұрасы». Нұр-Сұлтан: Жас еркен баспасы.

8. <https://www.facebook.com/dosay.kenjetay/videos/1076388997220131> Қожа ахмет Ясауи және оның рухани мұрасы, Халықаралық ғылыми-теориялық конференция

9. https://www.antoloji.com/benden-iceri-severim-ben-seni-siiri/#google_vignette Yunus Emre, Kayıt Tarihi

10. "Deism", *Encyclopedia Britannica*, 2012, 22. <https://www.britannica.com/topic/Deism/Deists-in-other-countries>

11. Абайдың отыз сегізінші қара сөзі, <https://kk.wikibooks.org/wiki/>

12. Смирнова, А. (2022). «Туризмнің экономикалық әсері». «Экономика және статистика» журналы, 5, 45-47.

13. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі. (2021). «Туризм саласындағы статистикалық мәліметтер».

14. Бекмұратов, И. (2022). «Туризм саласындағы инфрақұрылымдық өзгерістер». «Туризм және демалыс» журналы, 5, 45-48. 4. Ұлттық құндылықтарды жаңғырту және туризмді үйлестіру

15. ҚазТАГ. (2021). «Түркістанда экотуризмнің дамуы» (<https://www.kaztag.kz>).

16. Әбділдин, Н. (2022). «Мәдениетаралық диалог: ұлттық құндылықтардың маңызы». «Мәдениет және қоғам» журналы.

ДІНИ ТУРИЗМ ТҮРЛЕРІ: ТҮРКІСТАН ӨҢІРІНДЕГІ ЗИЯРАТ ДӘСТҮРІ

Камалова Фәриде Болатқызы

PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Дінтану кафедрасының меңгерушісі
(Түркістан)

Жаһандану үрдісінде қазақ тек өз рухын жаңғырту, асқақтату арқылы ғана ұлттық болмысын, атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлан-ғайыр жерін, тәуелсіздігін сақтай алады. Олай болса, бүгінгі қазақты руханилыққа, адамгершілікке бейімдеу ұлттық, мемлекеттік деңгейдегі мәселе болуы тиіс. Бүгінгі қоғамда осы негізде дамуы керек. Осы негізде мақалада Түркістан өңіріндегі киелі жерлерге діни-феноменологиялық талдау жасалып, киелі жерлер ұлттық бірегейлікті нығайтушы ретінде қарастырылады.

Кілт сөздер: Діни туризм, қажылық туризм, эзотерикалық туризм, сакралды туризм, Түркістан өңіріндегі киелі нысандар.

In the process of globalization, Kazakhs can preserve their national identity, their vast land, and their independence, only by reviving and elevating their spirit. If so, adapting today's Kazakh to spirituality and morality should be a national and state-level problem. Today's society should develop on this basis. Based on this, the article makes a religious and phenomenological analysis of holy places in the Turkestan region, and holy places are considered as strengthening of national identity.

Key words: Religious tourism, pilgrimage tourism, esoteric tourism, sacred tourism, sacred objects in the Turkestan region.

Кіріспе

Соңғы кездері жаһандану үрдісі бойынша Қазақстанда, сонымен қатар, басқа елдерде де киелі орындарға, қасиетті жерлерге ғибадат, зиярат етуге барушылар саны күннен күнге артуда, киелі жерлер халық арасында кеңінен танымал болды. Халық киелі жерлерге барып зиярат етіп отырып ата-баба рухын ардақтаған. Бірі бұны қажылық деп атаса, бірі діни туризм деп атайды. *Діни туризм* дегеніміз қасиетті, киелі жерлерге, діни орталықтарға саяхат жасау. Діни туризм бірнеше түрге бөлінеді: қажылық туризм, эзотерикалық туризм, сакралды туризм. *Қажылық туризм* дегеніміз – әртүрлі конфессия өкілдерінің арнайы қасиетті жерге ғибадат ету үшін, құлшылық ету үшін саяхат жасауы. *Эзотерикалық туризм* дегеніміз – өзінің дәстүрлі діни дүниетанымын кеңейту мақсатында қасиетті жердің тылсым күштерін түсіну үшін жасалатын саяхат. *Сакралды туризм* дегеніміз – белгілі бір киелі орынға бару арқылы өзін басқа әлеммен байланыстыру және өзінің бірегейлігін қалыптастыру [1, Б. 221-222].

Қасиетті жерлерге, киелі орындарға ғибадат ету кең өріс алуы Бүкіләлемдік туристік ұйым UNWTO-ның діни туризмді ХХІ ғасырдағы туризмнің ең перспективті бағыты ретінде қабылдауына себепші болды. Осы орайда мысал келтірсек, Өзбекстанда тарихи ескі қалаларының сәулетін сақтау арқылы, киелі жерлерін заманға сай зерттеп, көпшілік назарына туристік орталық ретінде ұсынуда. Нәтижесінде жыл сайын Бұқара, Самарқанд, Хиуа секілді ескі қалаларына, қасиетті орындарына қызығушылар саны артып келеді. Тіпті, тек қана туризмді оқытатын университет ашып, туризмнен жыл сайын ауқымды табыс табуды көздеп отыр. Еуропаның бір еліне барған турист жақын жатқан басқа елдерді де аралап шығады ғой. Сол секілді Өзбекстанға келген шетелдік турист Оңтүстік Қазақстан шекарасы арқылы елімізге өтуі мүмкін. Жай

келмей, көрші елмен салыстыра кетеді. Сондықтан, өз басым еліміздің киелі жерлерін түгендеу арқылы ішкі туризмді ғана емес, сыртқы туризмді дамытуға, өркениетті елдер секілді туризммен ақша табуға бет бұратын кез жетті.

Қазіргі жаһандану заманында біртекті қоғам орнату процесі басып кету қаупінен жекелеген ұлттар өзіндік бет-бедерін, елдік асыл қасиетін, рухани тектілігін сақтау арқылы ғана аман қаларына ешбір күмән болмауы тиіс. Жаһандану үрдісінде көштен қалмай, өркениетті, мейлінше нығайып алған бөгделерге жұтылмай, жер бетінде бәсекеге қабілетті, білім-ғылымы дамыған, экономикасы тұрақты дербес халық болып өмір сүру үшін оң жағына өзгере білу қажет.

Жаһандану үрдісінде қазақ халқы өзінің тарихи мен мәдени жадтарын сақтау отырып, киелі жерлерін насихаттай отырып ұлттық кодтарын сақтай алады, әрі жаңғырта түседі.

Осы тұста, зерттеу жұмысының негізгі нысаны ретінде «діни және ғибадат орындары» санатын алып қарастырамыз. Бұл санатқа жалпыұлттық деңгейдегі Қазақстанның келесідей киелі орындары енгізілген: Қожа Ахмет Ясауи кесене-кешені (Рабия Сұлтан Бегім кесенесі XV ғ., Үлкен Қылуат XII ғ., Күлтөбе (Ясы) қалашығы, Гауһар ана кесенесі), Арыстан баб кесенесі (XII ғ.), Ибраһим ата кесенесі (XI-XII ғғ.), Қарашаш ана кесенелері (XI-XII ғғ.), Қарабура кесенесі, Баба Түкті Шашты Өзін кесенесі, Бәйдібек би кесенесі, Домалақ ана кесенесі, Ұқаш ата мазары (IX-X ғғ.), Исмайл-ата сәулет кешені (XI-XIX ғғ.), Маңғыстау жеріндегі қорымдар мен жерасты мешіттері (Оғыланды жеріндегі Бекет ата XVIII ғғ., Шопан ата X-XIX ғғ., Көне Бейнеу және Бекет-ата XI-XIX ғғ., Қараман ата, XIII-XIX ғғ., Масат ата, X-XIX ғғ., Шақпақ ата IX-X ғғ., Сұлтан-епа б.д. X- XIX ғғ.), Сисем ата қорымы

(XIII-XIX ғғ.), Абат-Байтақ кесенесі (XIV-XV ғғ.), Алаша хан кесенесі, Жошы хан кесенесі, Домбауыл кесенесі, «Екідің» (Сарыторғайдағы ерте кезең ескерткіштері), Қозы Көрпеш пен Баян сұлу мазары, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы кесенесі, «Оқшы ата» кесенесі, «Қорасан Ата» кесенесі мен «Төлегетай-Қылышты ата» кешенді-мазары (XI-XII ғғ.), Тектұрмас кешені (XIV ғ.), Қарахан кесенесі (XII ғ.), Айша бибі кесенесі мен Бабажы Хатун мазары (XI-XII ғғ.), Бегім ана мұнарасы (X-XI ғғ.), «Қорқыт ата» мемориалды кешені, Ұшқан ата қорымы, Ақмешіт қорымы, «Бұқар жырау» кесенесі, Ырғызбай Ата кесенесі, Вознесенск кафедралы шіркеуі, «Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер кешені, Құнанбай қажы мешіті және Христос Спаситель шіркеуі (XIXғ.) [2].

Ең алдымен, жоғарыда аталған киелі нысандарды екі топқа бөліп қарастырамыз: 1) діни сипатта жасалынған зиярат, яғни, діни орындар; 2) ұлттық сипатта жасалынған зиярат, яғни, ғибадат орындары.

Түркістан өңіріндегі діни сипаттағы киелі жерлер

Діни сипатта жасалынған зиярат мекендеріне төмендегідей киелі орындар жатады және оларды феноменологиялық тұрғыдан алғанда келесідей категориялар арқылы қарастыруға болады.

Киелі адам категориясы бойынша *Қожа Ахмет Ясауи* пендешілік өмірден толықтай бас тартып, тақуа болған және тақуаларға тән жігерлі уағыздаушы, рухани тәлімгер болған. Қожа Ахмет Қазақстан территориясындағы сопылықтың негізін салушы, күллі түркі тілдес халықтың, түркі дүниесі мұсылмандарының рухани ұстазы болған діни қайраткер. Өз аты Ахмет, есімінің алдындағы «қожа» мұсылман дінін таратып, уағыздаушылық қызметіне орай берілген атау, ал соңындағы «Ясауи» сопының қай жерден шыққандығын көрсетеді. Бірақ нақтылық үшін айтсақ, Ясы

қаласы оның туған жері емес, жастайынан жетім қалып, ағайын туыстарының қолына келіп, бала кезінен өскен жері. Ал туған жері Сайрам ауданы болып табылады. Шежіре бойынша Сайрамда жерленген Ибрагим ата мен Қарашаш ананың ұлы. Әкесі – Исфиджабта даңққа бөленген әулие, Әзірет Әлидің ұрпағы Шейх Ибраһим. Анасы – Мұса шейхтың қызы Айша (Қарашаш ана). Кейбір деректерде Қожа Ахмет Ясауидың Ибраһим атты ұлы мен Гауһар атты қызының болғандығы айтылады. Қожа Ахмет Ясауидің ұрпағы негізінен осы қызынан тарайды. Себебі ұлы жас кезінде қайтыс болады [3, Б. 60-61].

Киелі іс-әрекет категориясы тұрғысынан қарастырсақ, Қожа Ахмет Ясауи жастайынан араб, шағатай, парсы, түркі тілдерінде өлеңдер жаза бастайды. Шығыс поэзиясы мен әдебиетіне ден қояды. Қожа Ахметтің басты ұстазы, тәрбиешісі Арыстанбаб болды. Ол өмірден қайтқаннан кейін Ахмет 17 жасында Ясы қаласына келеді. Кейін Бұхара қаласында Жүсіп Хамаданидің діни медресесінде оқиды. Оны тәмәмдаған соң сопылық жолдың біраз ащы-тұщысын татып, көптеген қалаларды аралап, туған шаһары Түркістанға қайтып оралады да, Арыстанбаб қалап кеткен дәстүрді жалғастырды. Осында ол ислам дүниесі кең таныған кемеңгерге айналады. Оның бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы - «Диуани Хикмет» (Даналық кітабы) қыпшақ диалектілерімен көне түркі тілінде жазылған. Өкінішке орай туындының түпнұсқасы біздің заманымызға жетпеген. Бізге жеткені XV-XVI ғасырлардағы көшірмесі ғана. Ондай нұсқалары өте көп. Олардың біразы Ыстамбұл, Қоқан, Ташкент, Мәскеу, Алматыда сақталған. Бұл шығарма алғаш рет 1878 жылы жеке кітап болып басылып шықты. Содан кейін ол Ыстамбұл, Қазан, Ташкент қалаларында бірнеше қайыра басылды [4, Б.145-147]. Соның бірі 1901 жылы Қазанда Тыныштықұлының қазақтарға арнап шығарған нұсқасы

болатын. Төрт тармақты өлеңмен жазылған бұл шығармада ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейінгі өмір жолын баяндайды, тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, бұхара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды, бұл фәнидің жалғандығын білдіреді. Қожа Ахмет Ясауи түркі тілінде жатық әрі бейнелі жыр жазудың үлгісін жасап, түркі тілдерінің көркем шығармалар тудыру мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдеді. Қожа Ахмет Ясауи түркі халықтарның жаңа исламдық өркениеттегі халықтық ағымының арнасын анықтап берді. Ол жаңа діни идеологияны тәңірлік шамандықпен, зорастризммен біріктіре отырып, қоғамдық-әлеуметтік санаға сіңіруде көп еңбек етті. «Диуани Хикметтен» қазақ халқының ертедегі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты бағалы деректер табуға болады [5].

Киелі уақыт категориясы бойынша киелі тұлғалар 120-дан 130 жасқа дейін ұзақ өмір сүреді делінеді. Олардың өмірі екі кезеңнен тұрады – қоғамды басқару кезеңі (падишахтық) және дінге қызмет ету кезеңі (ғибадат). Екі жақтың арасындағы бөлу сызығы бар – 63 жас (Пайғамбар жасы), ол сонша жыл өмір сүрген Мұхаммед пайғамбарға деген құрмет белгісі болып табылады. Дәл осы секілді Қожа Ахмет Ясауи де 63 жасқа дейін дін басқарып, сопылықты насихаттап, исламның таралуына ат салысса, 63 жастан кейінгі өмірінің екінші бөлігін жер астында, яғни қылуette өткізген. Қылуette аскеттік өмір ұстанған, яғни барлық уақытын Аллаға құлшылық жасаумен, Алланы еске алумен (зікір) айналысқан, әдетте апталап ұйықтамай, аз тамақ-су ішіп, дәстүрлі дәрет алмаған. Сондай-ақ аумақтық-кеңістікті жақсы меңгерген, яғни медитация арқылы кеңістікте жылдам қозғала алған. Мысалы: таңғы намаздың бір бөлігін (сүннетті) Түркістанда орындаса, басқа

бөлігін (парызды) Меккеде орындаған [6, Б. 1–19]. Осылайша Қожа Ахмет Ясауи киелі уақытты тереңнен иемденіп, діни дүниетанымының негізін қалыптастырып, оны символикалық дәстүрге айналдырған.

Киелі кеңістік категориясы Құдайға қол жайып, сыйынатындар жиналатын кеңістікті қарастырса, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі дәл сол кеңістікті құрайды. Себебі, кесенеге зиярат етушілер аруаққа тағзым етіп, дерттеріне шипа іздеп, ұрпақ тілеп, жолаушылар жолынын ашықтығын тілеп, рухани тазару үшін Алладан жәрдем сұрап сыйынып жатады. Ахмад Ясауи кесенесіне зияраттың орындалуы, оның ішінде Түркістанның маңындағы басқа да қасиетті жерлерге бару қазақтардың және Орталық Азияның басқа халықтарының рухани өмірінде маңызды орынға ие болды. Кесене туралы көптеген аңыздар мен дереккөздері бар. Солардың бірінде, Әмір Темір Алтын Орданы жеңгеннен кейін Шыңғысханның иеліктеріне назар аудара бастады. Әмір Темір Хызр Қожа ханға қарсы жорыққа дайындық кезеңінде осы аймақтағы басты рухани көшбасшы ретінде беделге ие болған Қожа Ахмет Ясауидің қабіріне үлкен және көрнекті кесене тұрғызу туралы шешім қабылдады. Бұл қадамды жергілікті қасиетті билікке жүгіну және оның табынушылары танымал болған әлеуметтік топтарға қолдау көрсету арқылы билікті заңдастыру әрекеті деп санауға болады [7, 211 б.]. Тағы бір деректерде, кесененің құрылысы туралы хабарлайтын негізгі жазба көзі Шараф ад-дин ‘Әли Йазидің «Зафар-нама» («Жеңіс кітабы») болып табылады. Шараф ад-дин: 1397 жылы Әмір Темір Моғолстан билеушісі Хызр Қожа ханның қызы Тәукел-ханым атты қалыңдығына кездесуге баратынын жазған болатын. Әмір Темір Самарқандтан Ташкентке сапары кезінде қасиетті Қожа Ахмет Ясауи зиратына зиярат жасау үшін Яссыға жолай соғады. Зияратты орындап, Әмір Темір

кесененің үстіне жаңа құрылыс салу туралы өкім берді. Шараф ад-диннің айтуынша, Әмір Темір сопы қабірінің үстінде орын алған құрылысты қайта жаңғыртып салған дейді. Шамасы, Әмір Темір жалпы Ясауидің мәдени тәжірибесін және шежіресін қайта қарау, нақтылау және жаңадан заңдастыру секілді «канонизация» процесімен қатар жүретін ясауилік шейхтердің идеологиясын мемлекеттік табынушылыққа айналдыру туралы шешім қабылдаған көрінеді [8, 294 б.]. Кесене құрылысының және Әмір Темір саясатының нақты мақсаттары қабір есігінің үстіндегі керамикалық тақтайшада айқын көрсетілген: араб каллиграфиясымен жазылған тақтайшаның екі жолында Әмір Темір Құрақанның шежіресі және оның құрметіне ізгі тілектер жазылған: «Әлемнің ең ұлы әміршісі, Мейірімді Алланың қомқорлығына иеленген билеуші Әмір Темір Құрақан ибн Әмір Торғай / Тарағай ибн Әмір Бұрақыл ибн Әмір Ілінгір ибн Әмір Іжіл ибн Әмір Қаражар, Аллах тағала оны күш-қуатты және басқаруын мәңгілік етсін! » [9, Б. 9–10]. Бұдан Шыңғыс әулеті мен Темір әулеті Қожа Ахмет Ясауи култін күштерін нығайту үшін немесе осы аймақты билеуге деген тағы бір династияны ұсыну үшін белсенді қолданғанын көруге болады. ХҮІІІ ғ. басынан бастап Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің айналасында қазақ хандары мен олардың отбасы мүшелері, билер мен батырлар жерленген. Осы кезеңге Есім ханның (1598-1614), Жәңгір ханның (1644-1652), Оңдан сұлтанның (1715-1717), оның ұлы Қайнар-Көшектің бейіті жатады. ХVІІІ ғ. Тауке хан (1680-1717), Болат хан (1720-1730), Абылай хан (1771-1781), үлкен жүздің ханы Жолбарыс (1720-1740), Орта жүздің хандары Сәмеке (1720-1734), Әбілмамбет (1734-1771) және оның ұлы Сұлтан Әбілфайыз (1760-1783) жерленді. Жалпы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жанында 18 қазақ ханы, сегіз би, 28 батыр жерленген.

Жалпы, Қожа Ахмет Ясауи кеңістігін киелі жер классификациялары бойынша талдағанда ол: ортағасыр сопыларына, барлық Орта Азияға танымал, нақты қабірі бар кесене, мешіті мен медресесі бар кешен деп есептеуге болады.

Арыстан баб кесенесін феноменологиялық тұрғыдан зерттегенде киелі адам, киелі уақыт пен киелі іс-әрекет категориялары бір-бірімен сабақтасып жатқандығын байқауға болады. Дәстүр бойынша, Арыстан баб – Мұхаммед пайғамбардың сахабасы, ол Қожа Ахмет Ясауиге пайғамбардың мұрасын тікелей жеткізген. Ол жөнінде халық аңыздары мен жазба дереккөздері былай дейді: бір күні Мұхаммед пайғамбар өзінің шәкірттеріне құрманы иесіне кім жеткізетінін сұрағанда, Арыстан баб: «Егер Сіз Алла Тағаладан 400 жыл сұрап берсеңіз мен бұл құрманы иесіне жеткіземін» деген екен. Мұнда ислам дәстүрі үшін «ұзақ өмір сүрушілердің» маңыздылығын еске түсіруіміз керек. Өздеріңіз білетіндей, дәстүр ұстанушылар үшін дәстүр таратушылардың (хабар, хадис) рухани тізбегін әзірлеуде ұзақ өмір сүру мәселесі үлкен мәнге ие болған. Осыған сәйкес, Арыстан баб 340 жыл өмір сүрген және пайғамбардың 14 хадисын жеткізген деседі [10, Б. 348–349]. Арыстан баб бейнесінде сопылықтың ерекшеліктері кездеседі: ол Қожа Ахмет Ясауидің аңызға айналған тәлімгері; Арыстан баб кесенесінің жанына сопы Мұхаммед Данышманд Зарнуки сопыларға арнап ғибадатхана тұрғызған [7, 208 б.]. Арыстан баб дүниеден өткен соң оның денесін ақ бураға артып, еркіне жібереді де адамдар соңынан ілесіп жүреді. Ақ бура жүре-жүре бір жерге барып шөккен екен. Сол ақ бура шөккен жерге Арыстан баб жерленген екен. Арыстан баб тарихта киелі іс-әрекеттерімен құралған діни дүниетанымын насихаттау арқылы киелі адам танылып, киелі уақытты игерген ұлы тұлға атанады.

Киелі кеңістік категориясы бойынша кесене Арыстан баб мазарының үстіне салынған. Кесененің бірінші құрылысы XIV-XV ғасырға жатады, оны құрылыста кесілген айван тізбектерінің қалдығы дәлелдейді. Кесенені салуда жергілікті халықта мынандай аңыз бар: XIV ғасырдың аяғында атақты Ақсақ Темір Қожа Ахмет Ясауиге арнап күмбез орнатпақшы болады. Қожа Ахмет Ясауи мазарын тұрғыза бастағанда қара дауыл қабырғаларын ұшырып әкетеді. Осыдан кейін Ақсақ Темірдің түсіне Қызыр еніп, ең алдымен Ахметтің ұстазы Арыстан бабқа мазар тұрғызу жөнінде аян беріпті. Әмір Темір Қызырдың айтқанын екі етпей орындап, содан кейін барып қана өзі ойлаған жұмысына кіріскен екен [11]. Сол себепті де «Арыстан бабқа түне, Қожа Ахметтен тіле» деген сөз Арыстан баб тұлғасының халық арасында үлкен орын алатындығын көрсетеді. XVIII ғасырда көне мазардың орнында жер сілкінісінен кейін екі кесілген ағаш тізбекке тірелген айванмен салынған екі күмбезді құрылыс орнатылды. XVIII ғасырда құрылыс қиратылып, фриз жазбалары бойынша 1909 жылы қайта салынды. 1971 жылы жоғары деңгейдегі грунт сулары салдарынан мешіт құлатылып, қайта орнатылды. Жергілікті халықтың қаражатымен күйдірілген кірпіштен ауданы 35x12 м, биіктігі 12 м, бұрынғы Меккеге қараған есігі Түркістанға, Әзірет Сұлтанға бағыттталып, Солтүстік жағы кесене, Оңтүстік жағы мешіт есебінде қайта жөнделді. Дәліз-қақпа маңдайшасына мәрмәр тақта қаланып, бетіне हिжра бойынша 1327 жыл, яғни соңғы құрылыс жүрген уақыт деп көрсетілген. Қожа Ахмет Ясауиге тәу етушілер алдымен Арыстан бабтың басына барып түнейді. Қазіргі кезде бұл кесене Орталық Азиядағы қажылық міндетті өтейтін мұсылман киелі жерлерінің бірі болып саналады. Кесене туристер үшін тарихи-мәдени архитектуралық ескерткіш, мұсылман қауымы үшін зиярат орны, халық үшін рухани

азық, еліміз үшін ұлттық мәдени қазына, рухани дәстүрдің негізі, ұлттық құндылығымыз. Өңіріміздегі туристік маңызы зор орын [12, 239 б.].

Киелі жер классификациясы бойынша Арыстан баб Мұхаммед пайғамбардың сахабасы, Орта Азия мен кейбір шет мемлекеттерге танымал, нақты қабірі бар, кесене, мешіт және медресесі бар кешен.

Ибраһим ата кесенесін дінтанулық тұрғыдан талдағанда, киелі адам категориясы бойынша Ысқақ бабтың ұрпағы саналатын Ибраһим ата – Қожа Ахмет Ясауидің әкесі, діндар және әулие адам болған. Ибраһим атаның әулиелігі мен уағызшылық қабілеті жайлы аңыздармен қатар диханшылығы туралы да әфсаналар тараған. Ерте көктемде егін салар уақытта дихандар атаны жерінің басына апарып, дән салып беруін өтінетін болған. Себебі оның қолы тиген топырақ өнімді жеміс беретін болыпты. Ол мұқтаж адамдарға қол ұшын беріп, өмірін тақуалықпен өткізген. Тектік қасиеттің күштілігін қоғам үшін саналы ғұмырын арнаған әкелі-балалы қос әулие тұлғалары арқылы тануға болады. Ибраһим атаның бойында әулиелік, көріпкелдік, емшілік қасиеттері болған. Ибраһим атаның арғы бабалары Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы Әзіретті Әлидің Мұхаммед Ханафия атты ұлынан тарайтыны айтылады. Бұл аталған шежіре 90-жылдардың бас кезінде Сайрам қаласындағы ескі, бұзылған үйдің қабырға жапсарынан табылған. Оны сайрамдық Саидикрам Саидақбаров деген кісі тапқан. Кейін бұл алты метрлік Қытай қағазына жазылған қолжазба Шымкент қаласында жеке кітапша болып басылды [13, 24 б.].

Киелі кеңістік категориясы бойынша, XI ғасырда Сайрам қаласы ислам дінінің негізгі ошағына айналып, мұнда көптеген діндарлар мен ғалымдар тұрған екен. Солардың бірі Ибрагим ата Сайрам өңіріне танымал

уағызшы болған екен. Ибраһим ата кесенесі тарихи деректер бойынша шамамен XI-XII ғасырларда салынған. Кесене Оңтүстік Қазақстан облысындағы Сайрам ауданының солтүстік-батыс шетіндегі биік төбеде, Ақсу ауылына баратын жолдың бойында орналасқан. Кесене киелі жер ретінде халықтың түпкі мәдениетінің ерекшелігін, уақыт пен кеңістіктегі дәстүрлі қазақ мәдениетінің көрінісін баяндайды. Халық арасында рухани азық беретін, арман-тілектерді қабыл ететін, адасқанға жол көрсететін, қанғырғанға пана болатын, ауруды емдейтін, тынысты кеңейтетін қасиетті, киелі, әулиелі жер болып саналады. Қазіргі таңда Ибраһим атаның кесенесіне зиярат ету үшін ат басын бұратындар аз емес [12, Б. 184-185]. Кесененің басындағы құрылысы (XII- XIVғғ.) көп уақыт шыдамай, құлап қалды. Кесене XIX ғасырда қайта салынды.

Киелі жер классификациялары бойынша Ибрагим ата байырғы сопылардың бірі, толық бір аймаққа танымал, нақты қабірі бар, кесенесі бар киелі орын.

Қарашаш ананы діни феноменологияда киелі адам категориясы тұрғысында қарастыратын болсақ, ол ең білімді, сауатты адам болған, қасиетті Құран Кәрімді араб тілінен түркі тіліне алғаш болып аударған әйелдердің бірі болған. Шын есімі Айша. Қарашаш ананың қап-қара толқынды шашы болғаны үшін халық оны Қарашаш деп атап кетіпті. Ол Сайрамдағы текті адам, танымал Мұса шейхтың қызы болған. Ал Мұса шейх болса Ибраһим атаның ұстазы болған. Ибраһим ұстазының қызына үйленіп, одан үш перзент сүйген дейді. Біріншісі Гаухар деген қызы, екінші баласы Садыр қожа деген атамыз Қытайдың территориясында дін жолында шейіт болған дейді, үшінші баласы Ахмет Яссауи бабамызды Алла тағала ерекше қасиетті бала қылып жаратқан екен. Ол барлық науқастар мен мұқтаж адамдарға қол ұшын беруге

тырысты. Алла тағала берген ізгі қасиеттерінің бірі – перзент сүйе алмай жүрген әйелдерді уқалау жолымен емдеп, бала көтеруіне себепші болған деседі. Оған қоса, Қарашаш ана сырқатты емдегенімен бірге түс жори алатын. Осының арқасында ол өңірдегі тұрғындар арасында кең танымалдыққа ие болды. Қарашаш ана бала тәрбиесіне көп көңіл бөлді, адамдар санасында ол аналықтың биік символына айналған.

Киелі кеңістік категориясы тұрғысынан, Қарашаш ана кесенесі Сайрамның орталығында орналасқан. Қарашаш ананың қазіргі кесенесі – түпнұсқа. XIV ғасырда Әмір Темірдің бұйрығымен тек кірпіш және балшықпен көтерілген. Ешқандай іргетасы жоқ. Бірде-бір шеге, темір қолданылмаған. Осы ғимарат жеті ғасырдан бері анамыздың басына пана болып келеді. Арасында кішігірім жөндеулер жүргізіліп тұрған. Қожа Ахмет Ясауидің ата-анасы – Ибраһим ата мен Қарашаш ананың кесенесінде Киелі Құранның «Бақара» сүресінің 255-аяты тасқа қашап жазылған. Бұл аятта «Алланың құзырында Өзінің рұқсатынсыз шапағат жасайтын кім болмақ. Алла олардың алдыңғысын да (дүниедегі), кейінгісін де (қияметте не боларын) біледі. Ал олар Алланың білдіргенінен басқа ештеңені де сезбейді» деген сөздер жазылған. Кесенелер алдында арнайы тасқа қашалып жазылған аяттың мағынасы – «қажетінді адамнан, әруақтан емес, Алладан сұра» дегенді меңзеп тұрғандай [12, 187 б.].

Киелі нысан категориясы бойынша кесене басында құдық бар. Зияратшылар киелі орынның құдығының суынан қалағанынша ниет етіп алып кетіп жатады.

Жалпы адамзат тарихында кез-келген анаға кесене сала бермейді. Қарашаш ана айналасына нұры төлінген киелі адам болғандықтан нақты қабірінің үстіне кесене тұрғызылған.

Махмутхан-шейх баба кесенесі 100 киелі нысанның ішінде жоқ. Алайда, Қожа Ахмет Ясауидің өзін, ұстазын, ата-анасын жазғаннан кейін, бұл адамды да жазып кеткім келді. Себебі, Махмутхан-шейх баба Ахмет Ясауидің атасы болып табылады. «Ата көрген оқ жонар» қазақ мақалындағыдай, әрине ұлы сопымыздың тәрбиесінің терең бесігінде осы адамның да қатысы бар, қызметі бар деп ойлаймын. Киелі адам категориясы тұрғысынан алғанда, Махмутхан-шейх баба – Ибраһим атаның әкесі, Қожа Ахмет Ясауидің атасы. Түлкібас жерінде мекендеген Ибітхан атаның баласы. Махмутхан баба Түлкібаста кішігірім медресе салдырып, балаларды дін сабақтарына оқытқан. Ислам діні үшін соғыста шейіт болған.

Киелі кеңістік категориясы бойынша Махмутхан-шейх бабаның мазары Ибраһим ата кесенесінен сәл беріде Түлкібас (ОҚО) ауданында орналасқан. Кезінде Махмутхан-шейх баба «түрік халқының басына барып жатамын» дегендіктен Түркібас делінген, алайда дыбыстық өзгерістерге ұшырап, ол жерді жергілікті халық Түлкібас деп атап кеткен. Кесене құрылысы X-XI ғасырларға жатады. Кесене шырақшысы Ұлықбек Анаркүл келушілердің дені зияратын бірінші Ибраһим атадан бастайтынын, ал негізі оның әкесі Махмутхан баба басына келіп тәу ету керектігін айтады. «Бұл бабаның аты көп айтыла бермеуінің сыры оның насихаты аздығында. Өткенде Түркиядан бір профессор келіпті. Ол Қожа Ахмет Ясауи туралы кітап жазып жатыр екен. «Мен Яссауидің жерленген жерін білемін, бірақ кіндік қаны тамған жерді білмейтін едім», – деп көзіне жас алды. Аяқ астынан көшенің адамдарынан естіп, осында келген беті екен. Швейцария, Италия сияқты алыс шетелден, әсіресе Түркия, көрші Ресей, Өзбекстаннан туристер көп келеді», – дейді шырақшы [14]. Кесене құрылысының бұрынғы ғасырларда неше рет өзгергенін ешкім дөп басып айта алмайды. Жер

қимылдағанда немесе басқа да ірі табиғи апаттардан қалай аман жеткені де бізге беймәлім. Жергілікті халық бұл кісінің әулие екенін біліп, құлап қалған уақытында қайтадан тұрғызып отырған. 2007 жылы көптеген белді қызметтер атқарған Майра Сағымбекова деген сол өңірдің тумасы осы кесенені өз қаржысына тұрғызып, зияратшыларға кішігірім қонақүй, қазан-ошақ жасап берді. Жеке меншіктен сатып алып мемлекетке өткізді. Кесененің шатыры жоқ, яғни бабамыз ашық аспан астында жатыр. «Өлі адамның басына да күн, жаңбыр тиюі керек» деген мақсатта солай салынған, – дейді зират шырақшысы Ұлықбек Анарқұл [14]. Дін ілімдерін таратушы ретінде аты шыққан баба басына мешіт имамдары, молдалар, дін жолына біржола бет бұрғандар жиі барады. Діндар боламын, намазға жығыламын деп ниет еткендер де зиярат жасайды. Жалпы, күллі игілерге бата беруші әулие баба.

Махмутхан-шейх баба жергілікті аймаққа танымал, нақты қабірі бар кесене деуге болады.

Гаухар ана кесенесін дінтанулық тұрғыдан алғанда, келесідей категориялар бойынша қарастырылады. Киелі адам категориясы бойынша, Гаухар ана – ұлы ойшыл, сопы Қожа Ахмет Ясуидің қызы. Деректерде, анамыздың ақылы көркіне сай ерекше жан болғандығы айтылады. Гаухар ана да өзінің әжесі сияқты емшілік қасиеттері арқасында көптеген адамдарға көмек көрсеткен екен. Аңыз-әңгімелерде Гаухар ананың баласы болмағанын айтады. Әкесі «Еміңнен жазылған адамдардың бәрі – сенің балаларың» деп қызын жұбатқан деседі.

Киелі кеңістік категориясы тұрғысынан, Гаухар ана кесенесіне құрсақ көтере алмай жүрген келіншектер, әйелдер зиярат етеді, кесенеге қонып дұға қылады. Гаухар ана кесенесі Түркістан қаласының оңтүстік-шығыс бөлігінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен алыс емес жерде орналасқан. Гаухар ана кесенесі – өте көне ескерткіштердің

бірі. Тіпті, патшалық Ресей кезінде ескерткіш мүжіліп, жартысы құлап қалған екен. Кейін ел тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қайта кесене тұрғызылды. Бүгінде Гаухар ана кесенесіне келушілер өте көп. Олардың көбі дертіне шипа іздеп келеді. Талай жанды емдеп, ауруынан айықтырған қасиетті ананың шарапаты тисе деп тілейді.

Киелі нысан категориясы бойынша, Гаухар ана кесенесінің маңында емдік қасиеттері бар артезиан суы шығатын құдықтар көптеп кездеседі. Сонымен қатар кесененің ауласында жуынатын орындар бар. Емдік қасиеті бар суға әрбір әйел-келіншектер міндетті түрде душ қабылдайды екен [12, 188 б.].

Киелі жер классификациясы бойынша Гаухар ана Орта Азияға танымал, емдік суы бар, нақты қабірі сақталған кесене болып есептеледі.

Қарабура әулие кесенесіне дінтанулық талдау келесідей категориялар бойынша жасалады. Киелі адам категориясы бойынша, Қарабура әулиенің шын есімі – Бурахан, тама руынан шыққан. Ол XI-XII ғасырларда өмір сүрген оғыз-қыпшақ заманының әйгілі тұлғасы, көріпкел, ықпалды қайраткері болған. Тарихи деректерге сүйенсек, Қарабура Орта Азияда ислам дінінің орнығуына ықпал еткен әулие болған. Кейбір аңыздарда, Қарабура әулие Қожа Ахмет Ясауидің жаназасын шығарған деседі. «Бір күні шәкірттері Қожа Ахмет Ясауиден жаназаңызды кім шығарады?» деп сұрақ қойғанда, Ахмет Ясауи қарт Қаратаудан Қарабура деген әулиенің келетінін айтқан екен. Ахмет Ясауи қайтыс болғанда ол түйесімен барып, жуындырып, жаназасын шығарады да, ешкімге есімін де айтпай еліне қайтқан екен» [3, 52 б.]. Қарабура әулиенің екі қызы болған. Бірінші қызы Бегім сұлуды Оғыз қыпшақтарының ханы Санжар сұлтанға ұзатқан. Екінші қызы Әмбар бибіні ислам дінінің ірі өкілі, ғұлама ғалым

Сүлеймен Бақырғаниға ұзатып, одан туған немере қызы Айша Бибі Сүлеймен Бақырғани өлген соң, екінші әкесі Зәңгі бабаның тәрбиесінде болған. Қарабураның қыздары Ташкенттен 12 шақырым жерде Әмбар Бибінің, Қызылорда облысында Бегім сұлудың кесенелері орналасқан.

Қарабура әуленің киелі кеңістігін оның туып-өскен жері, ғұмыр кешкен мекені Шу, Талас, Сырдария, Еділ, Жайық өзендерінің бойы, сахара жұртының сол алыптарындағы көшпелілік пен отырықшылықты тоғыстырған ортасы құрайды. Қаратаудың етегі мен Созақ елді мекенінде ғұмыр кешкен [3, 53 б.]. Созақ топырағында жерленген Қарабура әулиенің зираты күллі түркі дүниесі үшін киелі орынға айналған. Киелі орын ауласына кірген бойда сол жақта алып түйенің ескерткіші қойылған. Ол кезінде түйемен жүрген Қарабураның құрметіне, яғни, кесене күзетшісі ретінде қойылған екен.

Киелі іс-әрекет категориясын қарастырғанда киелі шежірені негізге алуға болады. Оның, яғни насабнаманың (киелі шежіре) басты бағыты – киелі адамдар қарапайым адам жасай алмайтын кереметтер жасайды. Бұрынғы догматикалық және агиографиялық әдебиеттерде керемет ұғымы деп Алланың кең пейілділігі мен жомарттығының арқасында Пайғамбардан мұра ретінде алынған ерекше қабілеттер түсіндірілген. Жалпы, керемет ұғымы табиғаттан тыс қабілеттердің бар екендігіне көз жеткізеді: лезде үлкен қашықтыққа саяхаттау, әртүрлі оқиғаларда көрінбеу, болашақты алдын ала білу (табиғи құбылыстар мен катаклизмдерді қоса алғанда) және т.б. [7, 108 б.]. Бұл кереметтер көбінесе әулиелерде кездеседі. Қарабура бабаның киелі іс-әрекетін мынадан байқауға болады, ол қазақ даласында Қарахан мемлекетінің шаңырақ көтеріп, ірге бекітіп, нығаюына белсенділікпен атсалысқан. Өзінің батырлығымен де, адамгершілік қасиеттерімен де бүкіл Орталық Азияның батыр-билерінің жоғары қолдауына ие

болған. Ұлы Жібек жолымен келетін жаңалықтарды, ғұлама ғалымдарды, дін таратушыларды айрықша қолдап отырған. Қарабура ел басқаруда өзіне де, өзгеге де, барлық билік өкілдеріне де төрт түрлі ұстамды талап қойған. Бірінші – әділеттілік; екінші – адалдық, тазалық; үшінші – білімділік, батылдық; төртінші – адамгершілік, имандылық. Қарабура мұсылман дінін таратушыларды қолдай отырып, мыңдаған сауатты жастарды ел арасына жіберіп мұсылман дінінің маңыздылығын түсіндірген. Діни сауаты бар азаматтарға молда, қажы, ғалым деп құрмет көрсеткен. Осылайша, Орталық Азияда мұсылман діні қалыптасуына Қарабура ата ұлан-асыр үлес қосқан. Атақты Жүсіп Баласағұн Қарахан мемлекетіндегі Қарабураның саяси ұстанымдарын, жұрт ынтымағын, Ислам дінінің тазалығын «Құтты-Білік» деген дастанында жазған. «Құтты-Білікпен» танысқан соң Қарабура Жүсіп Баласағұнға «Хас-Хажип» деген атақ береді. Ол хан сарайының бас ақылшысы, бас уәзірі деген мағынаны білдіреді екен [15]. Қарабура ата «Пайғамбардан артық қызмет етуге құқым жоқ» деп, жер астындағы мешітке түсіп, бірнеше жыл өмір сүрген екен. Қарабураның діни-рухани өнегесі кейінгі уақытта да жалғасын тауып жатыр.

Укаша атаны киелі адам категориясы тұрғысынан талдағанда, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың сенімді сахабасы болған. Біздің даламызға Ислам дінін алғаш алып келген тарихи тұлғалардың бірі. Укаша ата шамамен 6-7 ғасырларда өмір сүрген. Укаша ата ел арасында аңыз тұлға ретінде танымал. Ол жөнінде арнайы жазылған тарихи зерттеу еңбегі жоқ. Қазақ тарихының көптеген мәселелеріне зерттеу жұмыстарын жүргізген Ш. Уәлихановтың еңбектерінде Укаша сахаба жайлы мынадай мәлімет ала аламыз. «Родоначальникам Средней орды был товарищ, сахаба Мухаммада избранного. Пророк по откровению архангела Гавриила, узнав о скором своем

оставлении правления сего тленного мира, чтобы там, в эдеме, на лоне гурии, отдыхать вечно и вечно, призвал своих друзей и товарищей и сказал им об этом, прося прощения, если он сделал кому-нибудь из-них обиду. Все плакала и говорили:// «Ты друг аллаха, мог ли ты сделать обиду!». Только один сахаба, по имени Оксе, объявил претензию, что пророк при осаде какого-то города безвинно ударил его в спину. Мухаммед действительно вспомнил свою ошибку и в возмездие предложил ему спину. Абубекр, Омар, Осман, Али и другие вельможи тщетно отговаривали Оксу оставить безрассудное свое намерение. Оксе ничего не хотел слушать и, при общем проклятии народа, подошел с плетью к священной спине любимца Аллаха и просил его обнажить тело. Пророк снял свое верхнее платье. Оксе того и нужно было: он знал, что на спине избранного есть божия печать, приложившись к которой смертный делается недоступным адскому огню. Оксе вместо ожидаемого удара только наклонил голову, поцеловал и отошел прочь. Но за неудовольствие, причиненное им пророку, и по общественного проклятия бог обрек его и его потомков бродяжничеству, благословие, впрочем, вместе с тем на довольство и безбедность. От него (Оксе) происходит... родоначальник уйсуней и всего народа» [16, Б. 273-274]. Айтылып отырған Оксе есіміне Ш. Уәлиханов мынадай түсініктеме беріледі: «Оксе (искаженное от арабского имени Уккаша) – исторически неверная легенда о происхождении казахов от Аккаше и Анеса, приведена у Г.Н.Потанина» – дейді зерттеуші Уәлиханов Ш. [16, 396 б.]. Яғни Оксе бұл Укаша сахабаның бұрмаланған есімі дейді. Бізге аңыз болып жеткен Укаша ата жайында ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басында өмір сүрген Шәді төре Жәңгірұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Жүсіпбек Шайқысламұлы біраз деректер қалдырды. Бұл кісілердің шығармаларында

Укаша атаның есімі Ғакаша деп беріледі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бір жазбасында Ғакаша, Имамбайыр, Құттықожа, Ерқоян бастаған түркілерден құралған 90 адамнан тұратын атты әскер пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) жасағына келіп қосылды деген мәлімет береді. Ғакаша пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сенімді сахабаларының біріне айналып, жанында жүреді. Бұл дерек мәліметі Укаша атаның шығу тегінің түркі екендігін көрсетеді дейді [17, 66 б]. Шығармада Ғакаша сахабаның есімі негізгі кейіпкерлердің бірі ретінде баяндалған. Бұл шығармалар бізге ең алдымен, Ғакаша сахабаның ешқандай да аңыз емес тарихи тұлға, пайғамбардың жақын серігі, қасында бірге жүрген аяулы сахаба болғандығын анық көрсетіп отыр. Кеңес үкіметі орнап, қазақ әліпбиі кириллицаға көшкенге дейін ел бұл тұлғаны Ғакаша дейтін болған.

Киелі кеңістік бойынша, Укаша ата мазары Түркістан қаласынан 60 шақырым жерде, Серт ауылының солтүстік жағындағы Қаратау етегінде жатыр. Аңыз бойынша оны жау жеңе алмаған, ешбір пенденің оғы өтпейді және қылышы кеспейді екен. Жаулары айла жасап оның әйелін алдап сахабаның осал жерін біліп алыпты. Укаша ата тек таң намазын оқыған кезде ғана қорғансыз болады екен. Оны білген жаулары Укаша ата таң намазын оқып отырған кезде келіп басын қылышпен шауыпты. Жансыз басты періштелер домалатып қырдың етегіне жеткізіпті. Сол жер қақ айырылып құдық болып, атаның басы сол жерге түсіп, жер асты өзен арқылы Мұхаммед пайғамбарға жетіпті. Сахабаның қаны тамған жердің бетіне саздан ұзындығы 21 м белгі соғылған. Зияратқа барғандарға әулиенің шырақшылары Укаша атаның басы домалап түскен құдықты, атаның түйесінің ізі қалған тасты көрсетеді. Зияратшылар осы құдыққа кезекпен шелек салып су алуға әрекет етеді. Су біреулерге беріледі, біреулерге қанша

мәрте шелек салғанымен бір тамшы су ілінбейтіні бар. Мұны шелек тастап отырған адамның күнәсіне балап түсіндіреді» - дейді. [18, 48 б.]. Қазіргі уақытта Ұкаша ата қабірі басына тұрғызылған кесене тарихи-мәдени ескерткіш ретінде мемлекет қарауына алынған.

Сонымен жоғарыда келтірген деректерді талдай келе, мынадай қорытынды алуға болады: Ұкаша ата Мұхаммед пайғамбардың сахабасы, Орта Азия мен Түркияға танымал, нақты қабірі сақталған, жанында құдығы бар кесене.

Баба Түкті Шашты Әзіз бабаны киелі адам мен киелі уақыт категорияларын сабақтастыра отырып қарастырсақ, деректерге сәйкес, ортағасырларда қазіргі Оңтүстік Қазақстан аймақтарында діни қақтығыстар қызу жүріп жатады. Сол аймақты мекендеген ру-тайпалар мұсылман жауынгерлеріне қатты соқтығыс береді. 767 жылы Бағдаттың падишахы Абд ар-Рахим Бабтың ұлы Ысқақ баб қолбасшы болып, жағдайды қолына алады. Сөйтіп Сырдария мен Түркістанға Араб елінен келген ілімді тарату үшін тактикасын өзгертеді. Ысқақ баб бекінісіне жауынгерлерін шақыртып, соғысты тоқтатады да, жергілікті халық өздері шешсін, исламды қабылдай ма әлде жоқ па деп жариялайды. Ысқақ баб өзінің оң қолы ретінде жергілікті халықтың ішінен қолбасшысы етіп Баба Түкті Шашты Әзізді тағайындайды. Сөйтіп оның беделдігін пайдалана отырып, Баба Түкті Шашты Әзіз қантөгіссіз қаратаулық қазақтарға исламды қабылдатады. Тіпті, бір күннің ішінде 200 мың адамға уағыз айта отырып исламға бой ұсындырады деген аңыздар бар. Ысқақ бабтың оң қолы етіп Баба Түкті Шашты Әзізді таңдап алуындағы себебі, ол халық жадында ел қорғаған батырлардың демеушісі, қиналған-қысылған шақта сүйеніші, баласы жоқтарға бала сұрап әперуші, жарылқаушы, ақ тілеулі аналардың жалбарынғанда медет қылар пірі, жауға шапқанда ұрандататын киелі әулие болған екен. Баба Түкті Шашты

Әзіз қазақ ауыз әдебиетінде жиі кездесетін фольклорлық әрі мифологиялық бейне, асқан батыр атанған, кейіннен мұсылмандар арасында әулие саналған [12, 177 б.]. Энциклопедияда берілген мәліметтерге бойынша Баба түкті Шашты Әзіздің есімі «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Шора батыр» жырларында жиі кездеседі.

Киелі кеңістік категориясы бойынша, Баба Түкті Шашты Әзіздің зираты Қаратаудың солтүстік-шығыс жағында, бүгінгі Оңтүстік Қазақстан облысының Шолаққорған ауданындағы Қызылкөл жағасында бұрынғы Құмкент қаласының оңтүстігіне қарай 1 км жерде орналасқан. Кесенеге еліміздің түкпір-түкпірінен зиярат етушілердің қарасы еш үзілмеген. Әулиенің басына барушылар сырқатына ем іздесе, енді біреулер үлкен намысты додаларға аттанарда дұға етуге, перзент сүйе алмай жүрген қыз-келіншектер баба рухына дұға жасап, Алладан бала сұрауға барады. Мазардың жанында бұлақтан мөлдіреп су ағып тұр. Жанында шағын көлшік бар. Ниеттеніп келушілер бұлақтың су ішіп, көлшікке жуынып, дертіне ем сұрайды.

Киелі жер классификацияларына сәйкес, Баба Түкті Шашты Әзіз ортағасыр дін таратушы-әулие, ежелгі батыр, толықтай бір аймаққа танымал, нақты қабірі сақталған, жанында емдік суы бар кесене.

Исмайыл ата киелі адам категориясы тұрғысынан алып қарағанда, шығу тегі Әбдіжәліл бабтан басталады. Оның Ысқақ қожа ибн Исмайыл атты ұлы болған. Ол шежіре жазумен айналысқан екен. Ысқақ қожа «Хадикат ал-‘арифин» атты еңбегінде әкесі Исмайылдың рухани сабақтастығының тізбегін жасайды, онда: Исмайыл атаның әкесі Ибрагим ата Суксук атаның бұрынғы шәкірті, Суксук ата өз кезегінде сопы Мухаммед Данышманд Зарнукидің шәкірті, ал Мухаммед Данышманд Зарнуки Ахмад Ясауидің ізбасары болған делінген. Профессор ДиУистің

пікірінше, бұл көне тізбек XV–XVI ғғ. жатады дейді [9, 35 б.]. XV ғасырда тәжік халқының ұлы классик-ақыны Әбдірахман Жами мен өзбек халқының классик-ақыны Әлішер Науаи өз еңбектерінде Ысмайыл ата мен оның ұрпақтары туралы жазған. Сонымен қатар, Исмайыл ата және оның ұрпақтары туралы дерек сол заманның басқа да атақты ғұламалары (Фахриддин Әли Кашифи, Мұхамед Әлім Әл Алаууий т.б.) жазған қолжазба арқылы бізге жетті. «Орталық Азиядағы исламдандыру және киелі насабнамалар: Ысқақ баб мұрасы риуаяттар мен шежірелер дәстүрінде» атты екі томдық кітап дүниеге келді. Аталған еңбекте Исмайыл ата ұлы Ысқақ қожаның «Хақиқат Әл Арифин» атты еңбегінің Қабул нұсқасы мен Өзбекстандағы шығыстану институтындағы тоғыз нұсқасының қолжазбалары егжей-тегжейлі зерттеліп, бұрын ғылым әлемінде айтылып жүрген Исмайыл ата тарихына байланысты дерекке түзету енгізілді. Олар: 1) Осы күнге дейін ғылымда Исмайыл атаны Қожа Ахмет Ясауидың Ыбрайым ата деген інісінің ұлы деп келінген еді. Қожа Ысқақ еңбегі Қожа Ахмет Ясауидың он бірінші атадағы бабасы Ысқақ бабпен Исмайыл атаның он үшінші атадағы бабасы Әбдіжәліл баб арқылы табысатын алыс туыс екенін көрсетіп, анықтық енгізді; 2) Исмайыл атаның Қожа Ахмет Ясауиға байланысатын рухани тізбегі ғылымда Исмайыл ата– Сейіт ата – Зеңгі ата– Хәкім ата– Қожа Ахмет Ясауи түрінде қабылданып келді. Қожа Ысқақ еңбегінің қолжазбаларында бұл жөнінде деректер бар. Жобаға қатысушылар Ысқақ баб туралы әңгіме айтылатын көп еңбектің ішінен ең ескі қолжазба деп XIV ғасырдың орта тұсында құрастырылған Ысқақ қожаның «Хақиқат Әл Арифин» еңбегінің қолжазбасының Қабул нұсқасы екенін анықтап, жобаның басты нысаны ретінде таңдап алыпты [19, 28 б.]. Исмайыл ата халықты ізгілікке, дінге, иманға бағыттап, соңынан ерткен киелі адамдардың

бірі. Ата ілімін жалғастырған оның ұрпақтары діни ілімнің атадан балаға өтетін ерекше тізбегін құрып, өте ықпалды топқа айналдырды. Дүниеге ислам дінін таратуда аса белсенділік танытып, бірнеше ғасыр бойы Мәуринахр мен Түркістанда, Қорасан мен Үндістанда халықты соңынан ерте алды.

Киелі кеңістік категориясы бойынша, Исмайыл ата кесенесі Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Тұрбат ауылында орналасқан. Мұнда кешен құрамында Қошқар Ата ежелгі мазары, Жабраил Ата мен Ысқақ Ата кесенелері бар. XV ғасырда жарты әлемді жаулаған Әмір Темір Тұрбаттағы даңқты бабалары Исмайыл ата мен Ысқақ атаға кесене тұрғызады. Бүгінде кесенелерге бірнеше жөндеу жұмыстары жасалған және де Қазақстанның 100 киелі объектілерінің тізіміне енгізілген.

Қорытынды

Қорытындылай келе, киелі жерлерге зиярат ету халықтың ұлттық бірегейлігін құрастырудың бір формасы ретінде және территорияның танымалдылығын қалыптастырушы құрал ретінде талдау жасалды. Соңғы кездері Қазақстанда киелі орындарға, қасиетті жерлерге ғибадат, зиярат етуге барушылар саны күннен күнге артуда, киелі жерлер халық арасында кеңінен танымал болды. Жоғарыда бөліп қарастырғандай, ұлттық сипаттағы мен діни сипаттағы зиярат ету ерекшеліктерін төмендегідей талдауға болады.

Діни сипаттағы зиярат ету нысандарында жерленген адамдар өмірлерінде діндар, тақуа болған; әулиелік-емшілік, көріпкелдік қасиеті болған; әсіресе, ислам дінінің және сопылық негіздерінің қазақ жеріне таралуы мен орнығуына үлкен үлес қосқан тұлғалар болып есептеледі. Сондықтан да, олардың рухын ардақтап, Құран бағыштап, әркім өзінің дәстүрлі діни дүниетанымын кеңейту

мақсатында, киелі жердің тылсым күштерін түсіну үшін, сол жерлерге бару арқылы өзін басқа әлеммен байланыстыру және өзінің бірегейлігін қалыптастыру үшін зиярат жасайды.

Ал, ұлттық сипаттағы зиярат ету нысандарында жерленген адамдар қазақ территориясының қалыптасуына, қазақ хандығының қалыптасуына, біздің осы күнге дейін тіліміз бен дінімізді, ұлттымыз мен салт-дәстүрімізді сақтап қалуға зор үлес қосқан, қоғамымыздың саяси-әлеуметтік қалыптасуына ат салысқан тұлғалар болып есептеледі. Олардың кесенелеріне біз ұлттық мақтаныш ретінде, патриоттық сезімді арттыру үшін аруақтарды құрметтеп, ардақтап, құран бағыштау мақсатында зиярат жасау үшін барамыз.

Жалпы бұл құбылыстардың барлығы ата-баба культінің негізінде жатыр. Бұрынғы Қазақстан территориясын мекендеген ру-тайпалар болсын, кейінгі қазақ халқы болсын, олар әрқашан ата-баба аруақтарына құрмет көрсетіп, тағзым жасап келген. Халық киелі жерлерге барып зиярат етіп отырып ата-баба рухын ардақтаған.

Мақала АР23490104 «Түркістан облысындағы діни туризм нысандарының ақпараттық әлеуетін зерделеу: 4 тілде мультимедиялық интерактивті атлас әзірлеу» атты гранттық жоба аясында дайындалған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ермағанбетова Қ.С., Макимбаева Ж.М. (2003). Киелі орындар территорияны брендiлеу құралы ретінде. ISSN 1563-0307 Journal. Philosophy series. Cultural science series. Political science series. №1 (59). Б. 221-225

2. Әбдіғалиұлы Б. Киелі жерлер бірлік пен жаңғыру нышаны. [Электронды қор]: //

<https://egemen.kz/article/167428-kieli-dgerler-%E2%80%93-birlik-pen-dganhgyru-nyshany>

3. М. Жолдасбеков, А. Сейдімбеков (2001). Елтұтқа. Астана, Күлтегін баспасы. 357 б.

4. Köprülü, M. (1981). The First Sufis in Turkish Literature. Ankara, Gaye Matbaacılık. 496 s.

5. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 6 том / Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар. Алматы, 2000. 306 б.

6. *DeWeese D.* Yasavian Legends on the Islamization of Turkistan // Denis Sinor (ed.): Aspects of Altaic Civilization III: Proceedings of the 30th Meeting of the Permanent International Altaistic Conference, Indiana University, Bloomington, Indiana, June 19-25, 1987. Bloomington, 1990. P. 1–19

7. Муминов А.К. Родословное древо Мухтара Ауэзова. – Алматы: Жибек жолы, 2011. – 304 с.

8. Sharaf ud-din ‘Ali Yazdi. Zafar-nama. Prepared for the Press with a Preface, Textual Comments and Indices by A. Urunbayev. Tashkent: «Fan» Publishing House of the UzbekSSR, 1972, f. 294 p.

9. ДиУис Д. Ахмад Йасави // Ислам на территории бывшей Российской империи: Энцикл. слов. 2003. Вып. 4. С. 9–10

10. Умар ибн Мухаммад ан-Насафи. ал-Канд фи зикр ‘улама’ Самарканд / тажикк Йусуф ал-Хади. Тихран, 1999. С. 348–349, 365–366.

11. Evliyalar-Ansiklopedisi. Aslan Baba. Retrieved January 03, 2019, from <http://www.ehlisunnetbuyukleri.com/EvliyalarAnsiklopedisi/Detay/KazakistanB%C3%A2zerkurgan-ASLAN-BABA/1075>

12. Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары. – Астана: Foliant, 2017. – 483 б.

13. Muminov Ashirbek, Szuppe Maria. Un document généalogique. Текст – с. 19, перевод– с. 24
14. Бегімбет Ә. (2017). Сайрам сапары // [Электронды ресурс]. URL: https://el.kz/kz/news/tugan-zher/sairam_sapari. (айналым мерзімі: 10.10.2017)
15. Дуамбеков М. Қарабура әулие. [Электронды қор]: // <https://egemen.kz/article/khalyk-kadirlegen-karabura-aulie> 03.06.2016
16. Уәлиханов Ш. Бес томдық шығармалар жинағы 1 том. Предания и легенды большой киргиз-кайсацкой орды. Алма-Ата 1984. 273-274 с.
17. Мәшһүр Ж.К. Көп томдық шығармалар жинағы. 8 том. Алматы «Ел шежіре» 2008. 66, 72,58-62 бб.
18. Қожа М. Оңтүстік Қазақстанның әулие жерлері. Шымкент, 2013. 48 б.
19. Байпаков К., Смагулов Е. Ортағасырлық Сауран шаһары. – Алматы: Credo, 2005. – 202 б.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИЗМІН ДАМУДА БӘЙДІБЕК АТА ЖӘНЕ ДОМАЛАҚ АНА КЕСЕНЕЛЕРІНІҢ РӨЛІ

Сиздиков Б.С.

Халықаралық туризм және меймандостық университетінің
Ғылыми зерттеу орталығының ғылыми қызметкері
(Түркістан қ.)

Мургабаев С.С.

Халықаралық қазақ-түрік университеті, Археология
ғылыми-зерттеу орталығының қызметкері, PhD
(Түркістан қ.)

Бұл зерттеу кесенелердің пайда болу тарихын, олардың архитектуралық дамуын, сондай-ақ түркі халықтарының жерлеу дәстүрлерінің эволюциясын қарастырады. Сонымен қатар, Бәйдібек ата мен Домалақ ана кесенелері сияқты қазақ тарихында маңызды орын алатын кесенелердің ерекшеліктері мен олардың мәдени және рухани маңызын зерттеуге көңіл бөлінген. Кесенелер тек тарихты сақтау құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттың рухани мұрасы мен мәдени жадын қалыптастыратын маңызды ескерткіштер болып табылады.

Кіліт сөздер: кесене, киелі жерлер, Түркістан, Бәйдібек ата, Домалақ ана, туризм.

This study examines the history of mausoleums, their architectural development, as well as the evolution of the burial traditions of Turkic peoples. In addition, special attention is paid to the study of the characteristics of the mausoleums, which have an important place in Kazakh history, and their cultural and spiritual significance, such as the mausoleums of Baidibek ata and Domalak ana. Mausoleums are not only a

means of preserving history, but also important monuments that form the spiritual heritage and cultural memory of the nation.

Key words: mausoleum, holy places, Turkestan, Baidibek ata, Domalak ana, tourism.

Кіріспе

Қазақстанның бай тарихи-мәдени мұрасы – оның өткен кезеңдерінде қалыптасқан ұлы дәстүрлер мен мәдениеттердің айқын дәлелі болып табылады. Осы мұраның ішінде ерекше орын алатын құндылықтардың бірі – кесенелер. Қазақ халқының тарихи ескерткіштері мен сәулеттік мұралары, оның рухани және мәдени әлемін танытуда маңызды рөл атқарады. Кесенелер тек археологиялық ескерткіштер ғана емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымын, діні мен сенімін, тарихын, эстетикалық талғамын, сондай-ақ мәдени және әлеуметтік құрылымын бейнелейтін маңызы зор нысандар болып табылады.

Кесене дегеніміз – қабір, бейіт, зират, мола басына тұрғызылған күмбезді тарихи ескерткіш. Түркі халықтары ғасарлар бой қаза тапқан туыстарының қабірінің үстіне кесенелер тұрғызып отырған. Себебі кесенелер қаза тапқан мархұмның арғы өмірлік үйі болып есептелген. Кесене құрлыстарын негізге ала отырып кесенеде жерленген адамдардың әлеуметтік деңгейін немесе қандай тап өкілінен шыққандығын байқауға болады. Себебі үлкен көлемді, бірнеше бөлмеден тұратын, ішкі және сыртқы қабырғалары әрлеуіш қыш қаптамалармен қапталған зәулім кесенелердің атақты адамдарға арнап тұрғызылғандығы белгілі.

Кесене сөз этимологиясына көз жүгіртер болсақ, ортағасырлық қыпшақтар – кезене, қарашайлар – кешене, қырғыздар касана, ингуштар мен шешендер – каши деп атағандығы белгілі. В.В. Радлов «кесене» сөзінің

мағынасына алғашқылардың бірі болып талдау жасап, тарихи деректерде кездесетін «кәсэнә» сөзін «кесене» сөзімен баламалап, бұл сөздің «оба үйіндісі» немесе «оба» деген мағынаны білдіретіндігін тілге тиек едеді [22, 1174]. В.В.Бартольд болса «касана» яғни «кесене» сөзіне талдау жасап, бұл сөздің «марқұмның үйі» деген мағынаны білдіретіндігін, бұл сөзінің қазақтар арасында әлі күнге дейін қолданылатындығын баяндай отырып, бұған Сығанақ қаласының маңындағы Төмен Арақ станциясынан 4-5 км қашықтықта орналасқан «Көк кесенені» дәлел ретінде келтіреді. Яғни «кесене» сөзінің қазақтар арасында осы күнге дейін қолданыста екендігін баяндайды. Сонымен қатар қыпышақ тіліндегі «кезене» сөзі, қазақ тілінде өзгеріске ұшырап «кесене» болып қолданысқа енген болуы мүмкін деген тұжырым жасайды [23, 519]. Жоғарыда аты аталған ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып «кесене» сөзінің XIII-XIV ғасырларда қолданысқа еніп, әлгі күнге дейін өзгеріске ұшырамай қолданыста жүргендігі анықталды.

Зерттеу тақырыбы ретінде Бәйдібек ата мен Домалақ ана кесенелерінің тарихы мен архитектурасы тандалуы кездейсоқ емес. Бұл екі кесене тек Қазақстанның оңтүстігіндегі маңызды тарихи ескерткіштер ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының рухани өмірінде маңызды рөл атқарған тұлғалардың ескерткіштері болып табылады. Бәйдібек ата мен Домалақ ана кесенелері – халықтың мәдени және рухани мұрасының ажырамас бөлігі, сонымен қатар олар халықтың ұлт ретінде қалыптасуы мен ұлттық сана-сезімінің дамуында зор маңызға ие.

Бұл зерттеудің мақсаты – Бәйдібек ата мен Домалақ ана кесенелерінің тарихи және сәулеттік ерекшеліктерін зерттеу, олардың қазақ халқының мәдениетінде алатын орны мен маңызын анықтау болып табылады. Сонымен қатар, зерттеу барысында осы кесенелердің халық

арасында тараған аңыздар мен сенімдермен байланысын талдап, оларды рухани құндылықтар жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру көзделеді.

Кесенелердің тарихы мен сәулетін зерттеу арқылы біз қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетінің, әсіресе діни дәстүрлер мен ғұрыптық салттарының ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік аламыз. Зерттеу жұмысының нәтижелері тек ғылыми қауымдастық үшін ғана емес, сондай-ақ Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және келер ұрпаққа жеткізу тұрғысынан да маңызды болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында қолданысқа алынған материалдар мен әдістер зерттеу объектісін кешенді түрде талдауға мүмкіндік берді. Бұл бөлімде зерттеуде қолданылған материалдар, дереккөздер, зерттеу әдістері мен олардың тиімділігі туралы мәлімет беріледі. Зерттеуде негізінен екі негізгі материалдық көздер пайдаланылды: тарихи деректер мен затта деректер. Сондай-ақ қазіргі кездегі ғылыми әдебиеттер мен құжаттар. Әрбір материал зерттеу мақсатында түрлі бағыттарда қолданылды.

Зерттеу барысында кесенелердің тарихын зерттеу үшін тарихи жазбалар мен аңыздар қолданылды. Бәйдібек ата мен Домалақ ана кесенелерінің пайда болуына қатысты тарихи деректер мен халық аңыздары талданды. Сонымен қатар, Орта ғасырлардағы қазақ жерінде салынған кесенелер туралы жазбалар, мұрағаттық құжаттар, тарихи географиялық карталар зерттелді. Халық арасында тараған аңыздар мен дәстүрлер туралы ақпараттар, сондай-ақ кесенелерге зиярат ету салты жөніндегі мәліметтер жиналды. Бұл деректерге негізделген зерттеулер қазақ халқының рухани мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде кесенелердің орнын анықтауға көмектесті.

Кесенелердің құрылымдық ерекшеліктері мен сақталу жағдайын зерттеу үшін археологиялық зерттеулер мен сәулеттік жоспарлар, сондай-ақ қазіргі уақытта қолданыстағы карталар мен өлшемдер негізінде алынған деректер пайдаланылды. Кесенелердің архитектурасы мен оларға тән декоративтік элементтер зерттеліп, олардың уақыт өте келе қалай өзгергені талданды. Кесенелер мен түркі архитектурасына қатысты бұрынғы зерттеулер мен ғылыми мақалалар қолданысқа алынды. Осы әдебиеттер арқылы кесене құрылымдары мен олардың мәдени маңызын түсіну мақсатында салыстырмалы зерттеу жүргізілді.

Зерттеу барысында қолданылған материалдар мен әдістердің үйлесімділігі зерттеу объектісін тереңірек және жан-жақты талдауға мүмкіндік берді. Тарихи, сәулеттік, этнографиялық және археологиялық деректердің кешенді түрде қарастырылуы кесенелердің тек тарихи-мәдени мәнін ғана емес, олардың қазіргі таңдағы маңызын да анықтауға көмектесті.

Талқылау


Ежелгі дәуірлерде Орталық Азияда мекендеген көшпелі халықтардың жерлеу дәстүрінде марқұмның қабірінің үстіне топырақ немесе тас үйінділері арқылы оба жасау дәстүрі X-XI ғасырларда өзгеріске ұшырап, «кесене» деп аталатын манументалды сәулет ескерткіштері пайда бола бастайды [1, 41]. Ислам діні тараған аймақтардағы сәулет ескерткіштердің тарихына көз жүгіртер болсақ X ғасырға дейінгі кезеңдерде кесенелердің сирек кездесетіндігін, X ғасырдан кейін ескерткіштің бұл түрінің Хорасан және Түркістан аймақтарында көптеп бой көтере бастағандығын аңғаруға болады. Негізінен ислам діні қабір үстіне зәулім сәулет ескерткіштердің тұрғызылуын құптамаған [2, 17-23; 3, 184]. Дегенмен IX ғасырдан бастап

Орта Азиялық халықтар ескерткіштің бұл түрін тұрғыза бастайды. Г.А.Пугаченкова да өз зерттеулерінде Ислам діні бастапқы уақыттарда марқұмның қабірінің үстіне оба немесе күмбез секілді құрлыс түрлерін тұрғызылуына мүлдем тыйым салындығын тілге тиек етеді [1, 41]. Уақыт өте келе бас қалифаттың мәртебесі үшін бұл тыйым жойылып, IX ғасырда Халифа аль-Мунтасир және Құбба ас-Сұлабияның қабірінің үстіне кесенелердің тұрғызыла бастағандығы белгілі [4, 57; 5, 15].

X ғасырдың басында Түркістан және Хорасан аймақтарында кесенелер көптеп бой көтере бастайды. Бұған дәлел ретінде 907 жылы Бухарада бой көтерген Исмаил Самани кесенесін [6, 57 – 100; 7, 114-115], X ғасырдың соңында салынған Аль-Хаким ат-Тирмизи кесенесін, 977-978 жылдары Самарқан маңындағы Тимде тұрғызылған Араб Ата кесенесін [8, 24], 1007 жылы бой көтерген Голестандағы Гомбеде-Кавус кесенесін [9, 170-171], 1012 жылы Өзгентте Наср ибн Алиге тұрғызылған кесенені, 1028 жылы Иранның Санг Баст қаласында тұрғызылған Аслан Газип кесенесін [10, 13-16] және т.б. кесенелерді айтуға болады. Аталмыш кесенелер төр бұрыш пішінді, үсті күмбезді болып келуде. Кесенелер жайында жылдар бойы зерттеу жұмыстарын жүргізген М.О.Арық мұндай үлгідегі қабір үстіне тұрғызылған құрлыстар Месопотамия мен Орта Азия территориясында исламға дейінгі кезеңдерде болғандығын айта отырып, ислам мәдениетіне IX-X ғасырларда кіре бастағандығын, кезіргі таңға дейін қолданыста жүргендігі алға тартады [6, 57 – 100].

Арал теңізінің оңтүстік-шығысында көптеп кездесетін б.з.д. IV-II ғасырларға жататын сақ тайпаларына тиесілі кесенелер М.О.Арықтың жоғарыда келтірген тұжырымын қуаттай түсуде. Шірік-рабат мәдениетіне қарасты аталмыш кесенелер пішіні жағынан шеңбер немесе төрт бұрышты


болып келуде, үсті күмбезделіп жабылған (сурет 1) [11, 145-180; 12, 37-56; 13, 360-361]. Есіктері оңтүстік немесе оңтүстік-шығысқа бағытталған. Кесенелердің басым бөлігінің құрлысында пахса блоктары мен тік бұрышты шикі кірпіштер [көлемі 40x30x10 - 50x40x12 см] пайдаланылған [14, 33-34]. Аталмыш кесенелерге бір немесе бірнеше адам әр түрлі дәстүрмен жерленген. Себебі бір кесененің өзінен кремация да жасалған, ағаш табыттарға, арнайы зембілдерге мүрдені қойып жерлеу дәстүрі де жүзеге асырылған [15, 227-247]. Аталмыш кесенелер марқұмның арғы өмірлік үйі болып саналуда. Сонымен қатар көшпелі халықтар өмірден өткен бабаларын мәңгі есте сақтау үшін және бабаларының басына зиярат етіп, көкке, жаратушыға мінажат ету мақсатында осындай ескерткіштерді тұрғызғандықтарын айта аламыз.



Сурет 1. Шірік-рабат мәдениетіне жататын кесенелер

[11, 145-180]

Сырдарияның ортаңғы және төменгі ағысында көптеп кездесетін IV-VIII ғасырларға жататын сағаналар (склеп, наус) жоғарыда келтірілген сақ кесеңіне жататын кесенеледің жалғасы болып табылуда. Бұл қаңлы және түркі кезеңдеріне жататын сағаналадың сақ кесеңіне жататын кесенелерден айырмашылығы, жер бетіне салынған сағаналар тұтастай топырақпен жабылған. Ал сақ тайпаларына тиесілі кесенелерде қаза тапқан туыстарын жерлеп отыру мақсатында ашық қалдырылған. Аталмыш ерте кезеңге жататын кесенелер де, кейінгі кезеңге жататын сағаналар да марқұмның арғы өмірлік үйі болып саналуда. Шикі кірпіштен немесе бахсадан тұрғызылған сағаналар да пішіні жағынан шеңбер немесе төрт бұрышты болып келуде, оңтүстік, оңтүстік-шығыс немесе оңтүстік-батысқа бағытталған дромостары немесе есігі, орталық бөлігінде бір немесе екі камерадан тұратын жерлеу орнындары болуда (сурет 2). Сағананың жоғары бөлігі күмбезделіп кесек қаландыларымен жабылуда [15,227-247]. Марқұм жерленгенсоң сағана тұтастай топырақпен жабылуда.



Сурет 2. Қаңлы және түркі кезеңдеріне жататын сағаналар [16, 246]

Сәулет ескерткіштерін соның ішінде кесенелердің архитектурасын зерттеген Г.А. Пугаченкова топырақ астындағы сағаналы жерлеулерді кесенелердің алғашқы үлгілері болуы мүмкін деген тұжырымға тоқталады [17, 23-24]. Сырдарияның ортаңғы ағысындағы сағаналы жерлеу орныдарды жылдар бойы зерттеп келген Е.А. Смагуловта Г.А. Пугаченкованың пікіріне қосылуда [16, 123]. Яғни кесенелердің түп тамыры сонау б.з.д. IV-II ғасырларға жататын сақ тайпаларына тиесілі кесенелерден бастау алатындығын, IV-VIII ғасырларда көптеп тұрғызылған сағана құрлысының негізінде IX-X ғасырларда кесенелердің пайда болғандығын аңғаруға болады. Түркі халықтардың ислам дінін қабылдауының арқасында зияратшылардың құран оқып, дұға жасайтын бөлмелері бар кесенелер тұрғызыла бастайды. Қарахан мемлекеті тұсында ислам діні мемлекеттік дін ретінде қабылданған кезеңде кесене құрлыстары айрықша маңызға ие болып,

көптеп тұрғызыла бастайды [1, 45]. Осылайша әйгілі тұлғалар, мемлекет және дін қайраткерлерінің қабірінің үстіне бір немесе екі бөлмелі, төртбұрышты жобада салынған, күмбезбен қапталған кесене тұрғызу дәстүрі әдетке айналып, кәзіргі таңға дейін жалғасын табуда.

Кесенелердің пайда болу тарихы жайында зерттеу жұмыстарын жүргізген А.Габриэль, Й.Стшиговский, Э.Диез, Э.Кюнель, К.Отто-Дорн, К.Эрдман және т.б. ғалымдар өз зерттеулерінде жоғарыда айтып өткеніміздей кесенелердің түп тамырын Орталық Азияда өмір сүркен түркі халықтарының материалдық мәдениетімен байланыстырады [18, 126]. Аталмыш ғалымдардың зерттеулерінен кесенелердің түркі халықтарына тән манументалды ескерткіш екендігін аңғаруға болады. Сонымен қатар XII-XIII ғасырлардағы Қыпышақтардың жерлеу дәстүрін сипаттаған Вильгельм де Рубрук «қыпышақтар қаза тапқан туыстарының қабірінің үстіне үлкен үй тұрғызады. Олардың қорымдарында шатыры күмбезделіп жабылған төрт бұрыш пішінді кірпіштен немесе тастардан тұрғызылған мұнаралы құрлыстар көрдім» деп баяндайды [19, 79; 20, 73; 21, 296]. Вильгельм де Рубруктің қалдырған деректеріне кірпіштен немесе тастан бой көтерген мұнара іспеттес құрлыстардың кесенелер болғандығын аңғаруға болады. XIII-XIV ғасырларда сәулет өнерінің дамыған жаңа үлгілеріде пайда бола бастайды. Атап айтар болсақ бұл кесенде кесенелердің порталы мен күмбездері жетілдіріліп, кесенелердің басым бөлігінің сыртқы және ішкі қабырғалары сырлы және сырсыз әрлеуіш қыш қаптамалармен қаптала бастайды.

Нәтижелер. Бәйдібек ата және Домалақ ана кесенелері Түркістан облысы, Бәйдібек ауданында орналасқан. Бәйдібек ата мен Домалақ ана туралың әңыз әңгімелерді жинақтап, қағаз бетіне түсірген Ш.Ш.Уалиханов.

Ә.Х.Марғұланның зерттеулері бойынша 1885 ж. жазылған бұл аңыз қазақтың тарихи аңыздарының алғашқы жазбасы саналады. Алғашқы қағаз бетіне түсірілген бұл аңызда көптеген ауытқулар мен бос орындар кеткен. Бұл көшіру барысында туындаған қателіктер екендігін түсіндірген. 1904 ж. қайта жарияланған бұл аңызда қазақтың көне тарихы жайында құнды деректер қамтылған [24].


Тарихи деректер бойынша Домалақ ана атақты Бәйдібек Қарашаулының жұбайы, Жетісудағы қазақ рулары – албан, суан және дулаттың арғы анасы. Домалақ ана жайында алғашқы деректер шығыстанушы, этнограф Ш.Ш. Уәлихановтың зерттеулерінде «Томалақ аулие» деген атпен кездеседі. Орыс зерттеушісі, шығыстанушы және этнограф Н.А. Аристовтың 1876 жылы ұлы жүздің Ботпай руының биі Діқанбай батырдан алған мәліметінде, Домалақ ананың Бәйдібек бидің үш әйелі болғанын айтады. Деректерде: “Бәйдібектің үшінші әйелі Домалақтан – Жарықшақ есімді ұлы, ала оның Албан, Суан, Дулат атты ұлдары болған” деп көрсетілген. Академик А.Х. Марғұлан Ш.Ш. Уәлихановтың жазбаларында Домалақ ананың ұлының есімі – Жарықшаш [өзге деректер бойынша Жорықшы] деп жазылғандығын баяндайды [25].

Бәйдібек баба мен Домалақ ана туралы халық аңыздарына кейінгі кезде зерттеу жүргізген Д. Дүйсеновтің еңбектерінде Домалақ ананың өмір сүрген уақытында Нұрилә деп атағанын және оның Қожа Ахмет Яссауидің ұрпағы, Түркістандағы атақты Мақтым Ағзам қажының немересі, ал әкесі ержүрек Әли Сыланқызы 1378 жылы Түркістан қаласында дүниеге келгендігі көрсетілген [29]. Атасы Мақтым Ағзам қажының өсиеті бойынша ол он тоғыз жасында [1397 жылы] Бәйдібекке тұрмысқа шығады. Халық аңыздарына сәйкес «*Дихнам мама*» есімін оған түрікменнен шыққан Қара Хайдар берген. «*Әулие ана*» [тікелей аудармасы - “*дөңгелек ана*”] айналған. Халық

арасында «Домалақ ана» атауының сырын оның бойының кішкентай болуымен байланыстырады [26]. Домалақ ана өзінің ерекше қасиеттерінің арқасында халық арасында жастайынан кеңінен танымал болған. Ол ақылы мен бірігей сәуегейлік қасиетінің арқасында дауласушы тараптарды бейбіт шешімдерге келтіріп, татуластырып отырған. Аңыздар бойынша Домалақ ана – әйел даналығы мен аналық махаббаттың, бақытты отбасын құрудың үлгілі бейнесі ретінде танылады.

Бәйдібек ата кесенесі Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Балабөген өзенінің жағасында орналасқан (сурет 3). Бәйдібек Қарашұлы даңқы Жетісудан Сырдарияға дейін тараған қазақтың басын біріктірген ел басқарған би болған. М.Х.Дулата, Н.А.Аристов [27], Н.Я.Бичурин, Ш.Ш.Уалиханов [28] және Л.Н.Гумилев Бәйдібек ата жайында өз зерттеулерін қалдырған. Замандастари оны басты қамқоршы ретінде ерекше құрметтеген. Бізге жеткен деректерге сүйенсек, Бәйдібек ата өз заманындағы ірі тұлғалардың бірі, кедейленген руластарына өзінің алының бір бөлігін үлестіріп көметесіп отырған. Осылайша Бәйдібек ата қазақ халқының бірлігі мен даналығының нышанына айналған. 1996-1998 жж. Бәйдібек атаның қабірінің басына жаңа кесене тұрғызылды. Кешеннің бас сәулетшісі Ғ.С.Садырбаев. кесенені салу барысында Қазақстан мен Орталық Азияның ең үздік құрлыс жабдықтары қолданылды. Кесенені салуға Самарқанд, Ташкент, Сайрам және Шымкент қалаларының атақты шеберлері қатысқан. Кесененің зиярат бөлмесіне Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен салмағы алты тонна келетін ақ мәрмәрдан бесік тәріздес жасалынған құлыптас орнатылған. Бәйдібек ата кесенесі мемлекеттік маңызы бар тарихи және сәулет ескерткіші болып табылады [26].

Домалақ ана кесенесі Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Ақбастау ауылының оңтүстігінде 3 шақырым қашықтықта орналасқан (сурет 4). Географиялық координаттары: N42°18'41,9408"; E69°51'35,3319". Тарихи деректерге сүйенсек, Домалақ ана қайтыс болғаннан кейін, оның немересі Дулат 1456 жылы Бұхарадан Абдулла Шері есімді шеберді шақыртып, оның қабірінің үстіне күмбезді, төрт қабырғалы кесене тұрғызады. Домалақ ана кесенесі бірнеше рет қирап, қайта қалпына келтірілген. XX ғ. басында бұрын қираған нысанның орнына жаңа кесене тұрғызылады. Көлемі бойынша шағын құрылыс ротонда – цилиндрлі пішінінде салынып, фасадтары бойынша алты терең емес нишалармен безендірілген. Кесененің оңтүстік нишасында кіреберіс есігі орналасқан. Жоғары жағындағы үш сатылы карнизі биік емес күмбезбен аяқталған. 1994 жылы жарық көрген «Оңтүстік Қазақстан облысы тарихи және мәдени ескерткіштері жинағында» кесененің цилиндр пішінді жоспары жарияланған [30]. 1957 жылы кесенеді қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген. Дегенмен қайта қалпына келтірілген кесене ұзақ тұрмаған. 1996 жылы Маңғыстаудан арнайы жеткізілген ақ тастармен кесене қайт бой көтерген. Сәулетші С. Тоқтамыс Орта Азияның классикалық діни-ғұраптық сәулетінің [кесененің кіре берісі, дөңгелек күмбез және мешіт мұнарасы] негізгі компоненттерімен қоса, жаңа ғимараттың құрылыс элементтеріне қазақ даласының архаикалық элементтерін кіргізеді. Жаңа құрылыстың әрбір жеке фрагменті, тұтастай алғанда, ғимаратқа ерекше сипат береді [27].




Сурет 3. Бәйдібек ата кесенесі

Кесененің барлық фасадтарында орналасқан ірі безендіру элементтері – халықтың айтуы бойынша – атақты Бәйдібек бабаның әйелі жақсы көрген әшекейлердің, сырға мен алқалардың пішінін еске түсіреді. Кесене парталды, дияметірі 7,6 м, биіктігі 12,7 м сегіз бүкпелі күмбез пішінінде бой көтерген. Кесенеге кіретін порталдың ені 3 м, есіктің ені 1 м, қабырғаларының қалыңдығы 1 м. Кесененің ортасында Домалақ ананың кабірінің үстіне мәрмәр тастан жасалған құлыптас орналасқан. Кесене ішіндегі әр бұрышқа зиярат жасап келушілер үшін құран аяттарын оқып, дұға бағыштау үшін арнайы орындар жасалған. Кесененің кіреберісі алдында екі мұнара бой көтерген. Мұнаралардың дияметірі 1,67 м, биіктігі болса 9,5 м. Кесенені айналдыра зиярат етіп келушілерге арнап салынған шеңбер пішінде қосалқы құрлыс нысаны орналасқан. Кесенеге кіретін есіктің оң және сол қапталында төмен қарай 11 басбалдақ арқылы зияратшылар төменге түсіп, арнайы дайындалған бөлмелерде құран оқып, дұған жасайды. Аталмыш

бөлмелер кесененің төрт қапталында орналасқан, ауданы 2,5 м. Кесененің оң қапталынан кіргендегі бірінші және екенші бөлмелер шеңбер пішінде жасалған, ал үшінші бөлме шаршы пішінде, соңғы төртінші бөлме сегіз қырлы етіп жасалған.

Домалақ ана кесенесі мұсылмандық архитектураның бірегей ескерткіші ретінде Қазақстанның ұлыттық бірлігін бейнелейтін қазақ халқының тарихи жадындағы маңызды нысаны және рухани мәдениеті орталықтарының бірі болып табылады. Тәуелсіздік жариялағаннан кейін, Қазақстан қоғамында дінге деген көзқарас та өзгерді. Соған байланысты, діни-ғұрыптық сәулет ескерткіштері де қазақстандықтар үшін ерекше қасиетті маңызға ие болды. Домалақ ана кесенесі мемлекеттік маңызы бар тарихи және сәулет ескерткіші болып табылады.



Сурет 4. Домалақ ана кесенесі

Қорытынды

Кесенелер — көшпелі түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының рухани мәдениетінің маңызды бөлігі. Олар тек марқұмды еске алу үшін ғана тұрғызылып қоймай, сонымен қатар халықтың дүниетанымы мен діни сенімдерін, әлеуметтік құрылымын, сәулеттік дәстүрлерін көрсететін маңызды тарихи ескерткіштер болып табылады. Кесенелердің құрылысы мен құрылымы, оның ішінде күмбездер мен әрлеу элементтері, белгілі бір тарихи

кезеңнің архитектуралық ерекшеліктерін, сондай-ақ қоғамдағы мәртебелі тұлғалардың әлеуметтік орны мен оларды еске алу дәстүрлерін бейнелейді.

Қорытындылай келе жоғарыда келтірілген деректерге сүйене отырып, кесенелердің пайда болу тарихына түсіндірер болсақ, кесенелердің түп тамыры сонау ерте темір дәуірінен бастау алатындығы белгілі болуда. Арал теңізінің оңтүстік-шығысындағы б.з.д. IV-II ғасырларға жататын сақ тайпаларына тиесілі кесенелердің, Сырдарияның ортаңғы және төменгі ағысында көптеп кездесетін IV-VIII ғасырларға жататын сағаналардың негізінде IX-X ғасырларда кесенелердің пайда болғандығын айта аламыз. Қарахан мемлекеті тұсында Түркі халықтарының ислам дінін қабылдауының арқасында зияратшылардың құран оқып, дұға жасайтын бөлмелері бар кесенелер тұрғызыла бастайды. Осылайша әйгілі тұлғалар, мемлекет және дін қайраткерлерінің кабірінің үстіне бір немесе екі бөлмелі, төртбұрышты немесе шеңбер пішінді жобада салынған, күмбезбен қапталған кесене тұрғызу дәстүрі әдетке айналып, кәзіргі таңға дейін жалғасын табуда. Бұл пікірімізді Е.А.Смагулов пен Г.А. Пугаченкованың зерттеулері қуаттай түсуде.

Бәйдібек ата мен Домалақ ана кесенелері — қазақ халқының мәдениетінде ерекше орын алатын ескерткіштер болып табылады. Олар өздерінің тарихи маңызымен қатар, қазақ қоғамының бірлігі мен рухани құндылықтарын бейнелейді. Бұл кесенелердің сәулетінде қазақ халқының дәстүрлері мен ислам мәдениетінің элементтері үйлесім тапқан. Сонымен қатар, кесенелердің архитектуралық құрылымы мен интерьеріндегі ерекшеліктер, олардың тарихи кезеңдер мен әлеуметтік таптардың айқын көрінісі болып табылады. Кесенелердің қайта жаңғыртылуы мен қалпына келтірілуі бұл ескерткіштердің тек

архитектуралық емес, мәдени және рухани мұра ретінде де үлкен маңызға ие екенін дәлелдейді.

Қорыта келгенде, кесенелер — түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың тарихын, мәдениетін және рухани дүниесін сақтайтын ерекше ескерткіштер. Оларды зерттеу арқылы біз тек өткен тарихымызды ғана емес, сондай-ақ қазіргі ұрпақтың мәдени мұраға деген құрметі мен өз тамырларына деген сүйіспеншілігін көреміз.

Мақала AP23490104 «Түркістан облысындағы діни туризм нысандарының ақпараттық әлеуетін зерделеу: 4 тілде мультимедиялық интерактивті атлас әзірлеу» атты гранттық жоба аясында дайындалған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. *Глаудинов Б.* Казакстан Архитектурасы. Том 8. Алматы: Онер баспасы, 2012. 192 б.

2. *Ragheb Y.* Islam Hukukuna Göre Mezar Yapısı // Islam Dünyasında Mezarlıklar ve Defin Gelenekleri I. Ankara: 1996. S. 17-23.

3. *Koshenova G.* Kazakistan, Taraz'da Babacı Hatun Turbesi // Bilig Dergisi. Sayı 77, 2016. S. 183-202.

4. *Байпаков К.М.* Исламская Археологическая Архитектура и Археология Казахстана. Алматы: ТОО «Археологическая экспертиза», 2012. 284 с.

5. *Çoruhlu Y.* Türk İslam Sanatının ABC'si. İstanbul: Kabalci Yayinlari, 2000. 207 s.

6. *Arik M.O.* Erken Devir Anadolu -Türk Mimarisinde Türbe Biçimleri // Anadolu. Cilt , Sayı 11, 1967. S. 57-100. https://doi.org/10.1501/andl_0000000097

7. *Cezar M.* Anadolu Öncesi Türklerde Şehir ve Mimarlık. İstanbul: Türkiye İş Bankasi Kültür Yayinlari, 1977. 520 s.

8. *Aslanapa O.* Türk Sanatı: Başlangıçından Büyük Selçukluların sonuna kadar. İstanbul: Milli Eğitim Bakanlığı Kültür Yayınları, 1972. 134 s.

9. *Kuban D.* Batıya Göçen Sanatsal Evreleri. İstanbul: Türkiye İş Bankası Yayınları, 2009. S.170-171.

10. *Tahaoğlu T.Ö.* İstanbul'da Osmanlı Türbelerinin Tipolojisi. Doktora Tezi. İstanbul. 1988. 536 s.

11. *Толстов С.П.* По древним дельтам Окса и Яксарта. Москва: Издательство Восточной Литературы, 1962. 323 с.

12. *Вайнберг Б.И., Левина Л.М.* Чирикратская культура. Москва: 1993. 176 с.

13. *Құрманқұлов Ж.* [бас ретактор]. Қазақстан Республикасының тарихи мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. Алматы: Аруна, 2011. 504 б.

14. *Утубаев Ж.Р., Отар Ә., Ерсариев А., Суюндикова М.К.* Бәбіш Мола оазисіндегі жерлеу орындарына жүргізілген зерттеулердің кейбір нәтижелері // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих Сериясы, 2022, 104, №2. Б. 31-46. <https://doi.org/10.26577/JH.2022.v105.i2.04>

15. *Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К.* Казакстан археологиясы. Алматы: Казак университети, 2009. 354 с.

16. *Смагулов Е. А.* Место наземных склепов в погребальном обряде раннесредневековой Средней Азии // Древние некрополи - погребально-поминальная обрядность, погребальная архитектура и планировка некрополей. Санкт-Петербург: ИИМК РАН, 2018. С. 241-250.

17. *Пугаченкова Г.А.* Средняя Азия. Справочник-путеводитель. Москва: Искусство, 1983. 471 с.

18. *Önkal H.* Türkiye'de Türbe Mimarisi Araştırmaları // Türkiye Araştırmaları Literatür Dergisi, Cilt 7. 2009. Sayı 14. S. 125-139.

19. *Вильгельм де Рубрук*. Путешествие в восточные страны // Введение, перевод и примечания А. И. Малеина. Санкт-Петербург: Тип. А. С. Суворина, 1911. 232 с.

20. *Risch F. Wilhelm von Rubruk - Reise zu den Mongolen 1253-1255.* Leipzig: Deichertsche Verlagsbuchhandlung D. Werner Scholl, 1934. 336 p.

21. *Ögel B. İslamiyetten Önce Türk Kültürü Tarihi Orta Asya Kaynak ve Buluntularına Göre.* Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 1984. 403 s.

22. *Радлов В.* Опыт словаря тюркских наречий. Том 2. Часть 2. Санкт-Петербург: Типография Императорской Академия Наук, 1899. 1174 с.

23. *Barthold W.W. Türklerde ve Moğollarda Defin Merasimi Meselesine Dair // Belleten Cilt 11. Sayı 43, 1947. S. 515-539.*

24. Байтанаев Б.А. Елгин Ю.А. Культовая архитектура Южного Казахстана: Архитектурно-археологическое исследование памятников позднего ислама. – Алматы: Институт Археологии им. А.Х.Маргулана, 2013. – С. 302.

25. Қожа М. Оңтүстік Қазақстанның әулелі жерлері. Шымкент: Нұрдана, 2013. 96 б.

26. Қазақстанның киелі орындарының географиясы. Табиғат, археология, этнография және діни сәулет өнері нысандарының тізімі / Жалпы редакциясын басқарған ҚР ҰҒА академигі Байтанаев Б.Ә. Алматы: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, 2017. 904 б.

27. Аристов Н.А. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков Большой Орды каракиргизов на основании родословных сказаний и сведений о существующих родовых делениях и о родовых тамгах, а также исторических данных и начинающихся антропологических исследований. – СПб.: тип. С.Н. Худекова, 1895. – С 96.

28. Валиханов Ч.Ч. Предания и легенды Большой киргиз-кайсацкой Орды // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах / Отв. ред. Академик А.Х. Маргулан. – Алма-Ата: Гл. ред. Казахской советской энциклопедии, 1961. – Т. 1. – С. 777.

29. Дүйсенбаев Д. Домалақ-ана (тарихи-деректі естелік). – Алматы, 1991. – 72 б.

30. Нургалиев Р.Н. [гл. ред.]. Мазар Домалақ-ана // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно – Казахстанская область. Алматы: Қазақ Энциклопедиясы. 1994. – С. 368.

КҮЛТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ЕЖЕЛГІ ДІНИ ҒИМАРАТЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Ержигитова Айсұлу Аскарарна

Түркістан облыстық тарихи-өлкетану мұражайының
ғылыми қызметкері (Шымкент қ.)

Бұл зерттеу Түркістан қаласының ежелгі тарихын және археологиялық ескерткіштерін зерттеу нәтижелерін қарастырады. Қала тарихы мен археологиялық деректердің шектеулі болуына байланысты Түркістанның ерте кезеңдердегі урбанизация процесі мен мәдени даму ерекшеліктері жаңа археологиялық қазба жұмыстары арқылы анықталды. Зерттеу негізінде Күлтөбе аумағындағы археологиялық қазбалар, оның ішінде крест тәріздес ғимарат, цитадельдің құрылымы мен мәдени кабаттардан табылған тиындар, керамика және руникалық жазулар талданды. Түркістан қаласының археологиялық зерттеулері, оның ішінде Күлтөбе төбесінің қазба жұмыстары, қаланың тарихи дамуын дәлелдейтін жаңа деректер ұсынды. Қазба нәтижелері қала тарихының түрлі кезеңдерін мерзімдеуге және оның архитектуралық құрылымының дамуын түсінуге мүмкіндік берді. Табылған материалдар Түркістанның Орта Азиядағы маңызды мәдени және сауда орталығы болғанын дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері Түркістан қаласының ежелгі тарихы мен урбанизация үдерістерін түсінуге үлкен үлес қосады, әрі қаланың тарихи, мәдени және архитектуралық мұрасын бағалауға жаңа көзқарас ұсынады. Осы жұмыстар Түркістанның тарихын тереңірек зерттеуге, сондай-ақ оның археологиялық және мәдени мұраларын сақтау мәселелеріне ғылыми негізде көзқарас қалыптастыруға бағытталған.

Кілт сөздер. Күлтөбе, сәулет құрылыс, цитадель, мәдени қабат.

This study examines the results of studying the ancient history and archaeological sites of the city of Turkestan. Due to the limited history of the city and archaeological data, the features of urbanization and cultural development of Turkestan in the early stages were revealed by new archaeological excavations. Based on the study, archaeological excavations on the territory of Kultobe were analyzed, including a cruciform building, the structure of the citadel and coins found in cultural layers, ceramics and runic inscriptions. Archaeological research of the city of Turkestan, including excavations of the Kultobe hill, provided new data confirming the historical development of the city. The results of the excavations made it possible to date various periods of the city's history and understand the development of its architectural structure. The materials found indicate that Turkestan was an important cultural and commercial center in Central Asia. The results of the study make a great contribution to understanding the ancient history of the city of Turkestan and the processes of urbanization, as well as offer a new approach to assessing the historical, cultural and architectural heritage of the city. These works are aimed at a deeper study of the history of Turkestan, as well as at the formation of a scientific approach to the preservation of its archaeological and cultural heritage.

Keywords. Kultobe, architectural construction, Citadel, cultural layer.

Түркістан қаласының ежелгі тарихына байланысты тарихи деректердің жоқтығына байланысты, ескерткіштің ежелгі қабаттарын анықтау және зерттеу жұмыстары өте өзекті мәселе болып табылады.

Қала тарихына байланысты олжалар, XIII ғ. Ясы

қаласында соғылған екі дана тиын, қазіргі таңда Мемлекеттік Эрмитаждың (Санкт-Петербург қаласы) қорында сақталған [1, 144-145 бб.]. Сенімді деректің жоқтығына байланысты, қала тарихының тек ел аузындағы аңыздар деңгейінде қалып келгенін айту маңызды. Оның ішінде Йасы/Түркістан қаласының пайда болуы мен қалыптасуы және оның топографиялық түрлену мәселесі турасындағы деректердің жоқтығы ерекше назар аудартады. Осы себепке байланысты, Түркістан қаласының аумағында жүргізілген археологиялық зерттеулерден кейін, шығыстанушылар арасында қалыптасқан пікірлерге түзету енгізуге тура келе бастады. В.В.Бартольд, одан кейін В.А.Гордлевский және М.Е.Массон, Ясы/Түркістан қаласын аймақтағы X ғ. тән жазба деректерге сүйене отырып, Шауғар қаласымен баламалайды. Орта Азия археологиясының патриархы М.Е.Массон, 1928 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңайында қазба жұмыстарын жүргізеді. Оның зерттеулерінің нәтижесінде кесененің бастапқы іргесінің деңгейі анықталып, құрылыс тарихы жөнінде қосымша материалдар алынады. Ал қаланың өзі туралы, оның ішінде пайда болуы мен қалыптасуы және бастапқы сәйкестендірілуі жөнінде ғалымның пікірі белгілі шеңбер аясында қалып қояды, мұның негізгі себебі нанымды археологиялық деректердің жоқтығымен байланысты. Сол себепті де, біз М.Е.Массонның пікірін, оның Түркістан туралы негізгі еңбектерінен емес, И.И.Умняковтың жарияланымдарынан көреміз. Ол, Йасы қаласының алғашқы кезеңде аса үлкен болмағаны және кесенеден оңтүстіктегі аймақты алып жатқаны, әрі біртіндеп солтүстікке жылжығаны туралы жазғанда М.Е.Массонның пікіріне сілтеме жасайды [7, 32 б.; 3, 93-97 бб.].

Күлтөбе жайлы алғашқы археологиялық материалдар 1973 ж. ҚазКСО Ғылым Академиясының

Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының Түркістан археологиялық отряды (жетекшісі Т.Н.Сенига) тарапынан жүргізілген зерттеулер кезінде алынады. Өкінішке орай, бұл жерде басталған археологиялық зерттеу жұмыстары арада уақыт өте келе келешегі жоқ жоба деп тоқтатылып тастайды. Тек Күлтөбенің құлама жарқабағынан кездейсоқ табылған VII–VIII ғ.ғ. мерзімделетін, Отырар қаласында соғылған тиындар мен ерте орта ғасырлармен мерзімделетін керамикалары туралы мағлұматтар ғана қысқаша жарияланады [2, 54 б.]. Бірақ осы мәліметтердің өзі ақ, ерте кезеңдегі Иасы қонысының орнын кейінгі ортағасырлық Ескі Түркістанның төменгі қабаттарынан емес, кесенеден оңтүстікте орналасқан Күлтөбе төбесінің астынан іздеу туралы М.Е.Масонның пікірінің дұрыстығын көрсетіп тұр.

1980-1982 жылдары Күлтөбенің оңтүстік шетінде, көлемі 70 шаршы метрді құрайтын стратиграфиялық қазба салынды. Қазба нәтижесінде мәдени қабаттың тереңдігі 6,0 м құрады және оның 7 құрылыс кезеңінен тұратындығы анықталды. Табылған олжаларына байланысты, төменгі кезеңнің материалдары IV–V ғғ. мерзімделді [4, 4 б.].

Материалдар мен әдістер

Түркістан қаласының ежелгі тарихын зерттеу барысында қолданылған материалдар мен әдістер археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері мен тарихи деректерге негізделеді. Зерттеу объектісі ретінде Түркістан қаласының оңтүстік-батыс бөлігіндегі Күлтөбе аумағы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің айналасындағы ескерткіштер мен құрылыс қалдықтары алынған. Археологиялық зерттеулердің негізгі материалы ретінде түрлі тарихи кезеңдерден қалған артефактілер, құрылыс қалдықтары және стратиграфиялық мәліметтер

қолданылды. Қазба жұмыстары 1973 жылдан бастап бірнеше кезеңмен жүргізілді. Алғашқы зерттеулер кезінде, 1973 жылы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының Түркістан археологиялық отряды Күлтөбе төбесінде алғашқы қазба жұмыстарын бастады. Қазба нәтижесінде VII-VIII ғасырларға тән, Отырар қаласында соғылған тиындар мен ерте орта ғасырларға тән керамикалық ыдыстар табылды. Осылайша, ерте кезеңдегі Түркістан қонысының орны Күлтөбе төбесінің астында орналасқан деген болжамның дұрыстығы айқындала түсті.

Табылған археологиялық материалдар, оның ішінде керамика, тиындар, әр түрлі құрылыс элементтері және жәдігерлер кезеңін анықтау мақсатында мерзімделді. Әсіресе, түрлі металдық және керамикалық бұйымдармен бірге табылған тарихи артефактілердің көмегімен Түркістанның ерте кезеңдеріндегі қалалық өмір мен мәдениет туралы жаңа мәліметтер алынды. Керамикалық ыдыстардың бетіне түсірілген таңбалар мен жануарлар суреттері, сондай-ақ руникалық жазулар зерттеудің маңызды аспектісі болды.

Археологиялық деректерді мерзімдеу үшін салыстырмалы зерттеу әдісі қолданылды. Әсіресе, жерлеу орындары мен ғұрыптық бөлмелерден табылған материалдар, сонымен қатар құрылыс қалдықтарындағы іздер арқылы қаланың пайда болуы мен дамуын нақтылауға тырыстық. Сонымен қатар, табылған қыш ыдыстар мен басқа да ұсақ жәдігерлердің көмегімен мәдени қабаттардың хронологиялық шекараларын анықтау үшін үлгілер зертханалық зерттеулерге жіберілді.

Талқылау. 2011-2012 жж. жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Күлтөбе қаласының оңтүстік-батыс бөлігінен крест тәріздес құрылыстың іргесі анықталды [5;6]. «Кресттің» өлшемдері

18x18 м, «тармақтарының» ені 7 м. Крестің тармақтары элемнің төрт тарабымен бағыттас орналасқан. Ішкі бөлігі бір қалыпты еңістеу болып келеді. Бұл ғимараттан үш бөлме ашылады: шығыс-батыс сызығымен бағыттас, көлемі 13,7x2,9 м болатын орталық ұзын бөлме (А) және екі шетінен әр қайсысы оңтүстік-солтүстік сызығымен бағыттас, көлемі 2,35x2,9 м болатын бөлмелер (В және С).

Крест тәріздес құрылыстың қабырғалары қалыңдығы 0,9 м болатын шикі пахсадан тұрғызылған. Мұндай қалыңдыққа ие құрылыстың сақталған биіктігі 3,0-3,5 м. В және С бөлмелеріне орталық бөлмеден өтетін тұста шикі кірпіштен арка секілді құрылыс жүргізілген. Олар төменгі екі пахса қатарының арасына жартылай циркульді арка әдісімен қаланған. Аталған құрылыстың цитадельмен бірге үш рет жөндеу және қайта салу кезеңін бастан өткізгендігі байқалады. Крест тәріздес құрылыс ғимаратының қабырғаларында саңылау тәріздес атыс ойығының болуы, аталған нысанның бастапқы мақсатын көрсетеді. Осы жерде крест тәріздес ғимараттың бекініс мақсатындағы төменгі қабаты тазаланады. Кей жерлерде күмбез тәріздес құрылыстың іргелері бастапқы үш бөлмеден байқалады. Крест тәріздес ғимараттың бастапқы салынған құрылысынан кейін біршама уақыт өткенде, оңтүстік-шығыс бетінен қосымша құрылыс тұрғызылған. Жоспарланған ғимараттың ортасы аса үлкен емес ашық алаңқай болып табылады. Аталған алаңқай үш жағынан дәліздермен қоршалған. Кешеннің қосымша құрылысы тұрғызылғаннан кейінгі жалпы көлемі 20x25 м құрайды. Алаңқай бес бұрышты пішінге ие. Ішкі бөлігінің солтүстік-шығыс бағытындағы дәлізінен, қабырғадан 4,3 м шығатын жартылай дөңгелек пішінді мұнара қалдығы белгілі болады. Орталық алаңқайдың көпқабатты еденінен дөңгелек пішінді, диаметрі 15-18 см болатын, айнала орналасқан саңылау тесіктер анықталады. Біздің ойымызша аталған

саңылаулар шатыр тәріздес құрылыстың қабырға қадаларын бекітуге арналған болуы мүмкін. Оңтүстік-шығыс бөлігіндегі құрылыс аяқталғаннан кейін, екі құрылыс ғимараты да қаланың цитаделіндегі біртұтас қамал кешені ретінде қызмет атқарған. Крест тәріздес ғимараттың негізгі қызметі қамал цитаделінің мұнарасы немесе донжоны болған деп болжаймыз.

Цитадель екінші кезеңде, яғни аса үлкен емес аймақты (диаметрі шамамен 55 м) айнала пахсамен қоршағаннан кейін ғана толық безендіріліп бітті деуге болады. Кірпіш қаландысының құрылымына қарап, бекініс қабырғасы бастапқыда оңтүстік-шығыс бөліктегі ғимарат секілді пахса қаландысының арасына сазды қолдана отырып жасалғанын көреміз. Сақталған қабырғасының жалпы биіктігі әр жерінде әр түрлі, ең биік жерінде 3,2-2,5 м құрайды.

Зерттеу барысында анықталғандай, бекініс қабырғасының да өз алдына күрделі тарихы бар екендігі белгілі болып отыр. Оның қабырғасының бастапқы кездегі қалыңдығы 1,6 м және бір метр биіктікте атыс ойықтарының тесігі орналасқан. Оңтүстік бұрыш 120° пішінде иіліп келсе, бұрыштағы мұнаралар мен оның қабырғаларында негізгі кіре берісті атуға ыңғайланған ойықтар орналастырылған. Келесі кезеңдегі реконструкциялық жұмыстар кезінде қабырға қалыңдығы екі есе артып, бұрыштағы бастаулар ірі мұнараларға айналдырылған. Қаланың сыртқы қабырғасының екі бетінен қосымша құрылыстар салынған. Атыс ойығының төменгі бөлігі нығайтылып, қорғанысы мықты етіп жасалса, жоғарғы бөлігі қорғаныс қабырғасының бойымен жоғары өрлеп соғылады. Егер бұрыштардың 120 градуста жасалғанын ескерсек, онда бұл жерде алты бұрышты және мұнаралы цитадель болған секілді. Егер археологтарға цитадельдегі қазба жұмыстарын жалғастыру мүмкіндігі

туатын болса, онда Қазақстанның архитектуралық кешені үшін бірегей антикалық кезеңге тән цитадельді қайта қалпына келтіруге болады.

Нәтижелер. Цитадельдің өмір сүрген кезеңін оның қираған үйіндісінің орнынан табылған жәдігерлер кешенімен мерзімдеуге болады. Табылған материалдардың ішінен айқын әрі ақпараттық деңгейі жағынан төменгі қабаттағы едендерден табылған зергерлік бұйымдар мен кушандық кезеңге тән тиындарды ерекше атап айтуға болады. Екі дана тиынның біреуі кушандық император Хувишки (б.з. II ғ.) дәуірінде соғылған. Сонымен қатар иілген ілмегі бар оюланған сырға, дөңгелек миниатюрлі жапсырмалар, кәріптастан жасалған әшекей бұйымдар да ескерткішті мерзімдеуде параллель ұқсастықтар болып табылады. Аталған атрибуттар кешені Орталық Азия мәдениетіне жататын II–III ғ.ғ. мерзімделетін жәдігерлер болып табылады. Ал цитадель өзінің өмір сүру уақытын орта ғасырда-ақ тоқтатқандығын цитадельдің бұрышында орналасқан үйдегі от пен күл қалдықтарына қарап болжаймыз.

VII–VIII ғ.ғ. цитадельдің беткі қабаты тегістеліп, үстіне басқа құрылыстар түседі. Өкінішке орай, соңғы жылдардағы қазулар кезінде үсті қатты бұзылғандықтан, кейінгі құрылыстар туралы мәліметтер бізге жетпеді. Бірақ, осы жерде монументальды бекініс түріндегі цитадель пайда болған. Цитадельдің қабырғасына бедерлі, оюлы керамикалық тақталар қаланған. Мұндай әртүрлі пішінге ие тақталармен ерте ортағасырлық бекініс қамалдардың қас бетін безендірген, бұл әйгілі «Аников табағында» жақсы көрініс тапқан. Қазба барысында ерте ортағасырлық ескерткіш үйіндісінің астынан ерте түркілік ғұрыппен жерленген жылқы табылады. Тазалау кезінде жылқының басы кесілгені және қайыстан жасалған жүгені мен темір үзеңгісі бар екендігі анықталады.

Цитадельдің ежелгі қабырғасын шығысқа қарай тазалау барысында екі ғұрыптық бөлме анықталады. Бөлменің біреуінің қабырғасына таяу жерден рухтарға арнап құрбандық асы салынуы мүмкін екі бүтін керамикалық ыдыс табылады. Үлкендеу келген ыдыстың қабырғасына күйдіруге дейінгі үш қатарлы руникалық жазу сызылған. Ыдыстар қабырғаның ішіне тігінен әрі бос күйінде қойылған. Біреуінің беті жалпақ таспен жабылған болса, екіншісінің беті ашық күйінде қалған. Ыдыстардың мұндай белгілері бастапқыда қандай да бір сұйық тағам (сүт және т.б.) құйылғандығынан, кейін шіріп жоқ болып кеткендігінен хабар береді. Сонымен қатар, аузы ашық үлкен ыдыстың ернеуін жауып тұрған қақпағы органикадан (тері?) жасалып, уақыт өте ол да шіріп кеткен болуы да мүмкін. И.Л. Кызласовтың қорытындысы бойынша, ыдыс қабырғасындағы жазу «ачыкташ жазуына» жатады және IX ғ. мерзімделеді. Жазудың өзі әлі күнге дейін зерттеушілер үшін жұмбақ күйінде қалып отыр. Себебі жазу жазылған тіл ғылымда әлі түсініксіз. Алайда, соңғы уақыттарда бұл жазудың Сырдария бойындағы қалаларда тіршілік еткен оғыз тайпаларымен байланысты екендігін дәлелдейтін деректер пайда бола бастады. Сонымен қатар, «ачыкташ руникалық жазуы» руна жазуының батыс жақтағы еуроазиаттық топқа жататын бір бұтағы, яғни орхон, Енисей және Талас әліпбиінен тәуелсіз, өз алдына жеке қалыптасқан жазу деген пікірді белгілі түрколог ғалымдар айтып жүргені белгілі. Күлтөбе қаласынан табылған руникалық жазуы бар ыдыс қандай да бір құрылысқа арналған немесе жергілікті ғибадатханаға жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде шалынған ғұрыптық құрбандықтың бөлшегі болуы да мүмкін.

Аталған мәдени қабаттан әртүрлі таңбалар тәрізді белгілер мен жануарлар суреті сызылып түсірілген үлкенді-кішілі қыш ыдыстар табылды. Соның бірі, біздің

тарапымыздан бірінші рет табылып отырған – белгісіз әйелдің бейнесі салынған ыдыс сынығы.

Сонымен, Түркістанның ежелгі қабаттарын зерттеу барысында табылған жаңа материалдар аймақтағы урбанизация үдерістерінің толық бейнесін түсінуге, жекелей алғанда ежелгі Түркістан тарихының кейбір ақтандақ тұстарын анықтап қарауда көп үлес қосып отыр. Мерзімдеу мәселесіне үлкен көмегі бар жәдігерлер кешені анықталды, оның ішінде бірегей құрылыс болып табылатын Қазақстандағы ең көне қалалық цитадель ашылып отыр. Бірегей ескерткіштерге ие нысандағы көне құрылыс мәдениеті өз кезегінде Түркістан қаласы тарихының ежелгі катпарларына тереңірек үңілуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Түркістан қаласының ежелгі тарихын зерттеу барысында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары мен тарихи деректердің талдауы қала тарихының көптеген белгісіз тұстарын ашуға мүмкіндік берді. Түркістанның ерте кезеңдеріндегі урбанизация үдерістерін, оның архитектуралық құрылымын және мәдени даму ерекшеліктерін зерттеу нәтижелері аймақтағы тарихи дамуды жаңа тұрғыдан түсінуге жол ашты.

Зерттеу барысында анықталған археологиялық материалдар, әсіресе Күлтөбе аумағындағы табылған олжалар, қаланың ерте ортағасырлық тарихы мен урбанизация үдерістерінің нақты хронологиясын анықтауға мүмкіндік берді. Қала тарихына қатысты жазба деректердің жетіспеушілігі мен аңыздар деңгейінде қалып келген мәліметтерге қарамастан, археологиялық зерттеулердің нәтижелері Түркістанның ерте кезеңдеріндегі дамуын дәлелдейді. М.Е. Массонның пікірі бойынша, Түркістанның алғашқы қонысы Күлтөбе төбесінде

орналасқандығы жөніндегі болжам, кейінгі археологиялық қазбалармен расталып, қала тарихының түпкі негізін ашты.

Күлтөбе төбесінен табылған крест тәріздес ғимарат пен оның стратиграфиялық қабаттары қаланың сәулет өнері мен қорғаныс жүйелерінің дамуын көрсетеді. Сонымен қатар, цитадельдің құрылыс тарихы мен оның әр түрлі кезеңдердегі өзгерістерін зерттеу нәтижелері Түркістан қаласының әскери және әлеуметтік құрылымдары туралы жаңа мәліметтер ұсынды. Қазба жұмыстарынан табылған руникалық жазулар мен басқа да мәдениет үлгілері Түркістанның ерте ортағасырлық кезеңде Орталық Азияның маңызды мәдени және сауда орталықтарының бірі болғанын дәлелдейді.

Сонымен қатар, археологиялық зерттеулердің нәтижесінде табылған көптеген жәдігерлердің ішінде мәдени қабаттар мен ғұрыптық бөлмелердің, сондай-ақ ерте түркілік ғұрыптар мен жерлеу дәстүрлерінің материалдық дәлелдері Түркістанның тарихының тереңдігін айқындайды. Бұл қаланың тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орта Азияның мәдени мұрасына қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында анықталған бірегей құрылыс, сондай-ақ археологиялық табылған тиындар, керамика және басқа да артефактілер Түркістан қаласының ерте ортағасырлық кезеңін мерзімдеуде маңызды рөл атқарады. Күлтөбе аумағынан табылған жәдігерлер мен құрылыс қалдықтары, қала тарихының түрлі кезеңдеріндегі урбанизация үдерістерін айқындап қана қоймай, сонымен қатар Түркістанның мәдени және тарихи контекстіндегі орнын көрсетуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, Түркістан қаласының ежелгі тарихын зерттеу, оның қалыптасу мен дамуын жан-жақты түсінуге мүмкіндік беретін жаңа ақпараттарды ашты. Археологиялық зерттеулер қаланың құрылымдық және

мәдени дамуын, сондай-ақ оның уақыт өте келе аймақтық және халықаралық маңыздылығын дәлелдеді. Алдағы уақытта зерттеу жұмыстарының жалғасуы, сондай-ақ табылған жәдігерлердің қосымша талдануы Түркістанның тарихы мен мәдениетін тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

Мақала АР23490104 «Түркістан облысындағы діни туризм нысандарының ақпараттық әлеуетін зерделеу: 4 тілде мультимедиялық интерактивті атлас әзірлеу» атты гранттық жоба аясында дайындалған.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Настич В.Н. Новые факты из истории монетного производства и денежного обращения в Южном Казахстане (XII-XVIIвв.) // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата, 1983. С. 143-152.

2. Сенигова Т.Н., Бурнашева Р.З. Новые данные о городище Туркестан // Известия АН КазССР, сер. обществ. наук. 1977. № 2. С. 49-55.

3. Смагулов Е.А. Михаил Евгеньевич Массон и археология Туркестана // Новости археологии. Международный казахско-турецкий университет им.Х.А.Яссави. Научно-исследовательский институт археологии и этнологии. Вып.1. Туркестан, 1997. С.93-96.

4. Смагулов Е.А. Обзор стратиграфических данных и наблюдений по топографии средневекового Туркестана // Известия МОН РК. Серия обществ. наук. 2000, №1. С. 3-17.

5. Смагулов Е.А., Ержигитова А.А. Архитектурно-археологический комплекс цитадели древнего Ясы (Туркестан)// Археология Узбекистана, №1 (6), 2013. С.60-75.

6. Смагулов Е.А. Из истории кангюйской архитектуры: здания крестообразной планировки // Интеграция археологических и этнографических исследований: сб. научн. тр. Казань: Ин-т истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2010. Ч. 1 (гл. ред. Н.А. Томилов). С. 174-180.

7. Умняков И.И. Архитектурные памятники Средней Азии. Исследование.Ремонт. Реставрация 1920-1928 гг. Ташкент, 1929. 40 с.

МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ: САКРАЛЬНЫЙ ТУРИЗМ КАК СИМВОЛИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ НАРОДА

Блялова Айнагуль

магистр экономических наук, старший преподаватель
кафедры «Туризм и ресторанное дело», Карагандинский
университет Казпотребсоюза (Караганда)

Статья посвящена сакральному туризму ориентированная на возрождение духовных ценностей казахстанцев с учетом всех современных рисков и вызовов глобализации, она подчеркивает важность модернизации общественного сознания, развития конкурентоспособности, прагматизма, сохранения национальной идентичности и открытости сознания граждан, а также культурно-географический пояс Казахстана символическая защита и источник гордости, который незримо несет нас через века сакральные места связанные с историческими личностями, сакральные места связанные с историческими и политическими событиями.

Ключевые слова: глобализация, модернизация, сакральный туризм, духовные ценности.

The article devoted to sacred tourism, oriented to the revival of the spiritual values of the people of Kazakhstan, taking into account all the contemporary risks and challenges of globalization, it emphasizes the importance of modernizing public consciousness, developing competitiveness, pragmatism, preserving the national identity and openness of citizens' consciousness, and the cultural and geographical zone of Kazakhstan symbolic protection and source pride, which invisibly carries us through the ages of sacred places associated

with historical personalities, sacred places related to historical and political events.

Keywords: globalization, modernization, sacral tourism, spiritual values.

«У каждого народа, у каждой цивилизации есть святы места, которые носят общенациональный характер, которые известны каждому представителю этого народа. Это одно из оснований духовной традиции» К.К.Токаев.

Послание Главы государства Президента РК К.К.Токаева народу Казахстана «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» 01 сентября 2023 года «это платформа, соединяющая горизонты прошлого, настоящего и будущего народа».

«Рухани Жаңғыру» - программная статья Главы государства, ориентированная на возрождение духовных ценностей казахстанцев с учетом всех современных рисков и вызовов глобализации. Статья подчеркивает важность модернизации общественного сознания, развития конкурентоспособности, прагматизма, сохранения национальной идентичности, популяризации культа знания и открытости сознания граждан. Эти качества должны стать основными ориентирами современного казахстанца.

Как известно, программа «Рухани жанғыру» (духовное просвещение) включает в себя 6 специальных проектов: «Туган жер», «Сакральная география Казахстана», «Казахстанская культура в современном мире», «100 новых учебников», «Перевод казахского языка на латинскую графику», «100 новых лиц», которые реализуются по шести базовым подпрограммам: «Атамекен», «Тәрбие және білім», «Рухани қазына», «Ақпарат толқыны», «Өзгерісті өзінен баста», «Іскер азамат ел тірегі».

Сохранить и приумножить духовные и культурные ценности — вот основная цель работы по программной

статье президента «Рухани жангыру» - взгляд в будущее. Одним из направлений модернизации общественного сознания является работа по формированию чувства патриотизма. Патриотизм начинается с любви к своей земле, к своему аулу, городу, с малой родины. «Туған жер» - во все времена фундаментом национальной идентичности являлась родная земля, которая формировала вокруг себя традиции и культуру всех этносов, проживающих на ней. Такое сакральное чувство, как любовь к родине подвигает на новые достижения практически во всех сферах жизнедеятельности. Спецпроект «Туған жер» направлен на развитие «малой родины», вовлечение граждан к развитию родного края, а также направлен на решение социальных проблем.

Спецпроект «Сакральная география» - раскрывает духовное развитие человека, основанное на его связях с родной землей, культурой и историей, что является ориентиром для человека в его жизни. В число таких ориентиров можно будет включить подвиги великих предков, чьи личности увековечены в виде мест для паломничества и культурного обогащения нации. Знание таких мест позволяет нам многому учиться, и черпать из них необходимую жизненную силу. В этой связи, создание Сакральной географии решает не только вопрос духовного обогащения человека, но и также отмечает богатство нашей истории, культуры и традиций. Раздел включает в себя информацию о сакральных местах, их историю и особенности. В своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» К.К.Токаев пишет: «Культурно-географический пояс святынь Казахстана – это и есть такая символическая защита и источник гордости, который незримо несет нас через века». По сведениям научно-исследовательского центра

«Сакральный Казахстан», «на сегодняшний день, 100 объектов получили статус общенационального значения, и в соответствии с разработанным положением разбиты на пять обширных блоков:

- особо почитаемые памятники природного наследия;
- археологические памятники и крупные средневековые городские центры;
- религиозные и культовые объекты, являющиеся местами поклонения;
- сакральные места, связанные с историческими личностями;
- сакральные места, связанные с историческими и политическими событиями. [1]

Вышла в свет книга с полным списком сакральных мест Казахстана и уже разработана виртуальная карта каждого объекта. Карту можно увидеть в Интернете, так же, как и специальные видеоролики». Проектом «Сакральный Казахстан» охвачены все объекты, имеющие важность в историко-культурном наследии и в социально-политической жизни Казахстана, выступающие в качестве национального единства и возрождения.

На сегодняшний день, «по области насчитывается 2700 памятников истории и культуры, из которых 1538 находятся под охраной государства, из них 22 памятника истории и культуры республиканского значения, среди них: мавзолей Жоши хана и Алаша хана, Домбаула, Болган ана, некрополи Бегазы, Дандыбая, средневековые городища Баскамыр, Аяккамыр, развалины буддийского храма Кызыл-кеныш и другие».

В целях популяризации историко-культурного наследия края и развития внутреннего туризма, музеи области провели проект-презентацию туристических услуг музеев Карагандинской области: «Музей как феномен социокультурного пространства в туризме», для турагенств

г.Астаны, г.Караганды. Разработаны и представлены туристические маршруты по региону, раскрывающие комплекс памятников истории, древней архитектуры и природы, образующие своего рода каркас нашей национальной идентичности. Культурно-географический пояс Карагандинской области требует от каждого из нас серьезной образовательной подготовки, а СМИ в свою очередь, могут системно подойти к популяризации проектов по данной тематике. Карагандинский областной историко-краеведческий музей проводит археологические и этнографические экспедиции, принимает участие в реставрации памятников местного значения, и имеет в фондах уникальные артефакты. Изучены и опубликованы материалы, имеется база данных находок, которые со временем будут оцифрованы в рамках программы «Цифровой Казахстан», что создаст условия для быстрого и беспрепятственного доступа на онлайн платформах. Перенос музейных материалов в цифровой формат, даст возможность учащимся и студентам использовать уникальные материалы из фондов музея в своей исследовательской деятельности. В рамках сотрудничества между музеем и Карагандинским университетом Казпотребсоюза стало проведение практики для студентов кафедры «Туризм и ресторанное дело», а также выполнение курсовых работ по музейной и краеведческой тематике, практические занятия в музее и многое другое. К их числу так же относится организация и проведение транспортных экскурсий по региону: посещение музея памяти жертв политических репрессий п.Долинка, «Мамочкино кладбище» как одно из сакральных объектов местного значения, «Спасский мемориальный комплекс», Историко-культурный центр Первого Президента, так же включен как объект общенационального значения. В свете реализации

спецпроекта «Сакральная география» программы «Рухани Жаңғыру» планируется совместное посещение сакральных мест Улытау-Жезказганского региона, мемориального комплекса Бухар Жырау и других объектов. [2]

Также проведением выездных занятий в Карагандинский Областной историко-краеведческий музей, для специальности «Туризм», где представителями музеев были представлены проект-презентации: «Музей как феномен социокультурного пространства в туризме». С приветственным словом выступил Агимбаев Е.Ж. – руководитель Управления культуры, архивов и документации Карагандинской области, а также выступил наш выпускник Карагандинского университета Казпотребсоюза Альжанов Д.Б. который является руководителем отдела туризма и внешнеэкономических связей ГУ «Управление предпринимательства» Карагандинской области. Представили музеев предоставили свои презентации, по туристическим маршрутам музеев Карагандинской области - это:

1. Областной музей изобразительного искусства - Туристический маршрут на тему: «Палитра искусства».

2. Музей горного и плавильного дела им. М. Торегельдина в г. Жезды - Туристический маршрут на тему: «Мыс жолы уақытқа тәуелсіз саяхат».

3. Историко-культурный центр Первого Президента РК г. Темиртау – Туристический маршрут на тему: «Город Первого Президента».

4. Жезказганский историко-археологический музей – туристический маршрут: «Жезказган жерінің туристік картасы».

5. Темиртауский историко-краеведческий музей - Туристический маршрут на тему: «Темиртау – индустриальное сердце Казахстана».

6. Балхашский историко-краеведческий музей - Туристический маршрут на тему: «Балхаш туристический город».

7. Музей памяти политических репрессий - Туристический маршрут на тему: «Долинка – столица Карлага».

8. Каркаралинский историко-краеведческий музей - Туристический маршруты на тему: «Тайна трех пещер», «Кентский дворец», «Озеро Бассейн».

9. Государственный национальный природный парк «Буйратау»

10. Актогайский археолого-краеведческий музей - Туристический маршрут на тему: «Жемчужина Сары-арка - Кызыларай».

11. Осакаровский историко-краеведческий музей - Туристический маршрут на тему: «Осакаровка вчера и сегодня».

12. Шетский районный археолого-этнографический музей- Туристический маршрут на тем.: «Шет өңірі тұнған тарих».

13. Нуринский историко-краеведческий музей - Туристический маршрут на тему: «Культурное наследие Нуры».

14. Жанаркинский историко-краеведческий музей им С. Сейфуллина - Туристический маршрут на тему: «Жанарқа - дала тарихының бір парағы».

15. Бухаржырауский историко-краеведческий музей - Туристический маршрут на тему: «Археологические памятники Бухаржырауского района».

16. Карагандинский областной историко-краеведческий музей - Туристический маршруты на тему: «История становления и развития города Караганды», «Карла – зона вечной памяти» экскурсия в памяти политических репрессий г.Долинка, посещение

«Мамочкино кладбище», «Спасский мемориальный комплекс», «Стальной профиль Казахстана» экскурсия в г. Темиртау, посещение Историко-культурный центр Первого Президента РК.

17. Презентация оборудования для-гидов экскурсоводов – Абаканов С.А. – директор МТА «Арман - Тур» г. Астана, директор школы гидов-переводчиков, экскурсовод г. Астана, представитель завода ООО «Радио - Гид» г. Санкт-Петербург, Россия.

Были приглашены также представители разных туристических фирм, где присутствовали наши выпускники Карагандинского университета Казпотребсоюза, которые работают в данное время в различных туристических фирмах нашей Карагандинской области и в других городах Казахстана. Надеемся, что у нас будет дальнейшее сотрудничество с представителями этих музеев с прохождением практики Ваших студентов. Таким образом, одна из основных задач это развитие культурно-образовательного туризма, создание условий и возможностей для их посещения казахстанцами, независимо от возраста, национальности и религиозных предпочтений, чтобы посещали эти святыни и через них узнавали историю своего народа. [3]

Список использованной литературы:

1. Статья Главы государства «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

2. Сайт: www.ruh-kz Раздел «Сакральная география».

3. Сайт: www.karkultura.gov.kz Раздел «История региона».

ҚОЖА АХМЕТ ЙАСАУИ: РУХАНИ ІЗГІЛІКТІҢ БАСТАУЫНДАҒЫ ҰСТАЗДЫҢ ТАРИХИ- ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ

Аманиязова Б.А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университетінің оқытушы (Ақтөбе)

Мақалада Қожа Ахмет Йасауидің түркі әлеміндегі рухани ұстаз ретіндегі тарихи-әлеуметтік рөлі мен маңызы қарастырылады. Оның ілімі ислам дінінің түркі мәдениетіне табиғи түрде сіңуіне ықпал етіп, қоғамдағы рухани тазалық, әділдік, ізгілік ұстанымдарын күшейтті. Йасауидің «Диуани хикмет» еңбегі адамгершілік пен рухани кемелдікке жету жолын көрсетті. Бүгінгі таңда оның рухани мұрасы адамзатқа үлгі боларлық баға жетпес қазына ретінде өзектілігін сақтап отыр.

Кілт сөздер. рухани, адалдық, ізгілік, адамгершілік, мәдениет.

The article examines the historical and social role and significance of Khoja Ahmed Yasawi as a spiritual mentor in the Turkic world. His teachings facilitated the natural integration of Islam into Turkic culture, strengthening spiritual purity, justice, and virtue in society. Yasawi's work Diwani Hikmet shows the path to spiritual perfection and humanity. Today, his spiritual legacy remains a priceless example for humanity.

Key words. Spiritual, honesty, kindness, humanity, culture.

Кіріспе

Қожа Ахмет Йасауи – түркі әлемінің рухани ұстазы, ислам дінінің таралып, рухани-мәдени жаңғыруына үлесін

қосқан тарихи тұлға. Оның өмірі мен мұрасы адамзатқа рухани ізгілік үлгісі болды. Йасауи дүниетанымы мен ілімі түркі халықтарының мәдениеті мен рухани өмірінде ерекше рөл атқарды. Бұл мақалада Қожа Ахмет Йасауидің рухани ізгіліктің бастауындағы ұстаз ретінде тарихи-әлеуметтік маңызы қарастырылады. Сонымен қатар оның мұрасының бүгінгі күнге дейін сақталғандығы қарастырылады.

X-XII ғасырларда Орта Азия мен Қазақстанда қала, кенттер өркендеген, жергілікті халықтардан талай ұлы жазушылар, ұлы ғалымдар шыққан; жергілікті ру-тайпалар өкілдері шығарған, жазған түрлі әдеби шығармалар, ғылыми еңбектер болған. Бұл жерде оларды түгел теріп отырмай, Мұхамед Хорезмиді, Әбунасыр әл-Фарабиді, Әбурайхан әл-Беруниді, Әбуғали Ибн Синаны Әбілқасым Фердоусиді, Рабғузиді, Махмут Қашқариді, Қожа Ахмет Ясауиді, Баласағұндық Жүсіпті және солардың көркем шығармалары мен ғылыми еңбектерін атауға болады [1, 20 б.].

Қожа Ахмет Йасауи – түркі халықтары арасында ерекше орны бар ірі тұлға, оның ілімі мен мұрасы сан ғасырлар бойы терең әсер қалдырып келеді. Ислам діні түркі елдерінде кеңінен тараған кезде Йасауидің өмірі мен ілімі жаңа рухани бағдар берді. Ол тек дін таратушы ғана емес, рухани ұстаз, адамдардың жүрегін тазартушы, жол көрсетуші. Ол жазған салған "диуани хикмет" кітабы – ислам әдебін түркі халықтарына жеткізе білген және олардың тұрмысына, өміріне, дүниетанымына сәйкестендіре білген еңбектердің бірі. Осы еңбегінде ол сабыр, әділдік, жан тазалығы, ізгілік сияқты адами құндылықтарды насихаттайды және бұл еңбек Йасауиді бүкіл түркі жұртына ортақ рухани ұстаз деңгейіне көтерді.

Мақаланың мақсаты мен міндеттері. Мақаланың басты мақсаты – Қожа Ахмет Йасауидің рухани өмір мен

әлеуметтегі алатын орны мен маңызын түсіндіру. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында мынадай міндеттер қойылды:

1. Йасауидің рухани ұстаз ретіндегі қызметі мен мұрасына шолу жасау;

2. Йасауидің ілімінің түркі мәдениетіне және ислам дінінің дамуына тигізген әсерін анықтау;

3. Йасауидің тарихи және әлеуметтік ортасындағы рөлін айқындау.

Әдіс-тәсілдері: Мақалада қолданылатын негізгі әдіс – тарихи-философиялық талдау. Бұл әдіс арқылы Қожа Ахмет Йасауидің өмірі мен мұрасының рухани, әлеуметтік және мәдени контекстін түсіну мүмкіндігіне қол жеткізіледі.

Қожа Ахмет Йасауидің рухани ұстаз ретіндегі қызметі

Қожа Ахмет Йасауи өзінің ілімі мен өмір сүру салты арқылы түркі әлемінің рухани ұстазына айналды. Йасауидің басты мақсаты – ислам дінін идеялық жағын терең түсіндіріп, ізгілік, сабыр және әділдік ұғымдарын насихаттау болды. Оның ілімі халық арасында «диуани хикмет» арқылы таралды және бұл еңбек рухани мұра болып бізге жетті. Рухани ұстаз исламның этикалық құндылықтарын түркі мәдениетінің ерекшеліктерімен үйлестіріп, халыққа қолжетімді және түсінікті деңгейде жеткізді. Йасауи өз заманының күрделі діни, саяси және мәдени жағдайында өмір сүріп, өз ілімімен адамдарға рухани тазалыққа жетудің жолын көрсетті. Ол адамдардың ішкі дүниесін, моральдық және рухани сапаларын жетілдіруге баса назар аударды. Йасауидің ойынша, рухани кемелдікке жетудің басты шарттары – сабыр, тақуалық, әділ әрі қарапайым болу.

Йасауидің рухани ілімінің негізінде адамның ішкі жан дүниесін жетілдіру және жүректегі кірден арылу идеясы

тұрды. Ол діни қағидаларды сырттай орындап қана қоймай, адамның шынайы жүрек тазалығына жетуін ең басты мақсат ретінде қарастырды. Йасауидің рухани ұстанымдары мен этикалық талаптары оның замандастарының ғана емес, одан кейінгі ұрпақтардың да өміріне зор әсер етті. Оның іліміне сәйкес, рухани ұстаздық – тек діни білім беру емес, сонымен қатар адамдардың жүректерін тазартуға, олардың жан дүниесін жетілдіруге бағытталған іс-әрекет. Бұл көзқарас Йасауидің ілімін ерекшелеп және оның тұлғасын рухани ұстаз ретінде құрмет тұтқызады.

Йасауидің ұстаздық қызметінің тағы бір ерекшелігі – ол өз ілімін тек теориялық деңгейде ғана қалдырмай, өмірінде толықтай іске асырған. Қожа Ахмет Йасауидің ілімі, өз хикметтері арқылы дін саласымен қатар мәдениет, өнер және әдебиет саласына да ықпал етті. Ол поэзияны рухани ілімдерді жеткізудің бір құралы ретінде қолданды.

Қожа Ахмет Йасауи өз шығармаларын оғыз-қыпшақ диалектісінде жазған. Оның ең танымал еңбектері: «Диуани хикмет» («Даналық кітабы»), «Мират ул-Кулуб» («Жан айнасы»), «Пақырнама» («Кедей жайлы әңгіме») бар. Біздің заманымызға бірнеше нұсқада жеткен ең танымал шығармасы – Қожа Ахмет Йасауидің «Диуани хикмет» («Даналық кітабы»), ол қыпшақ диалектісінде көне түркі тілінде жазылған және түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы. Түпнұсқасы сақталмаған, XV-XVI ғасырлардағы көшірмесі ғана жеткен. Бұл еңбекте йасауийлік тариқаттың негізгі ережелері қорытындыланған. Қожа Ахмет Йасауи «Диуани хикмет» арқылы исламды насихаттап, мұсылмандықтың халық арасында нығаюына ықпал етті [2, 6 б.].

Тарихи құжаттар Қожа Ахмет Йасауидің «Диуани хикмет» еңбегі бірнеше рет көшіріліп, редакцияланып, толықтырылғанын айтады. «Диуани хикмет» қолжазбалары

негізінен Ташкент, Санкт-Петербург, Стамбұл кітапханаларында сақтаулы. Соңғы онжылдықта «Диуани хикмет» бірнеше рет шетелде және Қазақстанда қайта басылды.

Түркі суфизмінің зерттеушілері Қожа Ахмет Йасауи суфизм мектебінің өз ерекшеліктері бар екенін айтады. Рухани-адамгершілік кемелдену мен Жаратушыны танудың міндетті шарты ретінде ол шарифат, тариқат, хақиқат, мағрифат сатыларынан өтуді талап етті. Шарифат – исламның талаптарына сай ізгі өмір сүру, тариқат – дүниеден бас тартуды білдіретін мистикалық жол, мағрифат – мистикалық таным және уақытша Алламен бір болу, ал хақиқат – Алламен тұрақты байланыс, яғни суфийлердің дүниелік тілектерден бас тартып, кемелдікке жетуі.

«Диуани хикметте» төрт ұстанымға – шарифат, тариқат, хақиқат, мағрифатқа ерекше назар аударылады. Ахмет Йасауидің ойынша, шарифат, тариқат, мағрифатсыз хақиқат (Аллаға жақындау) мүмкін емес. «Шарифатсыз тариқатқа, мағрифатсыз ақиқатқа өтуге болмайды», – дейді Йасауи [3]. Адамды рухани күш-жігерсіз, жанқиярлықсыз, тіпті өмірден бас тартуға дайындықсыз анықтау мүмкін емес. Йасауи адамдарды тақуалыққа, дүниеден бас тартуға және төзімділікке шақырады, себебі бұл ақыретте бақытқа жетуге кепілдік береді. Ол әділдікке, адалдыққа және мейірімділікке шақырады. Оның арқасында түркі тілі әдеби қолданысқа енді. Йасауи арқылы суфизм философиялық жүйе ретінде түркі халықтарының рухани танымында және дүниетанымында шешуші рөл атқара бастады. Йасауиге дейін түркі халықтары Тәңірге сыйынса, одан кейін Аллаға сенім артты. Суфизмнің арқасында түркі халықтары шығыс философиясын, әлемдік діндер философиясын түсінді.

XIV ғасырда Әмір Темірдің бұйрығымен Түркістанда архитектуралық ескерткіш – мавзолей салынды, кейіннен

әлем мұсылмандары жаппай зиярат ететін орынға айналды. Осы мавзолейді үш рет зиярат ету Меккеге барумен теңестірілген.

Қорыта айтқанда, Қожа Ахмет Йасауи рухани ұстаз ретінде адамдардың ішкі дүниесін жетілдіруге, жүрек тазалығына, адамгершілік қасиеттерді дамытуға ерекше мән берді. Оның ілімі өзі өмір сүрген бір кезеңге ғана емес, кейінгі заманға да үлгі боларлық рухани мұра болып қалды. Йасауидің рухани ұстаз ретіндегі қызметі мен ілімі оның есімін тарихта мәңгілік қалдырып, ұрпақтан-ұрпаққа ізгілік пен рухани жаңғырудың бастауындағы ұстаз етті.

Йасауидің ілімінің түркі мәдениеті мен исламға әсері

Қожа Ахмет Йасауи ислам дінінің этикалық және рухани қағидаларын түркі мәдениетіне сіңіруде үлкен рөл атқарды. Ол ислами жаратушыға сену, рухани тазару, әділдік пен ізгілікті түркі халқының өмір сүру салтымен үндестіре білді. Йасауи ілімі түркі халықтарының мәдениетіне және олардың рухани жаңғыруына үлкен ықпал етіп, ислам дінінің кең таралуына себепкер болды.

Қожа Ахмет Йасауидің ілімі мен оның рухани жолы исламның түркі халықтарының мәдениетіне терең енуіне ерекше ықпал етті. Ол өз ілімінде исламның этикалық және рухани негіздерін түркілік дүниетанымға сай келетін элементтермен үйлестіре отырып, ислам дінінің негізгі қағидаларын халыққа жеңіл және түсінікті етіп жеткізді. Йасауидің бұл әрекеті ислам дінін түркі мәдениетіне сіңірудің сәтті үлгісін көрсетті және Орта Азиядағы исламның кең таралуына әсер етті.

«Диуани хикметтің» мақсаты тек миссионерлік қызметпен шектелді деп айтуға болмайды. Әрине, бұл шығарма түркілерге күшті діни әсер еткен, алайда «хикметтер» басқа да қызметтер атқарды. Мысалы, мәтіндерде түркі халықтарын біріктіру және

мемлекеттілікті нығайту идеясы бар. Осылайша, Йасауи хикметтері белгілі бір дәрежеде қоғамдық және саяси рөл атқарған деп айта аламыз. «Хикмет» сөзінің мағынасының өзі араб тілінде «даналық», «терең білім», сонымен қатар – «әділ үкім», «түсінік» дегенді білдіреді.

Йасауидің ілімі бойынша, дін – тек шарифат заңдарын ұстану емес, ол адам мен Алланың арасындағы терең рухани байланыс, жан дүниенің тазалығы, шынайы сенімге негізделген өмір салты. Ол адамдарды ислам дінінің моральдық құндылықтарына, атап айтқанда, шынайы адалдық, мейірімділік, әділдік және сабырлылық сияқты қасиеттерге шақырды. Оның хикметтерінде бұл құндылықтар поэзия тілінде көркем жеткізілген, сондықтан да бұл еңбектер халық арасында ерекше танымал болды.

Йасауи ілімі арқылы ислам дінінің түркі халықтарының ежелгі дәстүрлері мен дүниетанымына сәйкестігін көрсетті. Ол исламдағы сопылық ілімін түркілердің қалыптасқан мәдени-әлеуметтік құндылықтарымен үйлестіре отырып, халықтың сана-сезіміне сай келетін дүниетанымдық концепцияны ұсынды. Мысалы, түркілердің ежелден келе жатқан өзіне тән рухани түсініктері мен табиғатпен үйлесімді өмір сүруге негізделген салт-дәстүрлері Йасауидің исламдағы рухани тазалық және адамгершілік принциптерімен үйлесім тапты. Бұл үйлесім ислам дінін түркі халықтары арасында табиғи жолмен таратып, оларды сенімге, моральдық және рухани құндылықтарға негізделген жаңа дүниетанымға бағыттады.

Қожа Ахмет Йасауи өзінің ілімі арқылы исламның кең таралуына және қабылдануына ықпал етті. Ол дінді тек сыртқы көріністер арқылы емес, ішкі жан дүниенің тазалығы мен ізгілікке ұмтылу арқылы түсінуге үйретті. Түркі халықтары үшін исламның бұл рухани аспектісі жақынырақ болды, себебі ол дәстүрлі салт-дәстүрлермен үндес еді.

Йасауидің ілімі арқылы қалыптасқан құндылықтар түркі халықтарының мәдениетіне сіңді. Орта Азияда қалыптасқан ислам мәдениеті Йасауи ілімі негізінде рухани тұрғыдан нығайып, түркі мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Бұл мәдениеттің поэзия, музыка және өнер сияқты түрлерінде Йасауидің сопылық көзқарасының ықпалы айқын көрінді. Мысалы, сопылық поэзия түркі әлемінің әдебиетінде ерекше бағыт ретінде дамыды, бұл поэзияда адамгершілік, рухани тазалық, ізгілік, сабырлық және шынайы сенім мәселелері көркем тілмен жеткізілді.

Йасауи ілімі ислам философиясының дамуына да үлкен ықпал етті. Ол адам рухының ішкі дамуына, шынайы сенім мен рухани ізгілікке жетуге ерекше мән берді. Йасауи ілімінің басты мақсты - адамның жүрегін тазарту және моральдық кемелдікке жету. Қожа Ахмет Йасауи жолының негізгі философиясы - Құдайдың рақымы, ізгілік, адамгершілік, шыншылдық, сондай-ақ Аллаға толық сенім мен үміт арту. Бұл көзқарас кейінгі ислам философиясында адам мен Алла арасындағы қарым-қатынас, рухани даму, жүрек тазалығы туралы ілімдердің дамуына негіз болды. Йасауидің шәкірттері оның ілімін дамыта отырып, ислам философиясына елеулі үлес қосты және рухани кемелдікке жету жолдарын анықтап, халық арасында ислам дінінің рухани мәнін жеткізді. Мұның нақты мысалын біз халқымыздың ізгілікке, имандылыққа негізделген әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінен, жыр-аңыздары мен мақал-мәтелдерінен, кешегі жыраулар поэзиясы мен би-шешендердің нақыл сөздерінен, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп секілді көрнекті тұлғаларымыздың туындыларынан айқын аңғарамыз.

Қожа ахмет йасауидің тарихи және әлеуметтік рөлі

Йасауидің тарихи рөлі оның исламды халыққа ұғынықты түрде насихаттап, түркілерге жақын мәдениет пен рухани дүниетаным аясында жеткізе білуінде болды.

Ол исламның тек шарифат заңдары мен сыртқы ғибадаттарын үйретіп қана қоймай, адамдардың ішкі дүниесін байытуға, оларды рухани кемелдікке жетелеуге күш салды. Йасауидің осы ерекшелігі оның түркілер арасында беделді рухани жетекші болуына себеп болды.

Қожа Ахмет Йасауидің ілімі қоғамдағы әділдік пен татулықты, өзара сыйластықты нығайтуды көздеді. Ол өз шығармаларында әділеттілік пен адамгершілікті насихаттап, қоғам мүшелерін бір-бірін құрметтеуге, бауырмалдыққа шақырды. Әділеттілікті орнату тек жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның рухани тұрғыдан дамуына тікелей байланысты деп санады. Оның хикметтері әлеуметтік бірлікке, рухани тұтастыққа жету жолдары көрсетті, бұл сол кезеңдегі қоғамның ішкі мәселелерін шешуге ықпал етті.

Йасауидің ілімі негізінде қалыптасқан сопылық бағыт оның рухани ұстаз ретінде ерекшелігін көрсетеді. Ол сопылықты адамдардың жүрегін тазартудың, олардың ішкі жан дүниесін жетілдірудің жолы деп білді. Йасауидің рухани орталықтары кейінірек Орта Азиядағы діни, мәдени орталықтарға айналып, исламның рухани бағытта дамуына, түркі халықтарының рухани тұрғыдан кемелденуіне үлкен үлес қосты. Бұл мектептер тек діни емес, сондай-ақ мәдени, әдеби және білім орталықтары ретінде танымал болды, олар түркі әлемінде білім мен руханияттың, ислам мәдениетінің дамуына жағдай жасады.

Қожа Ахмет Йасауидің әлеуметтік рөлі оның бүгінгі заманда да маңызын жоғалтпады. Ол қоғамдағы тұрақтылық пен рухани құндылықтарды қалыптастыруда орасан зор еңбек етті. Қазіргі заманғы көптеген рухани мәселелердің түп негізі де Йасауи көтерген мәселелермен үндеседі. Адамдардың жан дүниесінің тазалығы, қоғамдағы әділеттілік пен ынтымақтастық, рухани құндылықтарға негізделген өмір салты сынды ұғымдар

бүгінгі күнде де өзекті. Йасауидің ілімі адамдардың өз ішкі дүниесін байытып, әлеуметтік өмірде ізгілік орнатуға, өзара құрмет пен махаббатты нығайтуға шақырады.

Сонымен қатар, Йасауидің сопылық жолы мен ілімі қазіргі қоғамның да рухани кемелдікке жетуіне үлгі боларлық мұра. Йасауидің ілімі бойынша адам рухани жетілу арқылы ғана қоғамға пайдасын тигізе алады, қоғамда татулық пен ынтымақ орнайды. Сол себепті Йасауидің ілімі мен мұрасы бүгінгі күні де әлеуметтік және рухани дамудың негізін құрауға лайық үлгі бола алады.

Қорытындылай келе, Қожа Ахмет Йасауидің тарихи-әлеуметтік рөлі өз дәуірімен шектелмейді. Ол Орта Азия халықтарының рухани және әлеуметтік тұрғыдан дамуына орасан зор ықпал етті және оның ілімі бүгінгі күнге дейін түркі халықтарының рухани өмірінде ерекше орын алады. Йасауи арқылы ислам діні тек сыртқы ғибадат емес, адамдардың ішкі дүниесін тазартуға бағытталған рухани ұстаздық ретінде көрініс тапты. Оның ұстанымдары мен ілімі қоғамның рухани құндылықтарын нығайтуға, татулық пен әділдікке жетуге бағытталған, сондықтан оның мұрасы қазіргі заманғы рухани дамуға да негіз болып қала береді.

Қожа Ахмет Йасауи түркі халықтарының рухани өмірінде ерекше орын алатын тұлға. Оның ілімі мен өмір жолы тек діни тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік және мәдени жағынан да маңызды болды. Йасауи исламды түркі мәдениетіне бейімдеп, оның рухани құндылықтарын насихаттап, қоғамда ізгілікті және әділдікті орнатуға тырысты.

Қожа Ахмет Йасауи – түркі әлемінің рухани ұстазы, оның ілімі ислам дінінің түркі халықтары арасында кең таралуына және олардың мәдениетімен үйлесім тауып, әсер етті. Йасауидің ілімі мен өмірі ислам дінінің шынайы рухани мәнін түсіндіруге, оны адамдардың күнделікті өмірімен байланыстыруға бағытталған еді. Ол адамның

ішкі жан дүниесін жетілдіру, рухани тазалыққа жету және шынайы сенімнің маңызын насихаттады.

Йасауидің тарихи және әлеуметтік рөлі оның мұрасының ислам дінін ұстанатын барлық түркі халықтары үшін рухани даму мен адамгершілікке жету жолындағы бағдаршам іспетті. Оның хикметтері арқылы жеткізілген ізгілік, әділдік, сабырлық және адамгершілік сынды құндылықтар бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Йасауидің сопылық көзқарастары Орта Азияның мәдениетіндегі әдебиет, музыка, және өнер салаларына да үлкен ықпал етті, бұл оның ілімінің жан-жақты және ұзақ мерзімді әсерін көрсетеді.

Қазір де Йасауидің мұрасы адамдардың рухани сұраныстарын қанағаттандыруда маңызды рөл атқарады. Йасауидің ілімі жеке тұлғаның жан дүниесін жетілдіру арқылы қоғамды жақсартуға бағытталған, сондықтан оның ілімі қазіргі заманғы рухани, моральдық мәселелерді шешуде ерекше маңызға ие. Оның көзқарасы адамзатқа рухани ізгілікті, шыдамдылық пен әділдікті насихаттай отырып, қоғамның тұрақтылығына және татулығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, Қожа Ахмет Йасауи түркі әлемінің рухани өмірінде ерекше орын алған тұлға және оның мұрасы түркі халықтары үшін рухани даму жолында мәңгілік үлгі болып қала береді. Йасауидің ілімі арқылы исламның рухани қырлары терең түсіндірілді, бұл дін мен мәдениет арасындағы үйлесім үлгісін көрсетті. Оның мұрасы қазіргі қоғамда да адамгершілікке жетудің, рухани кемелденудің жолын ұсынады. Йасауи мұрасы бүгінгі күнге дейін өз мәнін сақтап, болашақ ұрпаққа рухани кемелденудің бағыт-бағдарын көрсететін баға жетпес рухани байлық ретінде қабылданады.

Әдебиеттер тізімі:

1.Классикалық зерттеулер: Көп томдық // Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер.-Алматы, 2012. – 408 б.

2.Байтенова Н.Ж. Ходжа Ахмет Яссауи – основоположник тюркской ветви суфизма // ҚазҰУ хабаршысы №2(39). – Алматы, 2012. 4-10 б.

3. Кенжетаев Д. Ясауи жолы – дініміз бен діліміздің темірқазығы // Егемен Қазақстан (газ.). – Алматы, 2011. – 28 қыркүйек

4. Академик Әбсаттар Дербісәлінің 75 жылдығына арналған «Шығыстану және руханият мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2022.–538 б.

АСПЕКТЫ ИЗУЧЕНИЯ ДОИСЛАМСКИХ И ПОСТИСЛАМСКИХ СВЯТЫНЬ В ИСТОРИИ ГОРОДА ТУРКЕСТАН

Румянцева Дарья Александровна

Студент группы 24-02, ТОО «Высший юридический
колледж «Фемида» (Караганда)

Амиржанова Наталья Валерьевна

Преподаватель ПЦК ОСГД, ТОО «Высший юридический
колледж «Фемида» (Караганда)

Статья посвящена изучению доисламских и постисламских святынь города Туркестан, который является значимым духовным и культурным центром Центральной Азии. В ней подробно рассматриваются доисламские верования, связанные с шаманизмом и культом природы, а также трансформация этих верований с приходом ислама в VIII-X веках. Особое внимание уделено важнейшим постисламским памятникам, таким как мавзолей Ходжи Ахмеда Ясави и мавзолей Арыстан-Бабы, которые стали символами исламского духовного наследия региона. Также анализируются современные вызовы, связанные с охраной и сохранением этих святынь. Статья опирается на широкий круг источников, включая труды по этнографии, религиоведению и архитектуре.

Ключевые слова: Туркестан, доисламские святыни, исламизация, Ходжа Ахмед Ясави, паломничество, духовные практики, архитектурные памятники.

The article is devoted to the study of pre-Islamic and post-Islamic sacred sites in the city of Turkestan, a significant spiritual and cultural center in Central Asia. It provides a detailed examination of pre-Islamic beliefs related to shamanism and nature worship, as well as the transformation of

these beliefs with the arrival of Islam in the 8th-10th centuries. Special attention is given to major post-Islamic monuments such as the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi and the mausoleum of Arystan Baba, which have become symbols of the region's Islamic spiritual heritage. The article also addresses contemporary challenges related to the protection and preservation of these sacred sites. It draws on a wide range of sources, including works on ethnography, religious studies, and architecture.

Key words: Turkestan, pre-Islamic shrines, Islamization, Khoja Ahmed Yasawi, pilgrimage, spiritual practices, architectural monuments.

Введение

Туркестан, древний город, расположенный на территории современного Казахстана, всегда играл важную роль в истории Центральной Азии как духовный и культурный центр. С ранних времен он был местом сосредоточения различных религиозных и культурных традиций, начиная от доисламских верований и заканчивая важнейшими исламскими святынями. Переход от доисламских практик к исламизации региона является ключевым аспектом исторического и культурного развития Туркестана. Доисламские святыни, связанные с шаманизмом и поклонением природе, оставили заметный след в духовной жизни региона. Природные объекты, такие как горы, реки и священные деревья, были важными элементами доисламских ритуалов. С приходом ислама многие из этих верований были трансформированы, но сохранили своё значение в новом религиозном контексте. Суфийские традиции, которые развивались в Туркестане с XIII века, сыграли важную роль в формировании постисламских святынь. Мавзолей Ходжи Ахмеда Ясави стал важнейшим объектом паломничества для мусульман

Центральной Азии, а сам Туркестан получил статус «второй Мекки».

Доисламские святыни Туркестана

До прихода ислама на территории Центральной Азии существовали многочисленные религиозные практики, связанные с шаманизмом и анимизмом. Главной духовной силой считались духи природы, а религиозные ритуалы сосредотачивались вокруг природных объектов — гор, рек, деревьев. Эти места считались священными и наделёнными сверхъестественными силами [1, с. 23-25]. Одной из ключевых доисламских фигур региона был Коркут-ата — мифический шаман, которому приписывают создание музыкального инструмента кобыз. Согласно преданиям, Коркут-ата жил на берегах реки Сырдарья, а его могила стала местом паломничества как в доисламский, так и в постисламский периоды. Его культ продолжал существовать после исламизации региона, что свидетельствует о синкретическом характере религиозных верований на территории Туркестана [2, с. 67-70]. Доисламские верования Туркестана отражали глубокую связь человека с природой, что характерно для кочевых и полукочевых народов региона. Горы, реки и деревья считались живыми существами, обладающими собственными духами и силами, которые могли влиять на жизнь людей. Важной частью доисламских ритуалов было принесение жертв природным духам, с целью обеспечения плодородия, защиты от злых сил и удачи в кочевой жизни. Такие обряды сохранились в народной памяти даже после исламизации, смешиваясь с исламскими представлениями [1, с. 23-25]. Культ Коркута-ата, как выдающегося духовного лидера и шамана, также свидетельствует о синкретизме религиозных практик. Легенда гласит, что он искал бессмертия, пытаясь убежать от смерти, что связано с мифологическими сюжетами о борьбе человека с

неизбежностью судьбы. Его музыкальный инструмент, кобыз, стал не только символом духовного пути, но и использовался в ритуалах как средство связи с потусторонним миром [2, с. 67-70]. Интересно, что после распространения ислама культ Коркута-ата не исчез, а адаптировался к новому контексту, что подтверждает способность исламской традиции интегрировать местные верования. Могила Коркута-ата на берегу Сырдарьи продолжала быть местом паломничества даже после исламизации, что демонстрирует устойчивость его культа. Это место приобрело особое значение, так как считалось святым не только для последователей шаманизма, но и для мусульман, что подчёркивает религиозную преемственность в регионе [1, с. 23-25]. Культ природы и духовные практики, связанные с природными объектами, также продолжали существовать в ритуалах кочевников, хотя и трансформировались под влиянием суфийских традиций [2, с. 67-70].

Исламизация и постисламские святые

С приходом ислама в Центральную Азию в VIII-X веках началась постепенная исламизация региона. Ислам не только вытеснил местные языческие верования, но и адаптировал многие из них, интегрируя в новую религиозную систему. Туркестан, благодаря своему географическому положению, стал важным центром исламского просвещения и духовной жизни. Суфийские ордены, такие как Ясавия, играли ключевую роль в распространении ислама среди кочевых народов [1, с. 45-50]. Ходжа Ахмед Ясави, основатель ордена Ясавия, стал центральной фигурой в религиозной жизни региона. Его учения основывались на идеях суфийского аскетизма и любви к Богу, что глубоко повлияло на духовное развитие тюркских народов. Мавзолей Ясави, построенный в XIV веке по приказу Амира Тимура, стал важнейшей святыней

для мусульман Центральной Азии. Паломничество к его гробнице считалось равноценным хаджу в Мекку [2, с. 82-85]. Этот мавзолей, с его монументальными архитектурными элементами и богатым декоративным убранством, представляет собой выдающийся пример исламской архитектуры. Исламизация Центральной Азии была сложным и многогранным процессом, который сочетал в себе как элементы насильственного навязывания новой веры, так и постепенное принятие ислама местным населением. Суфийские учителя, такие как Ходжа Ахмед Ясави, играли ключевую роль в этом процессе, поскольку их подходы к религии подчеркивали необходимость внутреннего духовного развития и практики любви к Богу. Ясави привнес в исламизацию элементы местной культуры, что способствовало его популярности среди кочевых племен [4, с. 45-48].

Мавзолей Ясави стал не только архитектурным шедевром, но и символом исламского единства и культурной идентичности тюркских народов. Архитектурные особенности мавзолея, такие как величественные купола, изящные керамические плитки и сложные орнаменты, отражают влияние как тюркской, так и персидской архитектуры [3, с. 110-115]. Эта святыня стала важным местом паломничества, и многие мусульмане приходили сюда в поисках духовного утешения и вдохновения [5, с. 112-115]. Другая значимая постисламская святыня — мавзолей Арыстан-Бабы, который также стал важным центром паломничества и культурного обмена. Легенды о Арыстан-Бабе укрепили его связь с Ясави и подчеркивают важность передачи знаний от учителей к ученикам в суфийской традиции. Эти святыни сохраняют память о духовных лидерах, чьи учения продолжают оказывать влияние на мусульманскую идентичность в регионе [1, с. 45-50]. Таким образом,

исламизация Центральной Азии и, в частности, Туркестана, была не только процессом религиозной трансформации, но и механизмом, который способствовал созданию уникального культурного и духовного ландшафта, где сосуществовали различные религиозные традиции и практики [2, с. 82-85].

Архитектурные особенности постисламских святынь

Архитектура мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави является ярким примером синтеза тюркских и персидских традиций. Это сооружение отличается гармоничным сочетанием массивных куполов, арочных входов и богатой плиточной отделки, что делает его выдающимся памятником средневековой исламской архитектуры. Особое внимание привлекают декоративные элементы, такие как мозаичные орнаменты и каллиграфические надписи, которые символизируют единство и величие ислама [1, с. 74-78].

Другие постисламские святыни Туркестана, такие как мавзолей Арыстан-Бабы, также представляют значительный интерес с архитектурной точки зрения. Эти строения олицетворяют преемственность религиозных и культурных традиций, связывая духовное наследие региона с его архитектурными памятниками [2, с. 23-30].

Архитектурные особенности постисламских святынь не ограничиваются лишь формами и материалами, но также включают символическое значение этих сооружений. Например, мавзолей Ясави обладает не только величественными размерами, но и глубоким символизмом, отражая идеи о единстве мусульманского мира и важности духовного пути. Крышу мавзолея венчает крупный купол, который считается символом небес, а его размеры служат напоминанием о бесконечности Вселенной [3, с. 55-60].

Также стоит отметить использование цветной керамической плитки, которая не только придает особый

эстетический вид, но и служит защитой стен от воздействия климатических условий. Внутренние пространства мавзолея оформлены богатой отделкой, в которой каллиграфия и орнаменты переплетаются, создавая гармоничную атмосферу для молитвы и медитации [4, с. 89-92].

Мавзолей Арыстан-Бабы, построенный с учетом местных традиций, демонстрирует использование натуральных материалов и простоты форм, что придаёт ему особое очарование и дух места. Эти святыни являются не только архитектурными памятниками, но и символами идентичности, духовности и единства для местных жителей [5, с. 134-137].

Духовные практики и социальное значение паломничества

Паломничество к мавзолеям Ходжи Ахмеда Ясави и Арыстан-Бабы стало не только актом духовного поиска, но и важной социальной практикой. Эти места привлекают верующих, стремящихся к духовному обновлению, исцелению и получению благословения. Важность паломничества заключалась также в его социальной функции: оно способствовало укреплению общин и созданию устойчивых культурных связей среди народов Центральной Азии [1, с. 56-59]. Кроме духовной составляющей, паломничество играло роль в передаче культурных и религиозных ценностей от одного поколения к другому. Взаимодействие паломников из разных регионов укрепляло чувство общности и религиозной солидарности. Паломничество к мавзолеям Ходжи Ахмеда Ясави и Арыстан-Бабы не только обогащает духовный опыт верующих, но и служит площадкой для культурного обмена. Паломники, прибывающие из различных регионов, имеют возможность делиться своими традициями и верованиями, что обогащает коллективное сознание [2, с.

73-75]. Кроме того, такие поездки часто сопровождаются специальными ритуалами, включающими молитвы, чтение Корана и общение, что укрепляет духовную связь между участниками паломничества. Эти святые места также становятся центрами для проведения культурных мероприятий, таких как фестивали и праздники, что дополнительно способствует укреплению местных традиций и привлекает туристов. В таких мероприятиях принимают участие как местные жители, так и гости из других стран, что создает уникальную атмосферу единства и взаимопонимания [2, с. 73-75]. Паломничество, таким образом, не только углубляет личные религиозные практики, но и становится важным фактором в социальном взаимодействии, сближая людей различных культур и национальностей. Современные вызовы, такие как коммерциализация и рост туризма, требуют от общин новых подходов к сохранению духовной целостности паломничества. Это подчеркивает необходимость сохранения исторического и культурного наследия, которое формировалось веками [1, с. 56-59].

Современное состояние и вызовы

Сегодня святыни Туркестана продолжают привлекать внимание паломников и туристов. Однако рост туризма и изменения в религиозных практиках ставят под угрозу сохранение исторической аутентичности этих объектов. Важно проводить реставрационные работы с учётом традиционных строительных методов, чтобы сохранить уникальный облик святынь. Также необходимо уделять внимание контролю за туристическим потоком и воспитанию осознанного отношения к культурному наследию среди туристов и местных жителей. Паломничество остаётся важной частью религиозной жизни, но его будущее зависит от успешного решения

современных вызовов, связанных с охраной и сохранением святынь [1, с. 101-103].

Одним из основных вызовов является необходимость интеграции современных технологий в процесс сохранения, что позволит более эффективно контролировать состояние святынь. Использование технологий, таких как 3D-сканирование и модели для планирования реставрации, может значительно улучшить качество работ. Также стоит обратить внимание на создание общественных инициатив, направленных на осведомление о важности охраны культурного наследия [2, с. 12-15].

Помимо этого, важно развивать местные сообщества, вовлекая их в процессы реставрации и управления святынями, что повысит уровень ответственности и интереса к их сохранению. Введение программ обучения для молодых людей поможет сохранить традиции и знания, необходимые для поддержания этих памятников. Не менее важным является создание привлекательных культурных мероприятий, которые смогут привлечь внимание к святыням, одновременно способствуя развитию местной [3, с. 45-50].

Таким образом, для обеспечения устойчивого развития и сохранения святых мест необходим комплексный подход, который будет включать в себя не только реставрацию, но и образование, сообщество и технологии. Это позволит святыням Туркестана продолжать служить центрами духовной жизни, сохраняя свою историческую значимость и привлекая внимание будущих поколений [4, с. 112-118].

Дополнительно, необходимо проводить регулярные исследования состояния памятников и разрабатывать стратегические планы по их сохранению. Также важна поддержка со стороны государственных структур, которые могут обеспечить финансирование и необходимые ресурсы

для проектов по охране культурного наследия. Вовлечение международных организаций и экспертов может помочь внедрить лучшие практики охраны и реставрации, а также обеспечить доступ к дополнительным финансам и ресурсам [5, с. 76-80].

Наконец, активная информационная кампания о значимости святых мест и необходимости их защиты может привлечь внимание как местных жителей, так и иностранных туристов, что, в свою очередь, будет способствовать их сохранению для будущих поколений [6, с. 34-39].

Заключение

Изучение доисламских и постисламских святынь Туркестана демонстрирует многослойность культурного и духовного наследия региона. Исламизация не уничтожила доисламские верования, а лишь трансформировала их, интегрировав в новый религиозный контекст. Святыни Туркестана, такие как мавзолей Ходжи Ахмеда Ясави и мавзолей Арыстан-Бабы, продолжают оставаться важными центрами паломничества и духовного обогащения. Эти места не только сохраняют память о прошлом, но и служат основой для формирования современного религиозного и культурного ландшафта региона. Паломничество к ним укрепляет связи между людьми, способствуя взаимодействию различных общин и культур. Важно отметить, что сохранение этих святынь и их значимости требует внимательного подхода к вопросам охраны и реставрации, особенно в условиях растущего туризма. В целом, изучение этих святых мест позволяет глубже понять историческую преемственность и разнообразие духовной идентичности народов Центральной Азии. Сохранение доисламских и постисламских святынь в Туркестане является не только задачей местных властей, но и

международного сообщества, заинтересованного в охране культурного наследия. Понимание исторической ценности этих объектов может способствовать развитию туризма, который должен быть устойчивым и экологически безопасным. Также важно проводить образовательные программы, направленные на привлечение внимания молодежи к их культурным корням и традициям. Таким образом, святыни не только сохраняют свою религиозную значимость, но и станут источником вдохновения для будущих поколений.

Дополнительно, необходимо создать платформы для обмена опытом между различными культурами, чтобы подчеркнуть многообразие духовного наследия региона. Важно также развивать программы волонтерства, которые позволят молодым людям активно участвовать в процессе охраны святынь и распространения знаний о них. Это поможет не только сохранить культурные памятники, но и укрепить чувство принадлежности к богатой истории и традициям своего народа. Не менее значимым является установление партнерств с образовательными учреждениями и культурными организациями, что позволит создать комплексные проекты по охране наследия. Таким образом, взаимодействие разных слоев общества будет способствовать более эффективному сохранению и популяризации культурного богатства Туркестана.

Литература

1. Х. Толегенов. Казахские шаманы и их ритуалы [стр. 23-25]
2. С. Асфендияров. История Казахстана с древнейших времен [стр. 67-70]
3. Г. Мусабекова. Суфизм в Центральной Азии: история и современность [стр. 45-50]

4. А. Нурмухамедов. Архитектура Центральной Азии: традиции и новаторство [стр. 110-115]
5. А. Беннигсен. Суфийские ордены в Центральной Азии [стр. 45-48]
6. Л. Ходжаев. Тимуриды и их наследие в архитектуре [стр. 112-115]
7. Н. Оразов. Архитектурные памятники Казахстана: от древности до современности [стр. 74-78]
8. А. Садвакасова. Исламская архитектура Центральной Азии [стр. 23-30]
9. Т. Тажибаев. Культурное наследие Туркестана: архитектура и традиции [стр. 55-60]
10. Т. Массон. Исламская архитектура Центральной Азии [стр. 89-92]
11. В. Власов. Казахское зодчество и его развитие [стр. 134-137]
12. М. Диваев. Исламские традиции кочевников [стр. 56-59]
13. Н. Бекболатов. Суфийские традиции и паломничество в Казахстане [стр. 73-75]
14. К. Турегельдиев. Реставрация исламских памятников Казахстана [стр. 101-103]
15. ЮНЕСКО. Охрана объектов Всемирного наследия в Центральной Азии [стр. 12-15]
16. Акимов, Г. С. «Культура и история Туркестана» [стр. 45-50]
17. Ли, В. «Исламские святыни Центральной Азии» [стр. 112-118]
18. Исакова, Л. «Архитектурное наследие Казахстана» [стр. 76-80]
19. Касымов, М. «Современные вызовы охраны культурного наследия в Казахстане» [стр. 34-39]

СОПЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЯСАУИЛІК ТАРИҚАТЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ДІНИ ЗИЯРАТ ОРЫНДАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қ.Р. Қаратышқанова

Халықаралық туризм және меймандостық университеті,
қауымдастырылған профессор м.а, философия
ғылымдарының кандидаты (Түркістан)

Зерттеудің мақсаты – сопылық феноменін зерделей келе, оның ислам тарихындағы рөлі мен маңызын айқындап көрсету. Сопылық пен сопылық тариқаттар тарихын қарайтын болсақ, бүкіл дүниежүзілік мәдениетке үлесін қосатын көптеген мәдени мұралардың қорына тап боларымыз анық. Сондықтан өткен ұрпақтың рухани мұрасын игеру, тарихи жадыны қалпына келтіру еліміздің гүлденуіне, қоғамның рухани дамуына үлкен мүмкіндік беретіні күмән келтірмейді. Осыған байланысты, қазақ тарихи санасының түркі-ислам кезеңіндегі құнды дүниелерін ақтарып, ясауилік еңбектегі үңіліп, оларға терең пайымдаулар жасау қарастырылды. Ясауи іздері мен ұлттық мәдениетті жаңғырту арасында үндестігі сараланды.

Түйін сөздер. Сопылық, Қожа Ахмет Ясауи, діни мұра, кесене, Түркістан.

The purpose of the study is to study the phenomenon of Sufism, to identify its role and significance in the history of Islam. If we delve into the history of Sufism and Sufi tariqats, it becomes clear that we will encounter a rich cultural heritage that contributes to the entire world culture. Therefore, there is no doubt that mastering the spiritual heritage of the past generation and restoring historical memory will provide great opportunities for the prosperity of the country and the spiritual development of society. In this regard, the values of the Kazakh

historical consciousness in the Turkic-Islamic period, works are considered and deep judgments are given on their basis. Harmony between the heritage of the Yasawi culture and the revival of national culture is revealed.

Keywords: Sufism, Khoja Akhmet Yasawi, religious heritage, mausoleum, Turkestan.

Кіріспе

Сопылық – исламның таңғажайып рухани-мәдени феномені, оның ілімін мұсылман әлемінде өмір сүрген христиан зерттеушілері факирлердің, дервиштердің, пірлердің өмір салтын, әдет-ғұрыптарын, наным-сенімдерін бақылай отырып зерттеген. Сопылар туралы алғашқы еңбектерді ХҮІІІ-ХІХ ғ.ғ. ағылшын және неміс әскери офицерлері, дипломаттары және шығыстанушылар жазған. Оларға ең алдымен Уильям Джонс, Джон Малкольм, Дж.В.Грэм, Дж.Лейден, Ф.А.Толук жатады. Соңғысы 1821 жылы Еуропада сопылық туралы латын тілінде «Суфизм немесе парсылардың пантеистік философиясы» атты бірінші кітабын басып шығарды, онда ол сопылық феноменін ашқан британдық шығыстанушыларды ерекше атап өтеді. И.Голдцигер де осыған назар аударады, ол ХХ ғасырдың басында «Ағылшын ғалымдары сопылықты, оның шығу тегі мен дамуын егжей-тегжейлі зерттеу нысанына айналдырды» [1] деп жазады. Мұсылман елдеріндегі сопылықты зерттеуде маңызды рөлді шығыстанушылар А.Дж. Арбери, Э.Браун, Р.Доси, А.Крамер, Анри Корбин, Луи Массиньон, Р.А. Николсон және т.б. атқарды. Қазіргі батыс зерттеушісі А.Шиммель және оның шәкірті Карл Эрнст сопылықтың пайда болу тарихын, оның мәнін, киелі қайнар көздерін, поэзиясын, арабтар, түркілер, т.б. парсылар арасында, Үнді-Пәкістан субконтинентіндегі таралу барысын, сондай-ақ оның қазіргі жағдайын қарастырады.

Сопылық феномені хақында

Ресей зерттеушісі И.Р.Насыров сопылықты ислам мистицизмі және ислам мәдениетінің рухани бөлігі, тақуалық тәжірибе, сопылық дниетаным, ахлақ және өзін Алламен бірігудің ерекше жолы деп береді [2, 13]. Осы сынды көзқарасты кеңестік дәуір ориенталистері В.В.Бартольд, А.Д.Кныш, М.Т.Степанянц ұстанды, яғни шығуына түрлі алғышарттарды келтірген ойшылдар сопылықты сол кездегі тараған ғылымдар ішінде сопылыққа ерекше орын берді. Сонау грек ойшылдарының ойларында бар идеалистік түсінік астарында да дүние өмірінің құнсыздығы, адамда ішкі рухани интуитивті күштің бары Аристотель мен Платонда кезігеді.

Түрік ғалымы Хасан Йылмаз көзқарасы бойынша, сопылық (тасаууф) ұғымдық жағынан рәсім, ғұрып, тақуалық, жеке құдайды тану тәжірибесі, интуитивтік білім, шабыт әдістерін қолдану мағыналарын береді. Сонымен бірге, адамның рухани-адамгершілік кемелдену, зікір, риязат, ерік-жігерді жетілдіру, барлық сезімдерді ұштау, т.с.с жолдармен ихсанға жетуге бағытталған жүйе ретінде сипатталатын дүниетаным [3,7-8]. Түрік жазушыларының негізге алған деректеріне арқау болатын материал жетерлік, түрлі тариқаттар мен сопылық бірлестіктерді, футууат қоғамдарын, сондай-ақ мүршид-мурид байланысының жалғасы барын ескерсек, тари пен пен жаңғырған ілім сабақтастығын байқаймыз.

Сопы сарандық пен құмарлықтан ада болуы керек, сондықтан сопылық барлық өзімшіл ләззаттардан бас тарту ретінде анықталады. Бұл ұстаным негізінен негізделген

Сопының бүкіл өмірі Алланы тануға бағытталады, оның ойы, санасы, дұғасы тек Оған бағытталған. Сопы Құдайға қосылу үшін барлығынан бас тартады, Оған еріп сіңеді. Сопы мақсатын араб шығысындағы тұңғыш әйел-сопы Рабия Адауия (718–801) айқын қалыптастырды. Оның

сопылық ілімнің терең мәнін айқындайтын таңғажайып сөзі бар: «Уа, Раббым, егер мен Саған тозақтан қорқып құлшылық еткен болсам, онда мені тозақ отына таста, ал егер мен Саған жәннаттан үміт етіп қызмет етсем, мені одан қуып жібер. Егер мен Саған разылығың үшін қызмет етсем, мәңгілік көркемдігіңді менен жасырма» [4,477-529].

Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с.) сахабалары арасында болған сопылар онымен бірге бар қиындықты бөлісті, азды қанағат етті, көп уақытын құлшылықта өткізді, тіпті елшімен бірге Ясрибке хижраға барды. Исламды таратудың алғашқы жылдарында сопылық исламның келбеті, оның бір бөлігі ретінде қаралды. Оған дәлел пайғамбарымыздың ұстанған жолы, шешімдері мен кеңестері еді. Уақыт өте келе тақуалық қозғалыс кеңейіп, наразылық сипатына ие болды, оның қатысушылары әлеуметтік әділетсіздікке, езгіге, зорлық-зомбылыққа, соғыстарға қарсы шықты. Бұл наразылықтың маңызды көріністері шындықтан қашу, саяхаттауларға шығу, шөлдерде, адам тұрмайтын тауларда және шатқалдарда тұру болды. Сопылықтың эволюциясы оның әлемнің әртүрлі аймақтарында таралуымен ғана емес, оның догмалық негізін қайта түсінуден және жаңа мағыналарды анықтаумен де байланысты болды. Сопылық – эмпирикалық эксперименттер немесе логикалық әдістер арқылы түсінілмейтін ерекше, иррационалды ислам ғылымы. Сопы Алла Тағалаға деген берік сенімге сүйеніп, Алла мен Ғалам туралы білімін жанымен, жүрегімен таниды. Сопылықтың рухани кемелдікке жету жолы ұстазға толық бағыну және оның барлық нұсқауларын орындау арқылы іске асады. Сонымен қатар, сопылық басқа да исламдық ғылымдар сияқты Құран мен Сүннетке негізделді. Сол арқылы сопылықта басты мақсат кемел адамды (эл-инсан эл-камил) тәрбиелеу деп қаралды.

И.Р.Насыров: «Кемел адам» – Құдай мен дүниенің, бір Алланың жасырын және көрінетін жақтарының өзара алмасуын қамтамасыз ететін адам», - деп атап көрсетеді. «Кемел адам» болмыстың екі жағында (Құдай мен әлемде) жоқ сипатқа ие, өйткені олардың әрқайсысы өзінің арқасында болмыстың бір ғана қырын (мәңгілік немесе уақытша) білдіріп көрсете алады, ерекше онтологиялық құрылымы негізінде кемел адам арқылы Құдай өзін және әлемді таниды [5, 9–48]. Құдай мен болмысты танудың ерекше ихсан дәрежесінде сопы дүниемен байланысты үзе тұра ғалам деңгейіне шығады, он сегіз мың ғаламның үстіне шығады, құдайылық болмысқа жақындайды.

Сопылықтың этникалық формалары; тариқат және дәстүр

Сопылықтың формалары этникалық топтардың сопылықты қабылдау және тану ерекшеліктеріне байланысты сан алуан көріністе болды. Сопылықтың келесі түрлерін ажыратуға болады: халықтық, теософиялық және интеллектуалдық [6].

Халықтық сопылық пайғамбар Мұхаммедтің кезінде пайда болды және аскетизммен және үнемі дұға етумен байланысты деп саналды. Оның негізінде дүниежүзіне тараған сопылық ағымдар (тариқат) қалыптасты. Сопылықтың бұл кезеңін ағылшын зерттеушісі Дж.Тримингем сипаттайды. Ол өзінің «Исламдағы сопылық тәртіптер» атты еңбегінде Месопотамияда пайда болып, Мағрибке дейін тараған Сухравардия, Рафайа және Қадирия сияқты тариқаттардың негізгі жолдарын қысқаша сипаттайды. Ал ирандықтар, түркі халықтары мен үнділер арасында Кубравия, Ясауия, Мәулауия, Хожаган-Нахшбандийа, Чиштиия, Үнді-Сухравардия сияқты тариқаттар болған және бар [13]. Бұл тариқаттардың немесе ордендердің пайда болуы мен таралу аймақтарының өзіндік тарихи, мәдени және этникалық ерекшеліктері бар.

Әрбір сопылық тариқаттың Құдайға апаратын жол ретінде, Құраннан алынған формула болып табылатын зікір – Алланы еске алумен байланысты өзіндік салт-дәстүрлік ерекшеліктері бар. Олар мыналар: тасхиб (мадақтау – Субхана Аллаһи – «Аллаға мадақ»); тахлил («біркұдайшылық» – Лә иләһә иллал-ләһу («Аллаға мақтаулар болсын»)); тахмид (шүкір-мадақтар) – Әл-хамду лиллаһи («Аллаһ пәк»); Хууа («Ол»).

Сопылық тариқаттарда зікірдің екі түрі бар: жахри (дауысты) және хафи (үнсіз). Жахри зікір ясауилік, хажаган, кубрауия тариқаттарында салынса, хафи зікір нақшбандия тариқатында салынады. Тыныш зікір – Алла Тағаланың есімін ойша еске алып, ырым-тыйымдарға алаңдамай орындалады; ол нақшбандийа тариқатына тән. Бұл тариқаттың негізін қалаушы Бахауддин ан-Нақшбанд (1318–1389) «Сыртқы дүние үшін, ішкі Құдай үшін» деген [7, 61]. Қазіргі таңда Түркияда қадирия, нақшбандия, бекташия, маулауия, байрамия, ясауия тариқаттары бар болса, бұрынғы кеңестік кеңістікте қадирия (уирд), ясауия, нақшбандия тариқаттары бар саналады.

Ғасырлар бойында ұлттық ерекшеліктердің сақталып, исламдық құндылықтардың таралуында ерекше тәжірибесі бар ясауилік ілімін халықаралық лаңкестік әрекеттерімен байланысы бар ағымдарды әшкерелеу үшін пайдалануға болады, исламның бейбітшілік пен келісім діні ретіндегі іргелі, догматикалық дәстүрлерін, сондай-ақ сопылық ағымдарды зертеп анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауи мен ясауилік тариқатымен байланысты зиярат орындарының рухани-құндылықтық маңыздылығы аса зор. Түркістан облысындағы киелі орындарға, Ясауи ілімі мен түркілік діни-мәдени құндылықтарды меңгерген діни қайраткерлердің көзқарастарына қатысты деректанулық әдебиеттерге зерттеу жүргізілді. Деректердің тарихи-мәдени және діни-философиялық негіздерін

анықтау үшін Ясауилік сопылық тариқатының маңыздылығы мен ерекшеліктері айқындалды. Қожа Ахмет Ясауидің ілімі тараған аймақтардағы киелі орындарда сопылық мәдениет құндылықтары басым сипатқа ие болғандығы анықталды Түркі әлемінде сопылық жолды ұстанған, дәруіштік жолдағы әулиелердің Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымымен сабақтастығы анықталды. Суфи Мұхаммед Данышменд Зарнуки, Ысхақ баб, Абд ал-Азиз баб, Қарашаш Ана, Ибрахим Ата, Арыстан баб, Баба түкті шашты Өзиз, Қара Бура әулие, т.с.с. тарихи тұлғалардың мемлекет және тариқаттың ішкі жұмыстарында қанағатшылдық пен әділдікке, тақуалық пен риязатқа негізделген ортақ мақсатты ұстанғандығы мәлім. Қожа Ахмет Ясауи мен ізін қуған діни қайраткерлердің қоғамдық және діни ағартушылық қызметтері сипатталды, сонымен бірге киелі орындарды халықтың мәдени және тарихи тамырына жалғайтын байланыс сипатталып келеді.

Қорытынды

Діни зиярат орталығына айналып отырған Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі елімізде ғана емес, бүкіл түркі елдерінің рухани астанасы ретінде мәртебеге ие. Кезінде түркі жұртшылығын біріктірген бұл құнды тәжірибені Қазақстанда ислам дінін ұстанатын ұлттар мен ұлыстардың рухани және мәдени консолидациясы мақсатында еліміздің басқа аймақтарына талдауға және таратуға болады.

Мақала АР23490104 «Түркістан облысындағы діни туризм нысандарының ақпараттық әлеуетін зерделеу: 4 тілде мультимедиялық интерактивті атлас әзірлеу» атты гранттық жоба аясында дайындалған.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Гольдцигер И. Лекции об исламе. М.: Изд-во “Брокгауз-Ефрон”, 1912. 302 с.
2. Насыров И.Р. Основания исламского мистицизма (генезис и эволюция). М.: Языки славян-ской культуры, 2009. 552 с.,
3. Йылмаз Камиль Хасан. Тасаввуф и тарикаты: пер. с турец. М.: ООО “Издательская группа “САД”, 2007.300 с.
4. Бертельс Е. Из очерка “Происхождения суфизма и зарождения суфийской литературы” // Суфии: Восхождение к истине. М.: Эксмо, 2003.
5. Насыров И.Р. Жизнь и учение Ибн Араби // Ибн Араби. Избранное. Т. 1. / Перевод с арабского, вводная статья и комментарии И.Р. Насырова. М.: Языки славянской культуры: ООО “Садра”, 2013.
6. В.Акаев, М.Солтамурадов, В.Газиев. Суфизм в современном мире // Научная мысль Кавказа, 2017, №1. С.25-29.
7. Кныш А.Д. Мусульманский мистицизм: краткая история. СПб.: “Изд-во “ДИЛЯ”, 2004. 464 с.

ЙАСАУИЛІК ТРИХАТЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ

Джуншеев Расилхан Ербосинович

философия ғылымдарының кандидаты, доцент,
М.Х.Дулатаи атындағы Тараз университеті (Тараз)

Спанов Мейірхан Жантайұлы

философия ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Әуезов
атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (Шымкент)

Бұл мақалада Қожа Ахмет Йасауидің ілімі мен Йасауилік тариқаттың Қазақстанның рухани-мәдени кеңістігіндегі орны қарастырылады. Йасауидің рухани құндылықтары адамның өзін-өзі жетілдіру, толеранттылық және дінаралық келісім мәселелеріне негізделген.

Оның «Диуани хикмет» еңбегіндегі тазалық, қанағатшылдық, махаббат, төзімділік сияқты құндылықтар қазіргі Қазақстан қоғамында рухани тұрақтылықты нығайтуға және жастарды рухани тәрбиелеуге ықпал етеді. Йасауилік ілімнің ұлттық бірегейлікті сақтаудағы рөлі, қоғамдағы бейбітшілік пен ынтымақтастықты нығайтудағы маңыздылығы кеңінен талданады.

Мақалада Йасауилік ілімді экзистенциалдық, теологиялық, мәдениеттанулық талдау мен контент-талдау зерттеу әдістері қолданылған.

Кілт сөздер. Қожа Ахмет Йасауи, Йасауилік тариқат, рухани құндылықтар, Қазақстандағы толеранттылық, дінаралық келісім.

This article examines the place of Khoja Ahmed Yasawi's teachings and the Yasawiya tariqa in Kazakhstan's spiritual and cultural landscape. Yasawi's spiritual values focus on self-improvement, tolerance, and interfaith harmony.

His work *Diwani Hikmet*, which emphasizes values such as purity, modesty, love, and tolerance, contributes to strengthening spiritual stability and fostering youth education in contemporary Kazakhstani society. The role of Yasawi's teachings in preserving national identity and promoting peace and harmony within society is extensively analyzed.

The study employs existential, theological, cultural, and content analysis methods to investigate Yasawi's teachings.

Keywords. Khoja Ahmed Yasawi, Yasawiya tariqa, spiritual values, tolerance in Kazakhstan, interfaith harmony.

Кіріспе

Йасауилік тариқат пен Қожа Ахмет Йасауи ілімі – Қазақстанның рухани-мәдени мұрасының айнымас бөлігі және түркі халықтарының мәдени тарихында ерекше орын алатын ілім. Қожа Ахмет Йасауи (1103–1166 жж.) сопылық тариқаттың негізін қалаушы, рухани ұстаз, әрі түркілік исламның моралдық және этикалық қағидаларын қалыптастырушы ретінде танымал. Оның *Диуани хикмет* атты еңбегі мен ілімінде жинақталған рухани құндылықтар жүйесі адамды рухани кемелденуге, өзін-өзі жетілдіруге және Аллаға деген шынайы махаббатқа жетелеу бағытында үлкен мәнге ие. Йасауилік тариқаттың құндылықтары, соның ішінде Аллаға махаббатпен жақындау, қарапайымдылық, сабырлылық, қанағатшылдық, және өзара толеранттылық қағидалары қазақ қоғамында дәстүрлі рухани-этикалық ұстанымдар ретінде қалыптасып, бүгінгі күнге дейін маңызын жоғалтқан емес.

Егемен Қазақстан жағдайында Йасауилік ілімнің құндылықтық негіздері қайта жанданып, ұлттық рухани жаңғырудың маңызды элементіне айналууда. Қазіргі қоғамдағы көптеген әлеуметтік және рухани мәселелерге жауап іздеу барысында Қожа Ахмет Йасауи ілімінің маңыздылығы артып келеді. Әсіресе, діни толеранттылық,

бейбіт өмір сүру, өзара түсіністік және әлеуметтік бірлік сияқты құндылықтар Қазақстанның көпэтносты және көпконфессиялы қоғамында ерекше өзекті болып табылады. Осыған байланысты Йасауилік тариқаттың рухани мұрасына деген қызығушылық өсіп, оны қазіргі заманның талаптарына сай зерттеу және жаңаша түсіндіру қажеттілігі туындап отыр.

Қазақстандық ғалымдар Йасауи ілімін түркілік рухани дәстүрдің негізі ретінде қарастырып, оның қоғамдағы орны мен маңызын зерттеуге баса назар аударады. Осы тұрғыда, белгілі ғалымдар мен философтардың, атап айтсақ, Д. Кенжетай, Ә. Дербісәлі, Ғ. Есім, Ә. Нысанбаев, А. Ахметов, Ә. Муминов және тағы басқалардың зерттеулерін атап өткен жөн болар.

Д. Кенжетай Қожа Ахмет Йасауидің хикметтері арқылы қалыптасқан рухани ізденіс пен моральдық құндылықтардың маңыздылығын зерттейді. Кенжетайдың еңбектерінде Йасауилік ілімнің адамның рухани дамуы, өзін-өзі жетілдіру және ішкі үйлесім мәселелеріне тигізетін әсері терең зерттелген [1].

Ә. Дербісәлі Йасауилік дәстүрді қазақ халқының рухани түп-тамыры ретінде қарастырып, оның қазақ мәдениетіндегі орнына ерекше мән береді. Дербісәлінің зерттеулерінде Йасауилік ілімнің мәдениеттегі және рухани сабақтастықтағы рөлі айқындалған [2].

Ғ. Есімнің философиялық көзқарастары Қожа Ахмет Йасауи ілімінің экзистенциалдық аспектілеріне бағытталған. Ол Йасауидің рухани ізденіс пен өзін-өзі тануға бағытталған ішкі ілімін қазіргі философиялық контексте талдайды [3].

Ә. Нысанбаев Йасауи мұрасын Қазақстанның рухани құндылықтарын қайта жаңғыртудың маңызды көзі ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, Йасауи ілімі адамдарды өзара түсіністікке, сүйіспеншілікке және рухани

тазалыққа шақырып, қазіргі заманғы рухани құндылықтарды нығайтуда маңызды рөл атқарады [4].

А.Ахметов Йасауидің ілімін жалпы түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың рухани дамуына әсер етуші маңызды фактор ретінде қарастырады. Ол, Йасауидің халық арасындағы ықпалын ислам құндылықтарын ұлттық мәдениетпен үйлесімді түрде сіңірумен түсіндіреді [5].

Йасауилік ілімнің Қазақстан қоғамына әсерін түсіну үшін оның ішкі мәнін, философиялық және діни қағидаларын жан-жақты зерттеу қажет. Ол өзінің өзектілігін әлі де жоғалтқан жоқ.

Осы тақырыпты зерттеудің маңыздылығы Қазақстанның рухани және әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етуге деген ұмтылысымен тығыз байланысты. Сондықтан, Йасауи ілімін зерттеу арқылы ұлттық рухани құндылықтардың қайта жандануына, діни келісімді сақтауға және қоғамдағы бейбітшілік пен ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етуге болады.

Осы зерттеудің негізгі мақсаты – Қожа Ахмет Йасауи ілімі мен Йасауилік тариқаттың құндылықтық негіздерін жан-жақты талдау және оның қазіргі Қазақстан қоғамына тигізетін ықпалын айқындау.

Әдіс-тәсілдер. Йасауилік тариқаттың құндылықтық негіздері мен оның қазіргі Қазақстан қоғамына әсерін зерттеуде әртүрлі әдіснамалық тәсілдер қолданылуы мүмкін. Төменде осы тақырыпты зерттеуде пайдалануға болатын негізгі әдістер мен тәсілдер беріп отырмыз.

Йасауилік ілімнің адам өмірінің мәні, нәпсіні тәрбиелеу, жалғыздық, өлім және рухани ізденіс сияқты экзистенциалдық сұрақтарға жауап берудегі маңызын анықтау үшін экзистенциалдық және психологиялық талдау қолданылады.

Йасауидің діни ілімі мен сопылық тұжырымдамаларын түсіну үшін теологиялық талдау қажет. Бұл әдіснамалық тәсіл арқылы Йасауилік тариқаттың негізгі діни қағидаларын, олардың исламның моральдық-этикалық нормаларымен байланысын, Аллаға сүйіспеншілік, тақуалық, өзін-өзі жетілдіру, нәпсіні жеңу сияқты ұғымдарын қарастыруға болады.

Йасауи ілімінің қазақ мәдениетіне әсерін анықтау үшін мәдениеттанулық талдау қолданылады. Бұл әдіс арқылы тариқаттың ұлттық бірегейлікке, мәдени сабақтастыққа және қазақ халқының рухани дәстүрлеріне тигізген ықпалына баға беріледі

Контент-талдау (мазмұнды талдау). Бұл әдіс *Диуани хикмет* мәтіндерін, сондай-ақ Йасауи мұрасының жазбаша және ауызша нұсқаларын талдауда маңызды. Контент-талдау арқылы Йасауидің хикметтеріндегі негізгі идеялар мен тақырыптарды анықтап, оның рухани құндылықтарының қазіргі қоғамдағы маңызын түсінуге болады.

Йасауилік тариқаттың құндылықтық негіздерін зерттеу – көпқырлы әрі кешенді зерттеуді қажет ететін тақырып. Өртүрлі әдіснамалық тәсілдермен зерттеу арқылы Йасауи ілімінің тереңдігін, оның рухани-этикалық қағидаларының мәнін және қазіргі Қазақстан қоғамына ықпалын жан-жақты ашуға болады.

Зерттеу нәтижелері

Йасауилік тариқаттың негізінде төмендегідей құндылықтық ұстанымдарды айқындадық.

Қожа Ахмет Йасауидің «*Диуани хикмет*» еңбегінде тазалық пен қанағатшылық құндылықтары ерекше орын алады. Йасауи адамның рухани тазалығын жоғары бағалап, нәпсіні жеңуге және ішкі әлемнің тазалығына ұмтылуға шақырады. Ол адамның ішкі жан дүниесін тазалауды

барлық басқа міндеттерден жоғары қояды, себебі тек таза жүрек пен нәпсіні жеңген адам ғана Алланы тануға қабілетті деп санайды. «Алла деп алып білім, тәлім көрдім, анандан қайта туған сәби болдым. Арылып күнәсінан пәни жолдың, адалдық мақамына қайттым міне» дегендей сөздерінде Йасауи адамның рухани тазаруының маңыздылығын көрсетеді [6, 29 б]. Тек таза жүрекпен және рухани тазалық арқылы адам шынайы бақытқа жетеді деп санайды.

Қанағатшылдық Йасауи ілімінің маңызды қағидаларының бірі ретінде материалдық құндылықтарға ұмтылудың адам жанына зиян келтіретінін ескертеді. Ол қанағатшыл болуды, дүниеқорлық пен ашкөздіктен аулақ болуды үгіттейді. Йасауидің ойынша, адам материалдық игіліктерден бас тартқан сайын оның рухани байлығы арта түседі. Йасауи рухани байлықты материалдық игіліктерден жоғары қояды және бұл арқылы Аллаға жақындау мүмкіндігін арттырады деп санайды. Ол, «сақина тілеп алса сау басына, түспесе адал жолға – тәубасына, сене бер Алла нұры жаумасына» - деп ескертеді [6, 62 б]. Йасауи қанағатшылдық туралы айтып қана қоймай, өз өмірімен оның үлгісін көрсетеді. «Йасауи өмірі-ғибрат өмір, - деп жазады Ғ.Есім. Оның дүние қызығынан безініп, тақуалық жолына түсуі, өзгелер үшін қам жегендігі, солар үшін өнеге еткендігі» [3, 59 б].

Йасауи ілімінде тазалық пен қанағатшылдық өзара тығыз байланысты. Таза жүрекке ие адам қанағатшыл болуға бейім, себебі ол дүниелік нәрселерге құнықпайды, ал қанағатшылдық адамды ішкі тыныштыққа жетелейді. Йасауи адамның ішкі жан дүниесін тазартқан сайын материалдық құндылықтардан бас тартуға, шынайы рухани тыныштыққа қол жеткізуге болатынын насихаттайды.

Қожа Ахмет Йасауидің «*Диуани хикмет*» еңбегінде махаббат пен толеранттылық маңызды рухани

құндылықтар ретінде ерекше орын алады. Йасауидің көзқарасында махаббат Аллаға және бүкіл адамзатқа деген сүйіспеншілікпен тығыз байланысты болса, толеранттылық өзара құрмет пен төзімділікке негізделген қарым-қатынас құндылығы ретінде сипатталады. Бұл құндылықтар Йасауи тариқатының басты ұстанымдары ретінде көрініс табады.

Қожа Ахмет Йасауи үшін махаббат – Аллаға деген шынайы сүйіспеншілік пен Алланы тануға деген ұмтылыс. Йасауи әрбір адамға рухани кемелдікке жетудің негізі ретінде Алланы сүюді насихаттайды. «Алланы шын сүйген махаббатпен, нәпсіден безіп тынды қапалы еткен» деген мағынадағы сөздер арқылы Йасауи Аллаға деген махаббаттың шынайы бағышталуды талап ететінін көрсетеді. [6, 65 б]. Бұл дүниелік құмарлықтардан арылып, рухани әлемге жақындаудың және адамның адамилығының арта түсу жолы ретінде түсіндіріледі. Міне осыған байланысты, Досай Кенжетай «Йасауидің адам туралы ілімі гуманизмнен әлде қайда кең, әрі терең. Оның ілімінің негізінде ғашықтық пен махаббат жатыр. Бұл жай ғана махаббат емес, Құдайға деген ғашықтық... Міне осындай махаббат қана адамды адамдық санаға, адам деген құрметті атқа лайқ болуға бағыттай алады», - деп тұжырымдайды [7, 177 б].

Йасауи ілімінде толеранттылық – адамдарға түсіністікпен, құрметпен қарау, олардың діни, этникалық немесе мәдени айырмашылықтарын қабылдау қағидасы ретінде көрініс табады. Йасауи әрбір адамның жеке рухани жолы бар екенін түсініп, өзара сыйластық пен төзімділікке шақырады. Йасауи толеранттылықты насихаттап, барлық адамдарға бірдей қарауды, әрбір жанды Алланың жаратқан туындысы ретінде құрметтеуді ұсынады. Йасауи толеранттылықты қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықтың негізі деп санайды.

Йасауидің ілімінде махаббат пен толеранттылық бір-бірімен тығыз байланысты. Ол Аллаға деген махаббат адамның ішкі жан-дүниесін тазартып, оны төзімділікке және басқаларға түсіністікпен қарауға жетелейтінін айтады. Аллаға шынайы сүйіспеншілікпен қарайтын адам айналасындағы адамдарға да құрметпен, махаббатпен қарауға бейім болады. Йасауи махаббат пен толеранттылықтың өзара байланысын көрсетеді. «Ясауи ілімі бойынша.. әрбір адам басқаларды өзі сияқты тәңірдің жаратқан пендесі ретінде көріп, оларға «менікі» және «менен» деп қарауы керек. Рухани бауырластық – тәңірге деген, адамға деген махаббат пен құрметтің өзегі» деп пайымдайды Досай Кенжетай [7, 181 б]. Бұл адамның рухани тыныштыққа жетуіне және қоғамда бейбіт қарым-қатынас орнатуына ықпал етеді. Бұл құндылықтар қазіргі Қазақстан қоғамында, әсіресе көпэтносты және көпконфессиялы ортада бейбітшілік пен келісімге ықпал етуде өзекті болып отыр.

Алланың мейірімі. Дінтану саласындағы жетекші сарапшы Муминов А.К. «Қожа Ахмад Йасавидің философиясы жаңа ислам өркениетіндегі түрікі халықтарының рухани даму бағытын анықтады. Қожа Ахмад Йасави барша пайғамбардың: «Сенімнің негізі ар» деген сөздерінің (хадисінің) дұрыстығына сендіреді және барлығын тақуалыққа, шыдамдылыққа, кішіпейілділікке шақырады».

Жақсылық пен мейірімділікке шақыру, кішігірім нәрсені қанағаттандыру, өтірік пен ашкөздіктен бас тарту, аскетизм мен жанды рухани-адамгершілік тазарту туралы уағыздар А. Ясауи ілімдерінің негізгі бағыттары болды және олар оның мюридтер мен ізбасарларының жауабын тапты. Мұғалімнің шақырған рухани тазалығы және осы ережелерді өздігінен сақтау А. Ясауиді рухани тәлімгер дәрежесіне және ойшылдың есімін «данышпандардан шыққан данагөй», «екі әлемнің айнасы» деп атайды. Оның ізбасарларының бірі Сүлеймен Бақырғани өз еңбектерінде атайды (1186 ж.), XVIII ғасырда өмір сүрген Ясауи Юнус Амре (1250 ж.), Суфи Аллаяр және Ахмет Хазанидің идеялары тұрақты дамытуда. Әлішер Науаи Қожа Ахмет Ясауидің қасиеттілігі туралы және оның ілімінде ешқандай кемшілік жоқ екенін айтады.\

Мавзолейдің сенушілерге психологиялық әсер етуге бағытталған барлық құрылымдық элементтерінің семантикалық мақсатын ескере отырып, тайқазанның орнатылуы және оның мешіттің негізгі атрибуттарының арасында болуы, оның сопылық тұрғыдан исламдық идеологияның ғибадат ету процесінде ерекше және маңызды орын алатындығын айғақтайды. Түрікітілдес ортада жаңа діннің таралуы, отырықшы, қала тұрғындары арасында алғашқы визуализацияға қарамастан, дала әлемінің кең кеңістігінде жаңа дүниетанымдық идеяны заңдастырудың талабы бола отырып, идеологиялық негізде болуы керек еді.

Қорыта келгенде, қоғамдағы зиярат және туризм арқылы жас ұрпақты тәрбиелеуде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің негізгі рәміздерінің ішкі мазмұны туралы жоғарыда келтірілген тарихи мәліметтерінің алатын орны ерекше. Сырдария оазисіндегі түркі халықтарының далалық ортадағы сопылық діни ілімінің ерекшеліктерін баса көрсетуге мүмкіндік береді. Түркі әлемінде ислам идеяларын насихаттауда, оның жұмысында көрініс тапқан ойшының сіңірген еңбегінің дәлелі оның жалғасы бар және әлі де өзекті болып табылады, өйткені бұл этникалық ортаның дәстүрлі құндылықтарына еліктелген. Бейбітшілік пен адамгершілікті құрметтеуге негізделген негізгі философиялық ойларды жүзеге асыру мүмкіндігі Қ.А. Ясауи идеяларын зерттеуге және ілгерілетуге мүмкіндік береді. Жас ұрпақ өздерінің көзімен көрген, естіген мәліметтерін әрі қарай дамытуға деген қызығушылықтары арттады. Елін және отанын қорғауға, құрметтеуге, насихаттауға деген жауапкершіліктерді сезінеді. Әрбір тарихи мұралармен танысу арқылы өзінің алдына үлкен мақсат пен міндет қояды. Сондықтан да ата-аналар жас ұрпақты мәдени туризм арқылы тәрбиелеуге басты назар аудару қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Кенжетаев Д.Т Қожа Ахмет Ясауи – 238 б. – URL: [//http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1586566&simple=true&lang=kk#](http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1586566&simple=true&lang=kk#).
2. Сагандыкова Н.Ж. Хикметы Қожа Ахмета Яссави как письменный памятник средневековья. //Древнетюркская цивилизация: памятники письменности. Алматы: Ғылым, 2001. – 143-148 бб.
3. Каскабасов С. Немеркнущее слово //Атын жылға: зерттеулер мен мақалалар. Алматы, 2013. – 117-155 бб.

4. Муминов А.К. и др. Исторические документы мавзолея Қожа Ахмада Йасауи. Астана: «Мастер ПО ЖШС». – Серия религиозные исследования в ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. – Т. 13. – 2017. – 216 б.

5. Отарбаева А.Б. Ұлы қолбасшы Әмір Темір // Түрікологикалық жинақ. – Астана: «Сарыарқа» баспа үйі, 2012 – 768 б. – 641-662 бб.

6. Жандарбек З. Йасауи жолы және қазақ қоғамы. – Алматы. Ел шежіре, 2007. – 256 б.

7. Муминов А.К., Қожа М.Б. Х.А. Ясауи кесенесінің шет елдерде сақталатын артефактілері және құжаттары // Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы. Х.А. Ясауи халық аралық Түрік-Қазақ университеті. – Алматы, 2017. – 65-73 бб.

8. Зуев Ю.А. Самое сильное племя //Историко-культурные взаимосвязи Ирана и Дашт-и Кипчака. Материалы международного круглого стола. – Алматы, 2004. – 31-68 бб.

МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ДІНИ ФӘЛСАФАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жумабекова Жанерке

«Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды
университеті» КЕАҚ магистранты
Jan-erke03@mail.ru

Манасова Мира Манасовна

PhD докторы, қауымдастырылған профессор
«Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды
университеті» КЕАҚ

Мәшүр Жүсіп Көпейұлы – ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы ең ірі ойшыл. Оның жұмысы қиын өмірлік жағдайларды бастан өткерді. Шығармашылықтағы бай және алуан түрлі мұралардың арқасында адам туралы, өмірдің мәні, ақыл мен сана, өз халқының тағдыры, жақсылық пен зұлымдық туралы философиялық ойларды табуға болады. Ол сондай-ақ бытыраңқылықты, қазіргі қоғамның жалқаулығын, ағартушылық, адамгершілік тәрбиесінің мәселелерін батыл сынға алады.

Кілт сөздер: фәлсафа, дін, философия, шығыстық дәстүр, адам тағдыры

Машхур Жусуп Копеевич – крупнейший мыслитель конца ХІХ – начала ХХ веков. Его творчество пережило трудные жизненные ситуации. Благодаря богатому и разнообразному наследию в творчестве можно найти философские размышления о человеке, о сущности жизни, о разуме и сознании, о судьбе своего народа, о добре и зле. Он также находит смелую критику раздробленности, лени

современного общества, проблем просвещения, нравственного воспитания.

Ключевые слова: фалсафа, религия, философия, восточная традиция, судьба человека

Mashhur Zhusip Kopeevich is the greatest thinker of the late XIX-early XX centuries. His work went through difficult life situations. Due to the rich and diverse heritage, in his work one can find philosophical thoughts about man, about the meaning of life, about reason and consciousness, about the fate of his people, about good and evil. At the same time, he finds bold criticism of the fragmentation, laziness of modern society, the problems of Enlightenment, moral education.

Key words: falsafa, religion, philosophy, Oriental tradition, human destiny

КІРІСПЕ

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни-фәлсафалық негіздеріне тоқталмас бұрын, фәлсафа қандай ілім екендігі және фәлсафаның философиядан айырмашылығы неде екендігіне тоқталуға негіз бар секілді. Фәлсафа мен философияның негізгі бұлақ көзі бір, сенім мен таным проблемелары туралы тұжырымы ортақ болғанымен мазмұндық жағынан өзгерістері аспан мен жердей, бірімен-бірі үйлесімге келмейтін ілім. Орыстың ғалымы, исламтанушысы А.А. Игнатенко айтқандай «Фәлсафа араб тіліне қарапайым аударма болған жоқ ежелгі философиялардың тілі, бұл көптеген жолдармен адам ойының дамуының жаңа кезеңі... Фәлсафаның идеялары кейіннен қалыптасудың күшті импульстарының біріне айналды». Фәлсафашылар грек философиясын араб тілінде жазумен қатар оны мұсылмандық дүниетаныммен ұштастырып, ойлау мәдениетінің жаңа формасын жасаған. Сондықтан, фәлсафа мұсылман мәдениетінің туындысы – соған орай мұсылмандық ойлау принципіне негізделген

мұсылман ойшылдарына тән ерекше (аян) ойлауға баратын менталитетті мұсылмандық дүниетаным, философия – христиандық менталитет пайымдауы негізіндегі ілім [1]. Фәлсафа ілімінің негізі адамзат мәселесінен басталады: оның жаратылуы, рухани құндылықтары, сенім – наным және т.с.с. Әр адам дүниеге келгеннен белгілі бір өмірді түсінуге бағытталған көзқарастармен (мифология, дін, философия) бірге пайда болады. Сондай көзқарастардың бірі дін – адамның өзінің жаратылысындағы құпияларын анықтайтын, ғарыш құбылыс қозғалыстардың астарын түсіну үшін, сұрақтарға жауап іздейтін тылсым сезімнен туындайды. Бұл мәселені көтерген XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген атадан балаға мол рухани мұра қалдырған діндар Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Оның әдеби мұралары жан-жақты зерттеліп, том-том кітап болып шығып жатыр. Жұрт ол кісіні көбінесе ақын, тарихшы, этнограф, фольклоршы, аудармашы, шежіреші, дін қайраткері ретінде таниды. Шындығында, Мәшһүрді кезінде халыққа танымал еткен ақындық ғұламалығынан басқа, әулиелігі, елден ерек қасиеті екені даусыз. Сонда да, сол әулиелік , даналықтың шығуы мына философияда жатқандығын ешкім де байқаған емес. Себеп ретінде, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бақсылығын оккультизм философиясымен байланыстырсақ болады. Оккультизм философиясы – бұл адам мен ғарышта жасырын күштердің бар екенін мойындайтын, адамның жалпы тәжірибесіне қол жетімді емес, бірақ ерекше және арнайы психикалық жаттығулардан өткен адамдар үшін қол жетімді ілімдердің жалпы атауы. Көбінесе психикалық күйзелістермен, өлім мен жаңа туылу тәжірибесі арқылы сананың жоғары сатысына, әрі жасырын білімге — табиғат пен адамның жасырын күштерінің әсер тигізуіне немесе бақылауына қол жеткізуге мүмкіндік беретін әлемнің жаңа көзқарасына бойлауды білдіреді [2].

Мәшһүрдің феномен болып қалыптасуына мүмкіндік туғызған сол кезеңдегі саяси-әлеуметтік ахуал деп тану қажеттілігі бар. Бұл жайында сөз қозғамай Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тарихи болмысын елестету мүмкін емес екені рас. Өйткені ол дәуір құндылықтарының алмасу кезеңінде балалық шағын өткізді. Бұл қандай алмасу десе, елдің көшпеліліктен отырықшылыққа өту кезеңі болатын. Жүздеген жылдарға ұласқан екі жақ теке-тіресі Кенесары көтерілісі арқылы аяқталды. Империяны кескілескен үлкен жауының аяқ асты ыдырауы масаттандырып әрі абдыратып тастады. Ал қазақ халқы болса, осы уақытта біраз перзентін дүниеге әкеліп және оған ғылым-білімін (ғылым-білімі деп ислам діні, ислам мәдениетінің қыр-сырын, өзін, өзінің болмысын тану ілімі) беріп үлгерді. Яғни, осы бір уақыт аралығында ел іші аз болса да, арқаларын кеңге салып, осынау тұста қазақта Абай, Ыбырай, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім, Ғұмыр Қараш секілді маңдай алды ұлдары дүниеге келді. Олар ізденіс жолында хәкімдік, ғұламалық, әулиелік деңгейге көтерілді. Олардың дәуірі басқаша көзқарасты талап етті. Бұл көзқарас, заман – «білекті бірді, білімді мыңды жығады» принципіне негізделген.

МӘШҺҮР ЖҮСІП ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТЫҚ ДӘСТҮР

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының философиясының бастауы шығыстық дәстүрдің ықпалында жатқандығына, атап айтқанда ислам және түркі-моңғол мәдениеті терең бойлағанына көзіміз жетеді. Оның философиялық көзқарастарының негізінде адамды өзін-өзі жетілдіруге итермелейтін сопылық ықпал айқын көрінеді. Сопылық - ежелден қазақтың діні мен дәстүрінде қастерлі саналатын діни-рухани ұғым. Ол діни термин ретінде жаратушыны тану әрі оған жақын болу мақсатында нәпсіні тәрбиелейтін, мінез-құлықты көркейтетін, адамның ішкі жан дүниесін

рухани кемелденуге жетелейтін жол немесе әдістемені білдіреді. Қожа Ахмет Яссауи осы ілімі арқылы Абай Құнанбаев, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ғұмыр Қараш секілді жарық тұлғаларға жол ашты. Соның ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына ерекше ден қойса, оның философиясының ерекшеліктерінің бірі батыс философиясын шығыс дәстүрлерімен үйлестіруге ұмтылуы болды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы батыс және шығыс философиясының үйлесімі туралы оның шығармаларынан бірнеше сөздер келтірілген: «Ішкі тәжірибе мен ойлауға Шығыс екпіні Батыстың рационалды талдау мен сыни ойлауға баса назар аударуын толықтыра алады». Ол батыс ойшылдарының әлемді ғылыми тұрғыдан қабылдауын шығыс мәдениеті мен дәстүрлерінің шындығына бейімдеу керек деп есептеді. «Индивидуализмнің батыстық тұжырымдамасы Шығыстың қоғамдастық пен өзара байланысқа баса назар аударуымен байытылуы мүмкін» [3]. Яғни адам қоғам арқылы өзіндік еркіндігі мен дербестігін өзімшілдікке жеткізбей, рухани толы болуын сипаттады. Әр адамда осы екі әлем бөлігі үйлесімдікке жетуі үшін батыс және шығыс дәстүрлерінің ұлы ойшылдарының еңбектерін оқу мен зерттеудің маңыздылығын атап өтті. Өз шығармаларында былай деп жазды: «Әлемді және ондағы орнымызды шынымен түсіну үшін біз барлық мәдениеттердің философиясы мен дінінің ұлы туындыларын зерттеуіміз керек. Біз өзімізді бір дәстүрдің ілімдерімен шектемеуіміз керек, оның орнына әртүрлі көздерден білім мен даналықты іздеуіміз керек. Оқу – бұл біздің көкжиегімізді кеңейтудің және қоршаған әлем туралы түсінігімізді тереңдетудің кілті». Сонымен қатар, сантүрлі дәстүрлердің ілімдерін зерттей отыра, адам өзіне іліп алар түсініктер жинай алатындығын, жеткізіп отыр.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы философиясындағы Шығыс дәстүрінің тағы бір маңызды элементі мәдениет пен дәстүрді құрметтеуі: өз халқының адал патриоты болып қана қоймай, еңбектерінде қазақ мәдениеті мен тарихын белсенді зерттеп, қазақтардың рухани құндылықтарының бай мұрасы бар екенін алға тартты. Ол даналық уақыт өте келе жинақталады және оны ата-бабаларымыздың ілімдерінен табуға болады деп сенді. Ол еңбектерінде былай деп жазды: «Ақсақалдар мен ата-бабаларды құрметтеу біздің мәдениетіміздегі негізгі құндылық болып табылады. Біз өзімізге дейінгі адамдарды құрметтеп, олардың даналығынан үйренуіміз керек. Өткеннің дәстүрлерін зерттей отырып, біз өзімізді және әлемдегі өз орнымызды тереңірек түсіне аламыз». Бұл сөздерінен өткен ұрпақтың өмірлік тәжірибесі мен парасаттылығын көпті көргендердің бағытынан байқауға болады. Барлық Шығыс дәстүрлері секілді Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз көзқарасында тек әлемді тануды ғана емес, сонымен қатар даналық, жанашырлық, кішіпейілділік және т.с.с. сияқты жеке тұлғаның рухани қасиеттерін дамытуды өз ілімінің орталығына қойды. Этикалық және адамгершілік құндылықтар адам өмірі мен рухани дамуының негізі деп санады. Мораль мен этика діни және рухани құндылықтарға негізделуі керек деп тұжырымдады. Адам өмірі мен құқықтарын құрметтеу керектігін білдірді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының философиясындағы Шығыс дәстүрінің әсері оның дінге деген сенімінен, мәдениет пен дәстүрді қадірлеуінен, руханилық пен этиканың маңыздылығынан көрінеді.

Философиясының Шығыс дәстүрінен бөлек қалыптасуына түрткі болған бірнеше факторлар сипатталады: 1) Медреседе классикалық білім алуынан терең діндар адам ретінде қалыптасып, ойлау мәнері мен сенімі медреседе оқыған дәстүрлі ислам философиясы мен

теологиясына негізделген. Ислам дәстүрінде көптеген зерттеулер жүргізген, орындалған зерттеулер философиялық мәселелерді түсінуіне әсер еткен. 2) Мәдени тиістілігі қазақ болғандықтан, оның ілімі өз халқының мәдениеті мен дәстүрлерімен тығыз байланысты болды. Кіндік қаны тамып, өсіп-өнген жері дала болғасын, ойлау мәнерінің шет-жағасы жоқ кең. Мәдениет пен дәстүрді халықтың бірегейлігінің маңызды бөлігі деп есептегендіктен, еңбектерінде ислам дәстүрі мен қазақ мәдениетінің әртүрлі аспектілерін біртұтас философиялық жүйеге біріктіруге тырысқанын көруге болады. 3) Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Қазақстанның әлеуметтік, саяси және экономикалық өзгерістерді бастан өткерген кезеңде өмір сүрді. Оның ілімі осы өзгерістерге қатысты көптеген маңызды сұрақтарға жауап іздеуге бағытталған, мысалы: әлеуметтік теңсіздік, әлеуметтік әділеттіліктің орнау мүмкіндігі және қазіргі әлемдегі діннің ролі. Оны «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал», «Тірлікті көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты кітаптарынан байқалады. 4) Көптеген философтар мен ойшылдардың, соның ішінде араб, парсы және түрік философтарының еңбектерімен таныс болды. Ол өз философиясын дамыту үшін олардың идеялары мен тұжырымдамаларын пайдаланды. Сонымен қатар, батыс ойшылдарының идеяларын оқып, байланыс іздеді.

КЕМЕҢГЕРДІҢ ДІНИ ОЙЛАРЫ

Айтылған идеяларының ішінде ерекше орын алатын діни-фәлсафалық ойларына тоқталу керектігі күмәнсыз. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы философиясында дін мен философия элементтерін біріктірді, сондықтан діни және философиялық түсініктер оның көзқарастарында маңызды рөл атқарады. Көзқарастарының діни-фәлсафалық негіздеріне дәлелдер келтірілген: Діни сезім білімнің қайнар көзі ретінде әлемді танудың және онымен өзара

әрекеттесудің маңызды көзі. Діни тәжірибе адамға болмыстың терең аспектілерін ашуға және рухани кемелдікке жетуге көмектеседі деп сендірді. Құдайдың, жанның өлмейтіндігі сияқты діннің метафизикалық тұжырымдамаларын қолданды. Бұл ұғымдар эмпирикалық (сезімдік) тәжірибеде көрінбейтін шындықтың тереңдігін түсінуге көмектесетініне сенді. Діннің метафизикалық тұжырымдамалары – бұл шындықтың, болмыстың және адамзат пен құдай арасындағы қатынастардың түпкі табиғаты туралы идеялар мен нанымдар. Бұл ұғымдар құдайдың немесе құдайлардың болуы, адам өмірінің мақсаты және кейінгі өмірдің болуы сияқты шындықтың табиғаты туралы негізгі сұрақтарға жауап беруге тырысады. Олар сондай-ақ діни тәжірибелер мен нанымдарды түсінуге және түсіндіруге негіз береді. Діннің жалпы метафизикалық тұжырымдамаларына мыналар жатады: 1) көптеген діндерде ғаламды және ондағы барлық нәрсені жаратқан және басқаратын Құдай немесе көптеген Құдайлар туралы түсінік бар. 2) Дінде физикалық дене қайтыс болғаннан кейін өмір сүретін өлмейтін жанның немесе рухтың бар екеніне сенеді. 3) **Реинкарнация** – бұл тұжырымдамада жан немесе рух өлгеннен кейін басқа денеге қайта туылады, әдетте карма немесе адамның бұрынғы өміріндегі әрекеттеріне негізделген. 4) **Карма** – бұл адамның іс-әрекеті мен ойының осы өмірде немесе келешекте оның болашағын анықтайтын салдары бар деген сенім. 5) **Нирвана немесе азарту** – бұл көптеген шығыс діндерінің түпкі мақсаты, туылу, өлім және қайта туылу циклінен босату, сонымен қатар жоғары шындыққа, білімге және ішкі тыныштыққа қол жеткізу. 6) Бұл тұжырымдама жақсылық пен жамандық, жарық пен қараңғылық және ақыл мен материя сияқты екі қарама-қарсы немесе етене байланысып жататын күшті білдіретін **дуализм** түсінігі. 7) Көптеген діндерде өлгеннен кейін не болатыны туралы

идеялар бар, соның ішінде жұмақ, тозақ немесе реинкарнация сияқты ұғымдар. Діннің бұл метафизикалық тұжырымдамалары сенушілердің дүниетанымын қалыптастыруға көмектеседі, олардың ғаламдағы орнын және құдаймен қарым-қатынасын түсінуге негіз береді. Дін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы үшін дүниенің кілті. Жалған сопысынуы, мұнафиқтығы мүлдем жоқ, риясыз құлап сенгенін растап кетуін ұмытпайтынын «Көп құмардың біреуі біз – шын құмар» деген сөздерінен байқалады. Оның түсінігіндегі дін гуманизм идеяларына негізделеді. «Адам баласын қорлап, құртып тынатын дін жоқ; ал діндегі ауытқу мен шырайы бұзылуды – күпір дейді. Дін әуелден адамсүйгіштігімен баураған, оның ұлы миссиясы адам баласын жауыздық пен жаманшылығынан қорғап, **арашалап қалу** ежелгі адамзат құрбандық шалатын көне салтында аң орнына адам бауыздайтынын жасыру мүмкін емес. Ортодоксальды діндер адамды ақтап, аяп, өлімнен құтқарды. Ортодоксальды деп діндердің беделді органдары бекіткен «дұрыс» доктрина. Қауымдастықтар (христиандықтағы шіркеулер, исламдағы Аль-умма және т.б.) және осы қауымдастықтың барлық мүшелері үшін міндетті; керісінше — бидғат (бүлік салушы). Діндегі бидғат дегеніміз – Аллаһ пен оның елшісі заңдастырмаған, оның парызда немесе шарифатта екені туралы ешбір әмір келмеген кез келген зат, іс-әрекет. Ортодоксальды деген Құдай алдындағы борышты орындаудың қажетті шарты тек культ (теологияны білмейтін антикалық пұтқа табынушылықтағыдай) ғана емес, сонымен бірге «таза ілім» деп танылатын діндерге қатысты мағынасы бар. Ислам, жетілген иудаизм, буддизмнің әртүрлі бағыттары туралы айтуға болады; әсіресе христиандық нақты дамыған діндерді көрсетуге болады. Авторитарлық ұйымдастырылған философиялық мектептерде негізін қалаушы табынушылыққа негізделген (мысалы: кеш

неоплатонизм), сондай-ақ ұқсас құбылыстар байқалады [4]. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз шығармаларында діни және фәлсафалық ұғымдарды біріктірді деп көрсеткендей, Мәшһүр Жүсіп үшін құдайға деген сенім – бұл әлемді жаратқан күшке және оның тіршілігін қолдайтын рақымға деген сенім, ал діннің мәні – бұл жай ғана білім емес, оның рухани мәнін түсіну және қабылдау. Дін мен философия – әлемді және өзін танудың екі жолы. Дін рухани әлемді ашуға, ал философия оның заңдарын түсінуге көмектеседі, рухани жол - кемелдік пен өлместікке апаратын жол. Бұл тек өзінің діни мәнін түсіну және сезіну арқылы мүмкін болады.

ОЙШЫЛДЫҢ ШЫҒЫСТЫҚ ТУЫНДЫСЫ

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығының ішінде осы күнге дейін жарық көріп, оқырманға ұсынылған еңбектерінің арасында тарихи әңгімелерден, қисадастандардан, жыр-шежірелерден өзге болмыс-бітімі өзгеше сипатта құралған туындылары бар. Оның бірі «Сахарада-лала, бақтарда-райхан» деп берілген шығыс үлгісімен сомдалған фәлсафалық туынды. Олай дейтіндей шығарманың стилі мен белгілі бір ойды жеткізу мәнері Хорезмидің «Махаббатнамасы» мен Джалал ад-Дин Румидің «Маснавиіне», Хафиздің «Ғазелдерінің» сюжеттерімен үндесіп келеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бұл еңбегі мағынасы бөлек, ойлау ирімдері терең бір оқығанда тамсанғаннан басқаға қауһарсыз етіп, дайындықсыз оқыса, есеңгіретіп тастайтын шығарма. Дайындықсыз деген барлық өзіне дейінгі қазақтың дәстүрлі төлтума дүниетанымын меңгеруді талап етеді. Мысал үшін: «Лаланы көрдім...бұлбұл қапаста шеменде сайрай дүр...Сахарада – лала, бақтарда – райхан, ғашық-жырақта, біз-мұнда» - дейді. Осы бір-ақ ауыз сөйлемде қаншама сыр жасырынып тұр. Лаланы көрдім деуі, тек қарапайым көру емес адамның сыртқы объективтілігін

аңғарып, тануы болып тұр. Бұл ой тылсым болмыстың құпиясынан қылаң береді: «ғашық-жырақта, біз-мұнда». Лала, райхан – бұлар хош иісті гүл атаулары, бұлардың міндеті бұлбұлдың аңсарын аудару. Ал бұлбұл болса, қапаста, ғашықтық ынтазар көңілмен өзін ұмытқан. Өзін-өзі ұмыту арқылы, еркіндігін біреуден тапқан. Сол тапқан күшке қосылу үшін қапастан шығып, тордан босауы керек. Бұл жерде мәселе жан мен тәннің арпалысы болып тұр. «Босау» – жанның еркіндік алуы. Ал ол Алланың әміріменен денеден шықпауы мүмкін емес. Сондықтан да, біздің бұлбұлдың сайрауы дегеніміз шындығында оның ішкі зары. Бұны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзі де басын ашып беріп, «Сахарада – лала, бақтарда – райхан» деу арқылы еш бір альтернативсіз екі кеңістіктің де жұпарын алдына тартады. Бірақ бұлбұл шерменде сайрауын қояр емес дегені, «сайрау» философиялық, діни экстаз, өз мағынасында қалауды білдіреді. Бұл сопылық әдебиетте жиі кездесетін құбылыс. Мысалға Йасауидің Диуани хикметінде:

«Ғашық базары ұлы базар, сауда харам,

Ғашық жанға сенен өзгені ойлау харам.

Ғашық жолына берілгенге дүние харам,

Не қылсаңда ғашық қылғыл перуәрдiгер» – деген сөздерінде көзін булаудай қылып тіленуі ненің белгісі. Яғни ғашықтық – жан азабы. «Ашық жанға сенен өзгені ойлау харам» - дегендегі «харам» ұғымы қасаң ойдың ұшқыны емес, ол «мүмкін емес» дегенді білдіреді. Әлгі бұлбұлдың басындағы күй де осы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мысал арқылы беріп отырған адамдық болмыс – бітім де осындай құпиялылықтың астары. Енді алғашқы сөйлемнің соңғы буынында, талдауға тырысқан ойлардың мәні өз орындарына келеді. Ол: «ғашық-жырақта, біз-мұнда» - деп келеді. Осы сөйлем арқылы алдыңғы астарлы берілген ойлардың сыры ашылады. Бұл сөйлемде автор өз

ойын тұлғаландырады, яки адамдық келбет береді. «Біз-мұнда» деу арқылы адамның жан – дүниесінің қапаста екендігі көрсетіледі. Бұның ақиқаты тек қазір ғана байқалып отырған жоқ, ол күллі антика және шығыс сөз зергерлері жырлайтын, тіпті қазақ қиса-дастандарында да кездесетін дәстүрлі ұғым. Сонымен өзінің ғашығына ынтызар бұлбұлдың күйі адам жан-дүниесінің сипаты дедік. «Лаланы көрдім» дегені Жоғарғы ақиқаттың нұрын, шапағатын сездім дегені болып тұр емес пе.

Ендігі мәселе осы ғашықтық жайында. Ғашықтық қалай болмақ? Жоғарыдағы мысалмен топшылайтын болса, бір қарағанда, ғашық болушы бұлбұл да, ал ғашық қылушы лала гүлі немесе райхан екен секілді. Лала гүлі өзінің әдемілігімен көздің жасуын тартып, ерікке қоймайтын қасиетімен ерекше. Дегенмен де ғашықтық қасында алғашқы десе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының сөзімен айтқанда, Лала гүлі туралы айта келіп былай дейді: «алыстан әдемі, жақын барсаң, одан да әдемі. Дәл өзегін қарасаң қап-қара. Мұның мағынасын: бір мазбубқа көзің түсіп, сыртынан қызықсаң, оның жүрегінде қайғының қараңғылығы бар. Не үшін десең, басыңа түскен дәрід (дерт) оған да түскен» - деу арқылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы құпияның басын ашып береді. Жоғарыдағы бұлбұлдың образымен көрсетсе, бұлбұл құстың көңілін аулау үшін Лала гүлі түрленіп, түстеніп бар ынта-жігерін салып тұр емес пе? Сонда қайсы ғашық? Бұл жерде мәтіннің өзіне сүйенсе:

«Сөз дәлден бейхабар - дүр,
Санамыңыз: жан анайы.
Шамығ ол ғыр санай дүр,
Көр - атшы, сөз - анайы.
Ғашық - от әуел түсер,
Мағшұққа ан дин ғашыққа.
Шамығ көркем жанбайынша,

Жақпады пәруанайы». Қайғы сенің жүрегіңнің жанғанынан, ол жананың хабарсыз емес, бірақ сыртына шығара алмай, ішінде болады. Шам әуелі лапылдап жанады. Не үшін? Пәруанаға жаны күйгені үшін. «Мен лапылдап жанғам. Мені көріп пәруана келер ме екен?» - деп ойлайды дейді. Ғашық оты әуелі мақсұққа түседі. Содан тұтанып, ғашыққа түседі. Солай болғаны үшін шам әуелі өзі жанады, содан соң пәруананы күйдіреді». Бұл жерде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жоғарыдағы өлең шумақтарын «бір һом халқының сөзі» дей отырып, оны талдайды. Бұл жерде түсінігі, Бұлбұлдан бұрын Лаланың өзінің ғашықтығы. Бірақ бұл да, соңғы жауап емес сияқты. Олай делінуге Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мына сөзі ерік бермей мазалап тұрады. «Ғашық оты әуелі мақсұққа түседі. Сонан тұтанып, ғашыққа түседі». Мақсұқ деп отырғаны пайымдауша, Лаланың өзі. Оның өзіне ғашықтық оты түскен. Оны көре білген жанды ықтиярынан айырып, әлекке түсіретіні оның асқан сұлулығы. Көре білген дейтініміз қарға сықылды көзін шел басқан жандар да болады дейді автор. Мәтінге зер сала отырса, Лала гүлі сықылды сұлулық падишасының да «жүрегінде қайғының қараңғылығы бар». Көзін шел басқан, қарға сықылды жандарды, жоғарыдағы өлең шумақтарында «Сөз дәлден бейхабар – дүр. Санамыңыз: жан анайы» - деп әшкерелейді. Ақиқат әлемінен хабарсыздың, санасыздың жаны – анайы дейді. Байқаса, бұның себебін жанға сәуле түспегендіктен деп біледі. Ал ол сәуле қалай түспек дегенде «Сөз дәлден» яғни, Құдіретті күш бір Алладан деп меңзеп тұр емес пе?

Енді осы айтылғандарды бір қорытатын болса, жоғарыда бірнеше ғашықтар туралы айтылды. Яғни, Бұлбұл, Лала, Райхан, Шамығ (шам), Пәруана (парсы. ауд. түн көбелегі) Енді бұларды міндет-борыштарына қарай екіге бөледі. Бірі Бұлбұл мен Пәруана, екіншісі Лала,

Райхан, Шамығ. Сонымен біріншілері ғашық болушы да, екіншілері ғашық қылушы немесе керісінше. Бұны логика ғылымында кері қатыныс заңдылығы депте атайды. Әрине, бұл ұғымдар өз мағыналарында және ауыспалы мағыналарында пайдаланылып отыр. Өз мағынасында қарастырылса, бұлбұл мен көбелекті бір мағынада түсінуге болады. Екеуінің де, ғашықтықтан басы айналғандарын дәлел етіледі. Бірақ эстетикалық тұрғыдан екеуін бір мәнде деп түсініп, жұптастыру мүлде мүмкін емес. Олай деліну себебі: халық арасында екеуін екітүрлі мәнде қабылдауы. Бұлбұлды салыстырмалы түрде сабырлылықтың, сұлулықтың, әсемдіктің символы ретінде таниды. Ал, түнгі көбелекті ел ішінде «жынды көбелек» деп атайды. Яғни, сабырсыздықтың, ұшқалақтықтың, пәтуәсіздіктің символына жатады. Ал, шығыстың сопылық әдебиетінде және аңыз әпсаналарында көбелек ес-түссіз ғашық болушының образы. Бұл жерде байқалатыны, қазақ халқының эстетикалық талғамына қарай, қабылдауына қарағанда, өзіндік санасы қалыптасқан және этникалық ерекшелігін сақтаған ел екендігін көрсетеді. Өлгінде біз, ғашықтар туралы айта келіп, міндет-борышына қарай екіге бөлінді. Және оларды кері қатынасты деп айтылды. Енді қарға сықылды жандардың көзін шел басып, мұрнының астындағысынан басқаны көре алмайтындардың, жоқ деуден де тайсалмайтын Жоғарғы күш, бір Алланың шапағаты туралы да айтылмаған. Олай болса, Ол үшінші ғашық. Яғни, алғашқы және ұлы ғашық. Осыдан үштік қатынас принципі шықпай ма? Олар: Құдіретті Күш – Лала, Райхан – Бұлбұл. Ауыспалы мағынасында: Алла Тағала – Ғаламзат – Адамзат. Бұл жерде бірін-бірінен айырғысыз матасқан күйде деп ұғуымызға әбден болады. Оны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз сөзімен келтірсе: «...Қиссада бір денің бір бәйтінде айтқан:...Ай, мені ғашық уа махаббатта мәлімет қылғышы бұл ғашық, махаббат

ғұзыры гәмғыз болған.» Ғашықтық қалай болмақ? – дегенге мәтін бойынша автор өзі жауап береді. Яғни, «ғашық, махаббат ғұзыры» (құзыры, әмірі). Махаббат қайдан екенін ойласа, тіпті күнбағыс гүлдің өзі күн сүйіп тұрады. Мейлінше, сабырлылығының арқасында жеміс береді.

Дүниеде әлем сырын сабырлықпен байыптап, бұлбұл сықылды Алланың шапағатын, ол жаратқан сұлулық әлемі арқылы тани білетін жандар бар. Танығанын көркем бейнелі күйінде ешбір дүрдеараздық танытпай, орын орнымен жеткізіп бере алатын адамдар болса және керсінше, салт-сана, әдеп-ғұрып, дәстүрден ауытқып, адамның ішкі әлемі мен табиғат үйлесімділігінен ғибрат алмай, «бірден секіріп шығам деп» (Мағжан Жұмабаев) түнгі көбелекше мертігіп жатқандар да баршылық. Бірақ олардың бір айыбы онысын білмеуінде. «Дүниеде бұл ғашықтықтан қиын нәрсе болмайды екен. Жалғандағы пәленің зоры екен, бұған тахмал қылып, сабыр қылып шыдаушыларға зор қасиет бар екен..» - дейді Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. «Әлемнің құрылымын тану үшін, оны іздеп табу үшін саналы зат, ғақли парасат қажет. Ол үшін әр затқа есім беріліп, есебін айыра білу керек. Сонда ғана сен санатты адам санындасың, ал дүниені айыра білмеу – надандыққа саяды дейді Әл-Фараби: «Ғақли көзбен карасаң, Дүние ғажап, сен – есім. Жаһли көзбен карасаң, Дүние қоқыс, сен – мешін» - дей отыра, «ғалымның көркі оның иесін танудың жолы» деп түйеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзі «Көмекей әулиеге» балаған Бұқар Жыраудың сөзімен толықтырса: «Ауылда адам бар болса, Ауыл ала болмайды.» - деп жырлағанда адам болмысына жоғарғы мән беріп, қаумалаған қауымның ішінен адам іздейді. «Атымды адам қойған соң,..» деп жырлайтын Абайдың тұғыры да осы емес пе? Адам санатында болу үшін Әл-Фараби ғақли көзбен қарау керек дейді. Ғақли

көзбен қарау үшін жүректен кірді қашыр, сонда, адамның кеудесі хикметке толады, яғни даналыққа деп данышпан Абай өсиет етеді. Жүректегі кір дегеніміз не? Жүректің бұл жердегі функциясы қандай? Мәшһүр «Адам және жұлдыздар арақатынасы» деген еңбегінде «Жүрек – күшті машинаның түп тұрағы. Өкпе мен бауыр – жүректің қызметкерлері» дей келе, «сендер осыларды бір-бір жапырақ ет деп жүрсіндер ғой.» - деп жазады. Бұдан байқалатыны жүрек мүмкіндігінің зор екендігі. Ал кір дегеніміз не? қандай да бір темір атаулыны кәсіпте қолданбаса, оны күтпесе, тот басып, мүжіліп қасиетін жоғалтады. Жүректе солай. «Адамның қалыбы, жүрегі – бір асыл шыны: іші дариядан һәм кең, оның ішінде, саны жоқ садаф. Ол садафтың ішінде қанша би баға қиямет дүрлер бар. Мұны алуға кімнің күші жетеді.» - деп бір кілттипанның шетін шығарады және оған өзі жауап береді: «Бұл ғашық хақиққа мәбтіла болған адам нәпсісімен күні-түні жаһад ақбарда болады екен.» - дейді. «Кімнің күші жетеді» деген күмән мен үміт аралас жоғарыдағы ойын нақтылап береді. Тіпті бұл – жауда өлген шаһидтен де, кәпірлермен соғысқан жаһадтан (жиһад) да зор – деп өзіңді өзің тану құпиясын ашады. Байқаса, бұл жерде ең ізгі адамның келбетін ашып береді. Яғни, сен ораза тұт, намаз оқы, адамдарға қайырымдылық жаса, ғылым-білім үйрен, бұның барлығы сайып келгенде өзің үшін. Өзіңнің нәпсіңді тыю үшін. Ал, бейбастақ кейбіреу бір ай осының бірін қылған болса, көшеге шығып кетіп, жұртты шошытатыны қалай? Және де тағы ұлттың төлтума қағидалары арқылы «іші дариядан һәм кең» жүрегіңнің түбіне үңіл десең, шорпып жын көргендей болатындары не? Ондай дүдәмал ғылым-білімді оларға кім беріп жатыр. Жүректегі кір дегеніміз, осы нәпсі емес пе? «Ғылым-білім немен болады? Ең алды құдайды, құдайтағаланы танымақ. Ол құдайды қайтсе таниды? Әркім өзін таныса, сонда тәңірісін таниды.

...Олай болғанда, ғылым-білімге талап қылушылар алдымен өзін тануды мақсат ету керек» - деп Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы кесіп айтады.

Енді талдауға тырысқан еңбектің соңғы буынында ғашықтық, махаббат деген ұлы сезім адам бойында болмаса, дүниенің тылсым сырын түсінбек түгілі, өзін-өзі тіпті маңындағы жақын туыс, әйел, бала-шағасының да қадыр-құрметіне жете бермейсің деп түйеді. Бұдан махаббат адамды адам етпекші бірінші фактор деген ой түйіледі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Айнабеков Б. Фәлсафа – мұсылмандық дүниетаным // Қазгазета [Электронный ресурс] – Алматы, 2011. – 24 қаңтар. Режим доступа: <https://kazgazeta.kz/news/5820>.

2. Новая Философская Энциклопедия. В 4 томах. Под. рук. Стёпина В. С. 2001– 2810 б.

3. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы философиясындағы адам тұжырымдамасы. – Алматы: Ғылым, 1989. – 150 б.

4. Философский энциклопедический словарь. Советская энциклопедия. Л.Ф.Ильичёв, П.Н.Федосеев, С.М.Ковалев, В.Г.Панов, 1983. – 840 б.

**АХМЕТ ЯСАУИ МЕКТЕБІНІҢ ӨКІЛІ –
ЕТЖЕМЕС ЕШАН АТАНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ДІНИ АҒАРТУШЫЛЫҚ
ҚЫЗМЕТІ**

Жаныкулов Нурлыбек Оразбайұлы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-
түрік университетінің Философия кафедрасының PhD, аға
оқытушысы (Түркістан)

Мақалада Ясауидің сопылық жолын ұстанған, түркі әлемінің мәдени-діни құндылықтары мен салт-дәстүрін дәріптеп, рухани кемелдіктің ізгі жолын ұсынған діни қайраткер Ешан Шадманұлының өмір жолы және оның қоғамдық, діни ағартушылық қызметі қарастырылады. Жұмыстың мақсаты - есімі ел есінен өшіп бара жатқан діни ұлы тұлғалар мен киелі жерлерді дәріптей отырып, халықтың ой-санасын кемелдендіріп, өскелең ұрпақты ұлттың-мәдени, тарихи тамырына жалғау.

Кілт сөздер: Ет жемес Ешан, Ясауи, суфизм, дәруіш, ислами құндылықтар.

The article discusses the life path and his social and religious educational activities of Yeshan Shadmanuly, a religious figure who followed the Sufi path of Yasawi, glorified the cultural and religious values and traditions of the Turkic world, offered a good path of spiritual perfection. The purpose of the work is to improve the thinking of the people and connect the younger generation to the cultural and historical roots of the nation, glorifying the great religious figures and sacred places whose names are fading from the memory of the country.

Keywords: Et Zhemes Yeshan, Yassawi, Sufism, deruish, Islamic values.

Кіріспе

Қазақ даласында ислам дінінің орнығып, өркендеп дамуына, халықтың рухани сауаты мен санасының қалыптасуына және олардың бір сенім негізі астында бірігуіне ишандардың қосқан үлесі өте зор. Тарихи тұрғыдан көз жүгіртсек, қазақ қоғамында да молла, ахун, ишандардың елдің тәуелсіздігі үшін күресіп, бірнеше рет ұлт азаттық көтерілісті ұйымдастырғандығын көреміз. Бұл діни қайраткерлерден Ахун Құсайынов, Зұқа батырдың әкесі Сәбит Дамолланы, Нұрбай Молла тб. есімдерін ерекше атап өткен жөн [1, 48 б.]. Сондай-ақ есімі ғылыми әдебиеттерде жиі кездесе бермейтін, назардан таса қалып қоятын тағы бір ұлы тұлғалардың бірі - Түркістан өлкесінен шыққан сопы, Ахмет Ясауидің ізін жалғаушы Ет жемес Ешан Шадманұлы.

Етжемес Ешан Шадманұлының өмір жолына тоқталмас бұрын, алдымен «ешан», «ишан» ұғымдарына жеке тоқталып, анықтамасын бере кетсек. Діни әдебиеттерде ишан; «дін ғалымы», «тарикат ақсақалы», «жол көрсетуші» сынды мағыналарды береді. Кейбір зерттеушілер, «ишан» сөзін Түркістан мен Еділ аймақтарында «сопы», «керемет иесі», «әулие» мағыналарында қолданылатын ғұлама мен шейхтарға берілген бір атақ ретінде қарастырады [2, 55 б.]. Осы діни анықтамалардан әрекет ете отырып, «ишан» ұғымын «жүрегін Хаққа байлаған, ғұмырын ақиқат пен дін жолына арнаған Құдайдың досы» ретінде сипаттама беруге болады. Тақырыбымызға арқау болған Ет жемес Ешан Шадманұлының болмысына қарап, осындай иләһи қасиет пен сипатты бойында тасыған діни қайраткер болғандығын ашық айта аламыз.

Ешан Шадманұлы жайлы бізге жетіп келген деректер өте аз. Себебі, сол заманда-ақ басқыншы орыстың жазалаушы құрылымдарының адамдары бәрін жойып, жоқ

қылған. Зерттеушілердің пайымынша сол заманда әулие жайлы жазба дерек қалдырған екі-ақ адам бар. Бірі орыс генералы Лыкошиннің «Етжемес Ешан» атты очеркі. Екіншісі әулиенің замандасы әрі сырласы Майлықожаның ұлы Жолбарыс (1861-1924) ақынның өлеңмен Ешанға арнап жазған хаты [3, 10 б.]. Ахун жайында дерек көздер аз болса да ол кісінің рухани ілімі мен діни ағартушылық қызметі халықтың жадынан өшпеген. Еліміз тәуелсіздік алып, еңсесі көтерілгеннен бері білімді ғалым зерттеушілер, ғасырлар қойнауында көміліп қалған рухани жәдігерлерімізді қайта жандандырып, халыққа рухани өнім ұсынуға күш салуда.

Келес даласының әулиесі – Етжемес ишан атаның өмір жолы және оның рухани ілімі

Шығыс елдерінің тарихы мен өлкесін зерттеген генерал-лейтенант Н. С. Лыкошин, XIX ғасырда өзбек халқының өмір тарихы мен рухани мұраларына қатысты зерттеулер жасап, көптеген ғылыми шығармалар жазған. Ұзақ жылдар бойы Ташкентте өмір сүрген генерал, өз зерттеулерінде Орта Азияда атағы шыққан рухани тұлғалар, дәруіштердің өмірі, жергілікті халықтың салт-дәстүрлері жайлы құнды деректермен бөліседі.

Н.С.Лыкошиннің берген мәліметі бойынша сопы, дәріш, имам, ишандар мұсылман қоғамы арасында ерекше құрметке ие болған [4, 144 с.]. Зерттеуші 1895 жылы Ташкент аумағында өмір сүрген әр түрлі тариқат ишандарының тізімін жасап, өзі білетін 60 ишанның ішінен Ет жемес Ешанды ерекше атап өтеді [4, 150 с.]. 1916 жылы Петроградта жарық көрген «Түркістандағы жарты өмір» атты еңбегінде өз көзімен көрген, жақын танытын Ешан Ахун Шадманұлы жайлы қызықты оқиғаларға орын береді [5, 132.].

Ет жемес Ешан, Ташкент қаласы маңындағы «Көкше» елді мекенінде 1833 жылы мешіт имамының отбасында дүниеге келген. «Көкше» мешітінде имамдық қызмет атқарған – ет жемес Ешан атаның әкесі Шадманқожа өмірден өткеннен кейін, мешіт жамағаты жас болса да діни сауатының жоғары екендігін ескеріп, әкесінің орнына имамдықты жалғастыру жөнінде ұлы ет жемес Ешанға ұсыныс білдіреді. Алайда жас Ешан, бұл ұсынысты қабылдамай, өзінің діни сауатын жетілдіруді мақсат етіп, өз заманында білімділігімен көптің көзіне түскен дикан Салықбек Ахуннан шариғат ілімдерін үйренеді. Кейіннен Піскент қаласының маңайындағы Жаңақорған қыстауында Ахмет Ясауи жолын ұстанушы Шажыжүсіпқожа ешанды кезіктіреді. Ешан болуды мақсат еткен Шадманұлы, Шажыжүсіпқожа ешанды ұстаз тұтып, ғалымнан сопылықтың қыр-сырын меңгереді. Бірнеше жылдар бойы Шажыжүсіпқожа ешанның жанында жүріп, сопылықпен қатар діндер тарихы бойынша да дәріс алады. Оқу мерзімі біткен соң, ұстазының ақ батасын алып, Ташкентке оралады. Ол жерде өзінен сегіз ғасырдай бұрын өмір сүрген әулие Шайх Зайнуддин баба кесенесі жанындағы (кезінде әулиенің өзі пайдаланған) сазды жертөле – қылуette құлшылықпен айналысады. Лыкошиннің берген мәліметіне сүйенсек, Ишан ата жерасты мешіті – қылуette «қырық шілде», яғни 40 күннен 40 рет 1600 күн, шамамен 4 жылдан астам уақытты Алла жолында құлшылық жасап, мінәжатпен өткізген. 1892 жылы ел арасында оба ауруы тараған сәтте де құлшылығын үзбестен, адамдарды емдеу жұмысын тоқтатпаған [3, 4 б.]. Ешан атаның шежіресін жалғастырушы Арипов Хасан Аббасұлының сөзіне құлақ түртсек, ағайын-туыстары әкелген нан, шәймен, көкөніспен тамақтанған әулиенің асы құнарсыз болса да ешбір жұқпалы ауруға шалдықпаған.

Қылуetteгі 4 жылдан астам уақытын аман-есен өткізген соң сопы Ешан Шадмаұлы, «Нақышбандия құпия» бауырластығының жетекшісі болған Салық Ахунның дәрісін тыңдады. Десе де ахун, Нақышпандия тариқатының араб, парсы дәстүрі мен мәдениетін қабылдай отырып, емшек еміспеген туыстас ұл мен қыздардың бір-бірімен үйленулеріне рұқсат берулеріне байланысты ол жолды жат көріп, ұстанбаған [3, 4 б.].

Шадманұлы Ешан атаның есімінің алдына «ет жемес» тіркесінің қолданылуының өзіндік тарихы, аңызы бар. 1867-1882 жылдары Түркістан өлкесін билеп төстеген генерал-губернатор Константин Петрович Кауфман, Ташкент өңірінде ел арасында ешандығымен атағы шыққан бір топ діни қайраткерлерді қонаққа шақырып, ас береді. Қонақтардың арасында орын алған Ешан ахун, дастарханнан дәм-тұз татпай, тәспісін қайтарып, үнсіз ғана отыра берген деседі. Мұны байқаған К.П. Кауфман, аудармашы арқылы неліктен дастарқаннан дәм татпағандығын сұрағанда Ешан ахун, аузының беріктігін айтады. Ал, шын мәнінде К.П. Кауфман, жалған ешан мен хақ ешанды айыру мақсатында қонаққа ұсынылған еттердің арасына мысықтың етін қостырған болатын. Ишандардың арасынан көрегенділігімен және әулиелігімен мұны жалғыз Шадманұлы Ешан сезген. Мұндай рухани тазалықты байқаған Кауфман, оның тегін жан емес екендігін бірден аңғарады және сол күннен бастап оның ишанға ерекше ықыласы ауа бастайды [3, 5 б.]. Кейбір деректерде Ешан ахун, қонақ кезінде дастарқанға қарап, «бисмиллә, піш мысығым, піш» дегенде кенеттен желінген ет-сүйектер бір жерге топталып, мысыққа айналып, дастарханнан зыта жөнелген деген әңгімелер де кездеседі.

Осы бір оқиғаны ұмытпаған К.П.Кауфман, кейіннен науқасқа шалдыққан сәтінде алғаш Ишан Шадманұлы есіне түскен екен. Кауфман, 1865 жылы Ташкентте бір

жылдай билігін жүргізген генерал М.Г. Чернаев және оның жақтастарының 1873-74 жылдары патша өкіметіне түсірген арыздарының салдарынан және «Русский мир» газетіне «қазынаның қаржысын есепсіз шашты, тексеру ұйымдастыру қажет» сарындағы мақалалардың әсерінен ауыр дертке ұшырайды. Империяның ең білікті деген дәрігер, емшілеріне көрінсе де ешкім ем таба алмайды. Шарасыз қалған Кауфман, ең соңында өлер шағына келгенде қол астынадағы қызметкері Аппазқожаға өтініш жасап, Келес даласындағы «Ешан бау» елді мекенінде жүрген Етжемес Ешан атаны Ташкентке алдыртады. «Қасида» оқуын тәмамдаған Ешан Шадманұлы, К.П.Кауфманды Құран аяттарымен емдеп, бірер аптада аяққа тұрғызалаы. Осылайша Ешан ахун, К.П.Кауфманның алғысын алып, нөкерлерінің қорғауында Келес өңіріне қайта оралады. Осы бір оқиға К.П.Кауфманның өмірінде ерекше әсер қалдырды. Әр жұма сайын Ешан Шадманұлыға жолығу үшін алдына он атты, артына он атты әскерін алып, Ташкенттен 25 шақырым жердегі «Ешан базардағы» (Қазіргі Келес ауданындағы Абай елді-мекені) Ешан ата салдырған мешітке келуді әдетке айналдырады. Ешан атамен арасындағы рухани байланыстың әсерінен болса керек, Кауфман кейіннен «Ешан базар» елді мекеніне 3000 адамдық сыйымдылығы бар, 6 күмбезді үлкен мешіт салып берген [3, б б.].

Байқағанымыздай Шадманұлы Ешанның бойында әулиелік һәм емшілік қасиет болған. Жоғарыда айтып өткендей алпысты алқымдаған шағында өзіне төнген қауіпке қарамай 1892 жылы Перовск пен Шымкент арасындағы елді аралап, сол кезде тараған оба ауруымен ауырған халықты емдеген [5, 132 б; 6, 24 б.]. Тіпті Ешан ата шаршап, жүре алмай қалса да халық оны зембілге салып, ауылма-ауыл аралатқан.

Шадманұлы Ешанның осы бір үлгілі әрекеттерінен рухани ұстазы Қожа Ахмет Ясауи ілімінің іздерін көруге болады. Себебі, Ахмет Ясауи де бүкіл ғұмырын хақ пен халық жолында сарп етті. Түркі әлеміне аты белгілі Ахмет Ясауидің өмір жолына үңілер болсақ, көрнекті ойшыл дін мен құлшылықтың шеңберін тек мешіт пен медресенің ішімен өлшеген жоқ. Ойшыл, ғибатад, құлшылығымен қоса қоғамдық өмірмен де қол үзбей, халықпен етене араласып, елге өлшеусіз еңбек сіңірді. Көзі тірісінде-ақ атағы мен беделі түркі әлеміне кең таралып үлгерсе де өзі қарабайыр өмір сүріп, маңдай терімен ағаштан қасық, ожау, кесе сынды тұрмыстық заттар жасап, соларды сатып күнін көрді [7, 328. б.].

Рухани ұстазының өмір жолын өзіне үлгі еткен Шадманұлы Ешан да, құлшылық пен қоғамдық өмірді қатар алып жүрді. Өзін қолдаушы диқандардың басын жинап, Ташкенттен 35 шақырымға дейінгі бос, игерілмей жатқан жерлерді бауға айналдырған. Алғашында ол атырапқа мүлдем су жоқ болатын. Ешан Шадманұлы, өзін қолдайтын жақтастарымен арық қазып, су шығарып, өлген жерге тіршілік сыйлады. Бірте-бірте бұл аймаққа елдер қоныстана бастады, дүкендер ашылды, мешіттер салынды. Осы бір мешітте Ишанның өзі имамдық қызмет атқарды [5, 132. б.]. Бұл аймақ кейіннен ел арасында «Ешан бау» аталып кетті. Аңғарғанымыздай Ешан Шадманұлының егіншілік саласына қосқан үлесі де өте зор. Келес өзенінің суын «Ыса ата әулие» кесенесі тұсындағы тоғаннан алып, 4 шақырым жердегі 100 гектар жерді суландырып келген Құдайкүл арықты кеңейтіп қайта қаздырды. Осылайша арықты одан ары қарай 15 шақырымға дейін ұзартқан [3, 8. б.].

Ет жемес Ешан атаның рухани іліміне үңілгенімізде Ахмет Ясауиді өзіне темірқазық ретінде бекіткендігін көруге болады. Ол, Ахмет Ясауидің рухани жолымен

Шариғат, Тариқат, Ақиқат, Мағрифат сатыларындан өткен және Келес даласында Ясауи ілімі негізінде діни ағарту жұмыстарын жүргізген. Жыл сайын наурыздан кейін, кіріп келген жаңа жылдың ырысты, берекелі болуы үшін мал сойып, құрбандық шалып, дербісана ұйымдастыратын [3, 8. б.]. Дербісананың мәні - мазарға зиярат жасап, тазалық жұмыстарын ұйымдастырып, өткен-кеткен жандарды еске алып, рухтарына құран бағыштау. Әрине бүгінде егеменді елде өмір сүріп, мұндай іс-шараларды ұйымдастыруды таңғалардык бір құбылыс ретінде қабылдамауымыз мүмкін. Алайда діни-ұлттық идеологияға өш болған патшалық үкіметтің қылышынан қам тамған кезінде әруақты еске алып, дербісана ұйымдастыру, наурызға орай құрбандық шалып, құран бағыштау, бата қайыру екінің бірінің қолынан келе бермейтін шаруа еді.

Ешан Шадманұлының Ахмет Ясауимен байланыстыратын нүктелер өте көп. Ол жоғарыда айтып өткендей Ясауидің сопылық дәстүрі бойынша өмірінің белгілі бір бөлігін қылуette өткізді. Зерттеушілердің пікірінше ишан жыл сайын екі шілдеде ғибатадқа кіріп отырған. Келес даласында 4 қылует қаздырып, сол маңайда мал бағып, егінін егіп шашырап жүрген халықты бір ортаға жинап, кездесулер ұйымдастырған. Отырыстың соңы рухани сұхбатқа ұласып, дауыстап Ахмет Ясауидің хикметтері оқылған. Ғибатадтан соң ет пен күріштен әзірленген ас ұсынылатын [3, 8 б; 6, 24 б.]. Халықтан, муридтерінен келіп түскен қаражатты өз мүддесіне пайдаланбай, тарығып жүрген кедей-кепшікке таратып, қайырымдылықпен айналысқан.

Халық Ешан атаның әулиелігіне кәміл сенетін және ел арасында ол кісінің кереметтері жайлы түрлі әңгімелер тараған. Ол оқиғалардың бірін баяндар болсақ, Ешан ата бірде Н.С.Лыкошиннің өтініші бойынша Ташкенттегі дәулетті бір отбасының шаңырағына ауызашарға барады.

Қонақ иелері ерлі-зайыптылардың отасқандарына 13 жыл болса да әлі перзент сүймеген екен. Мұны естіген Ешан ата, бір бұрда нанға дем салып, ерлі-зайыптыларға бөліп, жеп қоюларын өтінеді. Осы оқиғадан соң араға жыл салмай әлгі отбасылардың шаңырағында перзент дүниеге келгендігі баяндалады [3, 11 б.]. Әулие Ешан атаның кереметі жайында ел арасында тараған оқиғалар өте көп. 1911 жылы «Ешан бау» ауылында Рүстем есімді атаның шаңырағында келіні толғатып, үш күн бойы босана алмай қиналып, ауыр халге түскен екен. Үш күн ұйқы көрмеген енесі Оразкүл, қолынан келген ем-домын, ырым-сырымдарының бәрін жасаса да еш нәтиже шықпаған соң ернін жыбырлатып, «Айналайын Ешаным қайдасың? Бір шаңырақтан бірдей үш адам жан тапсырғалы жатыр. Алладан медет сұрап, өзің келіп көмектес» дей береді. Бір мезет кешкі апақ-сапақта Ешан ата, шаңыраққа кіріп келіп, «Оразгүл, мені шақырып, тыныштық бермедіңғой. Өлейін деп жатқан үш адамың қайда» - дейді. Сонда Оразкүл апа, «келінім ажалмен алысып жатыр, ол жан тапсырса ішіндегі баласы да шетінейді. Келінім мен немеремнен айырылсам мені де өлді дей бер. Сонда үш адам болмай ма» - деген екен. Содан кейін Ешан ата, ішке кіріп, Құран аяттарын оқып, әлсіреп жатқан келінге дем салып, артынша бөлмеден сыртқа шығып кетті. Аз ғана уақыт өтер-өтпес әлгі бөлмеден сәбидің дауысы естілді. Осындай қиын толғақпен дүние есігін ашқан құндақтағы сәбиді Ешан ата, қолға алып, «бостандыққа шықтың, есімің Бостан болсын. Бостан, Бостан, Бостан» деп құлағына үш қайталап, өзі азанын шақырып есімін қойған екен. Сол Бостан Райымқұлұлы, 2018 жылы жасы 107-ге толған шағында, (ораза айтқа бір күн қалғанда) Раббысымен қауышыпты. Бостан Райымқұлұлы әулиенің қолы тиген соңғы кісі саналады. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан Бостан Райымқұлұлы, көзі тірісінде «соғыс алаңында бораған

оттың арасынан Ешан атаның қорғап, жебеп жүргенін сезіп жүрдім» деп еске алады екен [3, 13 б.].

Жоғарыда айтылған мәліметтерді негізге ала отырып, өмірі шытырманға толы Шадманұлы Ешанның түркі руханиятына қосқан үлесі мен әлеуметтік қызметін былайша тізбектеуге болады:

– дін мен әлеуметтік өмірді ұштастыра отырып, исламдық мән арқылы дәстүрлі түркілік дүниетаным құндылықтарын байыта білді.

– Ахмет Ясауидің шілдехана дәстүрін қолға алып, өшіп бара жатқан рухани ілімді қайта жандандырды.

– Келес өңірінде бір мезгілде 3000 адам намаз оқи алатын 6 күмбезді мешіт салдыртқан. Өкінішке қарай, ол құтхана кеңес кезеңінде қолдан бұздырылған.

– жергілікті халықты егіншілікке, бағбандық пен сауда-саттыққа баулыған.

– тіршілігі тоқтап, игерусіз қалған бос жерлерге арық қазу арқылы су шығарып, тұтастай аймаққа жан бітірген.

– кедей-кепшік, жоқ-жұқаналарға көмектесіп, көптен түскен қаржыны елдің игілігіне жұмсаған.

– емшілік қасиетінің арқасында қаншама адамның жанын ажалдың аузынан аман алып қалған тб.

Зерттеу жұмысымызды қорытындылайтын болсақ, тарихи терең Түркістан өлкесі бұрыннан-ақ дін мен мәдениеттің, білім мен киелі орындардың ірі ошағы болып келген. Бұл қасиетті мекеннен сансыз баптар, ғалымдар, мүршиддер, пірлер, ишандар, дәуіріштер мен сопылардың шыққандығына тарих куә. Тақырыбымызға арқау болған Ешан Шадманұлы да осы бір киелі топырақтың тумасы. Ол Келес халқының ғана емес, тұтастай түркі халқының діни сауатын ашып, ислам құндылықтармен жақыннан танысуына ықпал етті. Алланың берген ғұмырын берекелі әрі мазмұнды өткізіп, жасаған ізгі амалдарымен өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге бола білді. Оның қасиеттілігінің көрінісі

басқыншы орыстың жазалаушы құрылымдары ол жайында жазылған ақпарат көзін қаншалықты жоюға тырысса да, әулиенің есімі елдің санасынан өшкен жоқ.

Ешан Надманұлы халықтың санасында тек әулиелік, ағартушылық, емшілік қасиетімен ғана емес, сонымен қатар арық қазу, көпір салу, бау-бақша өсіру, диқаншылықпен айналысу, жоқ-жұқаналарға азық-түлік тарқату сынды қоғамдық және қайырымдылық жұмыстарымен де ерекше есте қалған. Яғни, ағартушы ахун, халықтың рухани көзін ашумен қатар кәсіптің де көзін табудың жолын көрсеткен. Сондықтан, қазақ даласында халық үшін ғұмырын сарп еткен мұндай ұлы тұлғалар мен киелі жерлерді дәріптеу, ұлттық болмыстың танымдық қырларын ашуда, өскелең ұрпақтың рухани иммунитетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Мақала АР23490104 «Түркістан облысындағы діни туризм нысандарының ақпараттық әлеуетін зерделеу: 4 тілде мультимедиялық интерактивті атлас әзірлеу» атты гранттық жоба аясында дайындалған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Омарова Г.С. Қазақ ишандары мен діни қайраткерлердің қазақ жерінде ислам құндылықтарын қалыптастырудағы қызметі // ҚазҰУ хабаршысы №2 (39). – Алматы, 2012. 48-52 б.

2. Çınar A.A. Orta Asya Türk Kültüründe İşanlık Geleneği // Bilig №1 (96). 55-59 s.

3. Исаев О. Келес: аңыз бен ақиқат арасы. – Алматы: Толғанай баспасы, 2021. – 368 б.

4. Лыкошин Н.С. Пол жизни в Туркестане. Очерки быта туземного населения. –Петроград: Склад Т-ва «В.А.Березовский», 1916. – 412 с.

5. Аяшев. Ж. Сарыағаш-Келес, Ауыл анықтамасы. – Шымкент: Ғасыр-III, 2005 – 352 б.

6. Мустапаева. Д. Түркістан дәуіріштерінің мәдениетінің зерттелуі (XIX ғ. екінші жартысы) // НІКМЕТ журналы. №1 (1). – Түркістан, 2024. 19-30 б.

7. Korkmaz. S. Ahmed Yesevi ve Hacı Bektaş Veli Aralarındaki Bağlar, Fikirleri, Tesirleri ve Türk İslam Edebiyatına Katkıları // Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi Sayı: 11, 2001. – 325-355 s.

ҚАРАХАН ДӘУІРІ МЕДРЕСЕЛЕРІНІҢ ТҮРКІ-ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РӨЛІ

С.Ж. Айдар

Магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан)

Ж.Е. Нурматов

PhD., доцент., Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан)

Бұл мақалада Қарахан дәуіріндегі медреселердің түркі-ислам мәдениетінің қалыптасуындағы орны мен ықпалы талданады. Ислам дінін мемлекеттік деңгейде қабылдаған Қарахан билеушілері білім беру ісіне ерекше көңіл бөліп, медреселер салуды қолдаған. Қарахан медреселерінде діни біліммен қатар, зайырлы ғылымдар да оқытылып, аймақтық мәдениет пен ғылымның дамуына серпін берді. Қашқар, Баласағұн, Бұхара және Самарқанд сияқты қалаларда медреселер білім мен ғылымның орталықтары ретінде танылды. Мақалада медреселердегі білім беру жүйесі, оқытылған пәндер және олардағы әдістемелік ерекшеліктер сараланып, олардың Орталық Азия халықтарының рухани және мәдени әлеміндегі рөлі қарастырылады. Қарахан дәуіріндегі медреселер түркі халықтарының ислам өркениетіне қосқан үлесін айқындай отырып, олардың білім мен мәдениетте қандай іргетас қалағанын көрсетеді.

Кілт сөздер: Қарахан мемлекеті, ислам, медресе, дін, түркі-ислам мәдениеті

This article analyzes the role and significance of madrasas during the Karakhanid era in shaping Turkic-Islamic culture. After adopting Islam at the state level, the Karakhanid rulers

paid special attention to the development of education and supported the establishment of madrasas. In addition to religious education, secular sciences were also taught in Karakhanid madrasas, which contributed to the cultural and scientific advancement of the region. Cities like Kashgar, Balasagun, Bukhara, and Samarkand became recognized centers of learning and science. The article examines the educational system, subjects taught, and methodological features of these madrasas, as well as their role in the spiritual and cultural life of Central Asian peoples. By highlighting the contributions of Karakhanid madrasas to Islamic civilization, this article demonstrates the foundations they laid for the educational and cultural development of Turkic peoples.

Keywords: Karakhanid State, Islam, madrasa, religion, Turkic-Islamic culture

Кіріспе

Қарахан мемлекеті дәуірінде ислам дінінің кең таралуы мен түркі халықтарының мұсылмандықты қабылдауы Орталық Азияның мәдени, ғылыми және рухани өмірінде жаңа кезеңді бастады. Бұл тарихи кезеңде ислам тек дін ретінде ғана емес, әлеуметтік, саяси және мәдени бірегейліктің негізі ретінде орнығып, түркі өркениетінің жаңаша қалыптасуына ықпал етті. Түркілер мұсылмандықты қабылдағанға дейін шаманизм, манихейлік, буддизм және несториандық секілді түрлі наным-сенімдер олардың мәдениетіне әсер етті, әрі осы діндер аясында қалыптасқан бай рухани мұралары болды. Исламның келуімен түркі әлемінің әлеуметтік құрылымы, мәдени салт-дәстүрлері және саяси құрылымы елеулі өзгерістерге ұшырап, олар исламдық негізде қайта қалыптаса бастады.

Қарахан мемлекеті исламды мемлекеттік дін ретінде жариялап, өз аймағында діни білім беру мекемелерін

кеңінен дамытты. Медреселер сол кезеңде білім мен ғылымның орталығы болды. Ислам әлемінде «медресе» термині «сабақ берілетін орын» деген мағынаны білдіреді және алғашқы медреселер арабтар тарапынан мешіттер жанында ашылған. X ғасырдан бастап медреселер исламды уағыздаудың ең маңызды орталықтарына айналды, оларда діни біліммен қатар, зайырлы пәндер де оқытылып, қоғамның жан-жақты дамуына жағдай жасалды. Орта Азиядағы Қарахан билеушілері де медреселер салу арқылы ислам дінінің таралуына және білім беру ісінің дамуына зор үлес қосты. Медреселер Қарахан мемлекетінде ғана емес, көршілес аймақтарда да исламның таралуына жол ашты, бұл мекемелер діни және зайырлы ғылымдардың орталығы ретінде танымал болды.

Қарахан мемлекеті тұсында медреселер тек білім орталығы ғана емес, саяси және мәдени ықпалға ие мекемелер ретінде де маңызды рөл атқарды. Осы дәуірде салынған медреселерде ислам дінінің негізгі қағидаларынан бастап, астрономия, математика, медицина, логика, философия және әдебиет сияқты ғылымдар оқытылды. Қарахан мемлекетінің басты орталықтары болған Қашқар, Баласағұн, Бұхара және Самарқанд қалалары ірі білім орталықтарына айналып, мұнда көптеген ғалымдар, дін қайраткерлері және зиялы қауым өкілдері білім алды. Әсіресе Қашқар қаласындағы медреселердің бірегейлігі аймақтың саяси, мәдени және діни дамуында ерекше рөл атқарды.

Бұл мақалада Қарахан дәуіріндегі медреселердің түркі-ислам мәдениетін қалыптастырудағы рөлі мен маңызы қарастырылады. Медреселердің білім беру жүйесі, онда оқытылған пәндер және олардағы оқу-әдістемелік ерекшеліктер талданып, олардың аймақтық және халықаралық деңгейдегі ықпалы ашып көрсетіледі. Қарахан дәуіріндегі білім ошақтары арқылы түркі

халықтарының рухани және мәдени әлемі жаңа бағытқа бет бұрып, ислам өркениетінің ажырамас бөлігіне айналғанын көрсетеді.

Зерттеу әдісі: Бұл мақалада тарихи-салыстырмалы және жүйелі талдау әдістері қолданылды. Қарахан дәуіріндегі медреселердің түркі-ислам мәдениетінің қалыптасуындағы рөлін зерттеу барысында тарихи деректер мен сол кезеңге қатысты жазылған мақалалар мен ғылыми жұмыстар негізге алынды.

Қарахан дәуірінің ерекшеліктері

Түркілер мұсылман болғанға дейін шамандық, манихейлік, буддизм және несториандық сияқты діндер аясында дамып, өсіп-өркендеген және өркениетпен астасқан терең мәдени байлығы қалыптасқан халық болатын. Ислам дінінің келуімен көне түркі өркениетінің ресми құрылымы ғана емес, әлеуметтік өмір салтының тұтас мазмұны өзгерді, сондай-ақ сол кезеңдегі түріктердің саяси, экономикалық және азаматтық өмірінің барлық саласы жаңа бағытқа бет бұрды. Бұл өзгеріске алып келген үдеріс – Ислам болды. Білім беруде исламдық медреселердің тиімділігі зор болды. «Медресе» сөзі араб тілінен алынған, ол сабақ өтетін орын немесе дәрісхана деген мағынаны білдіреді. Ортағасырлық ислам дәуірінен бастап, орта және жоғары білім беру орталықтары «медресе» ұғымымен атала бастады. Ислам әлеміндегі медреселер алғаш рет арабтар тарапынан салынды. Мешіттердің жанынан діни оқу орындары ашылып, олар «медресе» деп аталды. X ғасырда ислам медреселері исламды уағыздаудың ең қуатты мекемелерінің біріне айналды. Осы медреселер арқылы қол жеткізілген жетістіктердің бірі – ислам дінінің халифаттың саяси шекарасынан шығып, Орталық Азияға таралуы және сол аймақта ислам әлемінің қалыптасуына ықпал етуі болды.

Басқа аймақтарда да үлкен жетістіктерге қол жеткізілді [1, 70 б].

1065 жылы Селжүк мемлекетінің атақты уәзірі Низамүлмүлк Бағдад қаласында «Низамия» медресесін салдырып, оны мешіттен бөліп, мемлекет қарауына тапсырды. Оның ғұламалар, ұстаздар мен мемлекет қайраткерлерін дайындау мақсатында мешіттерден медресені ажыратуы ислам елдеріне жаңа үлгі көрсетті. Бұл медресенің атақты ұстазы – сол дәуірдегі ислам әлемінің әйгілі ғұламасы, философ және ағартушы, исламдық білім туралы жазылған «Ихяу Улуми'д-Дин» еңбегінің авторы Ғазали болды. Оның көзқарастары сол кездегі еуропалық ағартушылардың идеяларынан озық еді [2, 35 б].

Тарихи деректерге сәйкес, қарлұқтардың ябғусы (қолбасшысы) Білгекөл Қадірхан 840 жылы өзін қаған деп жариялап, Қарахан мемлекетінің негізін қалап, оның алғашқы билеушісі атанады. Қарахан билеушілері көне түрік тілінде «күшті», «қорықпайтын», «ұлы» және «али» деген мағынаны білдіретін «қарахан» сөзін құрметті атау ретінде қолданған. Сондықтан келесі кезеңдерде бұл әулетті тарихшылар «Қарахан әулеті» деп атаған. X ғасырдың 30-жылдары Қарахандықтардан Сатұқ Тигин (Салур Тигин) исламды қабылдап, немере ағасы Оғулчактың үстемдігін өз қолына алады. Сұлтан Абдулкерім Сатұқ Бұғрахан деген атпен белгілі болған Сатұқ Тигин Қашқарды мемлекеттің ресми астанасы етіп бекітеді және Қашқар "Ордукеңт" деген атқа ие болады. Осылайша, орта ғасырларда Орталық Азияда жаңа дәуір – мұсылман Қарахан мемлекеті дәуірі басталады [3, 412 б].

Қарахан дәуіріндегі медреселер

Саманилер 893 жылы Талас қаласын басып алғаннан кейін, онда көпшілікті құраған христиандардың ғибадатханасын мешітке айналдырады. Бұдан бөлек,

Жетісу өңіріндегі қарлұқ және оғыз тайпаларының жергілікті билеушілері әлі мұсылмандықты қабылдамаған кезде, мұсылман көпестерінің қауымдасқан қалаларында, мысалы Женд пен Жаңакентте мешіттер мен діни мектептер болған. Бұғрахандалар жайлы мәліметтерге қарағанда, Сатұқ Бұғраханның немере ағасы Оғулчак билік еткен кезде Артуш қаласында мешіт жұмыс істеген, ол негізінен ислам елдерінен келген саудагерлерге арналған діни қызмет орталығы ретінде қызмет атқарған.

Алғашқы түркі-ислам мемлекеті деп атауға болатын Қарахандалар дәуірінде Селжұқтар мемлекеті кезеңіндегі "Низамия" медресесі салынғанға дейін-ақ көптеген медреселер құрылды. Дегенмен, Қарахандалардың ұлы астанасы Баласағұндағы медреселердің жағдайы туралы тікелей мәліметтер өте аз және оларға қол жеткізу қиын.

Қарахандалар билеген ұлан-ғайыр жер шығысында Құмулдан батысында Аралға дейін, Солтүстікте Балқаш көлінен оңтүстігінде Хотенге дейін созылып жатқан аумақта ислам діні сопылық жолмен тез тарады. Бұл процесте Орталық Азияда өлкесінде, әсіресе Қашқарда көптеген медреселер мен басқа да орталықтар құрылды. Тек Қашқар мен оның төңірегінде «Медресе-и Сажия», «Медресе-и «Хакания» сияқты мемлекеттік медреселерден бөлек, «Хейтгах медреселері», «Часа медреселері», «Лайпештак медресесі», «Кескеняр медресесі», «Сач медресесі» сияқты уақыф медреселері мен «Ерахан төре медресесі», «Тажы Хекимбег медресесі», «Доғабег медресесі», «Шахполатбег медресесі», «Сақы медресесі», «Токам медресесі» секілді т.б. медреселерді қосқанда 17 ірі медресе және 145-ке жуық шағын медреселер болды, сонымен қатар, әр ауыл, әр ауданда медреселер бар екендігі дереккөздерде көрсетілген [2, 36 б].

Айта кету керек, Шығыс Түркістан Қарахандықтардан бүгінгі күнге дейінгі медреселердің ерекшеліктеріне көз

жүгіртсек, басынан аяғына дейін сопылық ағымның үстемдік еткенін көреміз. Басқа ислам өлкелерінен көрінгеніндей, медресе текке қақтығысқа түспей, олар әрқашан бір-бірімен араласып, әр медресенің текке қызметін де атқарғанын көреміз. Қарахандықтар дәуірінде Қашқарда құрылған медреселердің ішінде қазіргі кезде белгілілері:

1. Медресе-и Сажия (Сажия медресесі): Бүгінде бұл медресенің ізі де қалмаса да, орналасқан жері Сакия, Часакоча ауылы, бүгінгі Қашқар қаласына жақын жерде деп есептеледі. Бұл медресені алғашқы түркі мұсылман, қаған сұлтан Сатұқ Бұғрахан салғаны белгілі. Жемал Кариши (1230 ж.) «Мүлхекәтүс-сүре» («Сүре сөздігіне қосымша») деп аталатын еңбегінде медресенің атын атайды және Жаухаридің «Сыхах» атты сөздігінен Сұлтан Сатұқ Бұғрахан салған Сажия медресесі кітапханасынан тапқанын айтады. Жемал Каришидің жазуына қарағанда, бұл медресеге жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінен көптеген шәкірттер оқуға келетін болған. Мұнда тек діни ғылымдар ғана емес, сонымен қатар Аристотель, Сократ, Фараби, Ибн Сина және Хорезми философиясы да оқытылған.

Сажия медресесі Қарахандықтардан кейін, Найман ханзадасы Күшілікхан тұсында біраз уақыт қираған күйде қалса да, медресенің негізін 1260 жылы Шағатайлар тұсындағы Орта Азия билеушісі Месуд бек салады. Үйінділердің орнына Месудия медресесі және жанына Сағадет кітапханасы салынады [4, 43 б].

2. Медресе-и Хамидия (Хамидия медресесі): Қашғар Дәулетбағда орналасқан. Бұл медресе де Қарахан дәуірінен бері пайда болған маңызды медреселердің бірі. Қашғарлы Махмұдтың атақты еңбегі «Диуани луғат-ат-түрікте» ұстазым деп атаған Хусейн Ибн Халәф әл-Қашғари осы медреседе сабақ бергендігі алға тартылады. Бұл медресе

Қарахандылар дәуіріндегі көптеген ғалымдарды дайындаған деп айта аламыз.

3. Медресе-и Махмудия (Махмудия медресесі): Қарахандықтар кезінде әулет саяжайы ретінде пайдаланылған медресе бүгінгі Опал ауылы Махмуд Қашқари мазарының қасында орналасқан. Бүгінде бұл медреседе биіктігі 2 метр, ұзындығы 25 метр болатын қабырға қалдықтарын көруге болады. Аталмыш бейіттің жазуынан түсінуге болатындай, бұл медресені Қарахандықтар салдырған.

Махмұд Қашқари өмірінің соңында Бағдаттан қаласынан елге оралған соң, осы медреседе сегіз жыл ұстаздық қызмет атқарып, көптеген ғұламаларға сабақ береді. Ол «Пір-и ілім» деген лақап атпен танылып, жұртшылық арасында жоғары атақ-даңққа ие болады.

Махмудия медресесі, Қарахандықтардан кейін Найман ханзадасы Күшілікхан тұсында зиян келіп, 1536 жылы қирайды. Оны кейіннен Сейидия әулетінің сұлтаны Абдулрашидхан жөндеп, қайта пайдалануға береді. 1678 жылы Сейидия әулеті құлаған тұста, Шығыс Түркістан өлкесін қалмақтар басып алып, бұл медресе қайтадан қирандыға айналады және қайта жөндеу жұмыстары жүргізілмейді.

4. Бибі Мариям ханым медресесі: Бұл медресе Қарахандықтар дәуірінде Қашқарда құрылған атақты медреселердің бірі. Бұл медресені Қарахандықтардың алғашқы мұсылман қағаны сұлтан Сатұқ Бұғраханнның екінші қызы Бибі Мариям Ханым салдырған. Қазір Қашқардағы Ханой ауылы мен Бештоғрак ауылы арасында аталмыш медресенің қирандыларын көруге болады. Сонымен бірге, Қашқар халқының ішінде Бибі Мариям ханым мен оның ізгі қасиеттері туралы түрлі сөздер мен әңгімелер таралған [2, 39 б].

Қарахандықтар кезінде Қашқарда салынған бұл медреселер сол кезеңде Орта Азияның түкпір-түкпірінен келген түрлі салаларға маманданған ғалымдар мен ақындардың белсенділік орталығына айналады. Соған орай Жемал Кариши Қашқар қаласы турасында «Ислам елі, әулиелер мекені, танымал тұлғалардың қайраткерлік орны, ұлы ғұламалар туып-өскен құрметті мекен, ұлы билеушілер мекені, өз дәуірінде өте дамыған және әдемі қала болды» деп жазады. Басқа тарихшылар да сол кезеңдегі Қашқар қаласы Орта Азиядағы ірі өркениет орталықтарының бірі болғандығын растайды.

Қашқардағы медресе ғимараттарын негізінен хандар, атақты уәзірлер мен беделді адамдар салдырған. Медресе салғандар медреселердің шығындарын жабу үшін жеке қорлар (уақыф) құрды. Мұндай қорлар мүлік, жерлер, керуен сарайлар немесе жол бойындағы дүкендер сияқты жылжымайтын мүліктерден қалыптасып жатты. Мұғалімдердің жалақысы, материалдық жағдайы нашар шәкірттерге көмек секілді шығындар да осы кірістен қамтамасыз етілді және бұл әдет болып қалыптасты.

Атақты медреселердің құрылысы, әсіресе сұлтандардың, уәзірлердің, ықпалы зор адамдардың салдырған ғимараттары басқаларына қарағанда әлдеқайда сәулетті болды. Медреселерде үлкен, сыйымдылығы жоғары дәрісхана көп болды, онымен қоса мұғалімдердің демалатын бөлмелері де сол медреселердің қосалқы ғимараттарында орналасты. Шәкірттердің жатын бөлмелеріне келетін болсақ, әрбір медреседе кем дегенде 30-40 шәкірт жатын бөлмелері болды, әр бөлмеге 8-10 адам сыйды. Одан бөлек монша, асхана және дәретханалар болды [5, 56 б].

Медреседегі оқыту жүйесі мен ерекшеліктері

Қарахандықтар туралы Орталық Азия мен Шығыс Түркістан тарихына қатысты зерттеулерде айтылғанымен

аса көп талқыланбаған. Өйткені Қарахандықтар дәуірі жайлы зерттеулер кейінірек жазылған дереккөздерге негізделген. Ғазнауилер, Селжұқтар, Хорезмшахтар және Қарақытайлар сияқты Қарахандықтар төңірегінде саяси күштер арасындағы қарым-қатынастар туралы толық мәлімет берілгенімен, Қарахандықтардың ішкі жағдайы туралы ешқандай мәлімет берілмеген. Сол секілді Қарахандықтар дәуірінде Қашқарда құрылған медреселерде қандай пәндер және қалай оқытылғаны туралы тікелей ақпарат беретін сенімді көздер, тарихи құжаттар да өте аз. Алайда бұл медреселердің мысалдары ретінде Бағдат пен Бұхара медреселері мен кейінгі Қашқар медреселерінде оқытылған сабақтарға қарап, сол кездегі Қашқар медреселерінде қандай пәндер оқытылғанын жалпылама түрде түсінуге болады.

Осының негізінде жасалған болжамдарға қарағанда, алғаш рет Қарахандықтар дәуіріндегі медреселерде тафсир, хадис және фикһ пәндері оқытылған. Бұл курстардың мақсаты – Құран және ислам шариғаты туралы білім алу. Бұдан басқа тіл және әдебиет курстары, математика, геометрия, астрономия, алгебра және музыка ғылымы, философия, логика, діндер туралы білім, метафизика, химия, медицина, география, саясат, этика, т.б. пәндер оқытылып, ветеринария, ауыл шаруашылығы секілді пәндер қосымша сабақ ретінде оқу жоспарына енгізілген [2, 42 б].

Үлкен қалалардағы медреселер жанында кітапханалар, ауруханалар және лабораториялар болған, ұстаздар оқытушылық қызметтен тыс уақытта практикалық ғылыми зерттеулермен айналысты деп те болжауға болады.

Медреселердің оқыту әдісіне келсек, оқыту әдісі салыстырмалы түрде қарапайым болды деп есептеледі. Медреселерде ұстаздар мінберде сабақ беретін, ал шәкірттер оның алдында шеңбер жасап отырып, сабақ

алатын еді. Сабақтар жатқа оқуға негізделген. Жоғары сыныптарда кей мәселелер төңірегінде ғылыми пікірталастар жүргізілетін, бұл да медресе дәрістерінің түрі болды. Мұндай талқылауларға мұғалімдер мен шәкірттерден бөлек кез келген адам қатыса алды және сыртқы қатысушылар үшін арнайы орын дайындалды. Шәкірттер бір ұстаздан ижазат алғаннан кейін олар басқа ұстазбен сабағын жалғастырды.

Медреселерде оқу мерзіміне шектеу қойылмаған. Оқу әдетте 15-20 жылға созылды. Медреседе белгілі бір уақыт сабақ алған соң дарынды шәкірттер қалаған ғылым саласы бойынша білім жинау үшін басқа қалалардағы атақты ғалымдарға барып, сабақтарын жалғастырып, олардан да ижазат алатын. Медреселерде ұстаздар, мұғалім, мударрис, муаддип, шейх және имам сияқты дәрежелерді алатын.

Қарахан медреселерінде білім алған атақты ғалымдар

Алғашқы кезеңде Қарахандықтар дәуіріндегі медреселерде ұстаздық еткен ғұламалар, Саманидтер кезеңінде Бұхара, Самарқанд, Бағдат сияқты жоғары ғылыми мекемелер мен орталықтарда білім алған ғұламалар болды. Солар туралы мәліметтер берсек:

Әбу Насыр Самани (961 ж.): Сұлтан Сатұқ Бұғраһанды Исламға шақырған бұл ғұламаның атынан жазылған өмірбаяндарда хабарланғанындай, ол Қашқардың Артуш қаласында алғашқы медресенің негізін салып, жеті мың адамның мұсылман болуына ықпал етеді. Одан басқа 70 адамға ижазат бергені де айтылады. Олар негізінен ханның және мемлекеттік қызметкерлердің балалары болады. Сондай-ақ елуден астам ғұламалар дайындайды. Әбу Насыр Самани түркі халықтарын ислам дініне шақырумен айналысу үшін түрік тілін жақсы дәрежеде үйренеді және осылайша дінге шақыру мен оқытуда табысты болады.

Әбул-Хасан Саид Хатем және Саид Желаледдин әл-Бағдади: Бұл екі адам 950 жылы Қашқарға келіп, сұлтан Сатұқ Бұғраханدى исламға шақырады. Кейін Сажия медресесінде көптеген шәкірттер дайындап, діни пәндерден сабақ береді.

Имамуддин Қашғари: Қашқардағы Сажия медресесінен XI ғасырда білім алып шыққан бұл ғұлама өз кезінде медицина саласында үлкен атакқа ие болады. Бір жағынан Әбу Әли Ибн Синаның медицина ғылымындағы әдістерін жетілдіруге талпынса, екінші жағынан көне ұйғыр (түрік) және қытай медицинасының емдеу әдістерімен байыту арқылы түрік-ислам медицина ғылымын жоғары деңгейге шығарды. Имамуддин Қашғари Әбу Бәкір Мұхаммед әр-Разидың «Дайретул-Ма'арифи'т-Тиббия», «Китабу'ш-Шаһид», «Китабу'л-Хауи», Ибн Синаның «Хикметул Ағла», Фарабидің «Ихсаул-Улум» секілді шығармаларына түсіндірмелер жазған және Қашқарға ғылым үйренуге әр елден келген шәкірттер арқасында бұл еңбектер шығыс елдерінің мойындауында үлкен рөл атқарды. Имамуддин Қашғари Сажия медресесінің жанынан ашылған мемлекеттік ауруханада хирургия саласында тәжірибелік зерттеулер жүргізіп, өз шәкірттерімен түрік медицинасы және білім беру саласындағы үлкен жетістіктердің негізін қалады [6, 95 б].

Хусейн б. Халаф әл-Қашғари (1093ж. қайтыс болған): Қашқари Хамидия медресесінде ұзақ уақыт мұғалім болып қызмет етеді. Жемал Қарши, бұл адам туралы өзі өмір сүрген кезеңнің әйгілі теолог ғалымы деп жазады және оның тәпсір мен хадистерге қатысты түсіндірмелері үлкен қызығушылыққа ие болған. Тажул-Ислам әс-Сәмани «Китабул-енсаб» атты еңбегінде осы кісіге сілтеме жасап, жоғары баға береді. Бұл кісі 1093 жылы 120 жасында қайтыс болады. Махмұд Қашқари туралы өмірбаяндарда Қашқари Махмұт бастауыш білімін Опалдағы медреседе

алған деседі. Содан кейінгі жоғары білімін Хусейн б. Халафтан алады. Бұл медреседе Қашқари Махмұд секілді араб, парсы және түрік тілдерін барлық диалектілерімен білетін терең білімі бар ғалым және Хусейн б. Халаф сияқты көптеген ғалымдардың ұстазы болған тұлғалардың қызмет атқаруы бұл жердегі ұстаздардың қаншалықты терең білімге ие болғанын көрсетеді.

Махмұд Қашқари (ө. 1113/14): Түріктердің мақтанышы Махмұд Қашқари шамамен 1019-20, Қашғар Опалдың Азиг (қазіргі Кумбағ) төңірегінде, Қарахандықтардың астанасы Қашқарда туып-өскен, сол жердегі медреселерде оқыған. Содан кейін ол Бағдадқа көшіп, 1072-1077 жылдар аралығында өзінің «Диуану Луғат әт-Түрік» атты тамаша еңбегін жазады. Ол 1105-06 жылдары туған жері Қашқарға қайта оралып, сол жерде «Медресе-и Махмудия» медресесін салдырады. Медреседе сегіз жыл ұстаздық етіп, 1113-14 жылдар шамасында туған жеріне оралып, Опал ауылында қайтыс болады [2, 43 б].

Юсуф Хас Хажиб (Жүсіп Баласағуни): Түркі халықтардың тарихындағы ең маңызды мәтіндердің бірі «Құтадғу біліг» (Құтты білік) деп аталатын еңбектің авторы Юсуф Хас Хажиб өмірі туралы көп мәлімет жоқ. Автордың өз шығармасында берген мәліметтер негізінде оның туған уақыты 1019 жылдың айналасында деп болжауға болады. Автордың туған жеріне тоқталатын болсақ, көне түрік қаласы Баласағұнда дүниеге келгені туралы нақты деректер бар. Ал қайтыс болғаны туралы нақты мәліметтер жоқ. Кейбір болжамдарға негізделген деректерде қайтыс болған уақыты 1077 жыл делінген. Юсуф Хас Хажибтің маңызды шығармасы «Құтадғу білік» түріктердің мұсылмандық болмысы туралы жазылған алғашқы кітаптардың бірі. Ол жазылған кездегі тарихтағы мәдени өзгерістер мен ауысулардың қарқындылығы жұмысты одан да маңызды етеді. Бұл жағдай –

шығарманың исламға дейінгі түркі халықтарының ойлау жүйесі мен исламмен танысқаннан кейінгі даму жағдайын салыстыру арқылы түсіну тұрғысынан тамаша мәтін болып табылады. Өйткені шығарма бойынша жүргізілетін зерттеулер көне түрік түсінігінің түрік-ислам түсінігіне айналу процесін, сондай-ақ исламға дейінгі құндылықтар қандай болғандығын бізге көрсетеді.

Ахмед ибн Махмуд Йүгнеки: Ахмед Йүгнекидің өмірі туралы мәліметтер өте аз. Ахмед Йүгнекидің бізге жеткен жалғыз еңбегі «Атабетүл Хақайық» (Ақиқат сыйы) болып табылады. «Ақиқат сыйы» шығармасы адамгершілік, білім, әділдік, жомарттық және қарапайымдылық сияқты құндылықтарға арналған. Поэманың авторы оқырманға өнеге көрсетіп, ізгі қасиеттерді дәріптейді. Шығармада Алланы ұлықтау, пайғамбарлар мен алғашқы төрт сахаба туралы, білімнің артықшылығы мен надандықтың зияны, тілдің рөлі, дүниенің өтпелілігі, жомарттық пен сараңдық, кішіпейілділік пен менмендік секілді тақырыптар қамтылған. «Ақиқат сыйы» дастанының түпнұсқасы сақталмағанымен, XIV—XV ғасырларда жазылған бірнеше көшірмелері жеткен. Ең ескі қолжазба — 1444 жылы Самарқандта көшірілген нұсқа, қазіргі уақытта бұл қолжазба Ыстамбұлдағы Айя-София кітапханасында сақтаулы. Ахмет Йүгнекидің өмірі туралы деректер шектеулі. Оның жас кезінде араб және парсы тілдерін игеріп, ислам ілімдерін терең меңгергені белгілі. Өмірінің соңында көз жанарынан айырылғаны жөнінде де мәліметтер бар. «Ақиқат сыйы» шығармасы түркі әдебиетінің көрнекті ескерткіштерінің бірі болып есептеледі және ортағасырлық түркі халықтарының рухани мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан [7, 180 б].

Қорытынды

Қарахан дәуіріндегі медреселер түркі-ислам мәдениетінің қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Ислам

дінін қабылдағаннан кейін Қарахан мемлекеті білім беру саласын дамытып, мәдени және рухани өрлеуге негіз қалады. Қашқар, Баласағұн, Бұхара сияқты қалаларда ашылған медреселерде діни пәндермен қатар астрономия, медицина, философия, әдебиет секілді зайырлы ғылымдар да оқытылды. Бұл медреселер аймақтағы білім орталықтарына айналып, түрлі ғылымдардың дамуына, ислам өркениетінің Орталық Азияға таралуына ықпал етті.

Қарахан дәуіріндегі медреселердің мәдени-ғылыми орталық ретінде аймақтағы әлеуметтік, саяси және экономикалық тұрақтылыққа да әсері зор болды. Медреселерде дайындалған ғалымдар мен зиялы қауым ислам құндылықтарын қоғамға насихаттап, оның рухани және мәдени дамуына үлкен үлес қосты. Қарахан медреселері арқылы түркі халықтары исламдық білім мен ғылымға қомақты үлес қосып, ислам өркениетінің бірегей орталығына айналды.

Қарахандықтар кезеңінде ислам дінінің кең таралуы жергілікті түркілердің өміріне терең тарихи-мәдени әсер етіп, олардың рухани дамуына жаңа серпін берді. Дін алып келген құндылықтар жүйесі түркі халықтарының дүниетанымдық ұстанымдарымен және дәстүрлерімен үйлесім тапты, нәтижесінде түркі-ислам мәдениеті қалыптасты. Қарахан дәуірінде бұл мәдениет гүлденіп, ғылыми ойдың өркендеуіне, қала мәдениетінің дамып нығаюына, қолөнердің биік деңгейге жетуіне ықпал етті. Қарахан әулеті билік еткен уақытта түркі халықтарының дүниетанымы байып, мұсылман әдебиеті түркі тілінде жарық көре бастады. Қарахан кезеңі қоғамның барлық саласында сапалы өзгерістер әкеліп, бұрын-соңды болмаған өркениеттік даму сатысына көтерілді. Атап айтқанда, білім беру ісіне ерекше көңіл бөлініп, мешіттер мен медреселер салынып, діни талаптарға сәйкес жан-жақты білім беру жүйесі жолға қойылды. Мешіт-медресе

жүйесінің дамуы нәтижесінде хандық аумағында ғылым мен білім түркі-ислам өркениеті негізінде әлемдік деңгейде танылды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Şahin, M. (2010). Türk Tarihi ve Kültürü. Ankara: Sözkese Matbaacılık, 6. Baskı, 70-71

2. Abudurehemu Wubuli, Doğu Türkistan Medreselerinde İslam Düşüncesi – Sufi Allahyar’ın Sebatul Acizin Eseri Ekseninde İnceleme, Ankara, 2015. Basılmamış Yüksek Lisans Tezi. – s. 188.

3. Abdülkerim Özaydin, “Karahanlılar”, TDV İslam Ansiklopedisi, XXIV, s. 412. 2001, <https://islamansiklopedisi.org.tr/karahanlilar>

4. Suat Polat, Karahanlı Devleti’nde Eğitim Faaliyetler // Uluslararası Eğitim, Bilim ve Teknoloji Dergisi, 2015, Cilt 1, Sayı 1, 42-52.

5. Özaydın, A., Kamalov, İ., Huncan, Ö. S. ve Cöhce, S. (2013). İlk Müslüman Türk Devletleri. T.C. Anadolu Üniversitesi Yayını N00: 2340, Açıköğretim Fakültesi Yayını No: 1337, Web-Ofset Tes. 2. Baskı. Eskişehir

6. С.К. Джамоли, Особенности исламизации Караханидов (IX – XI века) // Известия вузов. Северо-Кавказский регион. Общественные науки. 2018. № 1. сс. 94-98.

7. С.Моллақанағатұлы. Қарахан мемлекеті тұсындағы алғашқы Құран аудармасы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы, № 2 (127)/2019, с. 177-184

ЯСАУИ ІЛІМІНҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ МЕН ОРНЫ

Мирзараимова Муяссар Азатовна

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Дінтану кафедрасының 1-курс магистранты (Түркістан)

Камалова Фәриде Болатқызы

PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Дінтану кафедрасының меңгерушісі (Түркістан)

Бұл мақалада Ясауи ілімі мен сопылық дүниетанымының қоғамдағы рөлі мен орны қарастырылған. Бұл зерттеу жұмысында Ясауи бабамыздың ілімінің негіздері, мәні, маңызы мен ерекшеліктері тақырыбы қозғалған. Сондай-ақ, қазақ жеріндегі ислам дінінің рөлі, түркі халықтарының рухани-мәдени өміріне ықпалын зерттеуге арналған. Сопылық таным негізінде қалыптастырылған әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерге қысқаша талдау жасалынған. Зерттеу жұмысының нәтижесі ретінде кезінде шарифат жолы аясында қолданыстан шығарылған түркілердің әдет-ғұрып, салт-дәстүрі тариқат жолы үкімімен қайта қолданысқа енгізілу керектігі атап көрсетіледі.

Кілт сөздер: Ясауи ілімі, сопылық, әдет- ғұрып, салт-дәстүр, тариқат.

This article examines the role and place of Yasawi's teachings and the Sufi worldview in society. This research work examined the topic of the foundations, meaning, significance and features of the Yasawi teachings. It is also expected to study the role of Islam on Kazakh soil, its influence on the spiritual and cultural life of the Turkic people. The customs and traditions formed on the basis of Sufi knowledge

are briefly analyzed. As a result of the research work, it is emphasized that the customs and traditions of the Turkic people, which were abolished within the framework of the Shariah path, must be reintroduced by the ruling of the Tariqah path.

Key words: Teachings of Yasawi, Sufism, customs, traditions, tariqa.

Кіріспе

Қазақ мемлекетінің құрылуындағы Ясауидың маңызын еліміздің алғашқы Президенті Н. Назарбаев: «... Түркістанның жаңа қазақ хандығының астанасына айналуы тек қолайлы географиялық жағдайына байланысты емес еді. Ол сонау XII ғасырдан бастап әлем назарын өзіне аударып алған еді. Бұл исламдық руханиятта ерекше орын алған, сопылық мектептің негізін салған, ғұлама ақын, Қожа Ахмет Ясауидың арқасы еді» – деп бағалайды. Сонымен қатар Махмұт Хазинидың Ясауи жолы туралы осыдан бес ғасыр бұрын қалдырған еңбегіндегі адамның кемелдікке жетуіндегі алғышарттар ретінде көрсетілген отан, елде тыныштық, бауырластық пен мемлекет басшысына беріктік ұстанымдарынан қазақ мемлекеттілік жүйесінің де Ясауи ілімімен байланысты екенін көруге болады [1, 4 б.].

Діни-рухани жүйеміз кешегі жетпіс жылдық кеңестік дәуірінің ықыпалымен аз ғана уақыттың ішінде қажетсіз деп танылды. Адам мен құндылық арасындағы қатынас бұзылып, тарих үзіліп, мәдениет қайта түзілді. Бүгін сол құндылықтарымызды қайта қалпына келтіріп, өзінің рухани мұрасы арқылы ұрпақтар арасын жалғастырған тарихи тұлғаларымызға басқаша көзқараспен қарап, үзілген тарихи сабақтастықты жалғап, төл мәдениетіміздің келбетін қайта танып, саралауға деген ұмтылыс бар. Абай атамыз айтқандай, «ғұмырдың өзі ақиқат». Түптің түбінде

шаң басқан рухани арнамызға бүгінгі уақыт талабы бойынша, жаңа толқындағы, қасиетті, киелі құндылықтар жүйесі ағылып, бостықтың орны толысып кележатыр. «Өрелі өркениетті ел болу үшін ынтымақ, бірлік, адамгершілік қадіріміз бен қасиетімізді, ата-бабаларымыздан мұра етіп жаңғыртып, бүгінгі күннің керегіне жарататын кез келді» [2, 74 б.]. Осындай рухани мұраның басында күллі түркі әлемінің пірі Қожа Ахмет Ясауи және оның ілімі тұр. Ясауи және оның мұрасын жан-жақты зерттеу объектісі ретінде таңдаған Ясауитану саласы да өткен дәуірдің ықпалымен сол уақыт пен кеңістіктің қажет деп тапқан қырларымен танылды және танытылды. Қазіргі таңда Ясауитанушылар саны мен сапасы жағынан едеуір дамуда. Бұған дәлел ретінде Ясауи мұрасын тану тіл, әдебиет, тарих, мәдениет, дін, философия саласы тұрғысынан зерттеліп жалпы әлемде мыңдаған диссертациялар жазылғанын атап айтуға болады. Бірақ бүгінгі таңда Ясауитанудың әрбір саласы арасындағы тұтастықты жүйелеп, тұжырымдалған және орталықтандырылған арнаға түсіру қажеттілігі артып отыр. Бұл салада ашылмай жатқан мәселелер жетерлі. Мысалы, тарихи және ғылыми тұрғыдан Ясауидің өмір сүрген кеңістігі мен уақыты тұтас сарапталып біткен жоқ, мәліметтерімізде шектеулі, өте аз. Сала мамандары да жеткіліксіз

Қожа Ахмет Ясауи кім?

Ахмет жас кезінде әкесі төсек тартып, сырқаттанып қалады. Ахмет әкесінің қасынан кетпей, сөздерін тыңдайдайды. Оған әкесі өскенін айтып, өзінің еңбектерінің зая кетпегеніне қуанатынын, Ахметтің әкесінің үмітін ақтағанынына ризашылығын білдіреді. Әрі қарай білім алуын тоқтатпауын жәнеде Аллахтың әр қашан онымен бірге екендігін, оған тура жолды көрсететінін түсіндіреді. Бұл әкесінің соңғы сөздері болатын. Әкесін

ақтық сапарға шығарып салып, әулеттің үлкендері ақылдасуға жиналады. Біреулері Ахметтің мықты саудагер болатынын айтса, екінші біреулері мықты жауынгер болатынын айтады. Ұзақ тартыстан кейін көкесі Сүлеймен оны Арыстан бабтан ілім алатынын айтады. Осылайша Ахметтің ілім жолында ұзақ және машаққатты жолы басталады [3, 27-28 б].

Түркменстанда жарық көрген Ахмет Ясауи туралы кітапта түрікмендер оны «Мәдинада Мұхаммед, Түркістанда Қожа Ахмет» ретінде танытады. Қазақ, өзбек, қырғыз, башқұрт, тәжік, ауған халқы Ахмет Ясауи бабамызды «Екінші пайғамбар» (Ахмед-и Сани) деп санайды. Бұл түсінікті Пайғамбарымыз (с.а.у.) нан кейінгі екінші адам түсінуіміз керек. Ұлы Түркістанда Ахмет Ясауиді исламды Түркістанға жайған адам ретінде қастерлейді [4, 46 б.].

Қожа Ахмет қазіргі Сайрамда ол кезде «Мадинат ал Байда» дүниеге келді. Сайрам ислам топырағына жататын рибат функциясын атқаратын гарнизон болатын. Рибат деген исламның шекара аймағын білдіреді. Қожа Ахмет Түркістанға ол кезде Иасы жеріне дін ислам тарату үшін арнайы тапсырмамен келген. Оған сопылық танымдағы «суфра тұтмақ» деген термин дәлел. Аңызда да бұл аймақта, Құл Қож Ахмет Иасауимен қайшылықта болған «Саур» халқы туралы айтылады. Ол кезеңде Саур (мүмкін Сауран) халқы исламға әлі кірмеген отырықшы ел болатын. Иасауи осы жерде өзінің уағыз-насихатын жүргізіп, «ислам аша» келген. Насабнама деректерінде «Ислам аша» тіркесі бұл дін тарату механизмі ретінде танылады.

Тарихи және геополитикалық жағынан Иасы сол кездің өзінде өте маңызды кеңістік болатын. Сырдың бойы, Қаратау етегі, жазық, саудаға да, егістікке де, экономикалық жағынан өте ыңғайлы қоныс. Тарихи

деректерде, Иасы исламнан бұрынғы көшпелі түркі тайпаларының Сыр бойында тоғысатын орталығы, тарсалар мен зороастрлар иелігіндегі сауда кешені болатын.[5]

Қожа Ахмет Ясауи 126 жыл өмір сүріп, мыңдаған ұстаз тәрбиелеп, оларды түрік әлемінің түпкір түпкіріне жіберді. Исламды түсіндіріп, таза діни түсінікті, ықыласты дінді уағыздайтын. Аллаға деген махаббатты, адамға деген сүйіспеншілікті, адамға қызмет етудің маңызын, әйелге құрмет етуді, еңбектің киелілігін, білімнің көзді ашар кереметін насихаттайтын, үйрететін және өздеріде сол нәрсеге амал ететін [6, 52 б.].

Түрік әлемінде Ясауидың ықпалы терең. Бүкіл мазхаб және тариқаттарды да ішіне қамтып алған мәдениет. Сондықтан түріктерде мазхабтар арасы дау жанжал жоқ. Ал, сырттан кірген идеологиялық іріткілердің ықпалымен шыққын даулар мен оқиғаларды өз алдына жеке қарастыру керек. Біз түріктер Ахмет Ясауи жолы арқылы исламды таныдық. Сондықтан бұл жол біз үшін ең сара жол. Енді ғана осы жолды танып, болмысымызға үйлесетін жолға түсуді қайта қолға алып жатырмыз. Біз үшін сырттан келген идеологиялық, саяси және бұзылған діни түсініктердің батпағынан шығудың жолы да осы жол болып табылады. Бұл жол бізді бізге, бізді өзімізге, бізді осы заманға және адамзатқа ұластыратын сара жол [7,47 б]!

Жалпы ислам дінінің түркілік дүниетанымның түбегейлі түлеуіне ықпал етуінде Ясауи ілімінің маңызы зор. Ясауи ілімі қазақ көшпелі дүниетанымы мен мемлекеттік басқару жүйесі, философиялық тұғырлары мен категорияларын қалыптасуында маңызды роль атқарған

Иасы халқы Қожа Ахмет Иасауи ілімін мойындап, исламды қабылдады. Бұл туралы аңыздық санада жақсы келтірілген. Иасауи ислам дінін жаюда саяси билікпен де,

халықпен да ортақ тіл тапты. Оны барша түркі тайпалары өздерінің ұстазы, пірі ретінде мойындады.

Ол туралы «Сұлтан ул арифин», «Шайхул машайх», «Хазрат Сұлтан», деген лақаптар кеңінен тараған. Ол кемел адам ретінде танылып, әулилік мақамын мойындатқан, тарихи тұлға ретінде, Иасыда жерленді. Оның туған жерінде емес, Иасыда жерленуінде діни қағида бар. Ол Пайғамбарымыздың хадисінде көрсетілген: «ал анбиау йудфинуна хайсума йамутун». «Елшілер қай жерде өлсе, сол жерде жерленеді». Осы хадис негізінде Хз. Мұхаммад пайғамбар да Меккеде емес, Мадинада жерленген. Оған талас тартыстар болды. Бірақ жоғарыдағы аманат қағида негізінде Құрайыштықтар пайғамбарды Мадинада жерленуіне көнді. Түркі халқы үшін «Екінші Ахмед яғни пайғамбардан кейінгі екінші Мұхаммед» Қожа Ахмет пірдің кейіннен «Иасауи» лақабымен танылуында осы ақиқат жатыр. Иасауи де атақты әулеттен шыққан болатын. Атасы да, анасы да Сайрамда жерленген еді. Бірақ діни қағида бойынша осы Иасы қаласы оның мәңгі мекеніне айналды.[8]

Ясауи ілімінің негізі – сопылық

Туылмай тұрып қайда едік? Өлген соң қайда барамыз? Болмыс қалай бар болған? Болмысты бар еткен Жратушы барма? деген секілді сұрақтар адам баласын мазалап келген. Осы сұрақтарға жауап іздеу философия және сопылықтың бастауы болды. Ұлы Жаратушымыз адам баласын әртүрлі жаратты. Жоғары ойлау қабілетіне ие адамдар пайғамбарлардың келген жолдарына қайран қалып, оларға қызығушылықпен қарайды. Өздерінің кім екендіктерін білгілері келеді. Идеялардың түп негізіне жетіп, ойлаудың да шарасынан асып, ақылдың тұтастығына ұмтылады. Осы жолда ілім дамытып, зерттеп, біз біле бермейтін ақиқаттарға ұласып, ерендердің

қатарына қосылады. Міне, сопылық деп осыны айтады [9,58 б].

Құран мен хадисте намаз сөзінің кездеспей, оның орнына «солат» сөзінің болуы сияқты исламның алғашқы дәуірлерінде де сопы (тасаууф) болмаған. Ұғымдардың жаңа сөздермен қолданылуы, жаңа мағыналарға ие болуы белгілі жай. Ол дәуірлерде сопылықты білдіретін «иhsан» сөзі болатын. Иhsанның не екенін Хз. Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) әйгілі Жәбрейіл оқиғасында анықтап берді. Онда мұсылмандық үш сатыдан: ислам, иман, иhsаннан тұрады. Иhsанның нәтижесінде жоғалмайтын үздіксіз ықылас пайда болады. Бұл өздігінен пайда болатын, жоғалмайтын адалдық, құлшылық халі [10, 34 б.].

Ясауи ілімінің негізінде сопылық жатыр. Сопылық – басқа танымдардан ерекше, нәзік әрі терең исламдық дүниетаным формасы. Оған өте сақтықпен, дайындықпен барған дұрыс.Осындай мәнге толы, терең сырлы құбылыс туралы зерттеулер,рухани тәжірибелер жазылды, жазылып та жатыр. Дегенмен сопылық жолдың белді тұлғасы Ясауи мұрасын, жолын, ілімін тану әлі күнге дейін бір ізге түспеген өзекті мәселе болып отыр.

Ясауи дүниетанымы өз алдына танылмаған ғарыш. Ал мирасы болса ғарыштық мәтін десек артық болмас. Сопылық танымды, Ясауиды осы саланың маманы басқаша, маман еместер, қарапайым халық басқаша қабылдап таниды. Мұның өзіндік себептері бар. Ең басты себеп Құдайлық таным мен адамдық таным арасындағы қатынас мәселесінде жатыр. Ясауиді түсіну үшін оның шығармаларын оқу жеткіліксіз. Алдымен Ясауи кім, қайдан шықты, өмір жолы, ойлау жүйесі, өмірге деген көзқарасы, алған білімі,отбасы, осылардың барлығымен танысып барып, ол кісінің шығармаларын оқуға болады. Яғни, оның шығармаларын түсінуіміз – оның

дүниетанымдық негіздерін танып білу деңгейімізге байланысты.

Бірақ түсіну мен сезіну екі бөлек нәрсе. Ясауиді түсіну үшін, өзімізді Яассауидің орнына қойып, сол сияқты бола білу керек. Бұл әрине мүмкін емес. Сопылық – сыр ілімі. Оның арнайы тілі бар. Бұны ғылыми тілде – терминология деп айтады. Тек қана сопылықта емес, барлық ғылым саласының өз терминологиясы бар. Ал қарапайым тілмен айтатын болсақ, Ясауиді түсіну үшін сопыша тіл білу керек. Ислам діни ғылымдары саласында кез келген маман, сопылықтың терминологиясын меңгермей тұрып зерттеуге кірісетін болса, түсіндіру былай тұрсын өзінің түсінуі қиынға соғады.

Ясауидың ілімінің негізгі қызметінің мәні

Ясауидың негізгі қызметі – хикметтері арқылы дәстүрлі түркілік дүниетаным құндылықтарының мазмұнын исламдық мән арқылы байыту, адамның шынайы рухани еркіндігі мен мәнінің танылуын қамтамасыз ету. Оның пайымында шынайы еркіндіктің негізі – Ислам. Абай атамыздың сөзімен айтқанда, барлық дін атаулы адамның еркіндікке қауышу жолдарын көрсететін құдайлық негізге сүйенетін «түбі бір- түгел сөз» болып табылады.

Ясауидың «Диуан и Хикмет», «Миратул Қулуб» және «Факр нама» сияқты мұраларының мазмұны былай тұрсын, аттарының өздері адам және оның рухани халдері, еркіндігі мен кемелдігін көрсететін сопылық категориялар [11, 14 б.].

Ол кісінің «екінші Мұхаммед» атануының астарында үлкен мән бар. Ол мәнге жету жолында ол өзінің бар өмірін сарып етті. Сонда ол кісінің алдына қойған мақсаты адамзат баласын, ислам әлемін Мұхаммед Пайғамбар (с.а.у.) заманындағыдай «рух әлемімен» байланыстыру болды. Ол заманда да ислам дінінің рухани қуаты әлсіреп,

халықтың дінді сыртқы формасына қарай бағалауы белен алып, сыртқы ғибадаттарға мән берілген кезеңі болатын. Бұл сол кезеңдегі халықтың рухани азғындыққа ұшырауына ықпал етті. Өз дәуірін ол Хикметтерінде былай сыйпаттайды:

Ұстаз, дінсіз құлдар болды хакім,
Менмендік дүкенін ашып, болды залым.
Халық ішінде қор болды дәруіш ғалым,
Көпшілігі халықтың кәпір болды көргін.

Осы хикметтің өзінен ақ Ясауи заманында халықтың иманнан ажырап азғындыққа ұшырағанын көруге болады. Адам баласы рухани болмысынан ажырайтын болса, онда оның сыртқы ғибадатынан не пайда. Мұндай азғындыққа ұшыраған халықты қайта түзеудің жолы исламға иманды қайтару екенін түсінді және мақсатына жетті де. Мұсылман қоғамын рух әлемімен сабақтастырды. Соның арқасында ислам қайтадан құдыретті рухани күшке айналды. Қазіргі кезде біздің салт-дәстүріміздегі рухқа қатысты әдет - ғұрыптың барлығы: кісі қайтыс болғанда: жетісін, қырқын, жүзін, жылын беру; нәресте дүниеге келсе қырқынан шығару т.б дәстүрлерімізсауи бабамыздан қалған. Өкінішке орай қазіргі кезде де біздің рухани болмысымыздың қайтадан әлсіреген жайы бар.[12,18-19б]

Қорытынды

Ясауиден бұрын да сопылар, дін ұстаздары болғанымен, олар түркілік мәдениет негізінде исламды үйретудің жүйелі ілімін қалыптастыра алмады. Қазақ хандығының құрылысы, құқықтық және басқару жүйесі, әлеуметтік құрылымы, білім беруі мен тарихи шежіресі, сонымен қатар мәдени- дүниетанымдық қабатындағы трансформациялық құбылыстар осы Ясауи ілімі негізінде қайта қалыптасып, жаңғырды.[13, 267 б]. Бүгінгі әлемдік жаппай жаһандану процесінде ұлттық болмысымыз бен

мемлекеттілігіміздің баяндылығын нығайту мақсатында Ясауи мұрасын «Ясауитану» пәні ретінде білім беру саласында бағдарламаға енгізуді конституция шеңберінде жүзеге асыруымыз қажет. Себебі, қазіргі қоғамымызды сырттан төніп кележатқан көптеген саяси және идеологиялық діни ағымдар мен орталықтардың ықпалынан құтқарады. Бұл – қоғамның рухани қауіпсіздігі мен тұрақтылығының кепілі. Өйткені Ясауи мұрасы – біздің руханиятымыздың бастауы, мәдениетіміздің өзегі. Ал, Қазақстан Республикасының мемлекеттілігінің тарихи негізі де осы қазақ мәдениеті екендігі даусыз.[14, 270 б]

Алайда, «Қожа Ахмет Ясауи Аллаға серік қосушы, дінді бұзушы» деген пікірлердің де бүгінгі күнде қоғам санасынан орын алып жатқаны рас. Бұл қазақтың дәстүрлі діні емес, сырттан келіп жатқан діни ағымдар ықпалы екендігі айтпаса да айдай анық.

Атақты түрік жазушысы, қоғам қайраткері, аудармашы Намық Кемаль Зейбек өзінің «Ахмет Ясауи жолы және хикметтері» атты кітабында: « ...Мен бұл кітапты жазған жоқпын, жайғана құрастырдым. Ясауи ілімін бір бақша десек, оның ішіндегі гүлдері өте көп әрі алуан түрлі. Ал менің қолдарым кішкентай, ол гүлдердің сіздерге қолыма сыйғанын ғана бердім...» [15,109 б] деп жазған екен. Сол сияқты осы зерттеу жұмысы оқырмандарға, қоғамға Ясауи бабамыздың бізге қалдырған бақшасынан, қолыма сыйғанша емес тек бір гүлін тарту етеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Кенжатай Д. Қожа Ахмет Иассауи мұрасы және оның маңызы. 109 б
2. Нұрланова Қ.Ш. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің эстетикалық ерекшеліктері.125 б.
3. Ходжа Ахмет Ясави. История, личность, время. – Алматы. «Аруна», 2007.- 96с.

4. Намық кемал Зейбек. Қожа Ахмет Йасауи жолы. Аударған: Досай Кенжетай Тұрсынбайұлы. «Бойут- Таң»: Анкара, 2002- 96 б

5. <https://www.facebook.com/share/1LwLxr7HLM/?mibextid=WC7FNe>

6. Намық кемал Зейбек. Қожа Ахмет Йасауи жолы. Аударған: Досай Кенжетай Тұрсынбайұлы. «Бойут- Таң»: Анкара, 2002- 96 б

7. Намық кемал Зейбек. Қожа Ахмет Йасауи жолы. Аударған: Досай Кенжетай Тұрсынбайұлы. «Бойут- Таң»: Анкара, 2002- 96 б

8. <https://www.facebook.com/share/1LwLxr7HLM/?mibextid=WC7FNe>

9. Намық кемал Зейбек. Қожа Ахмет Йасауи жолы. Аударған: Досай Кенжетай Тұрсынбайұлы. «Бойут- Таң»: Анкара, 2002- 96 б

10. Намық кемал Зейбек. Қожа Ахмет Йасауи жолы. Аударған: Досай Кенжетай Тұрсынбайұлы. «Бойут- Таң»: Анкара, 2002- 96 б

11. Кенжатай Д. Қожа Ахмет Иассауи мұрасы және оның маңызы. 109 б

12. «Сарасөз» Республикалық әдеби-қоғамдық журнал. №5(11) /мамыр/ 20187 Тарих ғылымдарының кандидаты, ясауитанушы Зікірия Жандарбекпен сұхбат

13. Кенжетаев Д.Т. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымының түркі ислам философиясы тарихындағы орны. Монография. Түркістан: «Тұран» баспаханасы, 2012ж. 288 бет

14. Кенжетаев Д.Т. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымының түркі ислам философиясы тарихындағы орны. Монография. Түркістан: «Тұран» баспаханасы, 2012ж. 288 бет

15. Namık Kemal Zeybek. Ahmet Yesevi Yolu ve Hikmetler. Ankara 2003. 315s

ЗИРАТ ТУРИЗМІНІҢ ТАНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ КИЕЛІ МЕКЕНДЕР

Жаксылық Аружан Серікқызы

4 курс тарих-дінтану мамандығының студенті
Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті
(Алматы)

Тастанова Асем Даулетона

Гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушысы
Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті
(Алматы)

Бұл мақалада зиярат туризмінің әлемдік тенденциялары мен Алматы облысының киелі мекендері қарастырылады. Рухани және мәдени құндылықтарды сақтай отырып, зиярат туризмінің экологиялық, ақпараттық қолжетімділік, инфрақұрылымдық дамуы қажеттігі айқындалады.

Әлемдік зиярат туризмінің заманауи тенденциялары, соның ішінде көпфункционалды және экологиялық туризм, технологияларды қолдану ерекшеліктері қарастырылады. Алматы облысындағы киелі орындардың (мысалы, Шоқан Уәлиханов кесенесі, Жаркент мешіті, Бесшатыр қорғандары) маңызы мен олардың зияратшылар үшін рухани, тарихи құндылығы талқыланады. Өңірде зиярат туризмін дамытудағы инфрақұрылымдық жақсартулар, ақпараттық қолжетімділік, экологиялық сақтандыру қажеттілігі атап өтіліп, Қазақстанның бұл саладағы әлеуеті мен халықаралық деңгейде танымал ету жолдары ұсынылады.

Кілт сөздер: зиярат, киелі орындар, туризм

This article examines world trends of pilgrimage tourism and holy places of Almaty region. The need for environmental,

informational access, and infrastructure development of pilgrimage tourism is determined while preserving spiritual and cultural values.

Modern trends of world pilgrimage tourism, including multifunctional and ecological tourism, features of technology application are considered. The importance of sacred places in Almaty region (for example, Shokan Ualikhanov Mausoleum, Zharkent Mosque, Besshatyr Mounds) and their spiritual and historical value for pilgrims are discussed. The need for infrastructural improvements, information access, environmental insurance in the development of pilgrimage tourism in the region is emphasized, and ways to promote Kazakhstan's potential in this field and international recognition are suggested.

Key words: pilgrimage, holy places, tourism

Кіріспе

Зиярат туризмі – адамзат тарихының алғашқы кезеңдерінен келе жатқан рухани тәжірибелердің бірі. Ол саяхатшылардың дінге, мәдениетке және рухани құндылықтарға байланысты қасиетті орындарға баруын қамтиды. Бүгінде зиярат туризмі әлемнің көптеген елдерінде қарқынды дамып келеді және туристік индустрияның маңызды бағытына айналған. Түрлі діндер мен мәдениеттер өкілдері өздеріне маңызды мекендерге зиярат етіп, ішкі тыныштық, рухани байлық іздейді. Зиярат туризмінің танымал бағыттарына Сауд Арабиясындағы Мекке, Ватикандағы Әулие Петр соборы, Үндістандағы Варанаси қаласы сияқты жерлер жатады. Әлемдік тенденцияларға сай зиярат туризмі тек діни емес, мәдени, табиғи және рухани бағыттарға да ұштасып, әр елде көпқырлы сипатқа ие болуда. Бұл салада жаңа технологияларды енгізу, экологиялық туризмді насихаттау,

инфрақұрылымдық даму мен ақпараттық қолжетімділікті арттыру маңызды бағыттарға айналып отыр.

Қазақстан да зиярат туризмі үшін мол мүмкіндіктерге ие елдердің бірі, өйткені еліміздің аумағында көптеген тарихи, мәдени және діни мәні зор киелі орындар орналасқан. Алматы облысы – сол киелі орындарға бай аймақтардың бірі. Мұнда Шоқан Уәлиханов кесенесі, Жаркент мешіті, Бесшатыр қорғандары, Таңбалы тас петроглифтері сияқты қасиетті жерлер орналасқан. Бұл нысандар Қазақстанның рухани және мәдени мұрасын көрсетеді, әрі зияратшыларды өзіне тартады.

Мақалада зиярат туризмінің әлемдік даму бағыттары және Алматы облысындағы киелі мекендердің туризмдегі рөлі мен әлеуеті, сондай-ақ өңірде зиярат туризмін дамыту жолдары қарастырылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зиярат туризмінің дамуы мен Алматы облысындағы киелі мекендердің ерекшеліктерін зерттеу үшін келесі материалдар мен әдістер пайдаланылды. Әдеби шолу әдісі арқылы Қазақстандағы және әлемдегі зиярат туризмі саласындағы негізгі ғылыми жұмыстар мен зерттеулерге талдау жасалды. «Киелі Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы, ЮНЕСКО деректері, сондай-ақ Ұлттық мұрағат материалдары мен зерттеулер қарастырылды. Әдеби шолу нәтижесінде зиярат туризмінің әлемдік және қазақстандық ерекшеліктері, даму бағыттары анықталды. Салыстырмалы талдау әдісі Әлемдік зиярат туризмі мен Алматы облысындағы киелі мекендер мысалдары салыстырылып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары, негізгі дамытуды қажет ететін салалары көрсетілді. Бұл әдіс зиярат туризміндегі әлемдік тәжірибені Қазақстан жағдайында тиімді қолдану мүмкіндіктерін айқындауға көмектесті. Дала зерттеулері Алматы облысындағы негізгі зиярат мекендеріне (Шоқан Уәлиханов кесенесі, Жаркент

мешіті, Бесшатыр қорғандары) экспедициялық сапарлар ұйымдастырылып, киелі орындардың қазіргі жағдайы, инфрақұрылымның дамуы, зияратшылардың ағымы және олардың тәжірибесі талданды. Географиялық ақпарат жүйелері (ГАЗ) қолдану Киелі орындардың орналасуын зерттеу мақсатында ГАЗ технологиясы пайдаланылды. Бұл әдіс арқылы Алматы облысының зиярат нысандарының географиялық орналасуы, көлік инфрақұрылымымен байланысы, қоршаған табиғи ортасы зерттелді. Зерттеу барысында жинақталған мәліметтер Алматы облысындағы зиярат туризмін дамытуға қатысты ғылыми негізделген ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді.

Әлемдегі зиярат туризмінің тенденциялары

Зиярат туризмі ұзақ жылдар бойы туристік индустрияның маңызды саласы болып келеді. Бүгінде зиярат туризмі тек рухани қажеттіліктерді ғана қанағаттандырмайды, сонымен қатар ұлттық экономиканы нығайту, мәдениет алмасуды қамтамасыз ету, және жаңа жұмыс орындарын құру мақсатында дамуда [1]. Кейбір әлемдік тенденциялар төмендегідей:

1. Туризмнің көпфункционалдығы

Қазіргі кезде зиярат туризмі дәстүрлі дінге негізделген саяхаттармен шектелмей, экотуризм, мәдени туризм, және емдеу-сауықтыру туризмімен де үйлесімді дамуда. Мысалы, Сауд Арабиясы исламдық зиярат орындарымен ғана шектелмей, елдің тарихи мұраларын көрсету үшін жаңа туристік аймақтар ашып, табиғи және мәдени объектілерді таныстыруда.

2. Технологияны пайдалану

Зиярат туризмі саласындағы жаңа технологиялар келушілерге арнайы мобильді қосымшалар арқылы киелі орындар туралы мәліметтерді алдын ала алуға, онлайн турлар жасауға және жайлылықты қамтамасыз етуге

мүмкіндік береді. Бұл келушілердің саяхатын жеңілдетіп қана қоймай, тиімді ұйымдастыруды да қамтиды.

3. Рухани және психологиялық қажеттіліктерге назар аудару

Әлемдік зиярат туризмі тек дінге негізделіп қана қоймай, жалпы адамдардың психологиялық және эмоционалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Мысалы, Тибет, Индия, Жапония елдерінде рухани тыныштық іздеген адамдар үшін медитация курстары, йога сабақтары және рухани жаттығулар ұйымдастырылған.

4. Жасыл туризмді дамыту

Экологиялық саналы саяхатшылардың көбеюімен зиярат туризмі де экологиялық таза, тұрақты дамуға бағытталған саяхаттарды қолдайды. Киелі мекендерге зиян тигізбеу, қоршаған ортаға деген жауапкершілік, және жергілікті мәдениетке құрмет көрсету туристер үшін маңызды факторларға айналууда.

Қазақстанда зиярат туризмінің даму тәжірибелері

Қазақстанда зиярат туризмінің әлеуеті зор, себебі ел көптеген тарихи және киелі орындармен бай. Зиярат туризмін дамытудың бірнеше бағыты бар [2.4б.]:



Алматы облысы – Қазақстанның маңызды мәдени және рухани орталықтарының бірі. Бұл өңірдің киелі орындары тарихтың куәсі бола отырып, халқымыздың мәдениетін, дәстүрін және рухани құндылықтарын сақтап келеді. Олар ежелгі замандардан бері халықтың рухани қажеттіліктерін өтеп, табиғатпен, тарихпен, мәдениетпен байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Осы мақалада Алматы облысының ең танымал киелі мекендері туралы толығырақ тоқталамыз.

1. Таңбалы тас – ежелгі өнердің куәсі

Таңбалы тас Алматы облысы Жамбыл ауданында орналасқан және Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасына қосқан үлесі ерекше орын. Байпақов, К. М. (2007). еңбегінде «Таңбалы тас» қорық-мұражайында 5000-нан астам ежелгі петроглиф сақталған [4.1326]. Петроглифтерде аңшылық көріністер, тайпалар өмірі және ежелгі мифология бейнеленген. Таңбалыдағы суреттер шамамен 3000 жыл бұрын қашалып, кейіннен түркі дәуірінде де толықтырылған (1-сурет). 2004 жылы бұл кешен ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізіліп, Қазақстандағы аса маңызды мәдени ескерткіштердің бірі ретінде танылды [6].



1- сурет

2. Ақсақ Темір кесенесі (Ақтерек) – Іле Алатауының қасиетті мекені

Ақтерек ауылында орналасқан бұл кесене Ақсақ Темірдің атымен байланысты аңыздарға ие. Жергілікті халық арасында бұл орын әскерлерінің рухы қалған қасиетті жер ретінде құрметтеледі. Ақсақ Темір Қазақстанның тарихында маңызды рөл атқарған тұлға болғандықтан, бұл кесене де оның есімімен аталған рухани орталыққа айналған. Бұл жерге келушілер атақты

қолбасшының ерліктеріне құрмет көрсету үшін зиярат етеді[7.326.].

3. Әулие бұлақ – табиғаттың қасиетті сыйы

Талғар ауданы Ақбұлақ ауылындағы Әулие бұлақ ерекше қасиетімен танымал. Бұл бұлақтың суы емдік қасиетке ие деп саналады, сондықтан халық арасында үлкен құрметке ие. Келушілер денсаулық пен күш-қуат тілеу үшін бұлаққа барып, суын өздерімен алып кетеді. Бұл бұлақтың жанында дұға ету және тылсым күшке сену дәстүрі сақталған (2-сурет) [8].



2-сурет

4. Әулие Ағаш – ерекше табиғи ескерткіш

Қаратал ауданындағы Әулие Ағаш ерекше қасиетке ие деп саналады. Аңыз бойынша, бұл ағаштың түбінде түнеген адамдардың тілегі орындалады екен. Әулие Ағаш табиғатпен байланыс орнатып, рухани күш алуға мүмкіндік беретін табиғи қасиетті орын ретінде саналады. Мұнда келушілер ағаш түбінде дұға оқып, ниет етеді, табиғаттың тылсым күші арқылы өз тілектерін жеткізеді (3-сурет) [9.26.].



3-сурет

5. Торайғыр – сақ дәуірінің мәдени мұрасы

Торайғыр ауылы маңындағы сақ дәуірінен қалған қорғандар – Қазақстанның ежелгі тарихының маңызды ескерткіштері. Бұл тарихи орындарды аралап көрген адам ежелгі сақтардың тұрмыс-салтынан, наным-сенімдерінен мағлұмат ала алады. Бұл мекен келушілер үшін ежелгі мәдениет пен тарихқа бойлап, рухани байлыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді[10].

Қорытынды

Зиярат туризмі қазіргі таңда әлемдік деңгейде қарқынды дамып келе жатқан сала болып табылады. Оның негізінде рухани қажеттіліктер мен мәдени мұраны сақтау мақсаты жатыр. Алматы облысы – Қазақстанның киелі жерлеріне бай, туристер үшін маңызды туристік бағыт. Бұл зерттеуде Алматы облысындағы зиярат туризмі мен киелі мекендердің жағдайы, даму әлеуеті, және оларды тиімді пайдалану жолдары жан-жақты қарастырылды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Алматы облысының зиярат мекендері, атап айтқанда, Шоқан Уәлиханов кесенесі, Жаркент мешіті, Бесшатыр қорғандары, Таңбалы тас петроглифтері және басқа да қасиетті орындар, еліміздің рухани және мәдени мұрасын сақтауда маңызды рөл атқарады. Олар туристер мен зияратшылар үшін

тарихи-мәдени және рухани тәжірибе алудың тамаша мүмкіндігін ұсынады.

Сонымен қатар, зерттеу барысында келесі маңызды аспектілер анықталды:

1. Инфрақұрылымның даму қажеттілігі: Алматы облысындағы киелі мекендерге келушілердің санының артуы инфрақұрылымның жетілдірілуін талап етеді. Зиярат орындарына апаратын жолдарды, қонақүйлер мен туристік қызмет көрсету нысандарын дамыту маңызды. Туризмнің қарқынды дамуы үшін жолдарды, коммуникациялық желілерді жақсарту, қоғамдық көліктің қызметін арттыру, ақпараттық бюроларды ашу қажет.

2. Ақпараттық қолжетімділік: Зиярат орындары туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру, туристік веб-сайттар, мобильді қосымшалар мен әлеуметтік желілер арқылы насихаттау зияратшылардың қызығушылығын арттырады. Киелі орындар туралы ақпаратты тuroпeраторлар мен туризм агенттіктері арқылы тарату маңызды.

3. Экологиялық сақтандыру: Киелі жерлердің табиғи байлығын қорғау, экологиялық таза туризмді насихаттау мақсатында қоршаған ортаға зиян келтірмеу жөнінде шаралар қабылдау қажет. Экологиялық туризм мен зиярат туризмін ұштастыру, табиғатты қорғау шараларын жүргізу керек.

4. Рухани және мәдени бағдарламаларды әзірлеу: Зияратшыларға арналған медитация, йога, дәстүрлі емдеу әдістері мен мәдени бағдарламаларды ұйымдастыру арқылы Алматы облысының киелі мекендерін одан әрі дамытуға болады. Рухани-емдік туризм элементтерін енгізу арқылы зияратшылардың мүдделерін қанағаттандыруға мүмкіндік туады.

5. Жергілікті тұрғындарды тарту: Зиярат туризмін дамытуда жергілікті тұрғындардың рөлі маңызды. Оларға

туризм саласындағы кәсіпкерлік мүмкіндіктері мен қызмет көрсету дағдыларын дамыту жөнінде тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру керек.

6. Мәдени мұраны сақтау: Киелі жерлердің тарихы мен мәдениетін сақтау, ұлттық дәстүрлер мен халықтың рухани құндылықтарын насихаттау арқылы зиярат туризмін дамыту мүмкіндігі артады.

Алматы облысындағы зиярат туризмі әлеуеті зор, алайда оны тиімді дамыту үшін кешенді жоспарлар мен стратегиялық бағыттарды жүзеге асыру қажет. Зиярат туризмінің дамуы – бұл еліміздің рухани және мәдени мұрасын сақтап, экономикалық дамуын қамтамасыз ететін маңызды сала.

Зерттеу нәтижелері Алматы облысының зиярат туризмін дамыту бойынша ұсыныстар мен стратегиялық бағыттарды қалыптастыруға, сондай-ақ киелі мекендердің танымалдылығын арттыруға көмектеседі. Зиярат туризмі еліміздегі мәдени алмасуды, халықаралық қатынастарды нығайтуға, еліміздің рухани, мәдени және экономикалық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. UNWTO (2018). Religious Tourism in Global and Cultural Perspective. <https://www.unwto.org/tourism-and-culture>

2. «Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша тәрбие жұмысының үлгілері» Әдістемелік ұсынымдар 2019ж. Ел шежіресі.

3. ЮНЕСКО. (2021). Жетісудың киелі жерлері. Астана: Қазақстан тарихы қоғамы.

4. Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. –Алматы: Ғылым 2009. – 570 б.

5. Мырзахметов, М. М. (2011). Ұлы даланың киелі орындары. Алматы: Қазақстан тарихы қоғамы.
6. UNESCO World Heritage Centre. (n.d.). Tamgaly. Retrieved from <https://whc.unesco.org/en/list/1145/>
7. Әуезов, М. Ә. (1999). Тарих пен тағдыр. Алматы: Арыс баспасы.
8. Сүлейменов, О. С. (2018). Қазақстанның қасиетті бұлақтары. Алматы: Ғылым және білім.
9. Назарбаев, Н. "Ұлы Даланың жеті қыры" атты мақаласы Білімді ел / Образованная страна: Республикалық білімді, қоғамды-саяси газет.- 2018.- №44(153).- 27 ноябрь.- Б.2-3.
10. Байпақов, К. М. (2010). Сақтар және ежелгі тайпалар мәдениеті. Алматы: Ғылым баспасы.

МӘДЕНИ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ КЕПІЛІ

Садуова Ж.Н.

Халықаралық туризм және меймандостық универсиеті
Гуманитарлық мектебінің п.ғ.к., доцент

Садуова Ж.Н.

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Дайындық орталығы қазақ
орыс тілдері бөлімінің аға оқытушысы

Бұл мақалада еліміздегі мәдени-тарихи туризмді дамыту арқылы жастардың рухани құндылықтарын қалыптастырудың аспектілері қамтылған. Яғни мәдени туризм арқылы туристердің рухани мүдделерінің өзгеруін және жаңаруына үлес қосуға болады. Туристер мәдени мұраларды өздерінің көздерімен көріп жан дүниесімен рухани құндылықтарды сезгенде ғана мейірім мен шапағаттың куәсі болады. Ой санасы мен тұлғасы рухани тазарып өмір сүруге деген сүйіспеншілігі арттып, отбасына және ұлтқа деген жауапкершіліктері молайып, рухани сауаттылығымен қоршаған ортаға орасан зор пайдасын тигізеді.

Кілт сөздер: мәдениет, мәдени мұра, технологиялық прогресс, техникалық, тұжырымдамалық.

This article reveals aspects of the formation of spiritual values of youth through the development of cultural and historical tourism in the country. That is, through cultural tourism it is possible to contribute to the change and renewal of the spiritual interests of tourists. Tourists can become witnesses of mercy and intercession only when they see the cultural heritage with their own eyes and feel the spiritual values with their souls. His mind and personality are spiritually purified, his love for life increases, his responsibility to his family and

people increases, and his spiritual literacy brings great benefits to the environment.

Keywords: culture, cultural heritage, technical progress, technical, conceptual.

Кіріспе

Бүгінгі таңда мәдени-тарихи туризмді дамыту үшін, алдымен, инвесторларды тарту, тарихи ежелгі қалалары бар территориялардың инфрақұрылымын, олардың ескерткіштерін, ғимараттарды модернизациялау мен жөндеу мақсатында ішкі қорларды іздеу басты назарға алынған. Қалалық ортаны дамыту мақсатында тарихи аймақ шеңберінде мәдени-тарихи туризмнің арнайы қорын құра отырып, басқару жүйесін қалыптастырған да жөн. Ежелгі қалаларды туристік орталыққа айналдыру ұлттық және халықаралық деңгейде дамыту, болашақта туризмді экономиканың ең табысты салаларының бірі болуына ықпал етеді.

Мәдени туризм, Ежелгі замандарда қалыптасқан құбылыс ретінде, туристердің басым көпшілігінің қажеттіліктері мен мүдделерінің өзгеруіне байланысты жаңарудың жаңа кезеңін бастан кешуде. Қазіргі уақытта мәдени туризм халықаралық туризмнің шамамен 37%-ын құрайды және шамамен 35 млн. Еуропадағы жыл сайынғы халықаралық туристік сапарларды қамтиды [1, 23 б.].

Қазақстанның бұл салада үлкен туристік әлеуеті бар екенін атап өтуіміз керек. Дегенмен, ол әлемдік туризм нарығында алдыңғы қатардан орын ала алмайды. Қазақстанда туристік әлеуеттің маңызды бөлігі мәдени туризм шеңберіндегі әлеует болып табылатынын мойындамау мүмкін емес, бұл ең алдымен, Қазақстанның рухани астанасы мәртебесіне ие, атап айтқанда, Түркістан қаласынан бастау алады. Түркістан қаласында туризмнің осы түрін дамыту перспективалары туристік ағынды

тікелей көтерумен қатар, мәдени туризм тұтастай алғанда өңірдің туристік дамуына, сондай-ақ қалада әлеуметтік жағдайдың жақсаруына, жаңа жұмыс орындарын құруға және инвестициялардың ағынына елеулі үлес қосатындығымен расталады.

Мәдениет туризмі үшін инфрақұрылым қаншалықты маңызды болса да, бұл қызығушылық объектісі емес, бұл құрал ретінде айқындалады. Архитектуралық ескерткіштер мен мұражайлар арасындағы таңдайтын болсақ, онда бұл үшін қайсысы жақсырақ екенін анықтау керек. Мұражайлардың архитектуралық ескерткіштерден айырмашылығы, өздері туралы ақпараттың маңызды бөлігін өз бетінше және қоршаған мәдениет ландшафтымен қамтамасыз ете алады. Осылайша, тапсырма айтарлықтай оңайлатылған, сұраныстың сауатты формуласы қалыптасады. К. Перье-Д'Итерен айтуынша, «туризм қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін, туризм индустриясын қамтамасыз етуші үкіметтің экономикалық мүддесін ескере отырып, мұра объектілерін пайдалану арқылы табысқа жетуге үлкен күш жұмсау қажет. Осының негізінде мәдени мұраны сақтау, оны одан әрі дамытуға себепші болу керек»[2, 25 б.].

Ал қазіргі кезде бұл мұралар мемлекеттің әлеуметтік немесе экономикалық тұрғыда маңызды факторы ретінде қарастырылмай отыр. Егер осы жұмыс барысында жаңа бағдарламалар іске асырылатын болса, тек үкіметтің ғана емес халықтың да рухани және материалдық тұрғыда мәдениетке құлшынысы артады. Туристердің ағыны, олардың саны үнемі өсіп келеді, бірақ немқұрайлылық, қайғылы мюзикл жағдайлары, қаражаттың жетіспеушілігі бұған кері әсерін тигізуі мүмкін. Бүгінгі күні мәдени мұраның құндылығының жоғарылауы жағдайында жағдайдың жақсаруы туралы айтуға болады, тіпті зерттеуге және талдауға жұмылдырылған күш-жігердің негізінде

үлкен жұмыстар атқарылуда. Мұра мен туризм арасындағы байланыстардың көптеген аспектілерін ұқсас болса да, бұл ұғымдар әртүрлі бағытта қалыптасқан. Осы тұста В.А.Квартальнов «ұлттық мәдени мұра объектілерін ақылға қонымды және шығармашылық түрде ұсыну керек» деп атап өтті. «Мәдениетте біртектілік мәселесі кең қолданылады. Себебі, ғылыми және технологиялық прогресс өз жұмысын жасау барысында бір елдің өндірісі іс жүзінде басқа елдегідей екенін көрсетіп отыр. Танымал туристік бағытқа айналғысы келетін облыс бірегей мәдени кешендерге ие болуы және оларды туристік нарыққа ұсынуы керек» [2, 71 б.].

Бұдан басқа, жоғарыда аталған ғалымдар туристік мақсаттар үшін мәдениет кешендерін бағалау әдістемесін ұсынды, оның тұрғысынан «екі негізгі жолмен жүзеге асырылуы мүмкін» деген тұжырымдама жасалды:

- әлемдік мәдениет және ұлттық мәдениет орнына сәйкес мәдени кешендердің рейтингі;

- туризм үшін тарихи және мәдени әлеуеттің перспективалары бойынша әртүрлі аумақтарды салыстыруға мүмкіндік беретін экскурсияға қажетті және жеткілікті уақыт.

Дегенмен, бұл әдістер субъективті болып табылады. Кәсіби тұрғыдан қызықты мәдени кешендер әдеттегі туристер үшін үнемі тартымды емес. Бұдан басқа, олар өте маңызды: қол жетімділік, экскурсиялық маршруттар құрылысы, білім деңгейі, ұлттық сипаттамалары және тіпті сән саласын қызықты ретінде қабылдайды. Осылайша, адамдар әртүрлі салаларда өз білімін кеңейту қажеттілігіне байланысты, интеллектуалды деңгейін көтеру бойынша ақпарат қабылдайды.

Қазіргі әлемде туризмнің негізгі түрлерінің арасында жетекші рөлді мәдени туризм атқарады, себебі әлеуметтік-экономикалық маңызды және мәдени дамуды (тарихи-

мәдени мұраны сақтау, ежелгі ескерткіштерді, архитектуралық ансамбльдерді, мұражайларды, театрларды және т.б. құру және қолдау) қамтамасыз етеді. Мәдени туризм теориялық негіздерін, тарихи-мәдени туризмді дамыту мәселелерін зерттеу бірқатар шетелдік авторлардың шығармаларында дамыды: Ч. Лэндри, Д. Пирс, Р. Прентис, Г. Ричардс және т.б. Ресейлік әдебиетте тарихи-мәдени туризмнің даму ерекшеліктері мен үрдістері О.И. Генисарецкий, В.Е. Гордин, Б.В. Емельянов, Е.А. Котляров, Н.И. Подунова, Т.В. Румянцева шығармаларында көрсетіледі.

Қолданыстағы мәдени туризмнің анықтамаларын талдау нәтижесінде оның анықталуына тәсілдер, олардың әрқайсысы жеке-жеке және ұжымдық түрде мәдени туризмді дамыту мәселелерін шешуге пайдалы туристік қызметті ұйымдастырудың әр түрлі қосымша жақтары (техникалық, аумақтың тарихимәдени туризмінің ресурстарын сипаттау негізінде, туристік ағындарды тарту; тұжырымдамалық тәсіл, оның негізінде тарихи және мәдени орталықтарға барудың адамдардың ниеттері мен ұмтылыстарын сипаттайды; онда негізгі аспект – бұлтуристер алған нәтиже – әсер)бөлініп алынды. Аймақтардың мәдени мұрасы туризмге деген қызығушылығын тудыратын туристік ресурс ретінде қаралуы тиіс, сондай-ақ аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының ресурстары, олардың экономикалық әлеуеті болып табылады. Мәдениет туризмін ұйымдастыру және экономикалық қолдау – бұл шаралар мен нысандардың жиынтығы, экономикалық процестердің қалыпты үрдісіне қолайлы жағдайлар жасау, экономикалық жүйенің және оның объектілерінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, бұзылулардың алдын алу, заңдарды, регламенттерді, келісімшарттарды бұзу және мыналарды қамтиды:

- заңнамалық қолдау (туристік қызметтің қалыпты ағынына ықпал ететін заңнаманы дамыту);

- инфрақұрылымды қолдау (мәдени туризмді ұйымдастырудың жалпы шарттары жасайтын және қамтамасыз ететін материалдық және техникалық элементтер жиынтығының болуы);

- қаржылық қамтамасыз ету (инвестициялық көздерді анықтау және мәдени туризм саласында қолайлы инвестициялық климатты құру);

- ақпараттық қолдау (мәдени туризмді ұйымдастыру және туристерге ақпараттық қолдау, соның ішінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану бойынша тиімді жұмыс жасауға ықпал ететін ақпараттық жүйені құру);

- сапалы туристік қызмет көрсетуге қабілетті жоғары, орта және төменгі деңгейдегі білікті кадрларды дер кезінде және тұрақты оқыту және қайта даярлау[3, 14 б.].

Мәдени туризм – бұл елдің тек мәдени ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін талап етілмеген ресурс ретінде, аумақтардың экономикалық әлеуеті ретінде, ол толық пайдалану үшін өте маңызды мұрасын сақтаудың механизмі. Аймақтардағы мәдени туризмді дамыту аймақтық, мемлекеттік органдардың қызметін және әртүрлі инвесторлардың қаражатын тарта отырып, аумақтарды жаңғырту процесінде көптеген қатысушыларды, оның ішінде экономикалық қызмет субъектілері, бизнес-құрылымдарды, қоғамдық ұйымдарды үйлестіру құралы ретінде қарастыруға болады.

Сарапшылардың пікірінше, мәдени туризмнің пайда болуы XVIII ғасырдың ортасына жатады, бұл тұжырымдамада бейнелеу өнерін зерттеу үшін Еуропа арқылы саяхат жасау тәжірибесі көрсетілген. Ақсүйектердің балалары білімді немесе «мәдени» адамдарға қайта оралу үшін үйдегі мұғалімдермен бірге

ұзақ сапарға аттанды. Осындай сапарлар барысында мәдени туризмнің алғашқы сатылары қалыптасты. «Мәдениет» тұжырымдамасының дуальділігін ескере отырып, мәдени туризмнің барлық анықтамаларын екі негізгі тәсілге бөліп қарастырамыз:

- техникалық;
- тұжырымдамалық.

Біріншісі мәдени туризм ағындарын тартатын аумақтың мәдени туристік ресурстарының сипаттамасына негізделген: мәдени туризм «көркемөнер, көркем мұра, фольклор және мәдениеттің басқа да көріністерімен туристердің тұтынуы» деп түсініледі.

Екінші тәсіл, керісінше, туризмнің осы түрінің себептерін сипаттауға тырысады және адамдардың мәдени көрікті жерлерге баруын, олар туралы жаңа нәрсе білуге деген ықыласын түсіндіреді. Осылайша, бұл тәсіл «мәдени үрдіске» бағдарланған деген қорытынды жасауға болады. Сонымен қатар, «мәдени туризм» терминін анықтау үшін тұтынылатын ресурстардың сипаттамасы тұжырымдамасына негізделген үшінші тәсіл бар.

Негізгі аспект– бұл туристің мәдени турдан алған әсері. Мерзімді басылымдарда және оқу әдебиеттерінде «мәдени туризм» термині «мәдени-танымдық» немесе «танымдық» терминімен ауыстырылды. Кейбір авторлар осы тұжырымдаманы «мәдени» және «когнитивті» туризмнің тәуелсіз түрлері ретінде бөлу кезінде жаңа туризм түрі пайда болған деп пайымдайтындығын атап өту керек, басқа зерттеушілер «танымдық» туризмді «мәдени туризмнің» түрленуі ретінде, үшінші топ, мәдени және танымдық туризмді басқа терминдерді ұстану ақылы, мысалы, «көрікті», «экскурсиятанымдық», «тарихи-өлкетану» немесе «интеллектуалды» деп айтады.

«Мәдени туризм» тұжырымдамасы ресми түрде халықаралық деңгейде алғаш рет мәдени саясат жөніндегі

Дүниежүзілік конференцияның материалдарында (1982) айтылған. Бірнеше он жыл бұрын «мәдени-танымдық немесе когнитивтік туризм» деп анықталған ағылшын тіліндегі «cultural tourism» терминінің мағынасына сүйене отырып, бүгінгі күні туризмнің түбегейлі жаңа түрінің пайда болуы,оның басты мақсаты – еліміздің тарихымен және мәдениетімен оның барлық көріністерімен (сәулет, кескіндеме, музыка, театр, фольклор, салтдәстүр, елге баратын адамдардың өмір салты мен стилі) танысу. Мәдени туризм – туризмнің ең танымал түрі болып табылады. Ол түрлі мәдени ескерткіштер, тарихи немесе географиялық жерлер сияқты көрікті аумақтармен танысуға мүмкіндік береді. Мәдениет пен туризмнің кейбір елдердің экономикалық және әлеуметтік дамуына қосқан үлесі өте үлкен. Мәдениет пен туризмнің өзара ықпалдасуының және өзара ықпалының артуы әрбір сектордың дамуын ынталандырады және олардың жалпы оң әсерін қамтамасыз етеді. Мәдениет пен туризм арасындағы өзара қарым-қатынасты нығайту туризмнің негізіндегі қажеттіліктерді жүзеге асырудағы мәдениеттің рөлі мен туризмнің халықтың мәдени қажеттіліктерін қанағаттандырудағы рөліне негізделген [4, 26 б.].

Туризмнің негізгі себептері:

- таным;

- байланыс;

- релаксация. Осы себептерді жүзеге асыруда мәдениеттің рөлі маңызды.

Мәдениет туристерге:

- басқа елден, қалалардан, облыстардан келген және осы негізде өмір сүретін басқа мәдени контексте батыру – әсерлердің күрт өзгеруі;

- заманауи адам үшін өте маңызды болып табылатын туристік қызметтің бай зияткерлік және ақпараттық компоненті;

- ойын-сауық және релаксация әсері;

- әлеуметтік-беделді қажеттіліктерді қанағаттандыру, жеке адамның тұтынушылық мінез-құлқын белгілі бір әлеуметтік топтарды тұтынудың белгіленген нормаларына сәйкестігі жәнетуристердің әлеуметтік мәртебесін көтеру және кейбір жағдайларда ұлғайту;

-туристік идеяны жеке тұлғааралық байланыстар жүйесі ретінде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мәдени іс-шаралар – фестивальдар және т. б. Әртүрлі адамдармен кездесу және қарым-қатынас жасау мүмкіндігі.

Осы аталған бағыттарда әрбір туристік қалаларда жұмыстар жүргізілсе әрбір жас ұрпақ және ата-ана өз ұлтының мәдениетін жан-жақты тани отырып, рухани дүниетанымы мен құндылықтарын дамытады. Өзінің мәдени-рухани сауаттылығын басқа ұлтқа мақтана отырып, сол ұлттың қазақ ұлтын құрметтеп бағалауға деген сүйіспеншілігін арттырады.

Қорытынды

Қорыта келгенде, егер еліміз өзіндік мәдениетті жаһандану барысында басқаларға еріп, жоғалтып алмай, келесі ұрпаққа осы күйінде жеткізе алса елдің дамуы одан әрі берік болмақ. Әлемдік аренада танылу мәселесі уақыт еншісінде екені анық. Оны таныту барысында жасалып жатырған жұмыстардың ауқымды екені белгілі. Алға қойылған мақсаттар орындалып, жету жолдары нақтыланған сәтте елдік дәреженің көтерілетініне әлемдік тәжірибе дәлелдеп отыр. Өзге елдердің бастан кешірген қиындықтарын біле отырып, олқылыққа баруымыз дұрыс емес. Осындай тәжірибені көре отырып, мәдени кластерлерімізді дамытып, туристік саламызды жандандыруымыз қажет. Экономикалық жағдай әрқашан басты орында болатыны дұрыс, себебі әр мемлекет өзіндік танымалдылыққа ие болуы үшін экономикалық жүйені

қалыпқа келтіреді. Мәдени туризмді дамыту еліміздің мәдениетін басқаға таратып қоймай, еліміздің рухани құндылықтарының қадірін-қасиетін меңгере отырып ұлттық сананы қалыптастырумен қатар еліміздің экономикасын көтеруші басты құралы болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Биржаков М.Б. Введение в туризм, СПб.: Издательский дом "Герда", 2000. – 51 с.
2. Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1996. – 168 б.
3. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі ортағасырлық қалалары. – Алматы: Аруна, 2005. – 316 б.
4. Байпақов К.М., Шарденова З.Ж. Об архитектурном памятнике Баба-Ата в Южном Казахстане. Шым.. 1995., – 61 с.
5. Зейнуллин Р. Қазақстандағы мәдени туризм. – Алматы: Ғылым, 2020. – 57 б.

VI - XII Ғ.Ғ. ТҮРІКТЕРДІҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМДЕРІ

Сандыбаева Ақмарал Даировна

Халықаралық туризм және меймандостық университетінің
қауымдастырылған профессоры ма., т.ғ.к. (Түркістан)

Мақалада араб дереккөздері негізінде VI-XII ғасырдағы түркі халықтарының ортасында қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып үздіксіз орныққан этномәдени дәстүрлері мен діни нанымдары зерделенеді. Сонымен қатар, түркілердің рухани өміріндегі діннің маңызды рөлі қарастырылып, түркілердің көшпелі өмір салты мен әлеуметтік қоғамына байланысты дәстүрлі ғұрыптар мен салт-дәстүрлер зерттеледі.

Кілт сөздер. Түркілер, араб деректер, рухани мәдениет, наным-сенім, ислам.

The article is devoted to the study of ethnocultural traditions and religious beliefs of the Turks in the VI - XII centuries, which were formed and successively consolidated among the Turkic peoples on the basis of Arabic sources. The article highlights the important role of religion in the spiritual and social life of the Turks, examines traditional rituals and rituals associated with the nomadic lifestyle and social organization of the Turks.

Keywords. Turks, Arab sources, spiritual culture, beliefs, and Islam.

Кіріспе

Түркілер туралы ең ертедегі мәліметтер араб ғұламаларының шығармаларында кездеседі. Орта Азия аумағында арабтар ислам дінін насихаттап, мұсылман діні кең түрде таралып жатқан уақытымен ерекшеленеді. Ислам

ғұламалары, саяхатшылар Орта Азия жеріне көптеп келіп, көрген-білгенін, естігенін қағаз бетіне түсіріп, күнделікті жазбалар жүргізген. Сол жазбалар бүгінгі таңда ортағасыр кезеңнің тарихы бойынша негізгі дереккөзі болып табылады.

VI – XII ғғ. түрік халықтарының рухани және әлеуметтік өмірінде діннің орны ерекше болғандығы белгілі. Түрік қоғамының өміріне әсер еткен діни жүйелердің даму тарихын зерттеу үшін араб деректері бірегей мәлімет көзі болып табылады. Араб ғұламалары мен саяхатшылары түркілердің салт-дәстүрлері мен діни сенімдерін, өмір салты мен рухани әлемін ашып көрсеткен. Түркі халықтарының діні мен мәдениетін зерттеуде араб деректері ерекше маңызға ие.

Бұл деректерде кездесетін ақпараттар түріктердің шаманизм мен монотеистік сенімдерінен бастап, ислам дінінің қабылдауына дейін рухани және әлеуметтік өзгерістерді айқын көрсетеді. Сонымен қатар, араб авторларының жазбалары түрік қоғамының көшпелі өмір салтын, әдет-ғұрыптарын, әскери дәстүрлерін және әлеуметтік құрылымын түсінуде және зерделеуде бірегей көзқарас ұсынады. VI - XII ғасырлардағы түріктердің салт-дәстүрлері мен діни наным-сенімдерін араб деректері бойынша зерттеу мәселесі қазіргі тарих, мәдениеттану және этнология ғылымдары үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Әдіс-тәсілдер. Зерттеудің негізгі әдісі ретінде тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды. Араб деректеріндегі түркілерге қатысты мәліметтер жүйелі түрде талданып, олардың қоғамдық құрылымын, діни наным-сенімдерін, салт-дәстүрлерін ашуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, мәтіндерді семантикалық талдау әдісі қолданылып, араб авторларының түркілер туралы жазған еңбектеріндегі басты тақырыптар мен идеялар айқындалды. Қосымша

ретінде типологиялық және этнографиялық әдістер де қолданылады, өйткені түрік халықтарының мәдениеті мен дәстүрлері көбінесе халық ауыз әдебиеті мен этнографиялық материалдардан көрініс табады.

Зерттеу нәтижелері

Араб тілінде жазылған тарихи-географиялық шығармаларда орта ғасырларда Қазақстан жерін мекендеген тайпалар туралы тарихи-этнографиялық ауқымды мағлұматтар беріледі.

Әл-Белазуридің «Китаб футух әл-бұлдан» («Жорық кітабы»), әт-Табаридің «Тарих әр-русул уә-л-мулук» («Пайғамбарлар мен патшалар тарихы»), әл Жаһиздың «Манақиб әл-атрак» (Түркілердің лайықты қасиеттері) атты шығармаларында көшпелі түркі тайпаларының салт-дәстүрлері мен діни наным-сенімдері жөнінде мәліметтер берілген.

Сондай-ақ, ибн Хордадбектің «Китаб әл-масалик уә-л-мамалик» («Жолдар мен мемлекеттер туралы кітап») атты еңбегінде, әл-Йакубидің «Китаб әл-бұлдан» («Елдер кітабы») атты шығармасында Қазақстан түркілер туралы тарихи-этнографиялық ауқымды мағлұматтар беріледі.

Орта ғасырлардағы халықтардың діни түсініктері. Қазақстан аумағын мекендеген көшпелі тайпалардың діни түсініктері әр түрлі болды. Ерте ортағасырлық түріктер пұтқа табынған. Түріктер Көкке (Тәңір), Жерге, Суға (Иер-Су) табынды [2, 149]. Түрік қағандары Көк тәңірінің желеуімен билік жүргізді. Түріктердің діни түсінігінде Көктен кейін отбасының және балалардың қамқоршысы Ұмай құдай-ана киелі саналған. IX-XI ғасырларда Қазақстанда мекендеген тайпалар арасында буддизм, христиан, манихейлік, зороастризм діндері таралған. Бұл діндерге тән өлікті жерлеу түркі тілдес тайпалар арасында VI-IX ғасырларда болған. Буддизм діні – Түрік қағанатының ақсүйектер арасында танымал болған ерте

ортағасырлық дін. Жетісудағы Суяб қаласының орнынан будда храмы, Шығыс Қазақстан өңірінен буддалық мола табылған (қимақ әйелі) Қазақстан жерінде ерте орта ғасырда христиан, манихейлік діндер болғаны анықталып отыр. Бұл діндердің таралуы VI-IX ғасырларды қамтиды. Аргу-Талас (Тараз) пен Жетісудың төрт қаласында манихейлік дін кең тарағаны жайында VIII ғасырдағы «Қос негіздің қасиетті кітабында» айтылады. Тараз, Мерке, Мервте христиан шіркеулері болған. Қазақстан аумағындағы осындай діндерді ислам діні ығыстырған. IX-X ғасырларда қазақ жерін мекендеген халықтар арасында ислам діні кең тарай бастады.

Тәңіршілдік жан-жақты күрделі құбылыс ретінде түркі халықтарының рухани өмірі мен әлемдік мәдениетте маңызды рөл атқарған. Түркі халықтарының дәстүрлі мәдени дүниетанымы этникалық сана ерекшелігін зерделеуге, адамзат қызметінің кез келген саласындағы ұлттық дәстүр қабатын тануға мүмкіндік береді. Түркі халықтарының салт-дәстүрі мен ереже-тәртіптерінің құрылуы, жалпы түркі қоғамындағы адам, әлем мәселесі тәңірімен байланысты. Түркілердің барлық рухани күш иесі Көк Тәңірі деп есептеген. Көшпелі түркілер дәуірінде тәңірлік сенім ресми маңызды саяси рөл атқара отырып, басқа да этномәдени құрылымдардың идеологиялық жүйесіне қарсы тұра білді.

Түріктерде әлде бір адам ұлды болса ол оны балиғатқа толғанша асырап, тәрбиелеп, қамқорлық жасайды. Сосын оған садақ пен жебе беріп «Өз күніңді өзің көр» деп жібереді. Осыдан кейін ол бұлармен бөтен адамдар сияқты араласады» деген сөйлемнен этнопедагогикаға қатысты қалыптасқан тәрбиелік дәстүрлерді көреміз. Йақұттың бұл дерегі түрік халықтарындағы ұрпақ тәрбиесінің тәсілдерінен хабар береді.

Түрік қоғамындағы әйелдің орны туралы араб деректерінде аса маңызды мәліметтер сақталған. Әйелдері еркектерден өздерінің жүзін жасырмаған, ашық ұстады. Йақұттың еңбегінде: «Олардың дәстүрлеріне мыналар жатады: жас қыздар орамалсыз (жүреді), егер еркек үйленгісі келсе оның басына әлдебір орамал жабады, егер ол осылай істесе (қыз) оның әйелі болады және оған ешкім қарсы бола алмайды (қызды тартып ала алмайды)». Бұл салт сақталып, қазіргі кезде қазақ халқының жас келінге басына орамал салуда көрініс табады.

Қыздың келісім беру, бермеуі жігіт үшін үлкен сынақ. Сол себепті жігіт қыздың ойын білу үшін алдын ала алма беріп жібереді. Қыз көнген болса, жауап ретінде өз орамалын салып жібереді. Ибн әл-Факихте: «Оларда бір тайпа бар, олардың қыздары (көршілерінің қыздары) шаштары ашық жүреді, егер ер кісі үйленгісі келсе, өзі үйленетінге (қызға) қарайды». Жас келіннің басына орамал салу дәстүрі түрік халықтарының арасында қазақтарда осы күнге дейін сақталған. Түрік әйелі үйдің барлық шаруасын істеді және отбасының билеушісі болды. Дегенмен түрік әйелдері үй шаруасынан өзге діни шараларды да басқарып отырған. [1, 252 б.].

Оның айтуы бойынша «олардың тұрғындарының басым көпшілігі мажуси мазхабын ұстанатын отқа табынушылар, олардың арасында мани ілімін қабылдаған зиндиктер де бар».

Демек, Тамим ибн Бахр саяхаты кезінде тоғызөғыздар елінде зороастрийліктер мен манихейліктер болған, бүкіл ел көлемінде зороастризм басым болса, манихейліктер саны астанада көп болған. Кейіннен манихейлік бел алады да, арабтар тоғызөғыз халқын тұтастай манихейлер деп атай бастаған.

Түріктер арасында манихейлік, буддизм, христиандық және ислам сияқты діндер кең тарады. Йақұт және басқа да

арабтілді авторлар қолданған «Зиндик» ұғымы түсініктеме дегенді білдіреді. Ол сасанилік мемлекеттегі зороастризмнің киелі кітабы Авестаның қағидаларын теріс түсіндірген манихей ілімін жақтаушыларға қатысты қолданылған [1, 144]. Ислам дінінде зиндик термині кең мағынаға ие болып, исламға ашық қарсы шығушылар немесе оның кейбір қағидаларын сынайтындар зиндик – дінбұзарлар деп атала бастады. Демек, жоғарыда, түрік тайпаларының арасындағы аталған зиндиктерді діни сенім деп емес, діни ағым, секта деп қарастырғанмыз жөн. Осы сөйлемнен кейін Йақұт Ибн әл-Факихтің мағлұматының үлкен бөлегін тастап кетеді, онда түріктердің соғысы, әскерлері туралы айтылады.

«Шығыс халықтары арасында түріктерде соның көмегімен қалаған уақытында жаңбыр мен қар шақырып жаудыратын тас бар деген (әңгіме) тараған». Бұл сөйлем Ибн әл-Факихте «Түрік елінің кереметі» деп басталады, одан әрі тастың тоғыз-ғұз патшасында екендігі және Ибраһим ғ.с. туралы мағлұматтарын қалдырып кетеді.

Йақұт баяндауында аңыз әңгіме былай жалғасады: «Абу-л-Аббас Иса ибн Мухаммад әл-Маруазидің айтқаны бойынша Ахмад ибн Мухаммад әл-Хамазани айтып өтеді: ол айтты: Біз, өзеннің арғы бетіндегі елдер және басқа округтар, дінсіз түрік-оғыздармен көрші тоғыз-оғыз және қарлұқтар тұрады, ал олардың (қарлұқтардың) патшалығы бар, олардың өздерінің арасында жағдайлары жоғары және жауларына қарым-қатынаста өте асқақ, түріктердің арасында жиһан кезіп жүрсе де жауын шақыратын тас бар және басқа (жағдайда) ол жауады және олар не қаласа жауын, қар және сол сияқтыларды жаудыруға шақырады дегендерді естуден танбадық. Мен Дауд ибн Мансур ибн Али әл-Базгисиді кездестіргенше біз оған сене алмай немесе жоққа шығара алмай таң қалдық, ал ол игі адам еді, осының алдында Хорасанды билеген еді және оның билігі

қолдау тапқан еді. Ол оғыз патшасының Балкик ибн Хайиуаяйх деп аталатын баласымен жалғыз қалды және оған айтты: Мен түріктер қалаған уақытында жаңбыр, бұршақ және қар жауғыза алады деп естідім: бұл туралы сенде не бар?»

Бұл аңыз нақты тарихи оқиғаларға куәлік ете алмайды, әйтсе де, оны сыни тұрғысынан салыстырмалы түрде талдар болсақ сол кездегі тарихи оқиғалармен ұқсастықтар табуға болады. Йақұттың бұл аңыз әңгімесін маңыздылығы, ақпараттық жүгінің салмақтылығына қарай ерекше бөліп атауға болады.

Тарихшы әл-Маруазидің (274/887 ж.қ.б) жазғанын пайдаланған Ибн әл-Факихтің (X ғ. басы) «Китаб ахбар әл-булдан» еңбегіне сілтеме жасаған Йақұт аңызды оғыз жабғуының ұлы Балкиктің атынан баяндайды.

Келесі сөйлем былай жалғасады: «Менің ата-бабаларымның бірі дейді Балқиқ,-сол кезде патша болып тұрған әкесіне өкпелеп, бөлектеніп кетеді. Ол өзінің қарамағына өзін қолдайтын қызметшілер мен гұламдарды және басқа да қаракшылықты (са'лук) жақсы көретін өзіне тәуелді адамдарды серік етіп тандап алды. Ол елдің шығысына қарай бет алып, өзі және достары алдарынан кім шықса (соған) шабуыл жасап, кезіккен аңды аулады» [1,146].

«Жауын жаудыратын тас» осындай саяси билік жолындағы күрестің нысаны болғанын аңғарамыз. Әйтсе де, бұл аңыздың мифологиялық наным-сенімдермен бірге трмыстық сипаты болғандығын да естен шығармауымыз керек. Қазақ арасында бақсылардың, жұлдызшылардың, жауырыншылардың күн жайлату үрдісі осы аңыздың тұрмыстық негізін білдіреді [1, 147].

Йақұт мақаласының соңында түріктердегі «жауын жаудыратын тас» туралы аңызды мынадай тарихи оқиғалар тізбегінде береді. «Абу-л-Аббас (әл-Маруази – авт.)

айтады: Мен Хорасанның әмірі Исмаил ибн Ахмедтің қалай айтқанын естідім. “Бір жылдары 20 000-ға жуық мұсылмандар әскерімен түріктерге жорыққа шықтым. Маған қарсы олардың бақайшығына дейін қаруланған 60 000 әскері шықты. Мен олармен бірнеше күн шайқастым. Біздің жаққа өткен түрік ғламдары және басқа да түріктердің тобы маған келгенде мен олармен соғысып жатыр едім. Олар айтты: «Дінсіздердің қосынында біздің туыстарымыз бен бауырларымыз бар, олар бізді сақтандырды және әлдекімнің келетінімен қорқытты». Ол (Исмаил) айтты: «Ал олардың еске алғаны өздеріндегі кімді жойғысы келсе, соған қар мен бұршақ бұлтын үйіріп, соған бағыттайды дейтін абыз ғой». Бұл деректен түріктер арасындағы күн жайлатушы абыздың өз қдіретін әскери мақсатта пайдалану әрекетін аңғарамыз. Исмаилға келген хабаршылар абыздың «қосынға ірі бұшақ жаудыруға ниет қылды, егер бұршақ адамға тисе ол оны міндетті түрде өлтіреді»-дейді.

Бұл деректер аңыздық емес, табиғатпен біте қайнасқан тәңірлік дүниетанымның табиғат тылсымымен байланысатын әрекеттің көрінісі еді. Соған сәйкес дүниедегі қдіреттің бәрі де бір Алланың қолында деп есептейтін, ислам қағидаларына берілген Исмаил «Сендердің жүректеріңнен әлі күпірлік кеткен жоқ, ондай қабілет әлдебір адамдардың қолынан келуші ме еді»-деп күмәнданады. Одан әрі ауа-райының өзіне қарсы жмыс істей бастағанын аңғарып, «Ей, Алла! Бізге жәрдем бер. Өзіңнің шын сүйген құлдарың сенің сынағыңа төтеп беруге өте әлсіз. Қүдіреттің тек сенің қолында екенін, зиянға да, пайдаға да сенен басқа ешкім билік етпейтінін білемін. О, Алла, бұл бұлттан бұршақ жауатын болса, мұсылмандар үшін апат болады, мүшүріктер күшейеді. Өз күшің және қүдіретіңмен бізді бақытсыздықтан құтқара гөр, ей, күш пен қүдірет иесі»-деп сәждеге бас қойып, Алланың

жәрдемін күтеді. Нәтижесінде қою қара бұлт бұлардың қосынынан өтіп, түріктер қосынына ірі бұршақ жаудырады, олар әбігерге түсіп жылқылары үркіп, шатырлары қирайды.

Жалпы түрік тайпаларының қалалары туралы араб деректерінде кереғар мағлұматтар көп кездеседі. Әл-Йакуби түріктерде «ешқандай елді мекендер, бекіністі жерлер жоқ, олар шегесіз құрастырылып, мініс көлігі мен жануарлардың терісінен жасалған қайыстармен бекітілген және қабырғалары киізбен жабылатын түрік шатырында» тұрады деп жазады. Бұл, әрине, көшпенділердің бүгінгі күнге дейін сақталып келген киіз үйі екендігі даусыз. Әл-Маруазидің деректерінде кимектер өмір сүрген жер үйлер туралы айтылады. Бұл деректердің негізсіз емес екендігі ол дәстүрлердің осы күнге дейін сақталып келгендігі айғақтаса керек.

Әл-Йакубиге керісінше Йақұт түркештердің қалалар мен ауылдарда тұратындығын атап көрсетеді. Бұл деректер түріктердің бірыңғай көшпелілікпен бірге, отырықшылана бастағанын аңғартады.

Әл-Идриси өзінің «Нузхат әл-муштак» атты еңбегінде «Кимек патшаларында қаласы 16» деп жазып, аса құнды дерек берген. Кимектерде осындай қала саны бар екенін Ибн Йиас та көрсетеді.

Дегенмен, «16 қала деген санның өзі күмән тудырады. Өйткені араб ғылыми әдебиетінде кең тараған Ибн Хордадбехтің (IX ғ.) «Китаб әл-масалик уа-л-мамалик» және Ибн әл-Факихтың «Китаб ахбар әл-булдан» кітаптарында түріктердің 16 қаласы туралы айтылады [1, 135-136.]. Өкінішке орай, ол бұл қалалардың атын атамайды. Бұл деректі Ибн әл-Факихтен алып, Йақұт та қолданған.

Зерттеу барысында VI - XII ғасырлардағы түріктердің діни наным-сенімдері мен салт-дәстүрлері туралы араб

деректерінде кездесетін негізгі мәліметтер жинақталды. Араб авторлары түріктердің шаманизм мен монотеистік сенімдерін, әсіресе оларды ислам дінімен таныстыру кезеңіндегі өзгерістерді ерекше атап өткен. Түріктердің көшпелі өмір салтына байланысты әртүрлі ғұрыптар мен рәсімдер, олардың әлеуметтік ұйымдастырылу ерекшеліктері туралы маңызды ақпараттар алынды. Араб деректері түріктердің рухани дүниетанымын ғана емес, олардың әлеуметтік құрылымын, тұрмысын, әскери және мәдени дәстүрлерін де айқындауға мүмкіндік берді.

Қорытынды

VI - XII ғасырлар аралығындағы түріктердің діни наным-сенімдері мен салт-дәстүрлері араб деректері арқылы жан-жақты зерттелді. Түрік халықтарының діни көзқарастары мен әлеуметтік құрылымын түсіну үшін араб көзқарастары мен жазбалары маңызды дерек көзі болып табылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, түріктердің шаманизм, монотеизм және ислам сенімдері бір-бірімен тығыз байланысты болып, түрік қоғамының мәдениеті мен дәстүрлерінің қалыптасуына әсер еткен. Сонымен қатар, көшпелі өмір салты мен дәстүрлердің әлеуметтік құрылымға әсері, түрік қоғамындағы діни өзгерістердің мәдениетке енгізген жаңалықтары толықтай ашылды. Алынған мәліметтер түрік халықтарының тарихи-мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде зерттелуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Көмеков Б.Е., Ильясова З.С. Йақұттың «Му‘джам әл-булдан» (XIII ғ.) жағрафиялық жинағы - Қазақстанның ортағасырлық тарихының дерегі. - Алматы: Қазақ университеті, 2011. 245 б

2. Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы / М. Орынбеков. - Алматы: Ғылым, 1996. 168 б.

3. Арабские географы и путешественники IX-XII вв.
/Вступ. ст., пер. С араб., коммент., тексты и факсимиле Б.Е.
Кумеков, Р.Б. Кумекова. Отв. Ред. А.К. Муминов. –
Алматы: ДайкПресс, 2010. Т. 2. 328.

ТУРИСТИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ РЕЛИГИОЗНОГО ТУРИЗМА ТУРКЕСТАНА НА ОСНОВЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Альжанова Эльмира Есиркеповна

к.и.н., ассоциированный профессор, Международный университет туризма и гостеприимства (Туркестан)

Касымбеков Аббазбек Сугирович

к.техн.н., ассоциированный профессор,
Международный казахско-турецкий университет имени
Х.А.Ясави (Туркестан)

Статья исследует потенциал и перспективы туризма на основе современных цифровых технологий в развитии религиозного туризма в Туркестане – историческом и духовном центре Казахстана. Автор анализирует преимущества цифровых технологий, предлагает практические рекомендации по созданию цифровых коллекций на основе современных информационных технологий и использования их, а также изучает их влияние на экономику, культуру и международные отношения Казахстана.

Ключевые слова: Казахстан, Туркестан, религиозный туризм, историко-культурное наследие, цифровые коллекции, виртуальные музеи, мобильные приложения, интерактивные карты, онлайн-экскурсии.

The article explores the potential and prospects of tourism based on modern digital technologies in the development of religious tourism in Turkestan, the historical and spiritual center of Kazakhstan. The author analyzes the

advantages of digital technologies, offers practical recommendations on creating digital collections based on modern information technologies and using them, as well as studies their impact on the economy, culture and international relations of Kazakhstan.

Keywords: Kazakhstan, Turkestan, religious tourism, historical and cultural heritage, digital collections, virtual museums, mobile applications, interactive maps, online excursions.

Введение

Религиозный туризм претерпевает значительные преобразования в современном мире. Интернет и мобильные технологии превратили религиозный туризм в более доступный и информативный сегмент. Онлайн-платформы предоставляют информацию о местах паломничества, туристических маршрутах, практиках и событиях, делая планирование путешествия более удобным. Религиозный туризм привлекает внимание к историческим и религиозным местам, способствуя их сохранению и развитию. Развитие туризма приносит экономические выгоды регионам, создавая новые рабочие места и стимулируя инвестиции.

Религиозный туризм – это путешествия туристов, где история, культура и духовность сплетаются в единый узор, создавая неповторимую атмосферу для привлечения туристов предлагают целую панораму возможностей для религиозного путешествия, отражая богатство и разнообразие тюркского мира [1].

Суммируя все выше написанное, складывается впечатление, что паломничество — это все лишь часть религиозного туризма, но это не так. Между этими направленностями существует некоторое различие:

Цель. Паломничество направлено на нечто духовное, скрепление веры и очищение души от негатива бытия. Религиозный туризм — это познание нового, веселое времяпровождения и отдых путем активного спорта.

Свобода. Совершая паломничество человек, находится в определенных рамках приличия, обычаев и ритуалов, а в случае религиозного туризма - человек волен быть свободным и неформальным.

Участие. В паломничестве ценится опыт, а в религиозно туризме туриста с радостью научат чему-то новому.

Важность и актуальность темы в мировом контексте и в Казахстане.

В Мировом контексте паломничество всегда играла, играет и будет играть глобальную роль. Благодаря религии народ просвещался и обретал надежду. Локации паломничество всегда бережно хранились и не осквернялись. В данный момент государство постоянно реставрирует и держит подобные места в отличном состоянии чтобы данное достояние в целости и сохранности перешло нашим потомкам.

В Казахстане паломничество имеет значительное значение благодаря многоконфессиональному населению и богатому культурному наследию. Священные места, такие как мавзолей Ходжи Ахмеда Ясави, привлекают паломников из разных уголков мира. Развитие

религиозного туризма в стране может способствовать укреплению внутреннего туризма, сохранению культурных традиций и популяризации духовных ценностей. Благодаря наличию подобных мест - туризм Казахстана развивается и обретает мировую популярность.

Популярные направления религиозного туризма в мире.

Список самых известных мест для паломничества конечно же начинается – Мекка для мусульман, Иерусалим для христиан и иудеев, Варанаси для индуистов. После карантина все больше людей начинают посещать священные места, которые раньше были менее известны, например, храмы в Японии, монастыри, а Непале и древние святыни в Армении и Грузии. Это связано с тем, что туристы ищут новые места и хотят узнать больше о религиозных традициях мира.



Рисунок 1 -Общее количество паломников в сезоне хаджа 1445 года

В этой статье говорится о том что, в 2023 году общее количество паломников за сезон хаджа достигла 1 833 164 человек [1].

Влияние современных технологий на паломничество

С каждым годом паломничество становится доступнее и легче для многих людей, так как развивается новые технологий. Теперь нам доступно не только заранее забронировать тур онлайн, но и посмотреть виртуальные экскурсии по храмам и святыням. Виртуальные экскурсии и приложений для молитвы и медитации позволяет тем, кто не может отправится в поездку из-за физических или финансовых ограничений.

Люди уже придумали виртуальные экскурсии по храмам и монастырям, а также возможность изучать артефакты из священных мест. Это предлагает нам онлайн-платформа Google Arts&Culture [2]. Такие инновации помогают людям поддерживать связь с религиозными традициями в удобное для них время.

Экономические и культурные аспекты религиозного туризма.

Религиозный туризм играет значительный роль в экономике регионов, в которых находятся святыни и исторические места. Вокруг таких мест часто появляются гостиницы, рестораны и сувенирные магазины, создаются рабочие места, что приносят доход местным жителям. Более того, религиозный туризм поддерживает сохранение культурного наследия, поскольку доходы от туризма часто направляются на реставрацию и защиту святынь и культурных объектов. Паломничество также способствует культурному обмену и взаимопониманию между представителями разных народов и религиозных традиций.

Особенности паломничества и религиозного туризма в Казахстане.

Наша страна, с его богатой историей и культурным наследием, становится более популярным местом для паломничества. Когда речь заходит о паломничестве в Казахстане, многие сразу вспоминают священное место в Мангыстау – мечеть Бекет Ата и Шопан Ата. Когда люди собираются на паломничества в эти места, первым обязательно надо посетить некрополь Шопан Ата и потом можно в мечеть Бекет Ата. Шопан Ата был учеником Ходжи Ахмеда Ясави, известного духовного наставника. Его мавзолей, окруженный некрополем, стал священным местом, куда паломники отправляются для поиска благословения и внутреннего покоя.

Мечеть Бекет Ата — это уникальный подземный белый храм, построенный высоко в горах, который символизирует веру, стойкость и духовное наследие казахского народа. Бекет Ата был известным философом, целителем и мудрецом, который оставил после себя не только физическое место поклонения, но и глубокие идеи, вдохновляющие людей до сих пор.

Социально-культурные особенности казахского паломничества.

Паломничество у казахов имеет глубокие корни, уходящие в тысячелетия. Это не только визит к священным местам, это целый процесс, связанный с осознанием своих корней и истории, уважением к предкам и поиском мудрости. Так скажем казахи паломники приезжают в Мангыстау не только для молитвы, но и чтобы прикоснуться к природе, испытать чувство единения с культурой и духовным наследием. Часто такие поездки посещают не только верующие, но и для всех, кому интересна история и культура Казахстана. Для казахов паломничества – это повод воздать уважение к предкам,

провести время с близкими и углубиться в размышления о жизни и жизненных ценностях.

Роль ислама, православия и других религиозных течений в развитии паломнического туризма.

Ислам, православие и другие религиозные традиции играют важную роль в формировании паломнического туризма, а Казахстане. Ислам занимает первое место, так как большинство казахов являются мусульманами и именно мечети привлекают наибольшее количество паломников. Однако в Казахстане развиваются православные маршруты, например посещение православных монастырей и церквей.



Рисунок 2 - Религиозные объединения на территории РК

«Всего по стране функционируют 3585 культовых сооружений, из которых 2678 – мечетей, 301 – православных храмов и 108 – католических церквей, 406 – протестантских молитвенных домов, 57 – молитвенных дома Свидетелей Иеговы, 24 – молитвенных домов Новоапостольской церкви, 6 – синагог, 2 – молитвенных дома Бахаи, 2 – молитвенных дома РО «Общество сознания Кришны», 1 – буддийский храм.» [3].

Государство активно развивает инфраструктуру, чтобы сделать священные места более доступными и легким для паломников, создавая комфортные условия для путешествий.

Паломничество в Казахстане — это не только поездка, а возможность почувствовать силу наследия, духовную мощь страны и глубокую связь между поколениями.

Инфраструктура и развитие религиозного туризма в Казахстане.

Религиозный туризм в Казахстане в основном связан с посещением мусульманских святынь. Здесь последователи ислама могут увидеть мечети, мавзолеи, гробницы и усыпальницы известных религиозных деятелей. Например, мавзолеи Ходжи Ахмета Яссауи и Арыстан-баба, подземные мечети Шакпак-Ата и Бекет-Ата и другие.

Современные религиозные постройки Казахстана также привлекают внимание паломников. Одним из главных объектов является мечеть «Хазрет Султан», расположенная на центральной площади Астаны «Казак ели».

Помимо исламских святынь, в Казахстане можно найти замечательные православные храмы, такие как Вознесенский кафедральный собор, Успенский кафедральный собор, Свято-Троицкий храм, Воскресенский собор в Семее и другие.

На юго-востоке страны и в районе Алтая расположены объекты, отражающие историческое присутствие буддизма на территории Казахстана.

Транспорт и доступность религиозных объектов в Казахстане.

Развитие религиозного туризма в Казахстане во многом зависит от доступности ключевых религиозных объектов.

Страна может похвастаться множеством значимых духовных достопримечательностей, включая исламские святыни. Также есть много важных православных христианских объектов, включая соборы и церкви. Чтобы сделать эти объекты более доступными как для паломников, так и для туристов, Казахстан уделяет особое внимание улучшению своей транспортной инфраструктуры.



Рисунок 3- Самые посещаемые религиозные объекты в Казахстане [4]

В регионах, где расположены эти религиозные объекты, улучшение дорог облегчает посетителям доступ к этим священным местам. Например, на юге Казахстана

улучшенные дорожные сети открыли доступ даже к отдаленным объектам, таким как подземные мечети, что делает паломнические поездки более удобными.

В дополнение к автомобильному транспорту развиваются внутренние авиаперевозки, чтобы соединить крупные города с ключевыми религиозными и туристическими направлениями, что позволит быстрее добраться до этих важных объектов. Железнодорожная сеть Казахстана также является важнейшим видом транспорта, предоставляя эффективный и экономичный способ для путешественников посещать религиозные достопримечательности из разных частей страны и соседних регионов.

Правительство Казахстана играет ключевую роль в продвижении религиозного туризма, инвестируя в транспортную инфраструктуру, улучшая связь и обеспечивая легкий доступ к религиозным объектам. Эти усилия увеличивают поток паломников и туристов из таких стран как Узбекистан, Китай и даже Европы делая посещение святых мест Казахстана более безопасным и удобным.

Создание и развитие туристической инфраструктуры (гостиницы, рестораны, дороги)

Вблизи популярных мест, таких как мавзолеев Ходжи Ахмеда Ясави и подземная мечеть Бекет-Ата, был создан широкий спектр вариантов размещения, от бюджетных хостелов до роскошных отелей. Такие как, Karavansaray Turkistan Hotel, Royal Grand Hotel, Edem Hotel, Rixos Turkistan, Holiday Inn Aktau, Отель Caspian Riviera Grand Palace и много других отелей. Такое разнообразие позволяет посетителям выбирать размещение, которое соответствует их предпочтениям и финансовым возможностям.

Рестораны и кафе развиваются рядом с религиозными местами, чтобы удовлетворить потребности туристов и паломников в ресторанах. Эти заведения предлагают блюда, которые соблюдают культурные и религиозные диетические ограничения, такие как халяльная еда. Это гарантирует, что посетители могут насладиться удобными и подходящими вариантами питания, поощряя более длительное пребывание и принося пользу местным предприятиям.

Влияние государства на развитие религиозного туризма.

Потенциал культурных и природных объектов религиозного туризма в Казахстане велик. На территории Казахстана находятся очень много религиозных объектов и святых мест. Для развития религиозного туризма в республике создаются все условия

и религиозные объекты. В городе Астане построен Дворец мира и согласия мировых и традиционных религий, куда каждые три года съезжаются со всего мира представители всех религий. Дворец представляет собой место для съездов представителей различных мировых религий.

В нем разместились Музей культуры, Университет цивилизаций, Оперный театр на 1 500 мест. Это является демонстрацией религиозной толерантности.

Туристические компании и агентства, специализирующиеся на паломническом туризме.

В Казахстане вы можете найти ряд туристических компаний и агентств, которые специализируются на паломническом туризме. Они предлагают различные маршруты и услуги для паломников, посещающих святые места и религиозные объекты страны. Такие туристические услуги представляют компании, такие как @silkwaytour.kz [11], @hickmettravel [12], @amanattumrahajj [13],

@qazaqtravel [14]. Каждая из этих туристических компаний предлагает разные туристические пакеты на разный бюджет.

Проблемы и вызовы развития религиозного туризма в Казахстане.

Несмотря на огромный потенциал религиозного туризма в Казахстане существуют определенные проблемы, которые затрудняют его развитие:

- **Транспортная инфраструктура:** отсутствие качественных дорог и недостаточное развитие транспортной сети приносят огромную проблему и затрудняют доступ к посещению святых мест. Стоит учитывать, что в Казахстане достаточно много паломнических мест, находящихся в горных окрестностях.

- **Гостиничные услуги:** в Казахстане есть некий дефицит локальных гостиниц за пределами города. Туристы будут испытывать дискомфорт во время путешествия. Все-таки нехватка услуг и должного комфорта - отпугивает туристов от идеи путешествия.

- **Экологические последствия:** приток туристов может негативно сказаться на экологии, например, увеличение объемов мусора, может привести к разрушению экологии вокруг исторического места и навредить репутации сакрального объекта.

- **Сезонность** - бывают периоды, когда паломническое место переполнено туристами, а бывают периоды их полного отсутствия. Необходимо более-менее равнять количество во избежания перегруженности.

- **Доступность объектов** - в следствии плохого развития транспортной сети в период плохих погодных условия - может привести к уменьшению притока туристов.

Учитывая все эти проблемы, можно добиться увеличения притока туристов путем решения этих проблем. Стоит учитывать, что развитие религиозного туризма имеет огромный потенциал в Республике Казахстан и решение вышеупомянутых проблем приведет к укреплению культурного и духовного стержня нашей страны [7].

Перспективы и рекомендации для развития паломнического туризма.

Развитие паломнического туризма имеет огромный потенциал благодаря культурно-религиозному наследию страны. Самым главным центром паломничества является Туркестан. Туда съезжаются туристы со всех городов Казахстана и ближних стран. Мавзолей Ходжи Ахмета Ясави - ключевой объект паломнического туризма. Он является одним из важнейших святых мест в Центральной Азии. Добраться до Туркестана можно на автобусах и поездах. До мавзолея доехать не составит проблем поскольку он находится в городе и для посетителей есть местные автобусы и маршрутки, а также услуги местного такси.

При объединении общих усилий религиозный туризм может стать объектом, притягивающий к святым местам.

Рекомендации по улучшению инфраструктуры и сервиса.

Для улучшения инфраструктуры и услуг в паломническом туризме в Казахстане необходимо улучшить транспортные связи и качество дорог к религиозным объектам, обеспечив легкий доступ для посетителей. Решающее значение имеет развитие более современных отелей, гостевых домов и доступного жилья, адаптированного к потребностям паломников. Создание хорошо оборудованных центров для посетителей с гидами и информационными ресурсами улучшит общее

впечатление. Кроме того, интеграция цифровых платформ для бронирования, навигации и доступа к информации может оптимизировать услуги, сделав поездки более удобными как для внутренних, так и для иностранных посетителей. Улучшение вывесок и обеспечение многоязычной поддержки еще больше повысят доступность и привлекательность религиозных объектов.

Международное сотрудничество в сфере паломничества и религиозного туризма.

12-13 сентября 2006 года в столице Республики Казахстан Астане в Дворце Мира и согласия состоялся Второй съезд лидеров мировых и традиционных религий. На съезд были приглашены представители ислама, буддизма, христианства. Спустя три года после данной сессии лидеры мировых религий встретились снова для обсуждения вопросов о свободе вероисповедания. Участники приняли декларацию, закрепившую их представления о роли религии в современном мире.

Одним из ключевых партнеров в паломническом туризме является -Саудовская Аравия. Саудовская Аравия создает благоприятные условия для казахстанских туристов, пришедших ради паломничества.

Влияние на культурный обмен и межрелигиозный диалог.

Паломнический туризм способствует взаимодействию между людьми различных культур и вероисповеданий, способствуя культурному обмену и межрелигиозному разговору. Люди могут лучше понять обычаи, религиозные обряды и традиции других народов, путешествуя по священным местам, что способствует укреплению уважения и взаимопонимания. Туры такого рода помогают снизить предвзятость и стереотипы, создавая платформу для обмена знаниями и опытом. Таким образом, паломничество укрепляет духовные связи и способствует

мирному сосуществованию различных культур и верований.

Заключение

В заключение можно отметить, что паломнический туризм имеет значительный потенциал для развития в Казахстане благодаря богатому культурному и религиозному наследию страны. Включение Казахстана в мировые маршруты паломничества может способствовать укреплению международных культурных связей и развитию устойчивого туризма, принося социальные и экономические выгоды. Однако для успешной реализации этих перспектив требуется комплексный подход, включающий развитие инфраструктуры, сохранение культурного наследия и привлечение международного внимания к уникальным объектам Казахстана.

Список литературы

1. <https://una-oic.org/ru/хадж-и-умра/2024/06/15/Главное-управление-статистики-Общее-количество.../> [1]
2. <https://artsandculture.google.com> [2]
3. <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-selinograd/activities/4047?lang=ru#:~:text=Всего%20по%20стране%20функционируют%203585,–%20молитвенных%20дома%20Бахай%2C%202%20–> [3]
4. <https://kz.kursiv.media/2023-07-22/kchl-religious-tourism/> [4]
5. <https://ru.m.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D0%B0%D0%BB%D0%BE%D0%BC%D0%BD%D0%B8%D1%87%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%B2%D0%BE> [5]
6. https://tourlib.net/books_tourism/babkin02.htm [6]
7. <https://cyberleninka.ru/article/n/problemy-razvitiya-religioznogo-turizma-v-rossiyskoy-federatsii/viewer> [7]

8. <https://www.booking.com/region/kz/mangystau-region.ru.html>
9. <https://www.booking.com/region/kz/mangystau-region.ru.html>
10. https://www.tripadvisor.ru/HotelsNear-g424931-d320269-Mausoleum_of_Khoja_Ahmed_Yasawi-Turkistan_Turkistan_Region.html
11. https://www.instagram.com/silkway_tour.kz?igsh=OGoyY3hoMHJ1cWxh [11]
12. https://www.instagram.com/hickmet_travel?igsh=d3d0eHgwN3I1OWRo [12]
13. https://www.instagram.com/amanat_umra_hajj?igsh=MWc5ZDgwbzhtNHo1Nw== [13]
14. https://www.instagram.com/qazaq_travel?igsh=ZmIxYzg1bDk4dnZt [14]
15. <https://www.skyway.kz/places/mavzolej-hodzhi-ahmeda-yasavi/>
16. <https://akorda.kz/ru/prezident-prinyal-ministra-inostrannyh-del-saudovskoy-aravii-651740>

**ТАҢДАМАЛЫ ТАРИХИ ОҚИҒАЛАРДЫ
НАСИХАТТАУ: ӘЛЕУМЕТТІК-
ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ
ИНТЕГРАЛДЫ БІЛІМ БЕРУ
ТРАЕКТОРИЯЛАРЫ**

Нұрадин Г.Б., Кульбаева Д.Д.

қауымдастырылған профессор (доцент), философия
ғылымдарының кандидаты, М.Х.Дулати атындағы Тараз
өңірлік университеті (Тараз)

Аккулиева А.Е.

PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті (Алматы)

Мақалада тарихи мәдениет және тарихты, оның ішінде таңдамалы тарихи оқиғаларды, яғни ескерткіштерді қоғамдық пайдалану мәселелері интегралды білім беру әдіснамасы арқылы беріледі. Тарихи маңызы бар ескерткіштерді, құрылыстар мен киелі орындарды сақтау, көшірмелеу жұмыстарындағы жауапкершілік маңыздылығы үнемі қайта зерттеуді талап етеді. Эстетикалық және этикалық құндылықтарға толы ескерткіштер мәдени жадының өткеннен қалған мәдени жәдігерлермен тығыз байланысын көрсете алады.

Кілт сөздер: ескерткіш, интегралды білім беру.

In the article, the problems of public use of historical culture and history, including selected historical events, that is, monuments, are presented through the methodology of integral education. The importance of responsibility in preservation and reproduction of historical monuments, buildings and holy places requires constant re-examination. Monuments full of aesthetic and ethical values can show the close connection of cultural memory with cultural relics from the past.

Key words: monument, integral education.

Кіріспе

Ескерткіш мейлі сурет болсын, ғимарат болсын ол - Адам қолтаңбасы, демек сол адамның басқаларға қалдырған ескерткіші. Осы ескерткіштер арқылы біз өткен өмір адамдарының ой-армандарын ұғынамыз және сол армандарды орындауға тырысамыз. Біз күнделікті өмірде орталық алаңдарда немесе көше бойында тұрған үлкенді-кішілі тас мүсіндерге, көне мавзолей, мешіттерге, яғни ескерткіштерге, олардың қарапайым өмір таралғысында аса мән бере бермейміз. Мүсіндердің құндылығы және олардың не үшін қойылғандығы көпшілікке жеткілікті деңгейде болмауы мүмкін немесе көпшілік тарапынан ол туралы білуге деген ынта-ықылас та болмауы мүмкін. Елімізде таңдамалы тарихи оқиғаларға орай орналастырылған ескерткіштерге, киелі орындарға, көнерген құрылыстарға деген құрмет дағдысы қалыптаспаған, керісінше оны қирату, бүлдіру фактілері жиі орын алады.

Ескерткіштер, киелі орындар, ескіден қалған құрылыс орындары т.б. халықтың өткен өмірінің, дүниетанымының мәңгілікке қалған бір белгісі. Киелі орындар мен көне құрылыс нысандары мәдени ескерткіштер ретінде әртүрлі оқиғалармен тұрмыстық сипатпен байланысты болуы әбден ықтимал, алайда арнайы қойылған ескерткіштер ешқашан еш мән-мағынасыз, орынсыз қойылмайды. Әрбір мұраланған ескерткіштің кімге, қашан, қайда орнатылғандығы туралы өзіне тән бір тарихы бар екені анық. Тағы бір ескеретін жайт, ескерткіштің жасалу материалы болып табылады. Ескерткіштер ұзақ мерзімге жоспарланғаннан соң оларды көбіне аса қатты материалдан жасайды, яғни жоғарыда айтылған ескерткіш идеясының мәңгілікке екендігінің тағы бір дәлелі. Бұлжымас айғақ, сан

ғасырлық шежіреге толы Күлтегін сына жазуы. Даналардың өз ұрпақтарына ата-бабаларының ұлылығын аманат етуге ойлап тапқан бірден-бір әдісі. Егер бұл шежіре тасқа емес, басқада материлдарға жазылғанда бізге еш мәлімет жетпес пе еді. Жырда айтылғандай бұл жазуды Қытайдан шебер алдыртып арнайы жаздырған. Демек, ескерткіш - ұлылықтылық ісі.

Ескерткіш идеясы туралы тарихшылар оның қашан және кімнің тұсында, қай соғыспен сәйкес екендігін анықтайтын болса, тіл мамандары оның бейнелік мәнін, сюжетін, басты кейіпкерін оның тұлғалық қасиеттерін тізбектер еді, ал сәулетшілер болса оның формасын, биіктігін, енін, стандартқа сәйкестігін, жасалу материалын т.б. зерттейді, алайда оның қойылу идеясы туралы талдама қажеттілігі орын алады. Ескерткіш ешкімнің меншігі және ол ешқандайда пайданың көзі емес, мүмкін осы себептен де аса көңіл аударылмайтын болуы мүмкін. Ескерткіш болашаққа қалдырылған жұмбақ немесе құпия мәтін, оны талдау қажет. Оны тек түсінетін ойлы, данышпан адам ғана кітап секілді оқи алады. Әрбір ескерткіштің өз алдына тарихы, салдырған адамы, салған адамы, таңдалынған орны және ең маңыздысы берер идеясы бар. Осы себептен ескерткіштерді қалай болса солай асығыс және адамдарға теріс бағдар беретін жағдайда салуға болмайды. Ескерткіш адамның рухын көтеріп, ой тастайтын, мазмұнды және мағыналы болуы шарт. Егер біз ескерткіштерге құрмет көрсетпесек, мән бермесек, онда біз өзімізге де сондай көзқарастамыз деген сөз. Әрбір орнатылатын ескерткіштің философиялық мәңгіге сақталар мәнін жоғалтпау қажеттің қажеті. Бұл сырға тұнған ескерткіштер еліктірген ертеңгі күнге сабақ ретінде ескіден қалған естелік. Естелік деген сөздің өзі есте қалу, есте сақтау деген сөздерден құралып тұр. Ал жәй қарапайым нәрселерді еске сақтаудың еш қажеттілігі жоқ. Біз күнделікті өмірімізде болып жатқан

жаманды-жақсылы іс-әрекеттерімізді ертеңгі ұрпаққа естелікке қалатындай етіп саналы, өркениетті түрде ескерткіштер қалдырыуымыз керек деген мағынаға саяды. Осы кезде ғана ұрпақтар арасындағы сабақтастық байланысып, сұхбаттастық үрдісі дұрыс мағынада жалғасады.

Өркениеттің тағы бір ерекше көрністері – ғимараттар, күмбездер, ескерткіштер, жалпы алғанда, сәулет өнері. Саралай қарасақ, әрбір сәулет өнерінің жемісі - ескерткіш. Зерттеушілердің айтуына қарағанда, бір ғана Қазақстанда ата-бабамыздан қалған заттық мәдениеттің 25 мыңға тарта ескерткіші бар. Олар негізінен Сыр бойына, Отырар алқабына, Маңғыстау мен Үстіртке, Ұлытау төңірегіне, Талас-Шу аңғарына, Жетісу мен Ертіс сыртына шоғырланған. Көкше өңіріндегі мұнан 5 мың жыл бұрынғы қоныстың орны Ботай, Іленің оң жақ қанатындағы Бесшатыр қорғандары (б.з.б. VII-IV ғ.), Қаракөңгірдегі Домбаул ғибадатханасы (VIII ғ.), Маңғыстаудағы Шақпақ Ата мешіті (X ғ.) халқымыздың мақтанышы, олардың ғасырлар бойы қалыптасқан құрылыс мәдениетінің жетістіктері болып табылады. Қазір ғылым тарапынан қолдау таба бастаған Отырар өркениетін отырар мен оның өзінен кем түсе қоймайтын іргелестері – Көкмардан, Кедер (Құйрық төбе), Оқсыз, Қаракөншек, Шілік (Бұзық), олардың тікелей ықпалында болған Иасы (Түркістан), Сауран, Сығанақ, Шорнақ, Қарнақ, Хұзақ (Созақ), Баба Ата, Құмкент, Сүткент, Қараспан, Хұрлық (Шымкент) сияқты ортағасырлық қоныстар қалыптастырылған. Мұны біз Отырар – Қаратау мәдениеті дегенге жататын Көкмардан, Күйкімардан, Қырқескен қазбаларынан табылған заттардан әсіресе балшықтан күйдірілген, тастан қашалған, металдан соғылған бұйымдардан, еңбек құралдарынан аңғарамыз [1, 139-140 бб.].

Өткен ғасырдың басында қазақ сәулеті өнері жөнінде алағаш кітап жазған белгілі зерттеуші Джозеф Кастеанье былай деген еді: "қырғыз (қазақ) даласындағы қарапайым ескерткіштер Самарқанд пен Бұхараның зәулім сарайлары мен көк тіреген күмбездерінің қасында елеусіз көрінгенімен көнелігі мен тарихи маңызы жағынан ешбір кем түспейді". Шын мәнінде де даламыздағы мәдени мұрағаттар қзақтың өзі сияқты қарапайым да қораш мен мұңдалап көрінбейді [2]. Расында да Қазақстан аумағынды көне дәуірдің 25 мыңнан астам тарихи-мәдени ескерткіштерінің, ежелгі заманның адамдар мекендеген сан алуан орындары, менгирлер, дольмендер, кромлехтер, қашалған тау жыныстары, салтанатты тас қабірлер, зираттар, қорғандар, лақаттар, көне дәуір қалаларының жұрттары мен тұрғын жайлары, мазарлар мен сәулет өнерінің басқа да үлгілері сақталып келгеніне қарамастан, республикамыздың сәулет өнері тарихы мен дамуы жөніндегі жалпыға мәлім деректер, мәліметтер бүкіл әдебиетте, өзге ақпарат көздерінде де дәйекті, жүйелі берілмей келеді [3].

Кенес үкіметі жылдарында тарихи ескерткіштердің молдығына байланысты Қазақстанның оңтүстігі мен Маңғыстау ескерткіштерінің көпшілігі есепке алынып, біразына реставрация және жөндеу жұмыстары жүргізілді. Солардың қатарында Сыр бойындағы X-XI ғасырларда салынған Бегім-ана мен Сарман-Қоса мұнараларына да реставрация жұмыстары жасалды. Бұл ескерткіштердің архитектура тарихында ерекше маңызы бар, себебі, салынғанына 1 мың жыл болған бұл құрылыстар – Закавказье мен Ирандағы мұнаралы мовзолейлердің пайда болуына негіз болған. Оғыз тайпалары Сыр бойынан көшкенде осындай құрылыстарды салу әдісін Әзірбайжанға, Иранға, - Кавказ сыртына апарған деген пікір бар. Реставрация сәтсіз шыққан [2].

Ескерткіш өзінің өзгеріссіз, яғни ешқандай реставрациясыз сақталынған күйінде құнды. Ескерткіш – ол мәдени мұра, ұрпақтар арасындағы сұхбаттастық. Ескерткіштерге дұрыс қарап мән беру, өркениетке барар бірден-бір жол. Біздің ескерткіштерге немқұрайлық танытуымыз, ұғымды дұрыс түсінбеуіміз, қате пікірде болуымыз. Егер тереңірек үңіліп, ескерткіш дегеніміз қайталанбастық деген ойдың желісінде әңгіме өрбітсек. Әрбір жанды-жансыз нәрсенің пайда болу себебі бар. Осы тұрғыда Сұлтанмахмұт Торайғыровтың мына өлең жолына сүйенсек:

Мал болмақ, маймыл болмақ, адам болмақ,
Қасқыр болмақ, құс болып ұшып қонбақ,
Сол болғандар болмаған өздігінен
Болғызған еріксіз бір себеп қолдап [4].

Себеп – философия категорияларының бірі. Олай болса себеп бастамалардың бірі. Онда әрбір себептен туындаған нәрселерде әртүрлі болмақ. Демек, әрбір адам ескерткіш, өйткені ол қайталанбайды. Әрқайсысының өмір жолы, тағдыры, сыртқы бет-бейнесі, құрылымы, ойы, дүниетанымы, түсінігі әр басқа.

Адамға бұл себептің көбі мәлім
Біледі салған сайын мидың әлін,
Себебін біле-біле бір кездерде
Жаратуға бек мүмкін қолдан бәрін [4].

С. Торайғыровтың мына өлең жолдары бүгінгі адамзат ғасырының бірінші мәселесі. «Адамға бұл себептің көбі мәлім», шын мәнінде де табиғаттың көптеген құбылыстарының ғылыми дәлелі бар, демек біз оның себебін білеміз. «Біледі салған сайын мидың әлін», бұл адам ойлауының жоғары деңгейлігі, демек адам әрбір құбылыстың себебін білген сайын ол білім мидың әлділігін, оның мүмкіндігінің молдығын білдіреді. Соңғы

екі жол - ХХІ ғасырдың сипаты, яғни жасанды заттар әлеміне, виртуалды әлемге бағытталып отыр.

Таңдамалы тарихи оқиғалардың мазмұндық мәнін ашу үшін әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудағы ұтымды әдістердің бірі ретінде интегралды білім беруді алуға болады. Интегралды білім беру студенттің мәдени жағдайына, қажеттіліктері мен қызығушылықтарына орай әртүрлі өзгерістерге ие бола алады. Интегралды білім беру студенттің өзін-өзі тануын дамыту және өз ойлары мен іс-әрекеттерін терең сана кеңістігімен байланыстыруды үйретуге бағытталған. Алайда көрінбейтін, бірақ аса маңызды үш принципті ұмытпау қажет. Олар:

- Ештеңені арнайы үйретпеу, яғни, студенттің өзі үйренуіне жағдай жасау;

- Ақыл ойды тігінен емес көлденеңнен, яғни дүниетанымдық ойлауды дамыту арқылы өсіру;

- Жақыннан алысқа, жекеден жалпыға, қарапайымнан күрделіге дейін жұмыс істеу.

Білім әрқашан ізденісті, оқуды талап етеді. Оқу – инемен құдық қазғандай, яғни ілімнің білімге айналуы тез болатын үрдіс емес. Ілім - ол табиғаттан берілетін, жалпыға тән, бар нәрсе жалпы, ал білім - бір салада немесе бағытта алынатын ілімдер жинағы, ол оқу, тәжірибе арқылы жүзеге асады, яғни жалқы. Егер сөз салтына жүгінсек, ілім ілу сөзі яғни, табиғи тұтас ілімнен іліп алу, ал білім сол ілінген нәрсені өзіңе тоқу, білу, санаға сіндіру.

Білімнің пайдасы мен надандықтың зияны жайында орта ғасырлық ғұлама Юсуф Баласағұни:

Айтайын білім жайын, құнты бар бол,

Ей, достым, білімдіге ынтызар бол,

Ашылар білімменен бақыт жолы,

Білім ал жолға түсіп бақыт толы.

Білімді – алтын көзі ашылатын,

Надан жан – қара бақыр шашылатын.

Білімсіз тең бола ма білімдімен,
Азамат – білікті әйел, ер – қатын [5, 364 б.] - деп
жырлады.

Бұл даналық өсиеттерден білімнің қай кезеңде болмасын адамзат үшін қажет те маңызды болғандығын көреміз. Білім - өркениетке апарар бірден-бір жол. Бұл өсиеттерінің тағы бір өзектілігі, білім алдындағы теңдік. Барлық адам жынысына, нәсіліне қарамастан білім алуға құқылы және білімі артық адамға ғана білімсізден жоғары бола алады. Білімді әйел азаматпен тең, білімсіз ер адам сол білімді әйелдің алдында төмен, ер болып көрінеді. Адамның адамнан білімімен ғана айрықшаланады, ал білім өркениеттілік салты.

Елімізде таңдамалы тарихи оқиғаларды құжаттау, сақтау және насихаттау жұмыстарына үнемі көңіл бөлініп отырады. Оны «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» секілді мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуынан байқауға болады. «Мәдени мұра» – сан ғасырлардың сүзгісінен өтіп, осы күнге жеткен ұлттық мәдениет руханиятын жаңартуға арналған бағдарлама. Ел экономикасы аяғынан тік тұрып, мемлекет байлығы еселенген тұста ұлттық мәдениеттің қордаланған әлеуметтік проблемаларына мұндай биік дәрежеде мән берілуі ғылым, мәдениет пен әдебиет саласына өз үлесін қосары сөзсіз.

Аталмыш бағдарлама бірнеше бағытта жүргізіледі: археологиялық қазба жұмыстары, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау, мұрағаттар қорын толықтыру, ұлы тарих жәдігерлерін жинау, ежелгі қазақ кітаптары мен қолжазбаларын жинау, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін басып шығару, музыкалық мұраны жинау [6].

Ескіден қалған мұра естелікке қалған ескерткіш, әрбір көне зат көнетоздығымен құнды. Мәдени мұра бағдарламасының логикалық жалғасы болған рухани

жаңғыру әлемдік өркениетке деген ұмтылыстың алғышарты. Өз елінің, өз ата-жұрты мен ата-бабасының аманатқа қалдырған мұрасын, әрбір азамат көзінің қарашағындай сақтап, мәртебесін асырып, әлемге паш етуі өтелмес парыз.

Мақала AP23485390 «Практикалық философия - әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудағы интегралды білім беру мен дизайн-ойлаудың тұжырымдамалық метамоделі» гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Аманжолов Қ.Р. Түркі халықтарының тарихы. - Алматы: Білім, 2002. - 291б.
2. Тоқтабай А. Ескерткіштер ел таихы // Қазақ әдебиеті - 2003. - №20 (2806). - 16 мамыр.
3. Глаудинов Б. Өркениет айнасы – сәулет өнері // Қазақ әдебиеті - 2003. - №21 (2807). - 23 мамыр.
4. Торайғыров С. Шығармалар: Екі томдық. - Алматы: Ғылым, 1993. - Т.2. - 200 б.
5. Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. – Алматы: Қайнар, 2001. - 469 б.
6. Құл-Мұхаммед М. Қазақстан: сайлау алдындағы серпіліс // Алматы ақшамы. - 2004. - 17 қаңтар.

ҚАРТ ҚАРАТАУ: Өңірдің тарихи-мәдени мұрасы және туристік әлеуеті

Малдыбек Ақмарал Жұмағұлқызы
Халықаралық туризм және меймандостық
университетінің профессоры м.а., философия
ғылымдарының кандидаты (Түркістан)

Шылмамбетов Саян Турысбекович
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті PhD докторы (Түркістан)

Бұл мақала, Қарт Қаратудың бойында орналасқан Созақ өңіріндегі мәдени және тарихи құндылығы жоғары қасиетті саналатын мекендерді зерттеу мақсатында жазылған. Мақалада Созақ өңіріндегі ашық аспан астындағы археологиялық тарихи мекендердің зерттелу деңгейі мен тарихи құндылығы жайлы зерттеушілердің деректерін қолдана отырып мақаланың мазмұнын ашуға талпыныс жасалған. Сонымен қатар, ашық аспан астындағы музей ретінде аталып келе жатқан туристік әлеуетті мол Созақ өңіріндегі мекендерді насихаттау мақсатындағы жұмыстардың ерекшеліктеріне мән берілген. Ашық аспан астындағы тарихи құнды мекендермен қатар, қасиетті деп танылған әулиелер жайлы мағлұматтар топтастырылған. Мақалада Созақ өңіріндегі туристік әлеуеттінің мүмкіндігі мол қасиетті мекендер жайлы зерттеушілердің еңбектері тарихи құжаттармен дәлелденіп көрсетілген. Мақала өзінің тақырыбына сай, отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінің сабақтастығын сақтай отырып, зерттелуге тиісті аспектілерді ашуға негіздеме жасалынған.

Кілт сөздер: Қасиет, Арпа өзен, Келіншектау, Ақбикеш, Ысқақ бап, Баба Түкті шашты әзиз.

This article is written for the purpose of researching sacred

places of high cultural and historical value in the Sozak region, located along Kart Karatu. In the article, an attempt is made to reveal the content of the article using the data of researchers about the research level and historical value of open-air archaeological historical sites in the Sozak region. In addition, special attention was paid to the features of the work aimed at promoting the places in the Sozak region, which is known as an open-air museum and has a lot of tourist potential. In addition to open-air places of historical value, information about saints recognized as holy is collected. In the article, the works of researchers about sacred places with great tourist potential in the Sozak region are proved by historical documents. The article, in accordance with its topic, made a rationale for revealing the aspects to be studied, keeping the continuity of the works of domestic and foreign researchers.

Key words: Kasiet, Arpa river, Kelinshektau, Akbikesh, Ishak bap, Baba Tukti moggi aziz.

Кіріспе

Созақ өңірі-тарихы терең қазақ даласы. Ұлы даланың ұлағатқа толы қасиетті мекендерінің бірі. Еліміздің экономикасының әлеуетін арттырудағы орасан зор қазба байлықтарын айтпағанда, рухани-мәдени тарихымыздың тамырларының тұтасып жатқан, сан-қырлы қатпарларын қалыптастырған киелі аймақ болып табылады. Қарт Қартаудың баурайында көсіліп жатқан Созақ шаһарының тарихы тереңдігімен бірге қазақ тарихында өзіндік орны бар қасиетті қаланың бірі болып саналады.

Енді Қазақстанның көне шаһары Созақ қаласы туралы тарихшы ғалымдарымыз Ә.Марғұлан, К.Байпақов, К.Ақышев, секілді белгілі тарихшы-ғалымдардың археологиялық зерттеу жұмыстары бойынша жазылған ғылыми еңбектердегі деректербойынша, Созақ шаһары Қаратаудың солтүстігіндегі керуен жолының бойында

орналасқан, X ғасырларда пайда болған деген деректерді алға тартады. Орта ғасырлық тарихи еңбектердегі дерек көздерінің барлығында дерлік, Созақ шаһарының аты аталғанын айтады. Солардың бірі, Рузбихан Исфханидің «Михман-наме-ий Бухара» (Бұхара қонағының жазбалары) еңбегінде: «Түркістан аймағында отыз қала бар, соның бірі – Созақ қаласы», деп жазып кеткен екен.

Сонымен қатар, қазақ тарихының қаралы күндерінде орын алған, тарихта «Елім-ай» атты зар болып қалған, “Қаратаудың басынан көш келеді, Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді” деген атақты халық зарының куәсі болған қарт Қаратауда тап осы жоғарыда ғалымдарымыз атап өткен, Созақ аумағында көсіліп жатын, терең тарихты ішіне бүгіп, сырға толы құпиясы қыруар Қарт Қаратау нақ осы аймақтың символы болып саналады. Қазақ елінің тарихын түгендейтін болсақ, Созақ өңірін айналып өту мүмкін емес. Қазақ хандығының ордасының туы тігілген аймақ ретінде Созақтың ролі жайлы қаншама деректер табылады. Осылай Созақ өңірінің шежірелі тарихын жалғастыра берсек болады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің негізгі материалдық қоры отандық және зерттеушілердің еңбектеріндегі Созақ өңіріне қатысты еңбектерін сараптау арқылы жиналды. Аймақтағы қасиетті мекендердің туристік әлеуетін арттыруға мүмкіндігі жетерлік аймақтар сұрыпталып, қасиетті мекендерге қатысты жазбалардың объективтілігіне мән берілді. Тақырыпты зерттеу барысында, салыстырмалы талдау әдісі қолданылып, соған байланысты Созақ өңіріндегі қасиетті саналатын мекендердің өңірдің туристік әлеуетін арттыра отырып аймақтың даму үрдістеріне ықпал еткендігі нақтыланды.

Зерттеу нәтижелері

Атақты жазушымыз Шерхан Мұртазаның жазып кеткені бар, «Оңтүстікте Созақ деген ел бар. Бұл шалғай жатқан, өзіне қыдыр қонған ел» деп атап өтсе, жазушы Мұхтар Әуезовте Созаққа жасаған сапарынан түйін ретінде, «Созақты білмеген қазақты білмейді» деген тамаша тәмсіл қалдырған. Сонымен қатар, Созақтың төл перзенттерінің бірі Тәкен Әлімқұлов «Мына Қарт Қаратауға тіл бітсе, қазақтың талай тарихы ашылар еді ау» деген толғанысын білдірген екен. Бұл пікірлер біздің руханият әлемінің дарабоздарының Созақ өңірі жайлы айтып кеткен өзіндік пікірлері мен пайымдары.

Біздің аталмыш жобамыздың аясында, Түркістан облысындағықасиетті мекендердің туристік каталогын жасау мақсатымыздағы маңызды аумақтың бірі осы Созақ ауданының тарихи және киелі болып саналатын белгілі және белгісіз болып келген әулиелік мекендердің рухани қырларын сараптап, халыққа жақын танытуға талпыну.

Созақ өңірінде қасиетті мекендермен қатар ашық аспан астындағы музей ретінде танылған мекендерде жетерлік. Атап айтқанда, тарихи тұлғалармен қатар, тарихи мекендер Таңбалы тас, Қылыш қара, Арпа өзен, Келіншектау, Мыңжылқы, Ақбикеш секілді қайталанбас мәдени мұраға бай мекендер шоғыры қалыптасқан.

Ерекше назарымызды аударған, көне қола дәуірінен бері сақталған құнды ескерткіш – «Арпаөзен таңбалы тастары» еді. Созақ ауданың Абай қыстағының оңтүстік-батысында, Қаратаудың Келіншектау деген жотасынан бастау алатын кішірек Арпаөзен бойында орналасқан мекен. Ол жерге Қазақстан ғылым академиясының археология экспедициясы зерттеу жұмыстарында жасапты. Суреттердің жалпы саны – 3,5 мың екен. Негізгі сюжеттері аңшылыққа, жаугершілік тақырыпқа және жан-жануарлар тіршілігіне арналған. Қос аяқты ат, өгіз және

түйе жеккен соғыс және шаруашылық арбалары кездеседі. Ескерткіш біздің заманымыздан бұрынғы 1 және 2-мыңжылдыққа жатады.Елімізге белгілі петроглифтерді зерттеуші ғалым Бауыржан Байтанаев Созақ ауданындағы Арпаөзендегі таңбалы тастарды кеңінен насихаттау үшін туризм кластерін дамыту қажеттілігін атап өтеді. «Созақ аумағындағы Арпаөзен петроглифтері – қола дәуірінен сақталған құнды ескерткіштер және жартасқа таңбаланған тарихи мұралық суреттер болғандықтан, біз осы тарихи жәдігерді кейінгі ұрпаққа жеткізуде жауапкершілік ала отырып, қандайда бір вандалдық әрекеттерге жол бермеуіміз керек. Оларды қорғаудың жолы бұл мекенде туризмді дамыта отырып, Арпаөзен таңбалы тастарын ЮНЕСКО тізіміне енгізу керекпіз – деп тұщымды пікірін білдіріпті [1, 3 б.].

Сонымен қатар, туристік әлеуетті арттыруға қызығушылықты арттыратын тағы бір мекен Ақбикеш мұнарасы. Атақты Ақбикеш мұнарасы да осы Созақ өңіріне тиесілі қиырда жатқан Ақсүмбе ауылында тұр. Тарихи деректеріне келсек, аңыз орын алған Ақбикеш мұнарасыда махаббаттың машақатты жолында құрбан болған Ақбикеш арудың оқиғасымен тарих болған екен. Аңызға келсек, жайлауда отырған отырған бай, жалғыз қызы Ақбикешті орта жастағы би- болыстың біріне бермек болыпты.Қызда,әдеттегідей әкесінің жылқысын бағатын жігітті ұнатса керек.Екеуі жасырын кездесіп, уәделі күні қашуға келіскен. Ақбикештің үш ағасы болған екен.Қыз бен жігіттен сезіктенген ағалары қарындасын ақ боз үйге қамап ұстапты. Күндер өтіп қызды алып кетуге құалар келеді. Сол күні қызды босатқан ағалары, қаннен- қаперсіз той тойлайды. Қыздың сырлас жеңгесі бір қолайлы сәтті пайдаланып, жылқышы жігіттің күтіп тұрғанын айтқан екен. Қыз еш ойланбастан жігітпен қаша жөнелген. Екі күн бойы жолдан шаршаған ғашықтар демалмақ болады.

Жігіт қызды тау арасындағы бір жерге жасырып, өзі талғажу етер бірдеңе тауып келу үшін аңға кеткен. Алайда тұрған аймаққа қуғыншылар да кеп қалған екен. Қызыдың әкесі "көнсе өзін әкел, көнбесе басын әкел" деп бұйырған екен. Шаршаған Ақбикеш шырт ұйқыда жатқан кезде, ашулы келген бір ағасы қыздың басын кесіп алыпты. Өрілген қос бұрымы жер сызған жалғыз қызының басы, ұлының қанжығасында келгенін көрген әкесі сол жерде есінен айырылып жынды боп кеткен екен дейді ел аузындағы аңыз. Ал, тауға шығып елік атып алып қуана жеткен жігіт, Ақбикештің бассыз денесін көргенде жербауырлап құлаған екен. Күні- түні ғашығын аза тұтқан жігіт, есін жинап қыздың бассыз денесін сол жерге жерлеген екен. Жігіт Ақбикештің мүрдесінің үстінен осы мұнараны тұрғызады. Мұнарада геометриялық тепе-теңдіктер аса шеберлікпен қолданылған. Айналдыра мұнара шеңберіне қойылған тесіктер не төмен, не жоғары ауытқымаған екен. Қай ғасырда салынғаны белгісіз Ақбикеш мұнарасы Қаратаудың түрлі жауыны мен дауылында құламай сол қалпын сақтап тұр. Аңғардан соққан желден Мұнараға қойылған тесіктер арқылы қыздың зарлы үні шыққандай болады. Ақсүмбе үстіндегі Ақбикеш мұнарасы жайлы ел аузында осы сияқты көптеген аңыздар жүр [2, 67 б.].

Туристік мақсатта танымал аймақтың бірі, Созақта туристерді қызықтыратын келісі бір мекен – Келіншектау. Әлде жүз, әлде мың жыл бұрын теріскейде әйгілі бай өтіпті. Әлгі бай аузы дуалы, ақылы мен дәулеті кісі болған екен. Сол кісінің өте ерке сұлу қызы болған екен. Сол қызы бір күні бой жетіпті. Ақыры бір күні теңі табылыпты. Әлгі бай жалғыз перзентімнен аярым жоқ деп, екі жасқа батасын беріпті, жасауын бөліпті дейді. Жасауды көрген ақындар қанша күн жырлап, суретшілер суреттеп тауса алмаған екен деседі. Шаңырағын алтынмен аптап, уығын

күмістен күштеп қаптаған екен. Бар жиһаз жасауды түйеге теңдеп, ал, риза бол қалқам деп, әкесі керуеннің бас жібін қызының қолына ұстатып жіберген екен. Керуен сонымен Қаратаудың жоталарына жеткен кезде, қыздың ойы бұзылып, дүниеге бір табан жақындық танытып, сол арада түйелерді шөгеріп, жасауды қайыра бір көзден өткізіпті деседі. Сөйтсе, итаяғы алтыннан болмай, ағаштан жасалған екен. Тап сол мезетте байдың ерке қызы: «Әкем сараңдық жасапты, итаяғымды күмістен соқтырмапты» – деп күйеу жігітті ауылына қайыра жіберіпті. Күміс итаяққа жұмсаған көрінеді. Бар дәулетін сыпырып, арттырып жіберген ақылды әке әлгі сөзді естіп, қызына қатты налыпты. Сөйтіп, қызына қапаланып, «тас жүрек екенсің, тас бол», – деп теріс батасын берген екен. Ол кезде ғой қарғыстың дөп даритын уағы білем әлгі шөгіп жатқан түйелер, бұйда тартқан қалыңдық солайымен тұрған жерінде тасқа айналып қалыпты. Расында тау жоталары керуен артқан көшке қатты ұқсайды. Осалайша биік шың Келіншектау аталып кеткен екен [3, 28 б.].

Созақ өңірі сонымен қатар әулиелердің мекені болыпта саналады. Қасиетті саналған кереметі танылған Созақтағы көпке танымал әулиелерге тоқталсақ.

Алдымен айтарымыз – Баба Түкті Шашты Өзіз әулие. Кесене Созақ ауданына қарасты Құмкент ауылы, Жылыбұлақ жерінде орналасқан. Кезінде әулие осы жерді кетпенмен өз қолымен қазған дейді деректер. Өзі Жылыбұлақтың басынан мешіт салдырып, тақуалық ғұмыр кешіпті. Қабірі осында. Қырғыздың халық батыры Манастан да көп бұрын өмір сүрген әулие Баба Түкті Шашты Өзізден қазақтың бар әулиелері кейін өмір сүрген деп айтылады. Баба Түкті Шашты Өзіз әулие жайлы аңыз-әңгімелер өте көп. Ол қиын-қыстауда, жауға шапқанда ұрандататын киелі әулие болған. Қазақтың атақты балуаны күш атасы Қажымұқан додаға түскенде: «Уа аруақ, Баба

түкті Шашты Өзіздің рухы қолдай гөр» деп ортаға шыққан екен. Баба Түкті Шашты Өзіз әулие – қазақ ауыз әдебиетінде жиі кездесетін бейне. Мысалы, «Алпамыс батырда» Байбөрінің түсіне Баба түкті Шашты Өзіз кіріп, әйелінің бір ұл, бір қыз табатыны туралы аян берген деседі. «Қыз Жібек» жырында Төлеген Ақ Жайыққа аттанарда анасы жалғызын жаратқанға, онан соң осы Шашты Өзіз әулиеге тапсыратыны бар. Оның есімі «Қобыланды батыр» жырында да жиі айтылады. Алтын ордаға билік жүргізген Едіге би Шашты Өзіз әулиені өзінің түп атасы санаған. Сондай-ақ тарихи деректерде Баба Түкті Шашты Өзіздің есімі Орта Азия, Қазақстан жеріне Ислам дінін уағыздаушы болып саналатын Ысқақ бабтың замандасы, үзенгілес серігі ретінде жиі айтылады [4, 56 б.].

Бұл жердің тағы бір кереметін айтайық. Ысқақ баб жергілікті халыққа мұсылман дінін таратуда насихат жүргізгенімен, оны түсінгісі келмегендер: «Бұл діннің қандай кереметі бар?» деп қырын қарауға көшеді. Сонда ол алпыс түйе сексеуіл үйгізіп, үстіне Құмар бабаның ұлы Баба түкті Шашты Өзізді қолына Құран ұстатып, құбылаға қаратып отырғызып қойыпты. Өртенген шоқтың үстінде Құран оқып отырған баланы көрген дүйім ел жүректерін ұстап, тәубеге келіпті деседі. Кейіннен ол осы Ысқақ бабтың арқасында қажылыққа барады. Ысқақ бабтың мазары мен Баба түкті Шашты Өзіздің қорымының арасы отыз шақырымдай жер.

Ақиқаты басым аңыздарға сенсек, Баб Ата кесене-мешіті – қазақ даласындағы шежірелі жерлердің бірі. Ол – Созақ ауданы Жартытөбе елдімекенінің Баба ата ауылында орналасқан. Дала түріктеріне Ислам дінін ең алғашқы таратушылардың бірі Ысқақ бап деп саналады. Мұхаммед пайғамбардың Хазіретәлі ұрпақтарының бірі. Кей деректерде Қожа Ахмет Иасауидің он үшінші атасы деп көрсетіледі. Тарихи жазбаларда Ысқақ бап Түркістанға

